



1937

ҰЛЫ ТҰЛФАЛИАР



САХАРА СҰНҚАРЫ

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**

ОРТАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ КІТАПХАНА

“Ұлы тұлғалар”
ғылыми-ғұмырнамалық серия

САХАРА СҰҢҚАРЫ

(Мемлекет және қоғам қайраткері, жаңа заманғы қазақ әдебиетінің көшбасшысы Сәкен Сейфуллинге арналады)

АЛМАТЫ 2004

ББК 83.3 (5 қаз)
С26

Сахара сұңқары: Мемлекет және қоғам қайраткері, жаңа заманғы қазақ әдебиетінің көшбасшысы Сәкен Сейфуллинге арналады / Құраст. Д.Ж. Омарбекова. - Алматы, 2004.- 406б., суретті.- “Ұлытұлғалар” ғылыми-ғұмырнамалық сериясы.

ISBN 9965-473-71-4

ББК 83.3 (5 қаз)

Бас редактор

филология ғылымдарының докторы, профессор

Т.К. Кәкішев

Жауапты редактор

К.К. Әбуғалиева

Құрастырушы

Д.Ж. Омарбекова

Библиографиялық редакция

Т.В. Вдовухина

4603020102

С-----

00 (05) -004

© Омарбекова Д.Ж.
құрастырушы,
2004

ISBN 9965-473-71

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

“Ұлы тұлғалар” сериясының жалғасы ретінде жарық көріп отырған еңбектердің бірі - Сәкен Сейфуллин жөніндегі ғылыми-ғұмырнамалық жинақ.

Қазақ әдебиетінің негізін қалауға өзінің шын мәніндегі жаңа мазмұнды, жаңа сипатты төл шығармаларымен тікелей жол салып, жаңа бағыт, соны үлгі көрсеткен дауылпаз дарын иесі Сәкен Сейфуллиннің азаматтық, күрескерлік өмір жолы еріксіз елең еткізер деректерге толы екені белгілі.

Сәкен Сейфуллин - жан-тәні түгелдей өз халқы мен еліне арналған үлкен жүректі азамат, ірі мемлекет қайраткері.

С. Сейфуллиннің замана арман-талабын толғаған құдіретті қаламгерлігі қазақ әдебиетінің тарихында жаңа дәуір ашты.

Ұсынылып отырған ғылыми-ғұмырнамалық жинақ С. Сейфуллиннің өміріне, халық үшін еткен еңбегіне, оның әдеби мұрасына арналып отыр.

Жинақта С. Сейфуллиннің өмірі мен шығармашылығы жайында мәліметтермен қатар, оның таңдамалы мақалалары, ол туралы естеліктер мен зерттеулер ұсынылды.

Серияның “Көмекші көрсеткіштер” бөлімінде С. Сейфуллиннің өмірі мен әдеби қызметін сипаттайтын мәліметтер әліпби ретімен орналасқан: әуелі қазақ тілінде, содан соң орыс тілінде берілген, оның өз еңбектері хронологиялық ретпен әр жылдың ішінде әліпби бойынша орналасқан.

Кітаптың соңында еңбектердің әліпбилік және есімдер көрсеткіші, бірлесіп жазған авторлар көрсеткіштеріне еніп отырған материал мен есім атауларының тұсындағы цифрлар, оның өмірі мен шығармашылық еңбегін сипаттайтын және хронологиялық көрсеткіштерінің тұсындағы рет тәртібін білдіреді.

Бұл жинақ оқушыларға, ғалымдар мен студенттерге, қалың оқырман қауымға арналған.

Осы еңбек туралы ұсыныстарыңызды, пікірлеріңізді мына мекен-жайға жіберулеріңізді сұраймыз.

480100

Алматы қаласы

Шевченко көшесі, 28

Орталық ғылыми кітапхана

Тел.: (3272) 61-02-39

Факс: (3272) 61-02-60

E-mail: cnd @ academset. kz

СӘКЕН СЕЙФУЛЛИН

(Өмірі мен өнерпаздығы туралы қысқаша мағлұмат)

Қазақ совет әдебиетінің негізін салушы, көп тілді совет әдебиеті негізін қалаушылардың бірі, қоғам және мемлекет қайраткері, революционер-ақын Сәкен Сейфуллин 1894 жылы бұрынғы Ақмола уезі Нілді болысының (Қазіргі Қарағанды облысы, Жаңарқа ауданында) бірінші ауылында шағын шаруалы семьяда дүниеге келген.

1905 жылы Сәкен Нілдіге келіп, орыс-қазақ мектебінде оқыды. Білім бұлағынан сусындау, жұмысшылар арасында болу жас Сәкеннің ақындық жанына таусылмас азық тауып берді. Ыбырай ұстаның дүкенінде қайнаған еңбекке әсем көрік берген ән әуені, 1905 жылғы Спасск жұмысшыларының ереуілі Сәкеннің жадынан шықпастай әсер қалдырған.

1909 жылы Ақмоладағы екі кластық приходская школаға түсіп, оны тәмәмдағаннан кейін қалалық училищеде оқуы, қала өмірімен танысуы Сәкенге ірі, өнерлі жерде білім алу қажеттігін аңғартты. Талапкер жас 1913 жылы Омбының оқытушылар семинариясына көп қиындық көріп барып орналасты.

Омбы - Сәкеннің білімін арттырып қана қоймай, оның демократтық көзқарасын қалыптастырған, ақындық талантын ашқан қала. Қазақ жастарының көмегімен 1914 жылы Сәкеннің “Өткен күндер” атты өлеңдер жинағының шығуы, мәдени-ағарту мақсатындағы “Бірлік” қоғамының сол қанатын басқаруы, Омбы жұмыскерлерінің өмірімен танысып, Феокист Березовский сияқты революционер-жазушымен жақын болуы оның ағартушы-демократтық көзқарасының қалыптасуына жағдай жасаса, 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі әбден шыңдай түсті.

Омбы полициясының қара тізіміне 1914 жылдан бастап іліккен Сәкен өзінің ізін бағып жүрген тыңшыға қарамастан 1916 жылғы санақ алу жұмысына қатысуы, Ақмола түбіндегі ауылда бала оқытуы, февраль төңкерісі кезінде қала пролетариатымен байланыс жасап тұруы, “Жас қазақ” ұйымын ашуы, 1917 жылы - “Тіршілік” газетін шығарып, алашордашыларға қарсы мақалалар жазып, заман жайын түсіндіруі, Октябрь революциясын зор қуанышпен қарсы алып, қалам мен қаруды тең ұстауы, Ақмола совдепінің президиумының мүшесі және халық ағарту комиссары болуы, қаншама жұмыс басты болса да орыс-қазақ мектебінде сабақ беруін тоқтатпауы, революциялық өлең-жырлар жазуы, 1918 жылдың июнінде тұтқынға алынып, атаман Анненковтың азап вагонында ажалмен алысуы, асқақ ерлік көрсетуі, түрмеден қашып шығып, Түркстан өтуі, қазіргі Жамбыл қаласында ұлы өзгеріс ісіне белсене қатысуы, Ақмолада Совет өкіметі орнағаннан кейін қайтып барып ірі қоғамдық жұмыстар атқаруы азамат ақынның өнегелі өмірінің айшықты белестері.

Сәкен 1918 жылы март айында ұлы Коммунистік партияның мүшесі болды.

1920 жылы бүкілқазақстандық Құрылтай съезіне арнайы шақырылып, Қазақ АССР Орталық атқару комитетінің мүшелігіне сайланып, Сәкен Оқу комиссарының орынбасарлығына тағайындалды. 1922 жылы Советтердің үшінші съезінде Қазақ республикасының Халық комиссарлар Советінің председателі болып сайланды және “Еңбекші қазақ” газеті мен “Қызыл Қазақстан” журналының редакторлығы қызметін қоса атқарды.

1922 жыл - қазақ совет әдебиетінің үлкен олжалы жылы. Жаңада ғана ұйымдасқан қазақ мемлекет баспасы Сәкеннің 1915 жылдан бері жазып, “Тіршілік”, “Ұшқын”, “Еңбек туы” (Орынбор), “Кедей сөзі” (Омбы), “Еңбекші қазақ” газеттерінде әр кезде жарияланған өлеңдерінен құралған “Асау тұлпар” жинағын, 1917 жылы жазылған “Бақыт жолына” мен тұңғыш революциялық драма “Қызыл сұңқарлар” (1920 ж.) пьесаларын және М. Әуезовтің “Еңлік-Кебегі” мен “Қорғансыздардың күнін” жеке кітап етіп басып шығарды.

1917-1925 жылдар арасында Сәкен Сейфуллин Қазақстан көлемінде өткізілген ірі науқандар, мәнді мәжілістермен қатар, бүкілодақтық съездер мен кеңестерге жиі қатынасып отырды. Советтердің сегізінші съезінде жарқын болашақты жақындата түскен, ГОЭЛРО жоспарын асқан шабытпен баяндаған В.И. Лениннің сөзін тыңдап, өмірі өшпес жалын алған. Ұлт республикалары коммунистерінің Москвада өткен кеңестеріне талай рет қатысқан.

1924 жылы ұлы данышпан, езілген еңбекшілердің көсемі В.И. Ленин дүние салғанда Қазақстан делегациясын басқарып, жаназаның басынан аяғына дейін болған. В.И. Лениннің көз тірісінде қазақ ақындарының ішінен бірінші болып өлең жазған Сәкен ауыр қайғы, зор қасіретке душар болған елдің азасын 22 январьда “Қайғылы хабар”, 23 январьда В.И. Ленин табытын Москва көшесінің бойымен алып келе жатқанда “Қаралы күн” деген жоқтауларында жырға қосты.

Уа дүние! Болмап еді мұндай ерің,
Мезгілсіз жұтты мұны кара жерің.
Қол созған жалпы адамзат бақытына
Жылады жетім қалып, еңбекші елің! -

дей отырып, Лениннің тігіп кеткен туын ешбір жау құлата алмайтындығын, мәңгі-бақи жасайтындығын, совет елі оның салған жолымен жарқын болашаққа жететіндігін асқан жігер-қайратпен жырлады.

1925 жылдан кейін Сәкен көбінесе мәдениет майданында қызмет істеді. Қазақстан жазушыларының тұңғыш творчестволық ұйымы - КазАПП-тың жетекшісі болып, совет шындығын жырлаған шығармалар жазуға және байшыл-ұлтшыл жазушылардың тар мақсатты пікірлерін әшкерелеуге советтік жас өнерпаздарды үндеп, өзі өнеге көрсетіп отырды.

1926 жылы Қазақстан халық ағарту институтында, Орта Азияның коммунистік университетінде (Ташкент қаласында), қазақтың тұңғыш жоғары оқу орны - КазПИ-де лекция оқи жүріп, “Жыл құсы” альманахы және “Жаңа әдебиет” журналын шығаруға белсене қатысты. “Әдебиет майданы” журналының редакторы болды. Әдебиет пен мәдениет ісіне басшылық ететін ұйымдардың құрамында болды. 1934 жылы совет жазушыларының бірінші съезіне қатысып сөз сөйледі. Орыстың данышпан ақыны А.С. Пушкиннің қаза болуының 100 жылдығын өткізу жөніндегі бүкілодақтық комитеттің мүшесі және республикалық комиссияның председателі болды.

Сәкен - қоғам, әлеумет істері мен өзінің творчестволық өнерпаздығын қисынын тауып қиыстыра білген қайраткер, бүгінгі совет шындығы, оның қарқынды барысы тудырған келелі мәселелер оның ақындық жанарынан сырт қалмай, үнемі көркем сөз арнасына түсіп отырған. Қазақ халқының тарихында, әсіресе мәдениеті мен әдебиетінде үлкен үлес болған “Тар жол, тайғақ кешу” атты роман-хроникасын 1922 жылдан бастап жаза бастаған азамат жазушы 1927 жылы оны жеке кітап етіп шығарды. Бұл екі арада “Домбыра” (1924), “Экспресс” жинақтары мен “Ұйым және еңбек шарт-жалшылар қорғаны” (1926) атты әңгіме-жырын жариялады. Қазақ әдебиетінде жұмысшылар өмірін жырлаудың тырнақ алдысы болған “Жер қазғандар” повесін 1927 жылы жазса, 1928 жылы “Тұрмыс толқынында” атты өлеңдер жинағын шығарды. Қазақ совет әдебиетінің қалыптасу дәуіріндегі этаптық шығарма - “Көкшетау” дастаны 1929 жылы жарық дүниеге келді.

30-жылдардың бас шағы Сәкеннің өнерпаздық өмірінде қазақ әдебиетінің тарихын зерттеуге арналғанын байқаймыз. “Ескі әдебиет нұсқалары” (1931), “Батырлар жыры” (1933), “Әдебиет тану оқу құралы” (1933) сияқты жинақтармен қатар, Ыбырай Алтынсарин, Ақан сері, Ақмолда Мұхамедияров, Шәкәрім Құдайбердиннің шығармаларын бастырып шығарды. Қазақ әдебиеттану ғылымының алғашқы зор қадамы болып есептелетін “Қазақ әдебиеті” (1932) атты оқу құралын жазып, жоғары оқу орындары шәкірттерінің қазақ ауыз әдебиеті тарихы жөніндегі қажетін ашты. 1934 жылы бесінші класқа арнап “Көркем әдебиет” атты оқулық-хрестоматия жасады. Өзінің сөйлеген сөздері, жазған мақалалары мен әдебиет сынына үлес қосып отырды.

Совет өкіметі мен В.И. Лениннің ұлылығын жыр еткен “Альбатрос” (1933), “Социалистан” (1935) поэмалары және кезең қиыншылығын жалынды жауынгерлікпен баяндаған “Қызыл ат” (1934) дастаны бұлардан кейін жеке жинақ болып шығуға үлгермеген шадыман көңілдің шаттық өлеңдері революционер ақынның поэзия саласындағы зор еңбегіне айғақ болса, 1922 жылы жазылған “Айша” әңгімесін 1935 жылы повестке айналдыруы, қазақ интеллигенциясының өмірі жайында аяқталмай қалған романы “Біздің тұрмыс” (1932-1934) және республиканың

өсіп-өркендегенін суреттеген “Жемістер” атты публицистикалық повесі, 1936 жылы өңделіп, толықтырылып екінші рет басылған “Тар жол, тайғақ кешу” романы көркем қара сөз саласындағы ірі табыстың дәлелі.

Осынша ерен еңбек еткен революционер-ақынға 1936 жылы оның творчестволық еңбегінің жиырма жылдық мерекесінде зор құрмет көрсетілді. Қазақ жазушыларының ішінен тұңғыш рет “Еңбек Қызыл Ту” орденін кеудесіне тағып, өнегелі өмір, өнерпаздық дарынның қадір-қасиеті біздің заманда зор екенін аян еткен Сәкен болды.

Жеке адамға табынудың қисынсыз жазасына душар болып 1937 жылы тұтқындалғандардың бірі - Сәкен Сейфуллин.

Творчестволық өмірдің өрелі биігіне шығып, өзгеге үлгі-өнеге көрсеткен, өзінің ерлік ісімен аңызға айналған азамат ақынның 1938 жылы қаза табуы қанша өкінішті болғанымен оның рухани тіршілігі халықтың кең жазира жанында сақталып, жасай береді.

САКЕН СЕЙФУЛЛИН

(Краткие сведения о жизни и творчестве)

Основоположник казахской советской литературы, крупный общественный и государственный деятель, поэт-революционер Сакен Сейфуллин родился в 1894 году в ауле № 1 Нильдинской волости Акмолинского уезда (в нынешнем Жана-Аркинском районе Карагандинской области).

В 1905 году он поступает в русско-казахскую школу Успенского рудника. Стремление к знанию, а также жизнь в рабочей среде расширяют кругозор будущего поэта. Многому научился он у замечательного певца-акына, мастера-кузнеца Ибрая, понял глубокий смысл поэзии труда.

С 1909 года Сакен учился в акмолинской двухклассной приходской школе. По окончании ее поступил в городское училище. Стремление к знаниям побуждает его продолжать учебу в крупном культурном центре. После долгих мытарств он зачисляется слушателем Омской учительской семинарии (1913 г.), прозванный в народе “Сибирским университетом”.

Омск дал С. Сейфуллину не только глубокие знания, но и возможность раскрыть свой поэтический талант, там стали складываться его демократические взгляды. В Омске он вступил в культурно-просветительную организацию “Бирлик” (“Единство”), возглавил его левое крыло. С помощью “Бирлик” С. Сейфуллин издал в Казани свой первый сборник стихов “Өткен күндер” (“Минувшие годы”). Общение с омскими рабочими и дружба с революционно настроенной интеллигенцией способствовали его становлению как просветителя-демократа. Национально-освободительное движение казахского народа 1916 года окончательно закрепило его передовое мировоззрение.

Омской жандармерии Сакен был известен еще в 1914 году. В дни восстания казахского народа за ним была установлена тайная полицейская слежка.

После окончания семинарии С. Сейфуллин был учителем в ауле под Акмолинском. В дни буржуазной Февральской революции он постоянно поддерживал связь с акмолинскими джатаками и пролетариями. Вернувшись летом 1917 года в Акмолинск, он активно участвует в создании организации революционно настроенной молодежи “Жас қазақ”, (“Молодой казах”) и издании газеты “Тіршілік” (“Жизнь”) - первой советской газеты в Казахстане.

Октябрьскую Социалистическую революцию С. Сейфуллин встретил с великой радостью и воспел ее в своих пламенных стихах, защищал ее завоевания с оружием в руках. Будучи членом президиума Акмолинского совдепа, Сакен возглавлял работу Комиссариата народного образования. Несмотря на свою занятость, он находил время для сочинения стихотворений, насыщенных революционным содержанием, и педагогической деятельности в русско-казахской школе.

В марте 1918 года С. Сейфуллин был принят в члены ленинской большевистской партии.

В июне 1918 года в Акмолинске произошел контрреволюционный переворот, в числе заточенных в тюрьму совдеповцев был и С. Сейфуллин. Он мужественно перенес все невзгоды и нечеловеческие пытки в “вагонах смерти” атамана Анненкова. После годичного мытарства ему удается бежать из омской тюрьмы и перебраться в Туркестанский край. В городе Аулие-Ате, ныне Джамбуле, он принимает активное участие в революционном преобразовании края, а в 1920 году возвращается в Акмолинск.

Персонально приглашенный на Учредительный съезд Советов Казахстана в 1920 году, С. Сейфуллин избирается членом президиума ЦИК Казахстана. В 1920 году он назначается заместителем Народного комиссара просвещения республики, а в 1922 году на III съезде Советов избирается председателем Совета народных комиссаров Казахстана и одновременно работает редактором газеты “Еңбекші қазақ” (“Трудовой казах”, ныне - “Социалистік Қазақстан” и журнала “Қызыл Қазақстан”, ныне - “Қазақстан коммунисті”.

1922 год - год большого успеха казахской советской литературы. Первое казахское государственное издательство издает сборник стихов С. Сейфуллина, написанных в 1915-1922 годах: “Асау тұлпар” (“Неукротимый конь”), пьесы “Бақыт жолына” (“Путь к счастью”), революционную драму “Қызыл сұңқарлар” (“Красные соколы”).

В 1917-1925 годах С. Сейфуллин активно участвует в проведении крупных мероприятий не только в республиканском, но и всесоюзном масштабе. Он делегат VIII Всероссийского съезда Советов, участник

совещания коммунистов национальных республик, созданных Центральным Комитетом РКП (б).

В траурные дни В.И. Ленина С. Сейфуллин возглавлял правительственную делегацию Казахстана. Надо отметить, что он первый из казахских поэтов стремился создать художественный образ Ленина при его жизни. Тяжелую утрату, невыносимое горе советского народа и всего прогрессивного человечества он выражает в стихотворении “Қайғылы хабар” (“Скорбная весть”), “Қаралы күн” (“Скорбный день”). Описывая траурную процессию, поэт отмечает, что мир еще не знал такой утраты. Глубоко реалистично передавая всенародное горе, он оптимистически восклицал, что:

Ильич к борьбе призвал народ,
На сто веков глядел вперед,
И путь, который указал он,
К счастливой жизни нас ведет.
Отметим горечь этих дней,
Спотив ряды еще тесней
Вокруг знамен непобедимых
Великой партии своей!

(Перевод С. Наровчатова)

Начиная с 1925 года С. Сейфуллин работает в области культурного строительства. Руководя работой КазАППа, первой творческой организации казахстанских писателей, он сплотил вокруг себя молодых казахских писателей и поэтов, направляя их усилия на создание новых произведений и на разоблачение идеологии буржуазно-националистических писателей.

В 1926 году он читает лекции по казахской литературе в Институте народного просвещения, в Коммунистическом университете Средней Азии (в городе Ташкенте) и первом высшем учебном заведении - КазПИ. С. Сейфуллин активно участвовал в издании альманаха “Жыл құсы” (“Ласточка”, 1927) и журнала “Жаңа әдебиет” (“Новая литература”, 1928), был редактором журнала “Әдебиет майданы” (“Литературный фронт”).

В 1934 году С. Сейфуллин выступил с яркой речью на I Всесоюзном съезде Союза советских писателей. Будучи членом Всесоюзной юбилейной комиссии, он руководил работой республиканской комиссии по проведению 100-летия со дня смерти великого А.С. Пушкина.

Свою литературную деятельность С. Сейфуллин сочетал с огромной государственной и общественной работой. Отражение современной советской действительности все поступательном развитии и отклики на животрепещущие вопросы времени были главным стержневым направлением его творчества.

Знаменитый роман-хроника “Тар жол, тайғақ кешу” (“Трудный путь, тяжелый переход”) - крупное явление не только в истории литературы и

культуры, но и в гражданской истории казахского народа, начатый им в 1922 году был издан отдельной книгой в 1927 году. В эти годы он выпустил сборник стихов “Домбра” (1924), “Экспресс”, “Ұйым және еңбек шарт - жалшылар қорғаны” (“Союз и труд договор - защита бедняков”, 1926), “Тұрмыс толқынында” (“На волнах жизни”, 1928), повесть “Жер қазғандар” (“Землекопы”, 1927), где впервые в казахской литературе описывается жизнь и быт казахского рабочего. В 1929 году издано этапное произведение казахской поэзии - поэма “Кокче-Тау”.

С. Сейфуллин в начале 30-х годов усиленно занимается научно-исследовательской деятельностью. Под его редакцией, с его участием издавались “Ескі әдебиет нұсқалары” (“Образцы старой литературы”, 1931), “Батырлар жырының жинағы” (“Сборник героического эпоса”, 1933); “Әдебиет тану оқу құралы” (“Учебное пособие по литературе”, 1933) и сборник сочинений Ибрая Алтынсарина, Акан сери Курамисина, Акмоллы Мухамедиярова, Шакарима Кудайбердина.

С. Сейфуллин внес крупный вклад в молодое казахское литературоведение, написав учебное пособие для студентов высшего учебного заведения “Қазақ әдебиеті” (“Казахская литература”, 1932). В 1934 году он выпустил учебник-хрестоматию казахской литературы для 5-го класса средней школы. Он своими страстными выступлениями и статьями помог становлению и развитию казахской профессиональной литературной критики.

Поэмы С. Сейфуллина “Альбатрос” (1938) и “Социалистан” (1935) воспевают мощь Советского Союза и величие В.И. Ленина, а поэма “Қызыл ат” (“Красный конь”, 1935) раскрывает недостатки стиля работы бывшего руководства Казкрайкома.

В 1934, 1937 годах С. Сейфуллиным было создано много стихотворений, в которых воспевается радостная жизнь народа. В эти годы он много работает над созданием прозаических произведений. Перерабатывает повесть “Айша”, опубликованную ранее как рассказ (1922). Продолжительное время работает над созданием романа “Біздің тұрмыс” (“Наша жизнь”, 1932-1934), отражающим жизнь и быт казахской интеллигенции начала 30-х годов, но ему не удалось завершить его. Стремясь художественно отобразить бурный рост республики, он написал публицистическую повесть “Жемістер” (“Плоды”, 1935). В 1936 году он вторично издал переработанный и дополненный вариант “Тар жол, тайғақ кешу” - “Тернистый путь”.

Огромная общественная, творческая и научная деятельность поэта-революционера С. Сейфуллина получила заслуженное признание. В 1936 году общественность республики широко отметила двадцатилетие творческой деятельности С. Сейфуллина.

Первым из казахских писателей он был награжден орденом Трудового Красного Знамени. Это было признание его заслуг и выражение всенародной любви.

В 1937 году он стал жертвой культа личности Сталина.

Как бы трагична ни была судьба С. Сейфуллина, который погиб в 1938 году в расцвете творческой силы, духовная жизнь его продолжается и будет продолжаться на радость народа.

Сахара сұңқары

Қазақ еліне тәуелсіздік келгеннен бері талай игі істер жасалып жатыр. Соның ең негізгілерінің бірі - рухани байлығымызды жаңаша бағамдау. Бұл қазақ халқының тарихына, мәдениетіне, әдебиетіне, өнеріне, ән-күйіне, тұрмыс-тіршілігіндегі әрқилы машықтары мен тәлім-тәрбие саласындағы үлгі-өнегесіне, не керек, бір сөзбен айтқанда, рухани әлеміне жаңа заман биігінен қарап, салыстыра зерттеу, дәстүрдің озығы мен тозығын айқындап, өркениетіміздің бұрмаланбаған келбетін, ылайланбаған кәусәр ойын сол қалпында жеткізу, жалғандыққа ұрынбаған шын табиғатын таныту мақсатынан туып отыр.

Қазақтың “Өнер алды — қызыл тіл” деген мақалы жөнінде совет тұсында білдіртпей жасырып, қазір ашық айтып келе жатқан бір ойым бар: ол - “қазақ үшін сөз — материалдық байлық” деген пікір. Қазірде де бұған қосылмайтындар табылар, сонда да осы пікірімді түсіндіре кеткенімнің артықтығы жоқ.

Әдетте, материалдық байлық дегенді қолмен ұстап, көзбен көретін дүние деп есептейміз де, әр елдің интеллектуалды (зиялылық) паркын зәулім сарайлар, көркейген қала, салынған жол, не керек, өмірде нақты қолданатын заттарға қарап бағалап, мәдениетінің өскен-өспегендігін соған қарап баға беру әдетке айналған, әлі де одан ұзап кете қойған жоқпыз.

Марксизмнің материалистік теориясы көшпенділердің мәдениеті бар деп танымағандықтан көшіп-қонып жүріп өмір сүрген халықтарды тағылық жайлаған ел деп білді. Оған В.И. Лениннің қазақ сахарасы туралы: қараңдаршы, мына далиған далада жабайылық, нағыз тағылық жалаған ғой деп нығырлап айтқаны осының нақты мысалы.

Осындай тұжырымдарға сеніп, біз өзіміздің елдік намысымызды да, өрелі ойымызды да таптаттық.

Міне сондай уақытта, “сөз — материалдық байлық” дегенді ашық айту қиын болуының үстіне қауіпті де еді. Қазақ даласына әлдеқалай саяхаттап келгендер болсын, не қазақ даласының нәрін сормақ ниетпен келсін, не қазақты өзінің құлына айналдырғысы келген отаршылдар болсын, әйтеуір рухын езіп, жан дүниесін жүдетіп, орыс халқының санын көбейту саясатын жүргізгендер алаш ұлдарын тең көрмесі бұлай тұрсын, оның

ұнжырғасын түсіріп, меселін басу үшін түрлі “хикаяларды” ойлап шығарды, халықтығымызға қауіп төндірді. Тарихымызды өздерінің ойына ылайықтап жазды, өз білгендерін істеді.

1974 жылы 25 шілде күні Ғабит Мүсіреповпен магнитофон арқылы сұхбат өткізгенімде бір керемет ой айтты: “орыс патшасы бізді сырттан иемденгеніне мәз болушы еді, ал советтер бізді іштен алып кетті ғой” деген соң алаш қайраткерлеріне байланысты сұрақтарымды әдейі қоюлатып, әлгі ойына тізгін тастағанымда “патшалық құрылыс тұсында қазақ даласы өзінің мәдениеті, әдебиеті, тұрмысы оқшаулықта болды. Демек, бұл елдің ішкі дүниесінің жасырынып жатқан жері болған” (Т. Кәкішев. “Ескірмейді естелік”, 1994. 290-291 беттер) дегені әсіресе сөз өнеріне тікелей қатысты болса керек. Сонда Ғабеннің “Дүниеде бір ой айтылуы қиын, айтылған ой өлмейді” (293) дегеніне бақсақ, “сөз — материалдық байлық” деген пікірдің шындыққа жақын екендігіне шүбә болмасқа керек. Қазақтың өлмейтін ойды көп айта білгені сөзінен анық көрінеді.

Құдай қазаққа басқаны бермесе де сөзді берудей-ақ беріп баққан. Сөзбен бар жағдайдың жөнін келтіре аламыз. Сөзбен қайғылыны жұбатқанбыз, ердің құнын шешкенбіз, қуаныш-шаттығымызды аспандатқанбыз. Сөзбен зәулім қалалар мен салтанатты сарайларды салғанбыз. Сөзбен уанғанбыз, сөзбен қуанғанбыз. Ұлттың рухына қажеттінің бәрін сөзден тапқанбыз. Сондықтан, қазақ пен сөздің кіндігі бір. Осындай құдіретке көтерілген сөз өнерімізді, соны жасаушыларды қадірлей білмесек, онда біз дүниедегіні парықтау қабілетінен айрыламыз. Тарихтан үміт ете алмаймыз.

Оның шет жағасы шығып та жатыр. Өзіне дейін өзгелер де өмір сүргенін аңғармайтын, өз айтқанынан басқаны түкке тұрмайды деп білетін “данышпандар” шыға бастаған уақытта тарихи қайраткерлердің қайсы болса да сасық көкіректен “сыбағасын алып” таяқ жейді екен. Оған басқаларды былай қойғанда өңгені емес, сөздің жанын білетін шығар деп ойлайтын Мұхтар Мағауиннің бес кітаптан тұрмақ “Мен” хамсасы және оған байланысты “Егемен Қазақстан” мен “Қазақ әдебиеті” газеттерінде жазылып жатқандар, жұмсарта айтқанда, әшейінгі о жарлықтың көрінісі. Әрбір қайраткердің ісі өзінен кейінгілердің бүгінгі түсінігімен емес, өзіне дейінгілерге қарағанда не тындырғанымен, өзі өмір сүрген заман түсінігімен бағаланатынын ұқпау әрине білгеннің ісі емес. “Менің кім екенімді бүкіл қазақ халқы біледі” деп ойлайтын Мұхтардың аузынан шықпағаны жөн еді. Мұндай ауру кәзір бүкіл әдебиет әлемін жаулап барады. Баяғыда жалғыз Белгібай ағамызды білуші едік, енді оның баласы түгіл, немере-шөберелері шыға бастапты. Сәкендердің “сырты ғана жылтыраған, құр кеуде. Сірә іші әнте қуыс. Басы да қуыс” екендігін өздеріне салыстыра қарап анықтайтындар шығуда. Бұған әлеуметтік тосқауыл болмаса, қазақ әдебиеті мен мәдениеті шынында да қуыс кеуделерге толып кетер...

Керуеннің көше берерін “Қазығұрт” баспасы қазақ ақын-жазушыларының көп томдықтарын шығару үрдісімен-ақ аңғартып жатыр.

2004 жылы, тілейік мейлі, тілемейік мейлі, қазақ халқының ғана емес, бүкіл дүние жүзінің тарихында керемет үрдіс жасап, адамзат дамуына талай қиындық пен жақсылықтарды әкелген төңкерістің, соның жырын жырлаған әдебиеттің серкелері Сәкен, Ілияс, Бейімбеттердің 110 жылдығы болады. Өздері өмір сүрген заманнан, өздері орнатқан қоғамнан рахат көре алмай, қорлық-зорлыққа тап болған ұлыларымыздың шығармалар жинақтарын шығару елдігіміздің үлкен белгісі, санамыздың ұлы қуанышы. Осыған орай олардың кешегі рухын, түсінік-танымын бүгінгі ұрпаққа таныстыратын, сәті түскен кезде көркемдік ләззатына батыратын, ақыл-санасының өсуіне ықпал жасайтын туындылары жарық көрер алдында қалың оқушыға тәуелсіздік әкелген көзқараспен олардың өмір және өнер жолдарын, тарихтағы орындарын жаңаша баяндап берген орынды болмақ.

Қазақ кеңес әдебиетінің негізін қалаушы жалынды ақын, айбынды күрескер, қоғам қайраткері Сәкен Сейфуллинның өмір жолы мен өнерпаздығына көз салғанда қазақ тарихының ұлы өзгерістерінің көп қырларын аңғарамыз.

Сарыарқаның Ор, Аба таулары мен Есіл, Нұра өзендерін жайлаған саятшы Сейфолланың семьясында 1894 жылы Сәкен жарық дүниеге келген.

Ауыл молдасы Ағашаяқтан сауатын ашқан Сәкен 1905 жылы Нілдіге келіп, орыс-қазақ мектебіне түсіп, 1908 жылы Ақмоладағы екі сыныпты приход школына ауысады. Оны тәмамдағаннан кейін қалалық училищеде оқуын жалғастырады. Ақмоладан да гөрі ірі, өнерлі жерде білім алу қажеттігін сезген соң 1913 жылы Омбының оқытушылар семинариясына көп қиындықпен қабылданады. Осында ірі қоғам қайраткері Нығмет Нұрмақовпен екі, қазақтың ұлы ақыны Мағжан Жұмабаевпен үш жыл бірге оқиды.

Омбы — Сәкеннің білімін молайтып қана қоймай, оның демократтық көзқарасын қалыптастырған, ақындық дарынын ұштаған қала. Қазақ жастарының демеуімен 1914 жылы “Өткен күндер” атты өлеңдер жинағын шығарып, мәдени-ағарту мақсатын көздеген “Бірлік” қоғамы төрағасының орынбасары болады. Омбы жұмыскерлерінің өмірімен танысып, демократ А. Сорокин, революционер жазушы Феоктист Березовскиймен жақын болуы Сәкеннің ағартушы-демократтық көзқарасының өрістей қалыптасуына жағдай жасаса, 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысы күрес жолын таңдау қажеттігін сездірген.

Омбы полициясының қара тізіміне 1914 жылы іліккен Сәкен өзінің ізін бағып жүрген тыңшыларға қарамастан 1916 жылғы санақ алу жұмысына қатысуы, Бұғылы ауылында мектеп ашып, бала оқытуы, Ақпан төңкерісі кезінде қала жатақтарымен тағдыр тәлкегін бөлісуге бел байлауы, Ақмолаға келе сала “Жас қазақ” ұйымын ашуы, 1917 жылы

“Тіршілік“ газетін шығаруы, замана жайын түсіндіруі, Қазан төңкерісін қуанышпен қарсы алып, қалам мен қаруды қатар ұстауы әшейінгі жастық желігі емес еді.

Күрескерлік сананың әсерімен Ақмола совдепінің президиум мүшесі және халық ағарту комиссары болып, төңкерісшіл өлең-жырдың туын көтеріп, таптық сыңай танытты. 1918 жылдың маусымында тұтқынға алынып, атаман Анненковтың азап вагонында ажалмен алысуы, асқан ерлік көрсетуі, түрмеден қашып шығып Түркістан өтуі, кеңес өкіметі қайтадан орнағаннан кейін Ақмолаға келіп әлеуметтік істерге белсене араласуы азамат ақынның өнегелі өмірінің айшықты беттері.

1918 жылы компартия мүшелігіне қабылданған азғана қазақтардың бірі де Сәкен Сейфуллин.

1920 жылы бүкіл қазақстандық құрылтай съезіне арнайы шақырылып, Орталық атқару комитеті президиумының мүшесі болды. Оқу халық комиссарының орынбасары, “Еңбекші қазақ“ газетінің жауапты редакторы болып жүргенде 1922 жылы Халық Комиссарлары кеңесінің төрағалығына сайланды.

1922 жылы - қазақ кеңес әдебиетінің олжалы жылы. Сәкеннің 1915 жылдан бері жазып, “Тіршілік“ /Ақмола/, “Кедей сөзі“ /Омбы/, “Ұшқын“, “Еңбек туы“, “Еңбекші қазақ“ /Орынбор/ газеттерінде әр кезде жариялаған өлеңдерінен құралған “Асау тұлпар“ жинағы, 1917 жылы жазылып, Ақмола сахнасына қойылған “Бақыт жолына“ пьесасы мен тұңғыш революциялық “Қызыл сұңқарлар“ /1920ж./ драмасы, А. Асылбековтың “Біздің де күніміз туды“ публицистикасы, М. Әуезовтің “Еңлік-кебек“ трагедиясы мен “Қорғансыздың күні“ әңгімесі жеке кітап болып басылып шықты.

Сәкен Сейфуллин 1917-1925 жылдар арасында Қазақстан көлемінде өткізілген барлық ірі науқандар, мәнді мәжілістерге, бүкілодақтық съездер мен кеңестерге қатысты. Елді электрлендіру /ГОЭЛРО жоспары/ туралы В.И. Ленин баяндамасын өз құлағымен тыңдап, ұлт республикалары коммунистерінің Мәскеуде өткен кеңестерінде белсенділік танытты.

1924 жылы пролетар көсемі В.И. Ленин дүние салғанда Қазақстан республикасының делегациясын басқарып Мәскеуге барды, қазақ ақындарының ішінен бірінші болып “Қайғылы хабар“, “Қаралы күн“ өлеңдерін жазды.

1925 жылы Қазақстан пролетар жазушыларының ассоциациясын (Каз АПП) ұйымдастырып, Қызылордадағы халық ағарту институтының директоры, өлкелік партия комитетінің жанындағы испарттың меңгерушісі болды. 1927-1929 жылдары Ташкенттегі қазақ педагогика институтының /Казпедвуз/ директоры қызметін атқарып, 1929 жылы күзде Алматыға зорлықпен шақыртылды. 1930 жылдан 1937 жылға дейін КазПИ-де доцент, 1934 жылы Қазақтың коммунистік журналистика институтының профессоры міндетін атқарды.

1927-1928 жылдары “Жыл құсы” альманағы мен “Жаңа әдебиет” журналын шығаруды ұйымдастырып, ұзақ уақыт “Әдебиет майданы” журналының редакторы болды. Әдебиет пен мәдениет ісіне басшылық ететін талай ұйымдардың жетекші құрамына сайланып, 1934 жылы бірінші бүкілодақтық жазушылар съезінде айбынды сөз сөйледі. Орыс ақыны А.С. Пушкиннің қаза болуының 100 жылдығын өткізу жөніндегі одақтық комитеттің мүшесі және республикалық комиссияның төрағасы болды.

Сәкен — қоғам, әлеумет істерімен өзінің творчестволық өнерпаздығын қисынын тауып қабыстыра білген қайраткер. Бүгінгі өмір шындығы, кезең тудырған келелі мәселелер оның ақындық жанарынан сырт қалмай, үнемі көркем сөз өрнегінен көрініс беріп отырды. Қазақ халқының тарихында, әсіресе әдебиетінде үлкен белес жасаған “Тар жол, тайғақ кешу” атты роман-эссесін 1922 жылы бастап, 1927 жылы жеке кітап етіп шығарды. Бұл екі арада “Домбыра” /1924/, “Экспресс” /1925/ жинақтары мен “Ұйым және еңбек шарт-жалшылар қорғаны” /1926/ атты өлең-жырын жариялады. Қазақ әдебиетінде жұмысшылар өмірін суреттеудің тырнақалдысы болған “Жер қазғандар” повесі 1927 жылы жазылса, “Тұрмыс толқынында” жинағы 1928 жылы шықты. Қазақ әдебиетінің классикалық туындысына айналған “Көкшетау” дастаны 1925-1928 жылдар аралығында жазылып, 1929 жылы басылды.

Өзі қолымен жасаған социалистік қоғамға “Советстан” /1925/ “Альбатрос” /1933/, “Социалистан” /1935/ триптихын арнап, кезең қиындығын, аштықты, партияның, әсіресе кәрі райкомның жүргізіп жатқан саясатының қателігін әшкерелеген “Қызыл ат” дастанын жазды. Бұлар күрескер ақынның поэзия саласындағы толассыз еңбегіне айғақ болса, 1922 жылы жазылған “Айша” әңгімесін 1935 жылы повестке айналдыруы, қазақ интеллигенциясының республика басшылығына рухани қарсылығын суреттеген “Біздің тұрмыс” /1932-1934/ романы және республиканың өсу белестерін баяндаған “Жемістер” атты публицистикалық повесі, сол кездегі идеологиялық қыспақ құрсауында өңделіп, толықтырылған “Тар жол, тайғақ кешудің” екінші 1936 жылғы басылымы көркем қара сөз саласындағы ірі туындылары еді.

Жаңа өмірді өрге сүйрелеген жалынды қайраткердің творчестволық еңбегінің жиырма жылдығы 1936 жылы аталып, зор құрмет көрсетілді. Қазақ жазушыларының ішінен тұңғыш рет Еңбек Қызыл ту орденімен марапатталған да Сәкен болды.

Дәуір дауылпазы туралы “Еңбекші қазақ” газетінде 1923 жылы жарияланған мақала “Жыл құсы” деп аталып, “Сәкен Сейфуллин біздің қазақ әдебиетімізде жаңа дәуірді бастап отыр. Оның шығармаларының әдебиет майданында жаңа жол көрсетіп шығуы Октябрь төңкерісімен байлаулы нәрсе. Бұл өзгерісті жұрттан бұрын сезген Сәкен. Бұл жаңа жол, жаңа пікір туғызушылардың саны әзір көп емес, бірақ түбінде жеңбекші.

Жаңа жазушылардың, жаңа балапандап туып келе жатқан ақындардың бастығы — Сәкен Сейфуллин. Қазақ әдебиетінің бет алысын жаңа ағымға бұрып, жол салған“ Сәкен екені ашық жазылды. Мұндай ой-пікір сол кезде басқа ақын-жазушылардың ешқайсысына айтылған емес.

Қазақ кеңес әдебиетінің негізін қалаушы болу үшін ең алдымен табанды таным, көзқарас керек болса, екіншіден, жаңа идеяны қалың оқушыға жеткізе алатын оңтайлы түр-форма табу шарт. Жаңа мазмұнға ылайықты жаңа түр табу арқылы замана образын жасап берді.

Қазақ кеңес әдебиетінің серкесі болу үшін, үшіншіден, әдебиеттің әр жанрында еңбектеніп, жоқты табуға, толымсызды толықтыруға, жетімсізді жетілдіруге тиісті, міндетті болды. Мұны да Сәкен аброймен атқара бастаған шақта әдебиетіміздің көсегесін көгерткен Бейімбет, Мұхтар, Сәбит, Ілияс сияқты ұлы дарындар көмекке келді.

Қазақ кеңес әдебиетіне қолбасшы болу үшін, төртіншіден, жаңа бағытты қабылдайтын жас творчестволық күштерді өсіріп, олардың идеялық-көркемдік консолидациясын жасау, ынтымақ-бірлігін күшейту шарт. Осыны да қолымен атқарған адам Сәкен. Бұл салада Сәбит Мұқанов қана Сәкенмен деңгейлес бола алады дегеннің өзінде сол Сәбиттің өзі, онан кейін Ғабит Сәкен пәтерінде жатып оқуы, әдебиетке араласуы ағайындықтың, туыстықтың, жерлес-руластықтың әсерінен емес, кеңес әдебиетіне жаңа творчестволық күшті тәрбиелеп өсірудің, басқа ықпалдарға шалдырмаудың, жас жебелерді ұштап-қайраудың мақсатынан туған болатын.

Ол ол ма, Бейімбет сияқты ұлы дарынды кеңестік әдебиеттің даңғылығына түсіруде Сәкен әрекетінің орны бөлек. Қостанайда “Ауыл“ газетінде жүрген Бейімбетті “Еңбекші қазақ“ газетіне жауапты хатшылыққа алдырды. Орынборға көндікпей, біраздан кейін қайтып кеткен Бейімбетті қоярда-қоймай қайтадан шақыртып алуы қазақ әдебиетінің образдар галереясында Мырқымбайдың төрден орын алуына жағдай жасағанын естен шығармаған абзал.

Тоқалдықтан босап, қуаныш-шаттығын сыртқа шығаруға талпынған Шолпан Иманбаеваны әдебиетіміздің қызыл гүліне айналдырған, ревлюция күндеріндегі қанды көйлек жолдасы Сабыр Шариповтың “Қызыл Қазақстан“ журналының әр санында шашырап жатқан “Алтыбасарын“ қолымен көшіріп, кітап етіп шығарғанда Сәкен болатын. Өнерпаз дарындарды осылай тірнектеп жинаудың арқасында ғана 1925 жылы қазақ жазушыларының тұңғыш өнерпаздық ұйымы — ҚазАПП-ты — қазақ пролетар жазушылар ассоциациясын құрып, оған басшылық етуі айтуға ғана оңай жайлар. Сондықтан Сәкеннің қазақ кеңес әдебиетінің негізін қалаушы екеніне күдіктене қараудың өзі күпірлік.

Қазақ әдебиеттану ғылымында “Сәкенді қазақ совет әдебиеті-нің негізін қалушылардың бірі ғана“ деу тарихқа қиянат жасау. Ол “бірі“ болар еді, егер Октябрьден туған қазақ совет әдебиетінің алғашқы іргесін онымен

қатар қаласқан тағы да біреулер болса. 1919 жылға дейін бір де адам болған жоқ. Сәкен қазақтың Маяковскийі ғана емес, Максим Горкийі, яғни қазақ совет әдебиетінің өркендеушісі ғана емес, оны бастаушы“ деген Сәбит Мұқановтың 1936, 1957 жылдарда ағынан жарылып айтқанын місе тұтпай, әр ауылдың жүйрігін бәйгеге қосу ниеті күшейе бастағанда Ғабит Мүсірепов “Сәкеннің қазақ әдебиеті мен қазақ совет мәдениетінің, жалпы халық ағарту жұмыстарының беталыс табуындағы орны ерекше. Сәкен алғашқы кезде жапа-жалғыз. Жаңа әдебиет, жаңа мәдениет дегеннің бағытын жапа-жалғыз белгілеген адамымыз.

Сәкенді біз совет әдебиетінің негізін қалаушы деп атайтын болсақ, ең алдымен Сәкеннің сол майданды жалғыз басқарып, совет ұранын көтергенін ескеруіміз керек“ деп 1974 жылы тағы да бір пысықтап, нығыздағанын естен шығармаған абзал. Орынсыз о жарланғандардың қысыр ойлары тарихтың күресінінен табыларына еш күмән болмасқа керек.

Сәкен қайраткерлігіне бір арнадан қарап, бір жүйеде баға беру дұрыс болмайды. Қазақтың мақтанышына айналған азаматтың өр тұлғасынан талай өнер үлгілері тарамданады.

Сәкен ең алдымен өзінің өмір сүрген дәуірін жырлап, оны қастерлеудің оңтайлы жолдарын таба білген жаңашыл ұлы ақын. Құдай берген дарынын сәулелендіруге сазгерлігі, композиторлығы едәуір демесін жасап, сал-серілігі мен саятшылығы ажарлай түскені тағы бар. Қазақ тарихындағы осы ұлы құбылысты ажарландыра, мәндендіре түскен өнерпаздықты атап-атап көрсеткен абзал.

Сәкен Сейфуллин — ірі мемлекет қайраткері. Қазақстан елдік пен азаттыққа үміттенген шағында республика басшыларының бірі болғанын, ең бір шешуші кезде жан-тәнімен жұмыс істеп, басқа елдермен халқының терезесін тең қылу жолында алас ұрғанын еш кімде жоққа шығара алмайды. Ол өзінің өлең жырларында, көркем шығармаларында ғана емес, әрбір іс-әрекетінде осы арманын жүзеге асыруға жан салды, талаптанды. Оның журналистік қаламы осы мақсаттың үддесінен шығып, сөзі мен ісі бір жерден шығуына жағдай жасады.

1922 жылы аз уақыт оқу-ағарту комиссары орынбасары болғаннан кейін шілде айында бүкіл жаңалықтың жаршысы, сөзіне еріксіз құлақ асатын партия органы — “Еңбекші қазақ“ газетінің жауапты редакторы болып жүргенде, яғни желтоқсанда Қазақстан үкіметінің, яғни Қазақ АССР Халық комиссарлары Кеңесінің төрағасы қызметіне сайланды. Осы екі міндетті 1925 жылға дейін қоса атқаруында үлкен мән бар. Төрешілдікті көздеген адам газет маңына жоламайды, оның жанып тұрған от екенін, сыр шашып қоятынын біледі. Ал Сәкен болса іс пен сөзді тұтастыру үшін,

айтылған мен жазылғанның іске асуы үшін екі негізгі тұтқадан айырылмады.

Халық комиссарлары Кеңесіндегі пәрменді, өмірі бітпейтін жұмыстар бір адамға аздық қылмайтынын Сәкен өте жақсы білді. Істеліп жатқан, істелейін деп жатқан жұмыстарды, бұйрық-жарлықтарды оңтайлы да дәйекті насихаттау бір адамға аздық жасамайды. Осыған қарамастан Сәкен екі тізгінді қатар ұстап, өзінің шын азамат екенін, оның көздегені өзінің мансабы емес, елдің өркендеуі екенін анық танытты. Қазақтың “қолында тұрған соң қонышынан басады” деген күдікшіл ойынан шығайын деп емес, елге пайдамды тигізейін деген мақсатпен Сәкен Совнаркомдегі күндіз атқарылған мәнді істерді газетке түнде жазып отырды. Әуелгі кезде үш-төрт материал берген кезі де бар. Осы екі қызметті қоса атқарған уақытта Сәкен публицистикасының басым көпшілігі, ең аз дегенде екі жүздей (200) мақала, хабарлары жарияланды. Және олары көр-жерге емес, үлкен әлеуметтік, мемлекеттік мәселелерге арналды.

Мемлекет билігі қолына тигенде 1923 жылы 15 ақпанда “Қазақты қазақ дейік, қатені түзетейік” деген ащылығы удай мақала жазды. Оған дейін теңдік беремін деп дуылдатқан 1917 жылдың өзі “Киргиз” деген атаудан бізді құтқармағанды. Сәкен ашу-ызаға толы осы мақаласын “бүгінге шейін қазақты орыстар киргиз деп келеді, орыс патшасының төрелері, жасауылдары қазақты бір түрлі мүгедек, мақау жануар деп санап, “киргиз” дегенде бір түрлі менмендік қиянатпен, қорлаған мазақпен айтатын... Төрелердің қатындары итіне ұрысқанда “ах, ты Палкан, киргиздан да жамансың” дейтін... Қазақты қорқытқанда көзін алартып, тісін қайрап: “у, у, у. Киргиз!” деп ызбарланып айтатын” дегендерді бүгін оқудың өзі қиын. Большевизм дәуірлеп тұрғанда ауызекі айту былай тұрсын, газетке жазудың өзі қаншама қажыр-қайратты талап еткенін құдай білсін.

“Басқа жұрттан бұрын өзімізді өзіміз “киргиз” дейміз. Бұл біздің әлсіздігімізді көрсетеді.” деп алады да “Қазақстанның орталық өкіметі “киргиз” дегенді қойып, “қазақ” деген есімді қолдануға жарлық (декрет) шығару керек. “Қазақты” қазақ дейік, тарихи қатені түзетейік” деп ұсыныс жасапты 1923 жылы. Қазақ тілінде жазылған ойлар республиканың шовенист басшыларына қалай аударылып жеткізілгенін құдай білсін, үкімет бастығының ұсынысына дереу құлақ асқан партия, совет органдары болмай, әйтеуір Орта Азиядағы жер бөлінісінің дүмпуімен 1925 жылдың жазында, V съезде әрең дегенде тарихи атымызға ие болдық-ау. Соны көтерген Сәкеннен басқа кім болды осы кезде? Біреудің еңбегін біреуге ойланбай, білмей таңа салатындардың осыдан хабары бар ма екен?

Осы стратегиялық ойдың жалғасын Сәкен көп тостырған жоқ. Партияның ұлт мәселесін алғаш және соңғы рет арнайы қараған XII съезінің шешіміне арқа сүйей отырып Сәкен күні бүгінге дейін қиюы табылмай келе жатқан қазақ тілі мәселесін көтерді. 1923 жылы 9 маусымда “Кеңсе істерін қазақ тілінде жүргізу керек” деген атақты мақаласын жариялады. Бұл

мәселені көтерерден бұрын Халық комиссарлары Кеңесінде сәуір айының ортасындағы отырыста барлау жасау мақсатымен шетін шығарғанда “Байқасайшы Сәкен” деп сақтандырғандар да, көзін алартқандар да болған. Соны анық сезген Сәкен шамырқанып: “Қазақстанның еңбекші табы шын қатарға кірсін, өз тізгінін өзі алсың деген азамат бұл іске жан аямай кірісуі керек!” деп талайлармен алакөз болды. 25 маусым күні “Кеңселерде істі қазақ тілінде жүргізуге кірісу” деген екінші мақаласын жариялады. Газет редакторлығының керектігі осындай ғұмырлық мәселелер төңірегінен айқын көрінеді. Курс ашу, кадр даярлау, студенттерді пайдалану сияқты нақты істердің көзін көрсетіп, нобайын келтіріп, 1923 жылдың 22 қарашасында Орталық Атқару Комитетінің декретін қабылдатты. Кеңселердегі істерді қазақ тілінде жүргізу бүкіл республика көлемінде 1924 жылдың 1 шілдесінен басталатын болды. “Бұрынғы және қазіргі үкіметтердің саяси тарихында мұндай айрықша мәні бар шара болып көрген емес” деп қуанған Сәкен игілікті істің бірден қарқын алып кетуіне кедергі жасамақ жағымпаз төресымақты кездестіре берген соң “Біздің қазақ коммунистерінің кейбіреуі қазақ тілі туралы қатты кірісуге: “біреу ұлтшыл деп айтады...” деп бой тартады. Бірақ бұл — қулық, бұл — коммунистік қылық емес, ол — жарамсақтық, жағымпаздық. Кейбір сасық, жалмауыз демагог өзін “жақсы коммунист екен” деп айтсын деп, қазақ тілін кіргіземін деп жүрген белсенді адамдарды “анау ұлтшыл, мынау ұлтшыл” дер, одан қымсынбай, айылын жинамай іске кірісе беру керектігін айтып 9 мақала жазды. Совнарком тарапынан бұйрық беріп, қолынан келгеннің бәрін жасады. Не керек... өзімізге өз тіліміз бұйырмай әлі келе жатырмыз ғой.

Сәкеннен кейін үкімет басына келген Н. Нұрмақов тұсында мекемелерді жергіліктендіру науқаны жайындағы аз-мұз талпыныс аштық әлегіне ұшырады. Содан кейін бірде бір үкімет басшысы қазақ тілінде іс жүргізу былай тұрсын, қазақша сөйлеуден қалды, тіл мәселесіне араласпай, үн-түнсіз кеткендер қаншама!

Сәкеннің мемлекет қайраткері ретінде бұдан кейін айрықша қайрат-күш жұмсаған саласы — оқу-ағарту майданы. “Қазаққа оқу бұрын бір мәртебе керек болса, енді мың мәртебе керек. Оқусыз қазақтың болашақтағы күні қараң. Енді бір жиырма жылдың ішінде қазақ өнерлі халықтардың қатарына қосылуы керек” деген түбегейлі бағдарламасы бар Сәкен Сейфуллин өзі үкімет басында отырғанда республиканың жартымсыз бюджетінің тең жарымын оқу-ағарту саласына бөліп, Өлкелік партия комитетінен ескерту алған кезі де болды. Соған қарамастан астымдағы орындығымнан айрылып қалам-ау деместен, жер-жерлерде мектептер аштырып, совет үкіметіне көңіл толмай қырын қарап жүрген оқығандарды ағарту майданына тартып, игілікті іске араласқандарды қолдап, демеп, газет-журналдарға жазды. Оқу орындарының жатақханасына барып, асханадағы тағамдарының жұғымдылығына дейін назар аударып, шет елдер мен Мәскеу-Питерге, өнерлі қалаларға топ-тобымен қазақ жастарын оқуға

алдыртып, ақшадай көмек беріп, “қазақ оқушы жастарының жерлестігі” ұйымдастырған кездесулерге барып, сөз сөйлеп, тарыққандарына қаражат тауып бергені айтып тауыса алмайтын хикая. Оны мына жанашыр сөзінен аңғаруға әбден болады.

“Елдің атқа мінген бастықтары оқу ісіне қарамай кетсе, ел балалары оқусыз жүрсе, атқа мінген ел адамдарының мойнына қазақтың келешек жас буынының мың лағнаты артылады. Көңілінде азырақ адамдықтың саңлауы бар әр қазақтың, әр азаматтың бір көзі оқу ісінде болып, соған қолынан келген жәрдемін тигізіп отыруы мойнына артылған зор парыз.

Ісіңмен, күшіңмен, тіліңмен болсада оқу ісіне жәрдем қылмасаң — кейінгі жас буынның қолы жағаңда кетеді” деп шымырқанған Сәкеннің жан айғайын “Еңбекші қазақ” газеті қолында болмаса елге жеткізе алар ма еді?! Міне екі тізгіннің бір қолда болуының пайдасы осы.

Сәкен – үлкен қоғам қайраткері. Бұл жарлықсыз, мандатсыз берілетін атақ. Халық оған ылайық деген азаматын ғана аспанға көтереді, махаббатына бөлейді, қадірлейді. Осының бәрі бір Сәкеннің тұлғасынан табылуы тарихта өте сирек кездесетін бақытты сәт. Міне осы қасиеттер Сәкенді басқа қайраткерлерден даралап, тарих бетінен жарқырап көрінуіне мүмкіндік берді.

Коммунист, интернационалист бола жүріп ұлтшыл, ұлтжанды болу мүмкін бе? Әбден мүмкін! Ол үшін ел-жұрт тілеуін шын тілеу, арман-мұратын арнау, қасықтай қанын, шыбындай жанын беруге бел байлау керек.

Алдын-ала жасалатын бір ескертпе: біз кеңес заманында Сәкеннің қызылдығын-большевиктігін бадырайта көрсетуге айрықша құмар болдық. “Анау-мынау еркелігін” төңкерісшілдігінің құрбандығына шалдық. Сөйтіп біздің көз алдымызда “Қызыл сұңқар” көк аспанға еркін самғады, титығы қалмай, арқасы жауыр болған “Қызыл атымыз” бәйгенің алдын бермеді. Бұған бүкіл ел болып, жұрт болып қол соқтық, қуандық және сендік. Сонда Сәкеннің ішкі дүниесінде алай-дүлей борасындар жүріп, дауыл-құйындар соғып жатқаны ескерусіз қалды. Оны ескерейік десек партия ұнатпайды, әбден енден кеткен идеология теріс қарады. Амалсыздан аузымызды жаптық, тілімізді байладық. Әйтпесе Сәкеннің көңіл-күйі, түсінік-танымы болып жатқан құбылыстарға барлық кезде бірдей бола бермегенін оқыдық, білдік, сездік. Енді осыған сабырмен бір қарайықшы, мүмкін, біз айтпай-жазбай келгендеріміздің ішінде кеше де, бүгінде өтпелі заманға тап болған қазақ халқына, оның ойлы азаматтарына айтар ғибраты, елге еңбек етудің үлгі-өнегесі болар. Соларды санамыздан сараптан өткізсек, мөлдір қайнардан сусындап, шөліміз қанар.

Ұлтын, халқын, елі-жұртын, ата-анасын сүймейтін пенде болмайды. Бұл жөніндегі түсінік әр түрлі аталғанмен саяр жері біреу-ақ, ол — ұлтжандылық, патриотизм.

“Айқап” журналының материалдары таяуда жеке кітап болып шықты. Бұрын оқығандарымды қайтадан пысықтап оқып келе жатқанымда Сәкеннің “Туған жерім — өз елім” /Шетте жүргенде/“ деген /Ғ П.1914/ өлеңнің соңғы екі жолы: “Сөйткен жерге хахол келіп орнады, Арманда боп, жылай-жылай қалғаным” дегенін оқып, “шошып” кеттім демей-ақ қояйын, көптен бері ойлап жүрген, яғни Сәкеннің ұлтжандығы жөнінде жазсам-ау деп жүрген ойыма қамшы болды. Бұл өлеңді Сәкен өзі көзі тірісінде шыққан кітаптарына қосуды “ұмытып кеткен” сияқты, ал 1960 жылы шығармаларының 2 томының 271-бетінде “Жаңадан табылған өлеңдері” деп жарияланғанда әлгі екі жол түгіл, сондай ойға алып келетін бір шумақ алынып қалыпты. Оны істегендер 60-жылдардағы лито не редактор, редколлегия болуы ғажап емес. Қалай болғанда да Сәкеннің ата-мекенге арнаған жырындағы:

Сағынып, Нұра, мен келдім,
Бұрынғы иең-байғұсың.
Айрылған сенен көп елдің
Жатырсың көрмей қайғысын, —

деген шумақ бүгінгі оқушыға жетпей қалған. Бұл шумақтар, сөз жоқ, Міржақып Дулатовтың “Оян қазағындағы” пікірлерден бастау алғаны сөзсіз.

Себебі жер мәселесі — туған елдің тағдыры — ХХ ғасыр басындағы әдебиетіміздің мәнді тақырыбы ғана емес, елдік пен өрліктің, тірлік пен болашақтың ең үлкен проблемасы болғаны белгілі.

Сәкеннің демократиялық көзқарасы 1914 жылдан бастап көріне бастағанды. “Бірлік” қауымын құрып, оның сол қанатын басқарған уақытта Шәймерден Әлжанов екеуінің “егер восстание бола қалса қазақ халқы орыстың шаруа-жұмысшыларымен бірге боларына кәміл сенеміз” деулері әшейінгі сөз емес екенін кейінгі өмір жолдары айқын көрсетті. Солай бола тұрсада Сәкенді бірден төңкерісшіл ете салу орынды бола қоймас.

Сәкен қалай болғанда да Омбыдан ілгершіл ой-тілекпен, жұрттың бәрін “теп-тегіс бірдей қылсам” деген игі мұратпен оралды. Ол түсініктен 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысы кезінде де безіне алмады. “Толқын” өлеңі оған дәлел. “Қазақ” газетін шығарып жатқан ағаларына алаңдаған, “шіркін, қазақ жастары солдатқа барып, әскердің өнерін үйреніп келіп, мылтықпен патшаға қарсы тұрғанда жақсы болар еді-ау” деп ойлап, Ахмет, Әлихан, Міржақыптардың “Ашық хатында” айтылған пікірге де ден қойған сәті де жоқ емес. Сәкеннің ізін баққан қызыл көздер “С. Сейфуллин в своей книге “Тяжелый путь, трудный переход” совершенно неправильно

оценивает восстание 1916 года и неправильно излагает позицию националистической интеллигенции и казахского байства — он по существу оправдывает их позицию“ /“Большевик Казахстана“ 1932, № 5, 21-бет/ деп 1932 жылы айыптаған болатын. 1917 жылғы жалпы қазақ съездерінің шешімдеріне жалтақтап қарайлағаны да ұлттық таным-біліктің, алаш ағаларының төңірегінен шыға алмай жүргендігін көрсетеді.

1916 жылғы қозғалысқа белсене араласа алмағанына іштей күпті, халық алдында кінәлі адамдай сезініп жүрген Сәкен ақпан төңкерісінде “қуантуға ел-жұртты, асығып тез аттанады“ да, Ақмолаға келіп сөзсаттың мыс қазанына күмп беріп түсіп кетеді.

Алаш қозғалысының көсемі Ә. Бөкейхановтың ақпан күндерінде “еккен де жоқ, сепкен де жоқ қазақ халқы бостаншылыққа ортақ болып отырмыз. Біз кәзіргі әділ үкімет, азат Россиямен бір тілекте, бір кемедеміз. Кемедегінің жаны бір. Тілек бірге болған соң, тірі болсақ бір төбеде, өлсек бір шұқырда болуымыз керек“ (Ә. Бөкейханов. Шығармалары. 235-бет) дегені бұрыннан іштей де, сырттай да, әсіресе төре тұқымынан шыққандығын ұнатпай жүрген Сәкенді қатты шошындырып, іргесін аулақ салу қажеттігін аңғартты. Осы кездегі толып жатқан оқиғалар Сәкенді солшылдандыра берді. Қазан төңкерісі күндерінде “Кел жігіттер“ өлеңін жазып, “кедейден топ жасайық!“ деген идеяның жаршысына айналды. Коммунистік партияға кірді, совдептің бар әрекетіне араласып, оқу комиссары болды.

Советтердің бірінші құрылтайында Ә. Жангелдин бастаған 20 шақты большевиктердің құрамында болып, алашшылдардың мандатын жоймақ болғандары, КирЦИК президиумы мүшесі болып сайлануы, қазақ баспасының алғашқы уығын қадауы, “Ұшқын“ газетін “Еңбекшіл қазаққа“ айналдыруы, Семей мен Ақмола облыстарын Қазақ АССР-ына қосатын төтенше комиссияда болуы, В.И. Ленин мен М.И. Калининнің оң қабақтарын көріп, қазақ жеріне қызыққан Сибревком ниетін тоқтату процесіне қатысуы Сәкеннің советшіл болғандығын мықтап дәлелдейді.

Қып-қызыл коммунист болған Сәкен қай жерде, қашан өз ұлтына, қазаққа жаны ашыпты, ұлтжандылығын көрсетіпті, жіліктің майлы басын интернационализм туы астында отырып қалай ыңғайлапты дегенге келер болсақ, Сәкен ыңғайы келген тұста қазаққа бұра білгендігін талай іс-қимылынан анық көреміз. “Ойпырмай қу НЭП, қойдың ғой жеп“ деп жаңа экономика саясатына қарсы шығуы жалпылық сипатта болса, онда “жер-жердегі мекемелер һәм Қазақстанның бас мекемелері қолындағы барлық қаражаттың қақ жартысын (50 процентін) оқу ісіне жұмсау керек!“ деп бұйрық беруі, партия мен өкімет тұлан тұтып жатқанда Ахмет Байтұрсыновтың елу жылдығының салтанатты жиналысын өзі ашып, екі мақала жазуы, алаштың көсемін ардақтап жатырсың деп әсіретөңкерісшілдердің шаптыққандарына пысқырып та қарамай “Ахмет

Байтұрсынұлы ұлтын шын сүйетін, шын ұлтшыл“ деп газетке жазып, құрмет көрсетуінің өзі Сәкеннің түпкі пиғылынан хабар берсе керек.

Коммунистік пердені жамылған шовинистер шет аймақтарда, әсіресе Қазақстан мен Түркістанда әрбір ой-пікірден, аттаған қадамдардан ұлтшылдық ниет тануы, Мәскеуді паптюркизммен, паписламизммен әдейі қорқытып жатты. “Издавались антимарксистские, националистические по духу брошюры С. Садвакасова. Глубоко ошибочным были отдельные опубликованные в печати произведения С. Сейфуллина. Ошибки в произведениях Сейфуллина имели серьезный политический характер и могли быть использованы во вред нам нашими врагами“ дегендер Сәкеннің 1922 жылғы “Азия (Европаға)“, Троцкийге арнаған “Қара бүркіт“ өлеңдеріне байланысты айтылып, III партия конференциясында Мәскеу өкілі Е. Ярославскийдің аузымен айтылды. Оны өзіміздің белсенді апамыз А. Оразбаева ашық қолдады. Олардың пікіріне қосылмаған он төрт “Киргизские коммунисты категорически протестует против предъявляемых им обвинений в национализме“ деп конференция үстінде мәлімдеме жасады. Сәкен конференция өтісімен “Қазақты қазақ дейік, қатені түзетейік“, “кеңсе істерін қазақ тілінде жүргізейік“ деген айбынды да ұлтжанды науқандарға жел беріп, басшы болды.

Идея айту да оңай емес, ал сол ауыздан шыққанды іске айналдырудың қиындығына келгенде Сәкендей табанды, бір сөзді азаматтардың көрген тақсиреті аз болмағаны белгілі. Елге, халыққа деген жанашырлық тек “ұлтшылдықтың“ төңірегінде қалып қоймайды екен. Орыс отаршылдарының мұсылман қозғалысынан өлердей қорқып, шошынуының ар жағында пантюркизм, панисламизм, паназиятизм түтіні жатады дегені белгілі дәрежеде шындықпен түтіндес болатынын Сәкен ізденістерінен анық байқаймыз.

Оған Сәкен әдейі барды десек орынсыздау болар, өмір толқынының өзі осы жолға түсіріп, таным-білігін көрсетуді қажет еткенде Сәкен іркілмей сілтеді. “Түріктің бұрынғы ерлері Азияға, Африкаға, Европаға, яғни дүниенің көп жеріне түрік жұртының дәуірін жүргізді. Түрік жұртының дәулеті шалқыды. Түрік елі жан-жағына құлашын жайып, қолын артты. Түрік жұрты айбынды ел болды“ (31 қазан 1922жыл.) деп кешегі тарихты көлденең тартып, бүгінгі Түрік республикасы орнардан бір жыл бұрын жазған болатын. Тарихпен жігерлендіру мақсатын көздеген-ді.

“Басшысыз үйді қонағы билейді“, “Қырық уыс топырақ“, “Жыландар басын көтерді“, “Жыландар шаға бастады“, “Түркиянің жайы“ деген публицистикасында Сәкен ер түріктің өткенін кім көрінгенге бүгін таптатып отырған ездердің істерін әшкерелей отырып, Мұстафа Кемелдің ерлігін басқаларға үлгі етеді. “Түркия тарихы жаңадан басталды. Жалпы адамзаттың бақыты — бауырмалдық тұрмысқа Түркиянің еңбекші табы жетпек. Әрине, жол қиын, жүк ауыр, жол бойы, әр асуда әр түрлі ит үре бермек, оған алаңдамай алға тарта беріңдер, бауырлар“ деп тілек қосады.

Әрине, Түркияге арналған мақалалардан түрікшілдік туындамайды, алайда оның ішкі динамикасы, түпкі пиғылы, ой-ниеті көп жайды аңғартары сөзсіз. Түрікшілдік идея, оның үстіне Сәкеннің түрікшілдігі тек Түркияге деген көзқараспен, жазған мақалаларымен өлшенбейді. Бірақ тарихи оқиғалардың тоғысуы сол кезде Түркияге байланысты шоғырланғаны, түрікшілдік идеяның шарықтап көтерілуіне себепші болғаны өтірік емес. Тұрар Рысқұлов 1920 жылы біртұтас советтік түркі республикалары федерациясын құру жөніндегі ұсынысын айтқанда, Мәскеу шошып кетіп, И.В. Сталиннің орынбасары қызметіне шақырып алып, тұншықтырғаны белгілі. Ал ақындық шабытпен Мағжан мен Сәкеннің түрік елі жаңа жолға түсіп жатқанда талай шығармалар жазғаны рас.

Сәкен 1922 жылдың желтоқсанында Халық Комиссарлары Кеңесінің төрағасы болып сайланды. Ақын, журналист Сәкен енді ресми төраға ретінде ой-пікірді өлшеп айтуға тиіс болды. Бұрынғыдай еркін сілтеуге болмайтынын сезгенмен, шабыт қысқан шақта қалам ұстаудан тартынбады. Және “Еңбекші қазақ” газетінің жауапты редакторлығын қоса атқаруы бұған себепші әрі демесін болды. Сәкенді “паназиялықпен” айыптауға негіз болған “Азия (Европаға)” өлеңі 1922 жылы 10 маусымда жазылып, 10 шілдеде жарияланды. Онда дүниені жалмап бара жатқан Европа империалистерінің зұлымдығын әшкерелеп, адамшылық жолына түсуге шақырғанда:

Тазартуға дүниенің ластығын,
Жібітуге жүрегінің тастығын—
Семітімнің көп ұрпағын тағы да
Жұмсадым мен Маркс қылып бастығын,—

деп мейірімділікке үндейді. Бірақ империалистер өзінің тойымсыз пиғылынан айнымайтынын көрген соң:

Тыңдамасаң бұл жалынған сөзімді,
Түсінбесең, паң ғып ұстап өзіңді,
“Күшпен үйрет мынаны” деп жұмсармын
Монғұлымды — қиғаш садақ көзімді —

деп қорқытады. Әрине, бұл өлең марксизм-ленинизм қағидасына үйлеспейтінін Е. Ярославский 1923 жылы III партконференцияда айтып, Сәкеннің ұлтшылдығының негізінде “паназиялық” пиғыл жатыр деп айыптаған болатын.

Сәкеннің бұл өлеңі Мағжанның “Пайғамбар”, “Күншығыс” топтамасымен үндеседі, себебі Европа империалистерін әшкерелеуге келгенде екеуі де жан түршігерлік қиястық пен жауыздықты көзге елестете келіп, Мағжанның

Қисық көзді Күншығыс
Болсын соңғы бұл жүріс.
Күнбатысқа жүрелік
Желкілдеген туменен,
Жер күңіреткен шүменен
Қаласына кірелік —

деген айбарынан аңғарылып, үндестік тауып жатады.

Халықаралық тақырыпқа бару және оны есте қаларлықтай суреттеу сол кездегі қазақ поэзиясына биік өре сыйлағандығын енді ашық айтуымыз керек.

Сәкеннің “Қара бүркіт” өлеңі ептеп түсіндіруді қажет етеді. “Азия (Еуропаға)” ғана емес, “Қара бүркіт” өлеңі де Сәкеннің “коммунистік жолдан” шығып бара жатыр деушілерге дәлел болғанына мән бере қарасақ ұлтшылдық пен түрікшілдіктің бірлігін аңғарамыз да, кімнің не үшін күрескенін жазбай танимыз.

Өмірде айбынды азамат болудың жөні басқа және қиын. 1922 жылы Сәкен “Қара бүркіт” өлеңін Арыстан (Лев) Дәуітұлы (Давыдович) Троцкийге арнағаны үшін көрмегені мен естімегені аз. Шығарманың идеялық арқауы “Азияға” өте ұқсас, тіпті бірін бірі толықтырып та жатады.

Ол көрді Азияны мұнар басқан,
Ол көрді Европаны сұмдығы асқан.
Борсықтай дүниені сора бермек
Бұл күнде ку Европа жанталасқан,—

деген шумаққа Сәкен “Гаага, Лозанна деген қалаларда биыл Европаның кәзіргі жалмауыз сұм сұғанақ үкіметтері Азия-Күншағас халықтарын сыпайылап, тірідей қалай жұтып қоямыз деп кеңескен” деген сияқты түсіндірме беріп, онан әрі тұздықтай түседі. Бұл ой Түркия жайында жазған публицистикасында айқын айтылып, езілген елдердің, оның ішінде Азия мен Түріктің жоғын жоқтаушы болғанын жасырмайды.

“Алтай” деген өлеңінде Сәкен:

Бүркіттей отырсам мен келіп қонып
Айнала дүниені көзбен шолып,
Саңқылдап Азияға салсам ұран
Жиналса қызыл ерлер лек-лек болып —

десе, Мағжан:

Қырағы Тянь-Шанымен Памир, Алтай
Күтеді көптен сені қарай-қарай.
Кене мен Абылайдың жолын қумай
Жапанда жайылудың мәні қалай?! —

деп ішке тартса, Ілияс Жансүгіров:

Сол тұманнан шыға алмай,
Жүрегі жара, көзі — көл
Гималай сорлы, сор мандай...—

дегенді ашық айтады. Қазақ поэзиясында шетел тақырыбы Азияның жоғын жоқтау арқылы келгенін көреміз. Коммунистер өлердей шошитын және басқаларға құбыжық етіп көрсететін паназиялық, пантюркистік, ұлтшылдық дегендер өмір шындығына оранып, оп-оңай өлеңге айналып, әдебиетті өркендете түсетін арна болғандығын енді көрмеуге болмайды.

Өзіңді өзің сыйласаң ғана өзгеге қадірлі боласың. Ұлтыңды сүймей мұратқа жете алмайсың. Мұратына жету үшін ұлы идеялардың аясында өзіңнің елдігіңді, ұлтыңның мақсатын қаймықпай ашық айтып, басқалармен тең сөйлесе білсең ғана еленесің, құрметтелесің. Сонда әлемдік, азиялық, түріктік, ұлттық түсініктер тұтастық табады, авторлары қаншама қияс сөзге қалғанмен ел-жұрт алдында абройлы бола түседі.

Сәкеннің қоғамдық қайраткерлігінде ұлтжандылық пен құлаштылық ұштасып жатқанын көрмеу, әйтеуір большевик болған соң не тындырды дейсің деп сырттай тон пішіп, ғайбаттау орынды болмақ емес. Қоғам қайраткерінің айтқандары еленбей жатуы жиі кездескенмен халықты, елді саналандыру, желпіндіру, жігерілендіру үшін пайдасы зор. Соны біз С.Сейфуллиннің сегіз қырлы, бір сырлы алып тұлғасынан табамыз, пәрменді де парасатты қайраткерлігінен көреміз, осындай азаматымыздың болғанына қуанамыз.

Осыншама үлкен қадыр-қасиет пен атақ-даңқты өмір өткелдерінде аударып-төңкеріп алмай өтуіне Сәкеннің пенделік сипаттары, әсіресе өтірік айта білмеуі, кіршіксіз адалдығы, қандай күйге түссе де өкінбейтін табандылығы, бір сөзбен айтқанда, кімді болса да сүйсіндіретін арлы азаматтығы себепші болды.

Сәкен өзінің қарақан басының бақ-дәрежесі үшін емес, елді өркендету қамында жүргенде артық-кем сілтегені аз емес, әсіресе таптық позиция, лениндік идея, кедей теңдігі дегенге имандай сеніп, ойланбай өрекіген тұсы да бар. Сәкеннің тарих алдында кінәсі бар болса ең үлкені большевиктік ұранға құлай берілуі, иман деп тапқаннан табан аудармауы, көз жазбауы, алданып қалмаймын ба деп бір сәтке ойланбауы деуге болады.

Осы принцип Сәкенді өмірдің асу белдерінде бірде сүріндіріп, бірде жарқыратып көрсетіп отырды. Тіпті өзі орнатқан кеңес үкіметі 1937 жылы өзіне ауыз салғанда да бір сәтке шүбәланбауы ғажап. Сенім күшінің бақыт та, сор да болатыны рас болса, онда Сәкен трагедиясы осында.

Қазан төңкерісі қазақ зиялыларын екіге бөлді. Азы — революцияны қолдады, көбі — ұнатпады. Ақпан төңкерісі берген шолақ бостандықты зорлықпен тартып алған қазаннан жақсылық күтуге болмайды деп білгендер аз болмады. Осы үлкен объективті түсінік уақыт өте келе нақты сипат алып, идеологиялық айтыс-тартысқа ұласты. Алғашқы сәтте

төңкерісшіл зиялылар аз болғаны-мен, кеңес өкіметі мен коммунистік партияның тікелей қолдауымен өсіп жетіле берді. Газет-журнал беттері алашшыл, “ұлтшыл-байшылдар” мен төңкерісшіл, тапшыл, кеңесшілдердің айтысына толып, 20-жылдар тартыспен өтті. Бірін-бірі мінеу, сынау, о жарлана пікір айтуда кенделік болған емес.

Қазан төңкерісінің қазақ еліне, кедей-кепшікке әкеле жатқан жаңалықтарын Сәкен жатсынған жоқ, қайта қуана қарсы алды. Оған өзі әр тұста дем де беріп отырды, халыққа сор болады деп ойлаған емес. Көргенін, білгенін анық, ашық айтып-жазуды және іске асыруды парыз санады. Алдындағы ағаларын қаншама аяулы, ардақты, құрметті дегісі келсе де Сәкен “Тар жол, тайғақ кешуде” тарихи шындық шеңберінен шығып кете алмады. Өтпелі дәуірге кез болған қазақ зиялыларының тарих шарайнасынан қалай көрінерін ойламай, көрген-білгенін, естігенін нақты деректерге арқа сүйей отырып жазды. Алаш азаматтары төрт көзі тірі кезінде, нақты деректерге сүйене отырып жазды. Бір ғажабы, кітапта суреттелген қайраткерлердің бірде біреуі қарсы шықпады. Сәкен олардың ұрпағы өсіп-жетілетінін білмеді емес, білді, бірақ шындық қуатына сенді. Тарих сотынан қорықпады.

Сәкеннің өзімен қатарлас, қанаттас болған қоғам және мемлекет қайраткерлерінен бір өзгешілігі — оның ұлы ақындығы. Ал ақындығының ең мәнді сыры — жаңашыл реформаторлығында. Жаңашылдықтың ең негізгі арнасы — өзі өмір сүрген заманының образын жасауында. Қай ақын-жазушы болса да өз заманының бейнесін жасауға талаптанады, ұмтылады, бірақ ондай бақыт ілеуде біреудің ғана маңдайына жазылады.

Абайдан басталған жаңашылдық рухы ХХ ғасырдағы қазақ ақындарының ішінде Мағжанда бейнешілдікке ойысып, сөз күдіретін асқақтату жағынан көп көрінсе, сыртқы түр мен екпінді ырғақ арқылы тоникалық өлеңге іш тарту Сәкенде мейлінше анық байқалды. Жаңа мақам іздеген уақытта Сәкен дәстүр шарттылығына онша бағына бермеген. Бұл жолда тамаша табысқа жеткенімен орынсыз о жарланған тұста омақаса құлап, ерінен ауып қалғанын, қазақтың өлең өрнегіне зорлық жасап, төсегін жыртқанын да көреміз. Сәкен жасаған өлең өрнектері Абаймен денгейлес болмағанымен, реформаторлық рухтары жақын екендігі сөзсіз.

Абай ағартушы-демократтық бағытқа ден қойғанда ескі арна арқылы жаңалық аша қояйын деген жоқ. Сондықтан ол бұрынғы дәстүрлі машықтар мен мақамдарды, терме мен толғауларды өзгерте, іштей түзете, кейде қирата бұтарлады. Е. Ысмайылов, З.Шашкин, С. Мұқанов, Х. Жұмалиев, З. Ахметов тұжырымдауындағы Абай жасаған түрлердің көбі осындай төңкерісшілдіктің жеңісі екенін аңғарамыз.

Осы рух кезі келгенде, уақыты туғанда кеңес әдебиетінің серкесі болған Сәкенге дарыды, жұқты. Дәуір төңкерісі, қиын өткелдер оп-оңай өте салмады. Ол ойға да, ниетке де, өлеңге де өзінің дабын салып, ою-өрнегіне талай жаңалықтар әкелді. Осы процесс Сәкен өнерпаздығында алабөтен болғандықтан ол ұлы жаңашыл болып танылып, қазақ кеңес поэзиясында ұзақ уақыт серкелік жасады.

Абаймен табақтас, рухтас еткен өлең өрнегіне келсек, онда Сәкеннің атақты “Советстан“ түрін алдымен ауызға алу шарт. Өйткені ол Сәкеннің ілгерінді-кейінгі ізденістерінің қорытындысы, қазақ поэзиясындағы жаңашылдықтың үлгісі. Абайдың “Сегіз аяғы“ сияқты өнегелі өрім, талай ақындар еліктеп, пайдаланған өрнек.

Талай ғасырдан бері әдебиетіміздің қайнар бұлағы, өркендер арнасы болып келген поэзия жаңа дәуірде соны сипат алып, профессионалды поэзияның образ жасау жолына түскен уақытта әрқилы көркемдік тәсілдер тоғыса келіп, С. Сейфуллин творчествосында өмір шындығы өршіл романтика арқылы жарқырай көрінді.

“Ақырды асау — жаңғырды дала, тулады, орғыды асау — дүбірлеп күңіренді дала... Көкіректі кернеп, кең даланы күңіrentіп , қатты айғайлап ән салдым. Әніме қосылды — кең дала, аққулы, қазды шалқар көл, қамысты, құрақты көк өзен, — қосылды бәрі шуласып, қосылды бәрі шаттанып,“ — деген асқақ романтика алып екпінмен орнап келе жатқан жаңа өмірдің адуындығын аңғартқандай. Сондықтан Асау тұлпар аумалы-төкпелі заманда бейнелеуге жарайтын образ болды.

Бұл образда біріне бірі сабақтасып, іштей қабысып жатқан екі жай бар. Бірі — тұлпар қазақ әдебиетінде ерекше қастерленгендіктен оның дәстүрлік сипаты қалың. Сәкен Асау тұлпарды жырлағанда қазақ халқының таным-білігінен алыстамай, дәстүрлі теңеуді пайдалану арқылы елдің көркемдік танымына әсер ету мақсатын көздеді. Сондықтан да халық Асау тұлпарды жатсынбады. Екіншіден, Сәкен толғамында тұлпардың тек сыртқы түрі ғана сақталып, ішкі мазмұны, көздеген мақсаты, мінез-құлқы, іс-әрекеті мүлде жаңаша суреттелді. Осы тұрғыдан алғанда қазақ поэзиясында Сәкен сіңіре бастаған жаңалық, новаторлық әуелінде ескі дәстүрге сыйымды болып, соның бесігінде ер жетіп, заманға ылайық жаңа түр керек екендігін анық аңғартты. Соның нәтижесінде Асау тұлпар жаңа өмірдің апалаң-топалаңы мен ізденісіне сай табылған романтикалық астары қалың образ болды.

Сәкен 20-жылдардың ортасына қарай замана ағымына қарай қара айғыр — отарбаны ауызға ала бастады. Паравозды — қара айғырға теңеу арқылы Сәкен “дайындық жұмыстарын“ жүргізіп, оқушының поэтикалық түсінігін келесі жаңа образға бейімдеді. Соның нәтижесінде “Біздің тұрмыс — экспресс“ деп жар салуға мүмкіндік алды.

Бұрын атым — тұлпар еді бәйге көк,

Енді, міне, поезд болды, тұлпар жоқ.
Ұзақ жолға!
Тұлпар қол ма?
Мейлі жорға!
Тұлпар міну — Сарыарқада жүрсең тек,—

деген түйінге мықтап бекіді. Негізі жаңа қалана бастаған өмірдің бейнесін осылай суреттеу, тілейік мейлі, тілемейік мейлі, қазақ әдебиетінің сол кездегі дамуының зор табысы болды және өмір шындығы көркемдік тәжірибеде романтикалық арна тауып, осылайша қанаттанды. Орнықпаған, әлі де талай өзгерістерге кезігетін заманның негізгі бағытын айқындауда Сәкеннің романтикалық леппен, публицистикалық сазбен жазған “Советстан” жаңашылдықтың асқар асуы болуы осыдан.

Өзінің шырқау биігіне көтерілген реформаторлық рух “Советстан” өрнегіне дейін талай ізденістерді артқа салған болатын. Әдетте басқалар үлгі тұтатын жаңа түрдің дүниеге келуі ақынның шабытын талай камшылатып, талай эксперименттер жасатып, біртіндеп шыңдалып туады.

Қазақ поэзиясының дәстүрлі он бір, жеті және аралас буынды өлеңдері ұлы Абайдан кейін құбыла молаюы Сәкен тұсында мейлінше күшейе түсті. Өйткені қазақтың ақындық аспанында Мағжан, Ілияс, Бейімбет, Сәбит сынды сәйгүліктердің бәсеке жарысы айқын естіліп жатты және жаңа заманның дауылы, толқын-ырғағы өлең өрнегіне жаңалық әкелмеске шараларын қалдырмады. Жаңа мазмұн жаңа түрді қажетсінді, талап етті.

Сәкен поэзиясында силлабиканың шарты сақталғанмен тоникаға іш тарту басым. Ұйқастан туатын ырғақты интонациялық екпінмен жеткізу қазақ поэзиясына сіңе бастаған жаңалықтың нышаны, силлабикалық өлеңге тоника элементтерінің ене бастауы еді. Абай мұны білдіртпей, сездірмей жүзеге асырса, Сәкен осы принципті “Советстанда” әбден орнықтырып, қазақ өлең өрнегінде бұрын кездеспеген жаңа түр жасады.

Замана бейнесін жасау мақсатына ден қойған автор көбіне жеделдікті, екпінділікті, өзгеріс-құбылысты беру үшін ойды төгіп-төгіп, бастырмалатып айту замана динамикасына сай келетінін анық ұққан. “Ақырды асау, жаңғырды дала” деген сияқты қимылды тездете түсуге мүмкіндік беретін мақамды көп қолданды. Қазақ өлеңдерінің негізгі құрылысы ән-әуенге, саз ырғағына бейімделгендіктен интонациялық принцип көбіне тақпақтап, түйіп-түйіп айтуға іш тартып тұрады.

Зырла, экспресс, ұш, зырла!
Жұлдыздай ақ, құлдыра!
Құйындай құтыр, бұлдырла!
Аямай жүгір бәрінде! —

деген өлеңінің бар динамикасы дауыс екпініне құрылады да, өлең ұйқасы екінші қатарға көшіріліп, айтар ой ақырғы жол өзгешілігінен табылып жатады.

Егер мінсе — шыдасын,
Қорқақтар мейлі жыласын!
Шыдамаса құласын,
Аямай сілте барыңды! —

деп жігерлі түйінделеді. Аралас буынды өлеңнің ежелгі құрылысы сырттай сақталғанмен, дауыс ырғағы бірінші орынға шығып, жаңа леп пайда болған.

Силлабикалық өлең жүйесіне тониканың ырғағын енгізу талабы Сәкен поэзиясында ерте басталыпты. 1915 жылы жазған “Жазғы түнде” деген өлеңінің әр шумағы жеті жолдан құрылып, оның алғашқы екі жолы бір ұйқаспен (а, а), 4-5 жолы бір ұйқаспен, 3-6 жолдары кейде ұйқасып, кейде ұйқаспай ой екпініне бейімделіп, ақырғы жетінші жолы екінші жолдың логикасымен сабақтасып жатқанын көреміз.

Осы өлеңнің ішкі ырғағына назар аударғанда алғашқы үш жолдың тынысы, лебі бір болып, ой ағынының алғашқы бөлегі тұйықталады. Ал қалған төрт жолдың тек алғашқы екеуі ғана ұйқасқанымен үшінші жолы ой ағынын айқындайды да, төртінші жолы шумақтағы негізгі ойды түйіндейді.

Сонда ойды ырғаққа, интонациялық лепке бағындыру талабы күшті екенін көреміз де, Абай жөргегіне оралып шыққанын байқаймыз. Осының жетілген түрін “Кел жігіттер” өлеңінен анық көреміз.

Ал енді Сәкеннің “Түрмеден қашып шыққанда” деген өлеңінің өрнегінде әуен мен ырғақ, бунақ пен ұйқас ажырамас тұтастық тапқан. Ой, пікір түюге арналған шумақтардың өзі әр қилы болғанымен дауыс үндестігіне, интонациялық ырғаққа негізделеді де, ішкі ұйқасты арақидік сақтайды. Бәрі де іс-қимылды аңғартатын етістікпен өріледі.

Мұнан кейінгі өлеңдерінде, әсіресе “Ұлтшылдың сандырағы”, “Біздің ұлан”, “Ленин” атты өлеңдерінің жаңалық нышандарын жетілдіре келіп “Советстан” түрін жасады.

“Советстан” түрі алты жолдан құрылып, ішкі буын, бунақ қатаң сақталады. Егер өлеңнің ішкі құрылысында ешбір өзгеріс, жаңалық болмаса жол саны мен буын-бунақтың мәні аз болар еді. Бірақ бәрі де керісінше. “Советстан” II. II. 4. 4. II. буынды шумақтан тұрғанда силлибаканың негізгі шарты дұрыс сақталғанымен де, тоникалық интонация айқын сезіледі, екпін ғана емес, ырғақтың өзі күшейе түседі.

I, 2 және 6 жолдар бунақтап айтуды қажет етсе, 3, 4, 5 жолдар міндетті түрде нәшпен бөлшектеуді, тақпақтап айтуды талап етеді. Демек интонациялық принцип өлеңнің өн бойына емес, белгілі бір жолдарына /3, 4, 5/ дарып, екпінді ырғақ пайда болады. Ішкі ұйқастың да атқарып тұрған ролі зор. Бунақтар әр жолда тұрақты буынмен беріледі де, дауыс ырғағына

әрқашан екпін түсіріп, экспрессияны күшейтеді. Сонда бүкіл өлең шумағына динамика еніп, қимыл-әрекет өзінен-өзі пайда болады.0

4 4 3
Айда отарба, /күш аямай/ айдап бақ, /II/ а
4 4 3
Дөңгелегін /зырылдасын/, тақ-тақ -тақ! /II/ а
Шаңқан жарық, /4/ б
Шамға қарық, /4/ б
Болсын халық /4/ б
4 4 3
Электр жақ /тынбай айда/ жол ұзақ /II/ а.

“Советстан” өрнегіне интонация ортақ қазық болып, әрқилы леп-әуендерді өзіне бағындырады, адуынды тірлікті жаңа мақаммен жырлауға мүмкіндік беретін түрге айналды.

“Қазақ поэзиясының мазмұнына революция жасаған Сәкен дәл осындай революцияны оның лексикасы мен түріне де жасады. Оған көп мысалдың біреуі — “Советстан” — деп түйген С. Мұқанов пікірі қазақ поэзиясына келген жаңалықтың сырын терең ұққандықтан туғаны сөзсіз.

Сонымен “Советстан” — қазақтың силлабикалық өлең жүйесіне тоникалық элементтерді молынан енгізуге болатындығын әбден дәлелдеген туынды. Оның ұнамды болғандығы сонша, 20-30 жылдарда өлең жазған ақындардың “Советстан” үлгісіне соқпағандары өте аз. Осы ынта-талап уақыт өткен сайын күшейіп “тіпті эстрадаға шығып” (Ғ. Мүсірепов) кете жаздағаны өтірік емес. Ол машық қазақ кеңес поэзиясына әбден сіңісті болып кетті. Мұны сәтті қолданғандар өз өлеңдеріне жаңа ажар тапса, ал құр еліктегендер қазақ поэзиясына көп қиындықтар әкелді. Мұқағалидың қазақтың қара өлеңіне шекпен кигізіп қайтармақ болған ниеті жаңалықты шамадан асырып алғанымыздың бір белгісі, орынсыз о жарлықтан сақтандырудың амалы болғанын ұмытпайық.

Сәкен өлеңді ойға құру, ақ өлеңге іш тарту, мазмұнды түрмен ашу сияқты ізденістерді өрістете келіп сылқым сылдыры, ойнақы өрнегі бар “Сыр сандықты” дүниеге әкелді.

Сыр сандықты ашып қара, /8/
Ашып қара сырласым. /7/
Сым пернені басып қара, /8/
Басып қара жырласын /7/

Өлеңді дөңгелеңдіре өрнектеу де қазақ поэзиясы үшін тың жаңалық болумен қатар, осы шырқ айналған сөздердің сазы көңіл қошын тез тауып, еріксіз би билеткендей. Шалыс ұйқаспен жазылуы да өлеңнің инверсиясын күшейтіп, динамикасын ойнақы еткен Сәкеннің мәнді ізденістері осындай

сәтті түрлерге жеткізіп, халықтың эстетикалық талғамын қалыптастыруға жәрдемін тигізді.

Сәкен қазақ поэзиясының қыр-сырын жетік біліп, сөз құдіретін еркін меңгерген суреткер.

Қара жерден асқан ашып ұшайық,
Жерді, аспанды біріктіріп құшайық.
Аспан, жерді қуыршақтай қапсырып,
Алып қолға ырғап-шайқап қысайық —

дегендегі өр рух пен бейнелі образ көрінген ақынның қиялына келе бермейтіні белгілі. Аспандағы қызыл жұлдызды жердің сәніне айналдыру ниетінің өзі қандай өрелі болса, жер мен көкті қуыршақтай ойнатудың өзі сөз құдіретін меңгергендіктің ұлы көрінісі. Мұндай ақындықтың інжу-маржандары Сәкенде аз емес, өйткені ол, “тұла бойы тұнған ақын“ (Ғ. Мүсірепов) болды.

М.Әуезов ойымен түйіндесек, “Сәкеннің ақындық асуларында әр жотадан атой бергендей такаппар сөз үндері “жабы емеспіз, тұлпармыз“, “құлады емес, сұңқармыз“ деп бұрынғы өткен тарихқа, бүгінгі оянған табына дабыл ұрады. Оның шығармаларына біткен сезімнің барлығы да айқын, ашық. Тұтас бітімді, жоталы тұлғадан туатын көрнекті бүтіндігі бар сезімдер. Оның шыншылдығы қозып, жанып отыратын, буы білініп тұрған барынша шын сезім, шын жүрек шыншылдығы. Сондықтан мұның жолы әр адымын санап басқан кісінің жолы емес, ылдиы бар, өрі бар — шын өмір жолы, ыстық қанды нағыз Ақын жолы. Тегінде мағналы, өрісті көш бастар, белге шығар үлкен еңбек туса осындай қайнар көзден шығуға лайық“ (11, 100-102) деген кемеңгер ой Сәкеннің ұлы ақындығын қалытқысыз түсініп, әдебиеттегі орнын айна қатесіз белгілейді. Замана саясат дауылына кезіккен тұста Сәкен де дәуір талабын орындады, тіпті мұрындық болған кезі де жоқ емес, өйткені ол жаңа заманның жыршысы, ұраншысы ғана болып қоймай, оны орнату, орнықтыру үшін серке болу міндетін өзіне тарих жүктегендей сезінді. Еңбекші бұқараға ұнайтын, солар түсінетін шығармалар беруге міндеттімін деп есептеді. Басқа қайраткерлер сияқты белгілі арнада айтуым керек, таптық көзқарастың төңірегінен шығандап шығып кетпеуге тиістімін деп ұқты. Міне осы тұста социалистік реализм теориясы тұжырымдалды да, дүниенің бәрін бір қалыпқа соқтыратын принцип қалыптасты. Әуелгі кезде мұның жөн-жосығы бары, мәдениет саласынан кенже қалғандардың тезірек ұғуына, түсінуіне қолайлылығы есте тұтылғанмен, кейіннен мүлде еркінсіп, о жарлыққа салынды, бұлтартпайтын догмаға айналды. Бұған мойын ұсынбағандар қашты, пысты, абақтыға жабылды, зорлықпен мойындағандарда көп болды. Солардың бірі Сәкен болғаны да белгілі. “Азия (Еуропаға)“ өлеңін жазғанда партия тарапынан көргені, “Асау тұлпар“ жинағында махаббат, сезім лирикасын жазамын деп “Темір

казық“ журналынан естімеген сөзі қалмағаны, “Аққудың айырылуы“ мен “Жұмсақ вагонда“ шығармалары үшін күйректікке салынған ақынсың деп сыналғаны, “Көкшетауда“ Абылайды мадақтадың деп “троцкий-шіл“ болғаны, соның салдарынан “совет әдебиетін жасаушы емес, әшейінгі досы, одақтасы“ ғана деңгейіне түскен кезі болып, талай тезден өткеніне қарамастан осы идеологияға жастай араласқандықтан оның бар жақсылығына да, жамандығына да ортақпын деп білді, жауапкершіліктен қашпады. Әуелінде романтикалық леппен “Кел жігіттер, болындар ер, кедейден топ жасап, бақытты заман орнатып берейік“ деген ұранның туын қазақ әдебиетінде алғаш көтеріп, Асау тұлпармен қазақ даласына жар салды. Мынадай адуынды заманға тұлпар қол болмайтынын сезген соң қара айғыр — паравозға, поезд, экспреске ауысты. Олардың екпінді күшіне елігіп “Социалистанды“ орнатуға шақырды. Сөз бен істің біртіндеп алшақтай бастағанын сезген тұста зымыраған “Отарба терезесінен“ қарап, бәрі де көңілдегідей, ойдағыдай болып жатпағанын көріп “Сыр сандық“, “Аққудың айырылуын“, “Лашын“ хикаясын жазып, айылын жимай жүргеніне қарамастан зорлап отырып қателескенін еріксіз мойындаттық, ашық хат жазғыздық, болашақ зорлыққа дайындық жасай бердік. Бірақ өмір оңалмай қусырыла берді, компескеден кейін колхоздасу, индустриялау науқандары біріне бірі ұласып, ел бұрынғы күйіне зар болды. Аштық жайлап, халық қырылды. Осы тұста “Қызыл атты“ жазған Сәкеннен басқа бірде бір ақын жазушы болған жоқ. Тұяқ серіппек былай тұрсын, серік болуға ешкім шықпады. Орнап жатқан завод-фабрика, колхоз-совхозды, нефтістан мен көмір коммунизмді жырға қосып, социалистік мадақ дастандарды қоздатқандар көбейді. Рапорт үстіне мәлімет, ақпар берген өлең очерктер тасқындады. Сәкен қара тасқынға еріп кетпей, өзінің азаматтық үнін сақтап қалуға тырысты, алайда ендеп кеткен идеологияның уысынан шыға алмады.

Өмірде өз орнын таба білуден артық бақыт жоқ. Дүние төңкеріліп астан-кестені шығып жатқанда, жаңа заманды қалыптастырып жіберуге белсене арласу, игілікті істердің басы-қасында болу кімге болса да үлкен абырой. Патшалық езгі мен тепкіден есеңгіреген елін азаттыққа, теңдікке жеткізу үшін қажетті болған және қолынан келген істің бәрін істеді. Оның бар арман-тілегі — кешегі өткенді бүгінінің пайдасына жарату, сөйтіп жаңа әдіспен қанат жая бастаған әдебиеттің негізгі өркендеу арнасынан көз жазбау болды. Оны талай шығармалармен дәлелдеп, өлмес мұра қалдырып кетті. С. Мұқанов сөзімен түйіндесек, “Сәкен Сейфуллин барлық жанрда да елеулі еңбек атқарып, бәрінің де алғашқы бұлжымас берік қадасын қағып берді“.

Сәкеннің қоғамдық-әлеуметтік салада да, мемлекеттік іс ауқымында да тындырғандары өте көп. Осының бәрін жайната, жарқырата түсетін керемет өнерпаздықтың, ақын-жазушылықтың өн бойынан табылғанының мәні зор. Жаңа заман әдебиетінің мазмұны мүлде соныланып, суреттелер кейіпкерлері өзгергендігін жыға түсінген Сәкен драматургияда

Еркебұланды сахнаға шығарса, өмір бойы поэзияға үйреніп қалған халықты қара сөзден нәр алуға шақырып, заман шындығына негізделген шығармалар жаза бастады. Оның ең ірісі - “Тар жол, тайғақ кешу”.

“Қазақ әдебиеті тарихында” бұл шығарма “қазақ әдебиетінің қалыптасу дәуірінде шешуші роль атқарды. Фактілердің, документтердің молдығымен де, жазушының нақты көркем суреттеумен де жеткізіп суреттейтін күрделі роман әрі тақырып жаңалығымен, әрі тарихшылық пен суреткерліктің жарастық табуымен кімді болса да қызықтырды” (3) 1. 1967. 320-бет) деп бағалаған.

XX ғасыр басындағы тарихи оқиғалардың энциклопедиялық анықтамасы болған роман-эссенің тарих пен әдебиеттің бел қайыстырар ауыр жүгін қосарлай арқалауы, құйынды да дауылды, шапағатты да қасіретті кезеңнің шежіресін жасап беруі Сәкен үшін ғана емес, бүкіл әдебиетіміз үшін орасан олжа. Өйткені ұлтымыздың тағдыры тәлкекке түскен 1916 жылғы зобалаңның, 1917 жылы елді қаңсыратқан төңкерістердің басы-қасында қазақтың ойы толғамды, тілі өткір, қаламы жүйрік сөз зергерлері аз болған жоқ. Алайда солардың ішінен шыңға шыққан шынардай тек Сәкеннің ғана “Тар жол, тайғақ кешуді” жазуы, бірінші уақыт талабы болса, екінші автордың қаһарман батылдығын, ұрпақ алдындағы адалдығын, әлеуметтік парызын мықтап сезгенін аңғартатыны сөзсіз.

Ал енді осы шығарманы Сәкенді онша мадақтап, құлай бермейтін Ғабит Мүсіреповтің ойымен бір толғайықшы: “Сәкеннің “Тар жол, тайғақ кешуі” өзіндік ерекшелігі бар ғажап нәрсе. Мемуар, документ, көркем проза жанрлары арласып келген, сөйте тұра бұл өзі біртұтас дүние. Екінші бір адам “Тар жол, тайғақ кешуді” қайта жазып шыға алмайды. Бұл бір дәуірдің таңба басатын жеріне таңба басып, мөр басатын жеріне мөр басқандай әсер етеді” (281) дегенін еш уақытта естен шығармау керек.

Роман-эсседе ұлт азаттық қозғалысының өзекті мәселелері, әсіресе қазақ елінің автономия алып, теңдікке қол жеткізу жолындағы ізденістері, бүкіл алаш қозғалысына ұйымдық сипат дарытатын партияның құрылу мән-жайы, алаш көсемі Алихан Бөкейханов пен кемеңгер Ахмет Байтұрсынов жайындағы Сәкен көзқарасы мен қарым-қатынасы тарихи шындық деңгейінде әсіресе 1927 жылғы басылымында байсалды суреттелген. Сондықтан ол — қазақтың төңкерісшіл, социалистік реализм бағытымен дамыған әдебиетінің ғана емес, бүкіл сөз өнерінің ұлы да кезеңді (этапты) шығармасы болып тарих бетінен орын алады.

Шығармашылық жағынан келгенде қазақ әдебиетінде роман жанрының қалыптасуына ықпал етіп, тарихи оқиғалардың мәнін ұғуға нақты сезінуге, жанды бейнеде көруге мүмкіндік берген қайталанбас шығарманың басқаларға тигізген шапағаты көп болды әрі белгілі дәрежеде тарихи-мемуарлық дәстүр жасады. Көркем образ жасау үшін кейіпкердің барлық болмысын қамтитын ұзақ-сонар суреттеулерге бара қоймағанымен,

ойдым-ойдым миниатюрлар арқылы шеберлігін танытты. Автордың өзі негізгі кейіпкер болғандықтан шығарманың композициялық тұтастығы мен сюжеттік желісі роман-эссеге мемуарлық қасиет те дарытты.

Қазақ прозасының алғашқы туындыларында шытырман сюжеттік желі, психологиялық талдаулар, образды сомдау, типтендіру некен-саяқ болғаны рас. Олай болған себебі, біріншіден, біздің жазушыларымыздың көркемдік шеберлігі мәрелі биікке көтеріле қоймаған болса, екіншіден, мирас болып келе жатқан дәстүр онша мол емес еді. Үшіншіден, негізі жаңа қалана бастаған, әлі қалыптасып болмаған өмір өзін пәрменді насихаттауды, тезірек орнықтыруды ақын-жазушылардан қатаң талап еткен болатын. Соның салдарынан шала дүниелер жас қаламдардан аз туындамады.

Көркемдік шеберліктің талай шарты орындалмай жатқанына карамастан “Тар жол, тайғақ кешу” — қазақ әдебиетіндегі беленді (этапты) туынды. Қазақ жазушыларының үлкен полотно жасап, роман жанрын игеруге әбден мүмкіндігі барын айқындап берді.

С.Сейфуллиннің эпикалық жанрға ден қоюының себебі не деген мәселеге үңіле қарасақ, негізі қаланып жатқан жаңа өмір поэзия шеңберіне сия бермеді, ел ішіндегі жаңалықтарды, халық тірлігіндегі өзгерістерді алымы кең проза арқылы суреттеу қажет болды.

Сәкенді прозаик ретінде таныта алатын және туу, өсіп-өркендеу дәуірін басынан атқарып келе жатқан қазақ прозасына оның қаншалықты үлес қосқанын айқындап беретін ешкімнен жеңілдік жасауды тілемейтін, өз тағдыры үшін өзі күресе алатын айбынды шығармалары бірқыдыру. Сәкеннің қара сөзге қаламының ыңғайлы болғанына “Омар”, “Сырын білмей — сыртына сенбе”, “Екі кездесу”, тағы басқа әңгімелерін былай қойғанда Ш. Айманов атындағы “Қазақфильмнің” толық қанды шығармасы — “Даладағы қуғын” фильмі Сәкеннің “Бандыны қуған Хамит” атты әңгімесі негізінде жасағалғанын еске алсақ та жеткілікті. Әңгіме сюжетіндегі қоюлық, оқиға динамикасы, өмір көріністерін шынайы қалпында өрістете суреттеу алымы молайып, европалық үлгіге түскен әсем туынды болуға әбден жарағандай.

20-шы жылдардың екінші жартысында дүниеге келген “Жер қазғандар” /1927/ повесінің де өзіндік мәні бар. “Жер қазғандардың” сюжеттік желісі мықты тартылмай, композициялық құрылысының босаң болуы, басы артық оқиғалардың кездесуі, кейбір кейіпкерлердің ішкі дүниесінің көмескі қалып қоюы сияқты көркемдік кемшіліктері бола тұрсада, қазақ жұмысшыларының образын жасау мақсатын көздегенін аңғармасқа болмас. Шығарма арқауы Ақмола — Қызылжар темір жолын салу кезіндегі құрылысшылардың өмірі. Талай жыл Нілді мен Қарағанды кенінде еңбек еткен Бұзаубақтың, оның досы Әзімхан мен Хасендердің жанқиярлық еңбектері суреттеліп, Бұзаубақ пен Гулия арасындағы сюжеттік желінің ширақ тартылуы — Сәкеннің прозалық қаламының кемеліне келе бастағанын ғана емес, қазақ прозасы тақырып жағынан кең

өріске шыққандығын айқындады. Қазақ әдебиетінде өндіріс тақырыбы мен жұмысшы жайын тұңғыш қолға алған “Жер қазғандар” өзінің осы жаңалығымен құнды.

Сәкеннің жалпы жазушылық өнерпаздығын айтқан уақытта осы уақытқа дейін еленбей келе жатқан бір романын айрықша ауызға алған орынды. Өмір шындығы — көркем шығарманың қадыр-қасиетін айқындайтын негізгі критерилердің бірі болса, онда 1931-1933 жылғы қырғын ашаршылықты, адамдардың азғындалуын суреттеген шығарма сирек. Сәкеннің “Қызыл ат” дастаны мен “Біздің тұрмыс” романы болмаса, “социалистік заманның” бетіне түскен қара дақ мүлдем атаусыз кетуі де мүмкін екен.

Сатиралық бағытта жазылған “Біздің тұрмыс” романы ащы шындықтарды айтудан еш қысылмаған, тартынбаған. Романның негізгі кейіпкері Аян — Сәкен “Орталық партия комитеті кәзіргі Қазақстан жайын біліп отырған жоқ. Мұндағы отырғандар дұрыс мағлұмат беріп отырған жоқ, білдіруге қорқады. Жылы орнымыздан айрылып қалмасак екен деп бұғады. Ылғи жетіскендіктен басқа ешбір кемшілігіміз жоқ деп сөйлейсіңдер. Әсіресе, саған таң қалам. Сен жазушы-ақын емессің бе? Кемшілікті айтпай, ауыр халді көрмей, ылғи “жасасын” деп заулай берудің ақыры совет үкіметіне, партияның жолына дұрыс бола ма?” (5.270) деген күпті сауалдардың қырғын аштық жүріп жатқан кезде айтылып-жазылуына, “Әдебиет майданы” журналында жариялана бастауына мән бермей келдік. Сәкен ақталғаннан кейін де онша мән бермедік, өйткені социалистік реализм принципіне дәл келмеді, “парнография” арқылы қарсылық жасауға болмайды деп түсінуіміз қырсығын тигізді.

Көркем шығарма арқылы жасаған Сәкен ерлігін танып-білуге жүрексіндік. Әйтпесе “Аян крайкомге, Голощекинге жолықпақ болып барып еді. “Сыпатаевтармен сөйлес” деп қабылдамады. Голощекиннің бөлмесінен шығып келе жатып Аян ішінен “Жүні түскен қияли қарт Бура!” деді. Сыпатаевтің қолынан ештеңе келмейтінін, пәлен жерге бар, сөйлес деп қағаз беретінін ойлап тұрғанда қасынан өтіп бара жатқан қазақ трубка сорғылап барады екен. “Бұл да Голощекин секілденіп, Сталиннің трубкасына ғана еліктейді” деді ішінен. Аян крайкомнан көңіл сезімдері қанағаттанбай шыққан соң үйдің үстінде күн шығысқа қарай қолын созған Лениннің суретіне қарап біраз тұрды. Ішінен: “Қырағы данышпан, ұлы көшбасшы! Қуат бер дағдарған жанға! Жолынан адастырма дала құлынын” деп тілеуі Сәкеннің ғана емес, сол кездегі елдің көңіл-ауаны екені даусыз. Іштей қарсылықты, көңілі толмаушылықты үмітпен жалғастырмасқа шарасы қалмаған пенденің кейпін көреміз.

Ешбір ақын-жазушының болып жатқан шындықты суреттеуге тәуекелі жетпеген шақта Сәкеннің “Біздің тұрмыс” романын жазып, публицистикалық “Қызыл ат” поэмасын жариялауы қай ерлік шеңберіне болса да сыйғандай. “Қызыл атты” сол кездегі қызыл көздердің қалай

сабағаны, сынағаны, талағаны белгілі. Сәкенді кеңес әдебиетінен қуып шығып одақтас жазушылар қатарына қосып, өткендегі “қателерін” әлсін-әлі ескертіп отыруы “социалистік реализм” әдісінің машықты тәсілі болатын, қара тақтаға жазып таңбалайтын.

Солай бола тұрса да қазақ әдебиетінде социалистік реализмнің орнығуына мұрындық болған Сәкенді одан бөліп ала алмаймыз. Оның табысына да, кемшілігіне де Сәкен елден бұрын жауапкер.

Социалистік реализмнің осы қатаң принциптерін сынаған уақытта оның орнығуына себепкер болған дарындардан безінуіміз керек пе? Жоқ, жоқ, мың рет жоқ. Бұл әдеби дамудың бір кезеңі сондықтан оның артықшылығын да, кемшілігін де ашық айтып, әдебиет тарихынан классицизм, романтизм, эмприссионизм, сыншыл реализм орын алса, ағым-бағыт ретінде, өркендеудің бір кезеңі ретінде социалистік реализм де сондай орын алуға, сарапқа түсуге, зерттелуге тиіс. Бұл көркемдік әдістің ұлы да кемеңгер қаламгерлері болғандығын еш уақытта ұмыта алмаймыз, ұмытуға тиісті емеспіз. Сондықтан М. Әуезов сияқты бұралаң жүріп қосылғандар ғана емес, Сәкен, Сәбит сынды түзу жолмен ойланбай тартып, әдебиетімізді өрге сүйрелеген, сөйтіп жүргенде артық-кем сілтеген, және оны қателік деп есептемеген дарындардың бәрі де өздерінің қосқан үлестеріне қарай тарихтан орын алады. Тарих олардың еңбегін ұмытуға тиісті емес.

Сәкен шығармаларының идеялық-эстетикалық нысанасына назар аударған уақытта жазушылық машықты ұстарту жолындағы ізденістеріне көз салмасқа болмайды.

Сәкен прозасында еленуге тиісті бір өзгешелік — публицистикалық саздың қалың болатындығы. Мұны біз оның өлеңдері мен поэмаларынан ғана емес, прозасынан да айқын байқаймыз. “Тар жол, тайғақ кешуді” айтпай-ақ қойғанның өзінде “Жемістер” повесінде 1919-1935 жылдары қазақ даласында болған ащы-тұщы өзгерістердің шынайы көрінуіне публицистика өзінің септігін тигізген. Шығарманың сюжеттік желісін тартқанда Сәкен кейіпкерлердің әрекет ететін сахнасынан белгілі бір ойдың ұшығын шығаруға қажетті жағдайларды ыңғайластырғанда сөз бояуына тарлық жасамайтын машығын байқаймыз. Бұл жағынан алғанда уақыт мерзімін барынша ықшамдауы ұтымды. Шығарманың оқиғасына қатысатын кейіпкерлердің қайсысының болса да әуелі істейтін іс-әрекетіне сай түр-келбет беріледі де, жан дүниесін ашуға мүмкіндік жасалады.

Көркем шығармада пейзаждың үлкен мәні бар. Мүслиманың мұңына қара түн сай келсе, еріксіз ұзатылып, сор өмірдің тепкісіне шынымен-ақ түсемін бе деген Айшаның жарым көңіліне сүреңсіз сұр даладағы шошақ моланың сұсты суреті қабысып жатады. Қастерлене суреттелген пейзаждар негізгі тұлғалардың психологиялық өзгерістерін көрсетуге бағындырылып, шығарманың әсерлілігін күшейтіп отырады. Сөйтіп Сәкен қалыптасып келе жатқан профессионалды прозаға өзінің үлесін қосты.

Көркем туындының қадыр-қасиеті оның санымен айқындалмайды. Сәкен драматургия саласында сарылып еңбек етпегенімен 1917 жылдың күзінде жазылып, 1918 жылдың мамыр айында үш күн бойы Ақмола жұртшылығына көрсетілген “Бақыт жолына” пьесасы 1916 жылғы прием шындығын көрсетті. Алғашқы тәжірибе табысты болды.

Әлеумет мәселесін өзек етіп, бүгінгі күн шындығын шиеленіскен тартыс үстінде көрсету қажеттігін ұққан Сәкен драматургияның өзіндік талаптарын орындауға қабілеті жететіндігін 1920 жылдың желтоқсанында жазған “Қызыл сұңқарлар” атты драмасымен дәлелдеді. Оны 1922 жылы 10 мың таралыммен жеке кітап етіп бастырып шығарды. Репертуарға шөлдеген және төңкерісшіл іс-әрекетті насихаттап, жаңа өмір жолындағы күресті бейнелеген шығарманы өнерпаздар сахнасы қуана қарсы алғаннан кейін автор 1926 жылы бірқыдыру өзгерістер жасағаннан соң республика театрлары мен өнерпаз жастар сахнасында толассыз көрсетілді.

Жұртшылық тілегіне сай 1936 жылы “Қызыл сұңқарлар” драмасы түбегейлі болмағанмен, жетілдіріліп, толықтырылып бүгінгі М. Әуезов атындағы академиялық драма театрында қойылды. Аншлаппен бес-алты қойылымы өткен соң Мәскеуден бір жансыз келіп, драманы сахнадан алып тастауға нұсқау бергендегі дәлелі мынау: “Пьесаға жүгінсек, Қазақстандағы революциялық қозғалысқа қазақ интелегенті басшылық жасаған. Ол орыс жұмысшысы мен неміс эмигрантына және украинкеке ақыл үйретеді. Қазақстандағы революциялық оқиғаларда орыс пролетариаты мен большевиктік партияның рөлі бұлмаланып төмендетілген” деген “сұмдықты” шығарды. Бұрын қызыл сөз шылаумен көрінбей келген шовинизмнің кеулеп, еркінсі бастағанын анық көрсетті.

Бұған республикалық өнер басқармасының бастығы Ғ. Тоғжанов, өлкелік партия комитетінің мәдениет бөлімінің меңгерушісі Ғ. Мүсірепов еш қайран қыла алмағандығын былай қойғанда, өз тараптарынан біраз тұздық қосты да, спектакльді сахнадан алдырып тастағандары да тарихқа белгілі. Кеудесінде жаны бар, елдік оты бар шығармалар әрқашан осындай пәлеге кездесіп отырды.

Сәкен әдебиеттің бар жанрында қалам сілтеген дарын. 1914 жылы “Айқап” журналына “Манап драмасы туралы” мақала жазды. “Әдебиет һәм оның бағыттары” /1922/, “Асау тұлпар” туралы /1923/, “Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихы” /1924/, “Ұлт театры туралы” /1926/, “Қазақтың көркем әдебиеті”, “Әдебиет майданын-да” /1928/, “Тар жол, тайғақ кешу” туралы, “Көшпелі дәуірдегі қазақ әдебиетінің күйлерінен” /1929/, “Өрлеу үстінде” /1934/ сияқты көптеген мәнді де принципті айтысын мақалалар және жинақтарға алғы сөздер жазып, жазушылардың съезі мен пленумдарында сөйлеген сөздерімен қазақтың әдебиет сынына өз үлесін қосты.

Әдеби мұраны халықтың тарихи жады және көркемдік шеберліктің қайнар бұлағы деп ұққан Сәкен 1931 жылы Бейімбет, Ілияс және Әмина

Мәмбетовамен бірігіп “Әдебиеттану оқу кітабын“ жазды. “Қазақтың ескі әдебиеті нұсқаларын“ жариялады. 1932 жылы жоғары оқу орындары үшін “Қазақ әдебиеті (билер дәуірінің әдебиеті)“ атты оқулық-хрестоматия жасады. 1933 жылы “Батырлар жырының жинағын“ шығарды. 1934 жылы Өтебай Тұрманжановпен бірлесіп 5-класс үшін “Көркем әдебиет“ атты оқу құралын жазып, 1934-1935 жылдары Ыбырай Алтынсариннің, Ақан серінің, Ақмолданың (Муптахиддин Мұхамедияровтың), Шәкәрімнің шығармалар жинағын құрастырып, қалың оқушы жұртшылыққа ұсынды. Осы еңбектің қай-қайсысы болсын Сәкеннің халық творчествосы туралы толымды ой толғап қана қоймай, ауыр бейнетті (жинау, жариялау) қолымен атқарғанын көрсетеді.

Қазақ мәдениетінің тарихында үлкен құбылыс болған “Қазақ әдебиеті“ атты монументальды еңбегінің орны бөлек. Өйткені ол біріншіден, жоғары оқу орындарының оқу құралдарына зәрулігін өтеді. Рас, М.Әуезовтің “Әдебиет тарихы“ деген еңбек жазып, 1927 жылы шығармақ болғаны бар. Бірақ сол кездегі әпербақандар ол кітапты шығартпады, дайын тұрған тиражын өртеп жіберген болатын. Екіншіден, қазақ ауыз әдебиетінің тарихын Сәкен ғылыми жүйемен талдап, қазақ фольклористикасының негізін мықтап қалады. Ондағы толымды да шұрайлы ойлары кәзір өрістей дамып, ғылыми арнаға айналууда. Тарих әркімнің тілегімен жасалып, жоспарланбайды. Замана ағымын аңғарып, кезең шындығын түсінген саналы азамат қана көздеген мақсатына жетеді, абырой-беделге ие болады. Сондықтан “Сәкен — қазақ совет әдебиетінің негізін бірден-бір қалаушы, көшбасшы болды. Тарих оған жүктеген міндетті ешқасымыз атқарған жоқпыз“ — дегенді Ғабит Мүсірепов айтқан уақытта Сәкен өнерпаздығы мен қайраткерлігін түгелдей ескерген болатын. Өйткені, Сәкеннің замана бейнесін жасап, жаңа мазмұнға ылайық жаңа түр тапқанын, әдебиеттің бар саласында еңбектеніп, қадау-қадау биіктерін жасап бергенін тарих еш уақытта ұмытпамайды.

Тұрсынбек Кәкішұлы,
профессор.

СӘКЕН СЕЙФУЛЛИН - ІРІ МЕМЛЕКЕТ ҚАЙРАТКЕРІ

Таңдамалы еңбектері

О киргизской интеллигенции

Приводим с небольшими изменениями из Акмолинской газеты “Красный вестник” от 24 августа и 14 сентября две статьи, как материала для изучения вопроса о роли киргизской интеллигенции в революционном движении и строительстве.

Обе статьи написаны т. Манап Шамилем.

1

ПАРТИЙНОСТЬ СРЕДИ КИРГИЗСКОЙ ИНТЕЛЛИГЕНЦИИ

С 1905 года среди киргизской интеллигенции, а в особенности среди учащейся молодежи с 1912 года наблюдалось распространение революционной идеи, т.е. вернее, идеи национального равенства и освобождения.

Вдохновителями пробуждающейся молодой киргизской интеллигенции были видные, в то время “революционные” кадеты, публицисты - Букейханов, Дулатов и Байтурсынов, которые через свой орган, так называемый “Казак”, старались объединить киргизскую интеллигентную молодежь около себя. Молодая интеллигенция, которая в то время уже интенсивно стремилась к свободе, к революционной работе и не находя других учителей, разумеется, быстро объединилась вокруг этих “умных” кадетчиков и вокруг газеты “Казак”. И это газета благодаря дружеской единогласной поддержке молодой интеллигенции стала популярной во всем обширном Казакстане.

Молодая интеллигенция боготворила Букейханова, Дулатова и Байтурсынова, и она дружно начала объединяться в кружки, начала создавать свою киргизскую литературу. Так политическо-общественная работа односторонне и узконационально шла среди киргизской интеллигенции до 1917 г.

До 1917 года во всем Казахстане издавалась только одна газета “Казак”, т.к. другие киргизские газеты и журналы прогневавшие Букейханова, Дулатова и Байтурсынова и следовательно, потерявшие поддержку, принуждены были давно уже прекратить свое существование, так, например: “Серке”, “Казахстан” и “Ай-кап”. Но, за то после свержения царизма во всех почти областных киргизских городах появились политическо-общественные газеты, например, в Семипалатинске “Сары-Арка”, в Астрахани “Урал”, в Ташкенте “Бирик-Тува” и в Акмолинске “Трчилик” плясали под дудку киргизских “майдаринов”, Букейханов и К°.

Но, ознакомившись с партийным течением и уже почувствовав куда ведут киргизский народ эти мурвы Букейхановы, Дулатовы и Байтурсуновы, акмолинская газета “Трчилик” одна выступила против них.

После этого киргизская интеллигенция разделилась на 2 лагеря. 1-й лагерь подавляющего большинства, киргизских reactionеров, организовавших общую партию, которой предательски хитро дали национально-боевое традиционное имя “Алаш”, 2-й это лагерь незначительного меньшинства сочувствующих и присоединяющихся к русским большевикам. Со стороны “Алашивцев” много грязи, клеветы было пущено по адресу этой последней левой части киргизской интеллигенции. После этого разделения на страницах газет и на сборниках завязалась борьба между правой и левой группой. После октябрьского переворота в г. Петропавловске началась выпускаться крайне левая газета “Уш-нвуз”, которая резко нападала на правую группу, а правые в Семипалатинске начали издавать еще журнал “Абай”.

После октябрьского переворота левые постепенно становились левее и революционнее, а правые все правее и реакционнее.

В это время наступил 1918 год - свержение советской власти в Сибири. Почти все революционные левые элементы киргизской интеллигенции очутились в тюрьмах. Образовалось так называемое Сибирское Правительство, а рядом с ним объявилось будто бы уже самостоятельное киргизское правительство так называемое “Алаш-Орда”. В официальном органе этой “Орды” писались приказы “Ага-Султана” и объявлялась беспощадная война большевикам.

Вот вдруг появился сам Колчак.

Киргизское Правительство как и другие “правительство” по велению своего друга Колчака были упразднены. Лишь только после этого некоторые молодые работники во главе с Байтурсуновым, видя наконец куда их ведут передовые Букейханов и К^о и с кем они дружат, наконец отвернулись от “Алаша” и от героя Колчака. И после этого в лагерь левой группы прибыли более честные, сознавшие свою вину работники из “Орды”.

А сейчас замечается тяга, или вернее желание многих видных алашинцев войти в среду киргизских коммунистов. Искренно-ли это желание, покажет нам их работа и действие.

ВЧЕРАШНИЕ РЕВОЛЮЦИОНЕРЫ “КАЗАКСТАНА”

В обширном Казакстане и в разных его уголках в настоящее время существуют бывшие киргизские деятели, которые до февральской и

октябрьской революции были красными. После позорной кончины “Алаш-Орды” у многих наших “народников” изменились “убеждения”. Многие видные общественные деятели в настоящее время занимаются или только по своим специальностям или состоят только на “неответственных” должностях. Так например, проводят время сейчас некоторые врачи, фельдшера, учителя, техники, студенты и прочие грамотные работники Казакии.

Эти деятели после свержения царизма принимали горячее участие в организациях разных комитетов, занимали должности председателей, членов комитетов, были комиссарами, организаторами, агитаторами, ораторами, представителями и т.п. Не пропускали митингов и собраний, сами созывали митинги и собрания, везде выступали с речами; выдавая себя за социалистов или демократов, или революционеров, восхваляли революцию и призывали народ для закрепления свободы и т. д

А восхваленная ими же революция начала обхватывать весь земной шар, когда трудящиеся всего мира, в частности угнетенные народы мусульман начали подниматься для борьбы с мировыми угнетателями, - эти вчерашние “народники” потеряли прежнюю свою “революционность”, забыли свои прежние громкие красные слова и как “битые по голове рыбы”, или вернулись к своим прежним специальностям, или как беспартийные, сделались просто служащими тех или иных организаций. Таких изменившихся элементов много почти во всех городах Казакстана.

Эти люди безучастно относятся к общественно- политическим вопросам, называя себя уже беспартийными не хотят верить в укрепление народной власти, охотно слушают всякую провокацию, радуются неудачам советской власти и неправильным незаконным действиям некоторых личностей из местных советских работников, и злорадствуют, присматриваясь к трудному положению населения, которые создано на почве бестовария и недостатка продовольствия и т.д.

“Жизнь национальности”.

1920

ОКТАБРЬ ҺӘМ ҰЛТ МӘСЕЛЕСІ

Россияда 1917 жылы 25-октябрьде төңкеріс жасап, совет үкіметін орнатушы жұмыскер табы. Жұмыскер табының жолбасшысы коммунист партиясы. Коммунист партиясы ұлт партиясы емес, тап партиясы. Тап партиясы болғанда жұмыскерлер табының, еңбекші–нашар табының партиясы. Және бір халықтың ғана жұмыскер, нашарлар табының партиясы емес, барлық жер-дүниедегі жалпы жұмыскерлер нашарлар табының партиясы. Коммунист партиясына барлық адам баласы бірдей. “Анау орыс, мен қазақ, мынау жебірей, ол кәпір, бұл мұсылман” деген сөздер баяғыдан бері келе жатқан патша, хан, корольдардың орнатқан ғұрып, әдет, заң қағидаларының жемістері, ана сүтімен еміліп, сүйектеріне сіңген адамдардікі.

Мұндай ала ниет өзімшілдік адам баласын аздырып бір-бірімен жауластырғаннан басқа ешнәрсеге жеткізбейді. Адам баласы азғанда, менмен болғанда, бір-бірімен жауласқан барлық ауырлық, михнатты жұмыскерлер, нашарлар табы тартпақ. Коммунист партиясының түпкі мақсаты адам баласының менмендігін, өзімшілдігін ала ниет, арам пиғылдығын, бір-бірімен жауласуын өшіріп, жер-дүниеге бірдейлік, бостандық, туысқандық, махаббат, бақыт орнатпақ.

Бұл мақсатқа жету үшін коммунист партиясы ауыр халде жүрген күллі дүниедегі жұмыскер табын оятып, ұйымдастырып қол қарумен олардың құлданып келе жатқан байлар табының қолынан күшін алмақ. Ол күш – байлық Һәм үкімет. 1917 жылы 25-октябрьде коммунист партиясы жұмыскерлерге бас болып, әскердегі крестьянның кедейлерінің балаларын қосып алып, Россияның байларының үкіметін Һәм барлық зор байлығын алды. Россияға жұмыскерлердің Һәм еңбекші нашарлардың кеңесімен жаңа заң, закон, жөн-жоба іс жүргізетін совет үкіметін орнатты. Және коммунист партиясы Россиядағы үкіметті қолға алған соң жалпы Россиядағы ұлттардың бәрі бірдей тең екендігін Һәм әр ұлттың жұмыскерлері еңбекші, нашарлары өз ұлттарының тұрмыстарына қарай автономиялы республикаларын құруға ерікті екендігін жариялайды. Күллі Россияның әмірі, байлығы, дәулеті жұмыскер нашарлар табынікі екендігін жариялады. Һәм бұл Россиядағы әр ұлттардың нашар табының бірдейлік негізіне құрылған кеңесті /советті/ автономиялардың ұйымдасып, құрасып бір жалпы Россияның құрама республикасы болатындығын жариялады. Ал, Россияда әр ұлттың автономиялары құрыла бастады.

Түркстан, Қазақстан, Башқұртстан, Қалмақ, Украина, Белорусь, Қырым, Азербайжан, Дағыстан, әрмән Һәм басқа автономиялар құрылып, бәрінде коммунистер жобасымен совет үкіметтері жасалып, бәрі құрасып, орталық үкімет Мәскеуде болып, жалпы Россияның бірдейлік негізіне құрылған құрамалы советті /кеңесті/ республикасы болды.

Мұндай үкімет жасау кәзіргідей тәртіп жасап, іс жүргізу коммунизмнің түпкі мақсатына жету үшін жасап отырған жол. Басқа түрлі үкімет жасалса, басқа түрлі тәртіппен іс жүргізілсе, коммунизмнің түпкі мақсаты, жер-дүниеге бірдейлік, туысқандық.

Жер дүниеге бірдейлік, туысқандық орнауына байлар, мырзалар, төрелер қарсы. Себебі ап-анық: бірдейлік туысқандық орнайтын болса байлар малынан, жерінен, үйінен айырылады. Мырзалар, төрелер ұлықтығынан, дәрежелерінен айырылады. Қара малайларымен бірдей қара жұмысқа түседі. Қолдары “былғанады”. Байлықтан, қожалықтан, ұлықтықтан айырылуға сүйекке сіңіп қалған ала ниет арам пиғылды, өзімшілдік, менмендік көнбейді, болмайды.

“Бірдейлік” деген не?... Мен қалайша жалпы жұмыскермен бірдейлесем... мен бұл малды, бұл “дәрежені” одан тартып алып па едім?... дейді бай мен төре. “Кәпір мен мұсылман бірдей болады, туысқан болады” деген не?...Кәпір мен мұсылман туысқан болушы ма еді? Бірдей болушы ма еді?... дейді тағы бай мен төре және оларға жағынып, олардың пайдасына шариғаттан дәлел табады молдалар.

Міне, коммунист партиясының түпкі мақсатына жетуіне қарсы тұрып бөгет болатын осылар. Жер-дүниеге тегіс, жалпы бостандық. Бірдейлік, туысқандық орнауы жұмыскерлер, еңбекші нашарлар табына ғана пайдалы. Байлар, төрелер қолдарындағысынан айрылғысы келмейді. Нашарларды дәуәм құл қылып жұмысқа жегіп қойып өздері рахатта ғана жүргісі келеді. Мұның бәрі жұртқа белгілі іс.

Коммунист партиясы, бір ұлттан бір ұлтты артық-кем көрмейді. Бірақ октябрь төңкерісінен туған жаңағы айтылған автономияларда байлар, мырза, төрелер табына ғам олардың қошеметшілеріне жол ерік берілмес дейді. Ғам ерік, жол берілмеу жағына әрекет қылады, ғам қылып та келеді.

Түпкі мақсатқа жету үшін жер-дүниедегі әр ұлттың жұмыскерлері еңбекші нашарлары бір ұйымда болып тізе қосып іс істеу керек дейді. Ғам соның ұранын октябрьден бері салып іс жүргізіп келеді. Жалпы жердүниедегі барлық ұлттардың жұмыскерлері, нашарлары бірігіп тізе қосу үшін өнер-білім жүзіне артта қалған, кірме ұлттардың жұмыскер еңбекші-нашарлар табы өнер-білім тауып қатарға кірулері керек дейді.

Міне сол үшін әр ұлттың жұмыскерлер, нашарлар табы өзінің тұрмыс жайына қарай дүкен құрып өз тілінде оқысын, өз тілінде өнер-білім алсын деп автономия беріп отыр. Түбінде жер дүниеге бірдейлік, туысқандық орнату мақсатын көздеп соған жету үшін октябрь төңкерісін жасап, әр ұлтқа автономия берген коммунист партиясы ұлт мәселесін осылай жеңіл ғана шешеді.

Коммунист партиясының мұнысы автономия емес. “Бір ұлтқа автономия бірсе, ол ұлттың ішкі жұмысына неге кіріседі?” деушілер коммунизмнің түпкі мақсатына қосылмаушылар.

“Қызыл Қазақстан”. 1922 ж. №12;
“Еңбекші қазақ”. 07.11.1922.

АЗИЯ

/Европаға/

Сұм Европа! Арам, залым тас болдың
Бүліншілік, жауыздыққа бас болдың.
Адамзатқа жол көрсеткен ерлерге
Неге мұнша, уә Европа, қас болдың!

Зина сату, арамдыққа шіріген
Жан тәніңді, мерез болып іріген.
Орап көркем пақырлармен жасырдың
Сұмдығыңды дүниеден асырдың!

Өзі әдепті һәм сыпайы сөзіңе
Сырты көркем маңызданған өзіңе.
Сыртқы жұрттар шыны осы деп нанғандай
Көңілі толып, көзі тойып қанғандай.

Балаларың бірін-бірі шабысты
Сұм жыландар ысылдасты, шағысты.
Өлтірісіп қарындасын, қандасын
Күліп-ойнап іле артынан табысты.

Мұны неге, уә Европа! көрмейсің
Мұнша неге дұрыстыққа көнбейсің.
Қара пәле тұншықтырды әлемді -
Қарындасқа қолың ұшын бермейсің.

Мен жібердім Семит пенен Мұсаны,
Ыбырайымды, Дәуіт пенен Исаны,
Жіберіп ем көп пайғамбар мен саған,
Ақырында Мұхаметті жұмсағам.

Адамзаттың шыңырауға батқанын,

Былғанышта үйелесіп жатқанын.
Әуелден-ақ құтқарушы сен болдың,
Семитімнің ұрпағына артқамын.

Хақтың жолды дін деп атап ашты олар,
Бар әлемге жарықтарын шашты олар.
Адамзатты құтқаруға пәледен,
Михнат шекті, төкті талай жасты олар.
Алғы қарсы ақиқатқа тұрдың сен,
Ақырында мұндай сұмдық құрдың сен.
Айса жолын алған болып сен залым,
Өтірікке ақиқатты бұрдың сен.

Өзіңменен тұрмай залым аздырдың,
Көп баламды тура жолдан жаздырдың.
Сұмдығыңа, қулығыңа үйреттің,
Былғадың сен, араластың, сиреттің.

Талай сені адамдыққа шақырдым
Көбін саған мен жұмсадым ақылдың.
Көнбеген соң туысқандық сөзіме
Талай саған қылыш алып ақырдым.

Мен жібергем, қару-сайман, жарақпен,
Гүн, мадьяр, бұлғар, мавр, арабпен.
Түрік, татар, маңғолымды көргенсің,
Олар сені ұшықтаған садақпен.

Күндер өтті. Сен жөніңмен тұрмадың,
Дүниені жауыздықпен шырмадың.
Қара пәле тұншықтырды әлемді,
Адамзатқа адамшылық қылмадың!

Тазартуға, дүниенің ластығын,
Жібітуге жүрегінің тастығын.
Семитімнің көп ұрпағын тағы да,
Жұмсадым мен Маркс қылып бастығын.

Семитімнің балалары жылайды,
Тұрған жалпы сорлыларды құрайды,
Жан иманын бәйгі қылды көп үшін,
Дәтің қайтып енді шіркін шыдайды.

Сүм Европа! Енді жібі, тас болма!
Кәрі жәлләп! Енді өтірік жас болма!
Семитімнің балалары қиналды
Кел бауырым! Енді оларға қас болма !

Тыңдамасаң бұл жалынған сөзімді,
Теңсінбесең паң ғып ұстап өзіңді,
“Күшпен үйрет мынаны” деп жұмсармын.
Маңғолымды – қиғаш садақ көзімді.

Маңғол талай асуларды үйреткен.
Талай көрдің омыртқасын күйреткен.
Арқан салып мойнына талайдың,
Тақымында ойға - қырға сүйреткен.

Орныменен құртқан талай қаланы,
Өрт жүргендей қылған талай даланы.
Шикі ет жеген, алақандап қан ішкен,
Найза ұшына ілген талай баланы!

Найзасының болат құйған ұшы бар.
Тағы арыстан ашуменен ақырса,
Маңғолымның адам қорқар ісі бар.
Жер менен көк қалтырайтын күші бар.

Қой бауырым! Әлде болса тас болма!
Бүліншілік, жауыздыққа бас болма!
Семитімнің балалары бастады
Ер соларға, енді оларға қас болма!

10 июнь 1922 жыл.

ҚАРА БҮРКІТ

Пенде еді бүркіт тұтқындағы
Шынжырлы байлаулы еді қол аяғы.
Қапаста томағалы күндіз түні
Қайғыдан ашылмаған оның бағы.

Күштінің айлабына лажсыз көніп
Сарғайып ол отырды пенде болып.
Отырды бар арманы еркіндік боп
Көңіліне шерлі қасірет жалын толып.

Отырды мойнын салып күндіз түні
Түнімен тек қараңғылық көрген күні.
Тұншығып жарық көрмей сорлы тұтқын
Отырды қапаланып шықпай үні.

Солайша талай жылдар, күндер өткен
Кетпекке бүркіт талай талап еткен.
Талпынып дамыл алмай бостандыққа
Еш болып сан еңбегі босқа кеткен.

Қоймады бостандықтан үміт үзіп
Мұраты қу қапасты кету бұзып.
Бір күні я өлмек боп, я кетпек боп
Жұлқынып аяқ бауын кетті үзіп.

Үзген соң көкке шығып аяқ бауын
Сағынған ол кеп тапты асқар тауын
Ысқырып шырқ айналып тауға келіп
Қарады көз жіберіп қалың жауқын.

Тауға кеп шырқады ол аспанға өрлеп
Жарқылдап көкке шықты қанат сермеп.
Жиналған көкіректегі шерлі сағым
Шығарды ол саңқылдап даусын кернеп.

Құр ұшын тарқатуға бүркіт енді
Қанатын жазып еркін есті жиды.
Жауларын қарауылдап көкті кезіп
Міне енді қара бүркіт тауға келді.

Қалың ну, шың, күз, асқар, заңғар биік
Шыңдары айбат шеккен көкке тиіп.
Жиналып ертелі кеш бұлттар келіп
Еріксіз мойынсұңған басын иіп.

Тілдесіп тау аспанмен құшақтасқан
Бұл таудан жалғыз биік жоғарғы аспан.
Ысқырып көкке шығып жерді байқап
Жалғыз ақ сол таулардан бүркіт асқан.

Сол кезде таң атқан ед таудан асып
Шұғыламен түншықтырып нұрын шашып.
Бүркіт пен күннен қорқып барлық жыртқыш
Тығылды іннен інге бетін басып.

Біресе жарқылдады бұлттан асып
Біресе желмен ойнап арындасып.
Біресе оқтай заулап жерге келді
Жыртқыштар шыдасын ба кетпей қашып.

Бір хайуан тау ішінде қорғаланған
Ақырын бұғып бәрі жорғалаған.
Екпіні қандай жауын шыдатқандай
Ысқырып көктен төмен сорғалаған.

Тау кезіп қалықтайды қара бүркіт
Таудағы қасқыр, борсық кеткен үріп.
Ұқсайды жау күзеткен аэроплан
Салмақпен шайқалады күшін іркіп.

Аспанда қара бүркіт қалықтайды
Тау кезіп бақылауға жалықпады.
Құйқылжып желмен ойнап төңкеріліп
Қанатын болат құрыш қалықпады.

Ысқырып қанат құйрық желді жайпап
Қорғаған жасырынған жауын байқап.
Інінен қасқыр, борсық шықса тысқа
Аспаннан атқан оқтай соғар жайқап.

Желменен бүркіт біраз ойнап болды
Сорғалап биік күзға келіп қонды.
Күншығыс, күнбатысқа көз жіберіп
Отырды ойлап толғап оңды солды.
Биікте бойын безеп таранады

Күнбатыс күншығысқа қаранады.
Айнадай жердің жүзін анық көріп
Әлемді көзбен санап аралады.

Айбатты түсі суық қасын керген
Төңкеріп төңірекке көз жіберген.
Қырымда қимылдаған құмырсқаны
Дүрбідей алдына әкеп көзі көрген.

Толғанып жер дүниеге көз жіберді
Өлшеусіз жауыздықты көзі көрді.
Күштінің құлдығында күні кешкен
Ол көрді қапастағы сансыз ерді.

Ол көрді Азияны мұнар басқан,
Ол көрді Европаны сұмдығы асқан.
Борсықтай дүниені сора бермек
Бұл күнде қу Европа жанталасқан.

Ол көрді тең ортадан атқан таңды,
Ол көрді Жапон, Қытай, Үндістанды,
Ол көрді Европа мен Американы,
Қасқырдай қамалаған әлсіз жанды.

Ол көрді Генуя мен Гааганы.
Ол көрді Стамбол мен Лозаннаны.
Көрінді оған тағы Азияда
Нахақтан сансыз жанның аққан қаны.

Күштілер әділдікке қарамаған
Әлсізді тірі жеуге қамалаған.
Үйірлі бір топ қорқау Лозаннада
Арбасын бірін бірі шамалаған.

Дүниеде сан зорлықтың көрді бәрін
Есітті нахақ жанның ащы зарын.
Ол кірді бір зор ойға жаны күйіп.
Түйіліп қара бұлттай қабақтарын.

Есітті нахақ жанның жылағанын,
Күңгірентіп жер мен көктің ұлығанын.
Әлсіздің зорлық көрген күштілерден
“Бауырым” деп жәрдем күтіп сұрағанын.
Алысқа адамзаттың әлсіз ұлы
Ұраны жауыздардың болмау құлы.

Нахақтан қанын төкті сан азамат.
Алынар қорқаулардан әлі ақ құны.

Естілді бауырымдаған ащы үндер.
Есіне түсті мұның қара түндер.
Шынжырлы күндіз түні томағалы
Арманы бостандық боп өткен күндер.

Я, саңқылдаған салды ұран көкірек кернеп.
Ұшуға оңтайланды қанат сермеп.
Толғанып қызыл күнге ол серт қылды.
Не өлмек, не жалпы азаттықты көрмек.

Көкірегі өртенді оның қаны қайнап.
Түйіліп қаһар тікті көзі жайнап.
Толғанады оңды солды күшін жиып
Уағдасын қызыл күнге сертпен байлап.

Мұз балақ қар бүркіт қайтпас қыран
Жартастың нақ астында қара жылан.
Тілегі аңдаусызда шақпақ сені,
Аңдаусыз бос отырма байқап қарап.

Саған жау жалпы жыртқыш, әлемге аян,
Саған қас қала берсе ақкет қоян.
Саған жау қасқыр, қорқау, семіз борсық.
Саған жау арам бақа, жылан, шаян.

Көп қорқау сыртыңнан жүр тісін қайрап,
Борсықтар жорғалап жүр іші қайнап.
Інінде қара жылан жатыр бұғып,
Шақсам деп аңдып сені көзі жайнап.

Қыраным! Топшыңды жи, қанат қомда!
Ұранды қаттырақ сал оңды, солға,
Жауың көп алыста да, жақында да,
Ұшсаң да, отырсаң да қамсыз болма!

1922 ж ы л .

МҰЗДЫ ТАУ

Мұзды тау, мұнарлы ойға шошып батқан,
Зәрлі алған көкірегінде мұз боп жатқан,
Кеудең мен жүрегіңді сұп-суық қып,
Суық мұз жібіместей мәңгі жатқан.
Қарлы биік,
Мұзды тұйық.

Көкіректе суыр ма екен жанған күйік ...
Маңқиып тұнжырайсың көкке бойлап,
Түсіңді жылытпайсың, айналаңда
Қатқандай таусылмайтын бір ой ойлап,
Қарлы биік,
Мұзды тұйық.

Көкіректе суыр ма екен жанған күйік
Іш неге жібімейді, бетің суық,
Тек қана мұнар мен бұлт саған жуық,
Қиырға қалша қарап, тебіренбейсің,
Сұм қиял қатырғандай мәңгі буып...
Қарлы биік...

Мұз жүрек, суық көкірек, кеудең биік,
Өмірге тебіренбейсің басыңды иіп, -
Өмірге жібіместей мұз боп қатқан, -
Бар ма әлде көкірегінде арман, күйік.

Талақ қып тіршілігін қара жердің
Ұсынып суық мұзға бойың бердің,
Жердегі тіршіліктен қашарлықтай,
Айтшы тау, жерден қандай жәбір көрдің.

Мұзды шың, білесің бе жердің сырын,
Білемісің жердің түрлі ой мен қырын,
Беріліп махаббатқа дуана боп
Жырлаған үзіліп-үзіліп бұлбұл жырын.

Мұз биік, көріп пе едің аппақ гүлді
Құшақтап жыр жырлаған жас бұлбұлды
Ақ уылдыр, аппақ гүлге ғашық болып.
Жылаған үзіліп жырлап бұлбұл жынды.

Ғашық боп аппақ гүлге бұлбұл жынды
Тербеткен жырмен талай торғын түнді
Торғай да жапыраққа жасырынып

Гүл құшқан түрлі күймен көркем үнді.

Мұзды тау, мен де сендей болсам биік,
Алтын ай шақырса да көктен сүйіп,-
Жерді қой, ақын, бұлбұл кел десе де, -
Жердегі сүйгенімді кетпен қиып...

6 июнь 1932 жыл.

АШТАРДЫҢ РУХТАРЫ

Желбіреген, желкілдеген,
Қызыл желек, жел ескен,
Елестеген, көлестеген,
Көлеңкелер, кет естен.

Отарбаға мініп қаладан женелдік. Әуелі жәй дүрсілдеп, аңқылдап темір жолмен сырғанап отарба жүгірді. Бірте-бірте қызып, екпіндеп, сумаңдап, заулай жөнелді. Қарсы жүгірген ағаштар, даланың шетіндегі

бөлек-бөлек қоралар, үйлер, үйшіктер, телеграмның бағаналары бұлдырлап қалып жатыр. Қаладан шықтық. Қала бірте-бірте көрінбей қалды. Екпіндеп отарба ен далаға шықты. Ашық кең далаға шықты. Анда-санда қазақтың үшеу-тертеуі бірге отырған қараша жыртық үйлер көрінеді, мал жоқ, жан жоқ, бірен-саран ғана қараша үйлердің жанында түрсіз, қоңыр киімді адамдар қыбырлайды.

Отарба адамға толы. Әр вагонның ішінде ыәм есіктерінің алдарында, баскыштарында аяқ басар жер жоқ. Бәрінде иін тіресе тұрған адам, бұл адамның дені аштар. Өң жоқ, түс жоқ. Кепкен, солған. Бет-ауыз, қолдары қанша уақыттан бері жуылмаған, кір-кір киімдері тозған, жыртылған. Кір, шаң, топырақ басқан. Мойындарында, арқаларында асынған шоқбыт - шоқбыт дорбалары бар. Бұл отарбадағы адамдардың бәрін жабырқатып қайғының қара тұманы басқан. Күлкі жоқ. Бұлар аштықтан босып шұбағандар. Көбі сақалды, жасы ұлғайған адамдар, жігіттер, 12-13 жастағы балалар, қыздар, қатындар. Бәрі бұралған. Аш.

Бұлар жанталасып сенделуде. Қазіргі халдерінің өң екенін, түс екенін білмейді. Бұлар естерінен айырылған, отарба бұларды тоқтатпастан заулатып алып барады. Отарбада тыныс жоқ. Отарбада шаршау жоқ, еседі желді, кеседі желді. Алдағы кез ұшындағы қарайған нәрселер демде бұлдырлап келіп артта жығылып қалып жатыр. Отарба заулайды. Кімнің қай жерде қалатыны белгісіз. Міне, айдалада бір бекетке отарба келіп ақырып тоқтады.

Қара айғыр ыңқылдай дем алып сызғырып ақырды. Қыбырлап біреу түсіп, біреу мініп жатыр. Дабырлаған сөздер естіледі. Тірі өліктер ылғи қап, дорба асыған адам, кездерінде ажар жоқ. Қазақ, башқұрт, орыс; көбі қазақ. Кең дала. Маңайда ел жоқ. Менің мініп тұрған вагоным отарбаның ең артында. Міне біздің алдымыздағы вагоннан едәуір адам түсті. Көбі қазақ. Бұлардың арасынан бір қазақ қатыны менен 12-13 жасар қазақ қызы Ідығып жай бұраңдай басып барып, жолдың 2,0 қадамдай жанында жырадағы көгалдың үстіне отырды. Қыз - қатынның қызы болса керек. Екеуінің қияпаты бір-біріне ұқсас. Қатын қоңыр жыртық шапанды. Белін буған, жамаулы кір кимешекті. Кір, жыртық көйлегінің шолақ етегінен жаман

етіктері көрінеді. Қыздың басында ескі қызыл желек. Үстінде кірленген көк-ала жол бешпент. Көйлегі келте, мәсі байпағының сыртынан киген галошы көнетоз. Қатынның арқасында, қыздың мойнында асынған дорбасы бар. Екеуі де аштықтың зардабын тартқан бәм тартуда, екеуі де делбе болған жылқыдай сенделіп қурапты. Жұлып тастаған көк жуадай солыпты. Екеуінің де шыбын жанды сақтау лажын қорғағандай жанары мұ-3 болып қатқан көздерімен екеуі де жан-жаққа қарайды... қарайды,.. есіктен қарап тұрған маған қарайды. Көздерімен "бұл қалай болды?" деп менен сұрағандай...

Міне, тағдырдың ісі! Міне, тұрмыстың ісі! Рақымсыз тұрмыс, міне, жүріп бара жатқан отарба. Онда тоқтау жоқ. Онда тіл жоқ. Оған әркім таласып мінеді. Міне алмаған қалады. Отарба бетінен қайырылмақшы емес. Жол бойы оған адам баласы жапырлап мінеді, жол бойы талай жан қақтығып түсіп қалады. Отарбаның астына түскен езіледі, жаншылады.

Міне, сызғырып отарба қозғала женелді. Түскен жұрт жабырласып мініп жатыр. Отарбаға қарап орындарынан қозғалып анау отырған екі әйел де ұмтылды, ұмтылды, тұра алмады. Және ұмтылды, күштерін жинап ұмтылды, әрең гұрды. Жүріп бара жатқан отарбаға қарай екеуі қол ұстасып жүгірді... бұраңдап жүгірді... қыз бишара малтығып жығылды. Қатын сүйеп тұрғызды... отарба жүріп барады. Екеуінің көзі менде, үндемейді. Бірақ екеуінің жалтыраған көздері: "Ағатай-ау! Бауырым-ау! Біз қалдық қой!" дейді. Асығын ұмтылысты, тәлтіректеп аяқтары бұраңдайды, Қыз бала тағы аяқтары шырмалып жығылды. Екеуінің жылап, "қалдық-ау!" деген дауыстары есітілді.

Ия, қаласындар, қалдыңдар! Мен қайтейін? Қолым сендерге жетпейді, отарбада тіл жоқ, қарамайды. Қалғанға қарамайды. Қараған емес.

Отарба күрсілдеп қатты жүріп кетті. Екі сорлы: "Ағатай-ау!" деген көздерін сүзіп қарап қалды. Мен де құр қарап тұрдым. Бірте-бірте алыстап қыздың басындағы қызыл желегі желбіреп қала берді. Отарба жылдамырақ жүгірді, Екеуі томашадай қарайып, булдырлап алыстай қызыл желегі гана сағышдай желбіреп айдалада қалды.

Отарба сырғанап жүре берді. Талай жерге аз-аздан аялдады. Талай аш адам жаңағыдай жолшыбай қалды. Талай кісі жаңадай мінді. Отарбада тыным } коқ. Жабырқаған көңілді бір түрлі қасірет, қайғы басты. Бірақ көз алдымда әлгі екі әйел.

Кеш болды. Ақшам батып, ымырт жабылды. Түн болды. Дүрсілдеп, ентелеп отарба жүруде, ышырт жабылған соң вагонның ішіне кіріп, сығылысып бір бұрышқа қысылып барып отырдыш. Вагонның іші қараңғы, адам өте тығыз. Кейбіреулер ақырын күбір-күбір сейлеседі. Сөздерін тыңдасам айтқандарының бәрі "тамақ, тамақ, ас!.. аштан өлген адам, далада қасқыр жеп хеткен өлік: бұтаның басына ілініп, желбіреп тұрған шүберекке барсаң, маңида өліктің жемтігі... Міне, айтатын сөздері! Түн ортасы ауды, талай жаман қиын суреттер көз алдыма келді. Ойымнан әлігі екі сорлы

әйел кетпейді. "Біз қалдық қой" деген .өрі менің көзімнің алдында қазір тұрғандай, "біз қалдық қой!" деген .ұлағымна ыңылдап естіліп тұ_рғандай құлағымнан кетпейді. Екеуі І,І, маңдарында аңырайған, қаңғыраған бекеттен басқа ешкім жоқ, см табар жер жоқ. Дағдарып отырып, аз қалған әлін жиып, делбе .шдай сенделіп беті ауған жаққа екеуі жүреді-ау! Жүре-жүре палары кү-рып, бір жерде жығылыш, жатып қалады-ау! Ел жоқ, күн жоқ, ақырғы күштерін жиып тағы жүріп, тағы бір жерде құлап қалады-ау. Ірын сүйер адам жоқ. Ауыздарына су тамызатын жан жоқ. Қиналып жаып өледі-ау! Қасқырға, құсқа жем болып, онсыз да тозған киімдері к-бөлск жыртылып кимешегі, қызыл желегі бір бұтаның басына ілініп желбіреп қалады-ау!

Міне, рақымсыз тағдырдың, рақымсыз тұ_рмыстың, рақымсыз отарбаның ісі! Ойымнан кетпеді. Таңға таянды, көз алдымда екі сорлы әйел тұрып алды, "біз қалғанымыз ба?" деген сөз құлағымнан кетпеді. Ойларым шырматылды. Миым талды. Көмескіленді, жүрмеді. Қысылып, бүрісіп жатыш ұйықтап кетіппін...

Сықырлап, сендері соқтығып, гуілдей тасып жатқан дарияның жағасындағы бір биік шың-жардың басында тұрыппын, жан-жағым түпсіз тұдғиық.

Гүрілдеп, сендері сықырлап дария тасыш ағып жатыр. Бұ_л тасқын талай елді, талай жанды, талай нәрсені ғаріп қылып, ағызып алып кетіп барады. Қираған, бұ_зылған қалалардың, ауылдардың түрлі мүліктері ағып барады. Сендердің үстінде адам, мал бэм басқа жануарлар, түрлі нәрселер кетіп барады. Бәрі шулаған, мөңіреген, ұлыған, жылаған, ызыңдаған, күрмелген дауыстар, мен жан-жағы түпсіз, тұңғиық биік шыңның басындамын. Қозғалуға дәрмен жоқ. Қимылдайын десем тұңғиыққа құлайтынмын. Ызыңдаған, жылаған дауыстар: "ағатай-ау, бауырым-ау, біз кеттік қой!" деген дауыс. Қарасам! Бір қазақ қатыны, бір қазақ қызы, басында қызыл желегі бар, екеуі де сеннің үстінде ағып келеді. Зарлайды, жылайды, қарайды маған. Кездері ту сыртымнан өтеді. Жылап маған қолдарын созады. "Ағатай-ау, кеттік қой! Бауырым-ау!" дейді. Дария тасып жатыр, бұ-рқырайды. Қайнайды. Сең сықырлап қалтылдайды; үстіндегі екі әйел маған қол созады.

"Ах! Ағатай-ау" дейді. Бұ_лар менің бір жақындарым, бауырларым екен! Бұлар жәрдем күткен, қиын халге түскен әлсіз сорлылар екен. Бұлар - бағанағы отарбадан қалған екі әйел. Бауырларым! Бауырларым! Ал создыш, создым қолымды! Сөйтіп қатты асқынып қолымды созып айқайлай ұ-мтылып, шошып көзімді аштым. Түсім екен. Басым мең-зең, жүрегім лүпілдеп соғады. Көз алдымда бағанағы екі әйел. Құлағымда ағатай-ау, бауырым-ау, кеттің ғой! деген сөз.

Вагон іші жарықтау болыпты. Тола үймелеп, домаланып жатқан халық. Бәрі тірі адамға ұқсамайды. Дүрсілдеп, сырғанап, бір қалыпты отарба жүріп келеді... ақырып тоқтады. Үймелеген халықтың ара-арасымен

қысылып есік алдына келіп қарап тұрдым. Күңгірлеп сөйлескен халықтың сездері естіледі. Отарбаның маңында қыбырлап жүрген адамдар. Көп тұрмады, отарба ысқырып тағы жөнелді. Тағы жабырласып, таласып жұрт мінісіп жатыр.

Отарба тағы жылдам жүріп кетті. Тағы 3-4 кісі міне алмай қалды, отарба заулады, жолшыбай адамдар қалып жатты...

Тұратын қалама келген соң мен де түсіп қалдым. Кеш болған. Пзтерге келіп жуынып, шай ішіп, үй ішімен сөйлесіп отырдым. Басым әлі мең-зең, әлі бойымды жиып ала алғаным жоқ. Ойларым шырматылып күңгірттенген соң төсекке жаттым. Қабағым жабылып ұйқының тұманына түсіп кетіппін...

Қалың орман ішінде келе жатыр екенмін. Күндіз екенін де, түн екенін де білмеймін. Бір жан жоқ. Жүремін, жүремін, жүрісім өнбейді. Қорқыныш. Тірі жан іздеп жан-жағыма қарадым: біреулер келеді. Екі әйелдің шаштары жайылып, тарқатылып, білтеленіп омырауларына түсіпті. Үстерінде борша-борша жыртық қоңыр кейлектері бар, жалаң аяқ. Қатын жалаңбас, қыздың желбіретіп бос салған жыртық қызыл желегі бар. Омыраулары ашық. Қан жоқ. Түстері суық. Кездері үңірейіп, көмірдей жайнап ішіне кірген. Қолдары, саусақтары қу сүйек. Тырнақтары ұзын, Кездері оқтай, маған қарап қарсы тура жүрді. Асықпай жүрді. Менің де екі көзім оларда, шыдамай кейін қашпақ болдым, бұрылмақ болдым, мұршам жоқ, Қозғалмақ болдым, қатты дауыстамақ болдым, әлім жоқ. Дауысым шықпайды. Екеуі таянып қолдарын жайып қасыма келді, меің сейлеуге тілім жоқ. Кочіммен: "қинамасандаршы мені!" деп жалындым. Оған болмады. Қолдарытг созып жаяды. Қу сүйек қолдарын жайып сұрады: "тамақ", "ас", "ас" дейді.

Тырнақтары өскен, қу сүйек қолдары магаи тиер-тимес. ЖаШындым болмады - "ешнәрсем жоң" дедім. Мен қысылдым. әлім құриды. Болмады. Қу сүйек қолдарымен мойнымнан қысып, қоршап ұстап буындырады. Мен түншықтым, ыпқышып қимылдадым, ышқыиып дауыстадым. Шошыш ояпдым.

Уь! Соңымнан қалмады сорлылар!

"Қылыл Қазақстан".
1922 жыл, 5 май. Кеш.

ҰЛТШЫЛДЫҚ ҺӘМ ОТАРШЫЛДЫҚ

Қазақстанның партия әм үкімет қызметкерлерінің араларында іс Іде еріксіз яки ұлтшылдыққа, яки отаршылдыққа ұйысып кету бар ма, деген сұрауға "жоқ" деп ешкім де айта алмайды. Бұл ұлтшылдыққа еріксіз ұйысу әм отаршылдыққа еріксіз ұйысу : скі чатты ғылым қағидасымен де, әм тәжірибе жөнімен де біздің бұл мет революциясы, коммунист партияларының ұйымы, комминтерн әм үкіметі де аттап кеткен жоқ. Партияның пікір-жолын әр

ічгардың араларына тартқанда әм совет үкіметін құрғанда бұл м І Ық, ұлтшылдық мәселелері еске алынып отырған. Коммунист іыріияларының ұйымының ұлт мәселесі, күншығыс мәселесі туралы ы-жобалары әм совет үкіметінің әрбір бұрынғы езілген ұлттарға •н кеңесті автономиялары сол ұлт мәселесі мен отаршылық Іслерін аттап кете алмағандығын көрсетеді. Ал, біздің Қазақстанға •к, мұның шаруашылық тұрмысына әм рухани жайына қарасақ, шаруашылық, саяси ғылымның қағидасымен тексергенде ұлтшылдық, оіаршылдық, өзімшілдік мәселелері біраз уақытқа дейін бармақ. Мұны

деушілер, бұл айтылған заттар қазір жоқ әм олар енді болмайды деушілер және бұл екі заттың бірі бар, бірі жоқ деушілер күр өздерінің шолақ ақылдылығын, мүкіс көзділігін әм шаруашылық-саяси ғылымның ілі кагидаларымен таныс емес екендігін көрсетеді. 8-жалпы кеңестер жиылысының уақытында коммунист партиясы әр автономиядан келген уәкілдердің бас қосқан жерінде де, әм біз өздерінің пәтеріне барғанымызда да айтып еді: "отаршылдыққа, езімшілдікке ұйысу, әм ұлтшылдыққа ұйысу көпке дейін қалмайды, бұлармен енді салмақпен пікір майданында күресу керек", - деп. Біздің айтатынымыз да сол еді. Бұл екі зат қару-жарақ алып партияның ұзын аңғарына қарсы тұрмаған соң бұлармен пікір майданында күресу, пікір майданында тартысу еді. Бұл пікір майданында өзіміз байқаусыз, еріксіз бір жағына ұйысып кетсек, зрине, тез онымызды түзетіп отыруымыз керек.

Бұл майданға біздің Қазақстандағы жоғары мекемелерде қызмет кылып жүрген адамдар жалпы кіріскен жоқ. Соңғы уақыттарда бір аянышты, былғанышты дерт пайда болды. Ол дерттің негізі өзінің бас пайдасы үшін, өз басының кегі үшін мәселені тұмандату. Әрине, мұндай аянышты дерт мәдениет ретінде артта қалған Қазақстан тәрізді жерлерде болады.

Қазақстанның өткен ІІІ партия жиылысында кейбір көпшілдер "ұлтшылдық бар, өзімшілдік, отаршылдық жоқ" деді.

Әрине, бұл сөз көпшілікке ұнағандай болып қалды. Әм кезінде көздеген нысанаға да тиді. Мұндай сөзді сөйлегенде шаруашылық-әлеумет, саясат ғылымының жалпы қағидаларыш еске алмай, "шіркін-ай, сөйледі-ау" деп айту үшін ақ-қараны айырмай айта да салады гой.

Ұлтшылдық пен отаршылдық, өзімшілдіктің егіз екенінде мұндай жолдастардың жұмыстары жоқ.

Отаршылдық-өзімшілдік жоқ деп Сәкеннің жазған "Азия" деген өлеңін кейбіреулер бұл ұлтшылдық деп шу кетереді. Әрине, ол түсінбегендік. Бұл өлең Маркс ғылымының қағидасына келмейтіні рас. Бірақ бұл өлең совет үкіметінің саясатының ықпалымен коммунистер партиясының ұйымының, коминтерннің, күншығыс мәселесі туралы жазған қарарларының ықпалымен, 1922 жылғы Генуя, Гаага конференцияларының қарсаңында Еуропаның обыр саясатына қарсы бетіне соққан наразылық "лағнат" еді. Әм обыр Еуропаға күншығыстың революция қозғалысын көрсетіп айбынданып дүміткен ереуіл еді.

Мұны кейбір жолдастар өз байының кегі үшін ағаш атқа іліп алып, орынсыз қамшы қылды.

Енді өткен іс өтті. Бұдан бріай отаршылықпен, өзімшілдікпен эм ұлтшылдықпен пікір майданында салмақпен күресулеріміз керек.

Және әлеумет ісімен өз басымызды уақ мақсаттармея былгастырмауымыз керек.

"Еңбекші қазақ". 29.03.1923

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ 50-ГЕ ТОЛДЫ

Осы өткен январьдің 28-де Ахмет Байтұрсынұлының жасы 50-ге толды. Халыққа өзінше қызмет қылған адам кәміл тоқтайтын кісілік жасына толғанда, сол кісінің бастан-аяқ халыққа істеген қызметтерінің қандай екенін баяндап отыру әр үлгілі халықтың әдеті. Ахмет Байтұрсынұлы қарапайым кісі емес, оқыған кісі, оқығандардың арасынан шыққан өз заманында патшаның арам құлықты атарман-шабармандардың қорлығына, мазағына түскен халықтың намысын жыртып, дауысын шығарған кісі. Әрине, Ахмет қазақ халқының байы мен жарлы-жалшы табының жігін ашып, бұл екі тап қатар тұрғанда жарлы табын байлар табы жұмысқа жегіп қойып, борсықша суыра беретіндігін айтқан жоқ. Байлардан бөліп жарлы табының ғана намыстарын жыртып, арын жоқтаған жоқ. Жарлы табының шоқпарын соққан жоқ. Қазақ халқын байға, кедейге бөлмей намысын бірдей жыртып, арын бірге жоқтады.

Өзге оқыған мырзалар шыбын іздеп жүргенде қорлыққа шыдап, құлдыққа көніп, ұйқы басқан қалың қазақтың ұлт намысын жыртып, ұлттық арын жоқтаған патша заманында жалғыз-ақ Ахмет еді. Қазақтың ол уақыттағы кейбір оқығандары уез, губернатор, соттардың күшін салып, тілмәш болып, кейбір оқығандары арларын сатып ұлықтық іздеп жүргенде Ахмет қазақ ұлтына жанын аямай қызметтерін қылды. Әуелі ол школда қазақ балаларын оқытып тұрды. Надандықпен күресіп, патша үкіметінің әділсіз үкім зұлымымен күресіп, Крылов деген орыстың жазушысының 40 мысалын қазақ тіліне аударды. Ол 40 мысалдың әр қайсысына сол патша заманының әділсіз тұрмысынан алып, қазаққа патша үкіметінің істейтін шеберлігін айтып өзінен мысалдар келтірді. Қазақ халқының арын, намысын жоқтап “Маса” есімді өлең кітаптарын жазып шығарды. Одан соң Орынборда “Қазақ” деген газетті шығарды. Одан соң қазақтың бастауыш мектептеріне арнап “Оқу һәм тіл құралдарын” жазып шығарды. Коммунистерше жалпы байлардың құлдығында жүрген жарлылардың ғана арын, намысын жоқтамаса да, коммунистерше жалпы байларға оқ атып, жалпы жарлылардың таяғын соқпаса да Ахметтің халыққа бұл істеген қызметтері зор қызмет. Бұл қызметінің әсіресе көзге көрінбейтіндігі, өзге оқыған замандастары өз бастарының пайдасын ғана іздеп, ар һәм имандарын сатып жүргенде Ахмет халықтың арын іздеп, сол өзінің ойға алған ісі үшін бір басын бәйгіге тіккен.

Ахмет Байтұрсынұлы ұлтын шын сүйетін, шын ұлтшыл.

Сол ұлтын сүюдің зорлығынан, 1917 жылы патша түсіп революция /өзгеріс/ болғанда, қазақтың бұрыннан арсыз, имансыз оқығандары “ұлтшыл” бола қалып “алаш” партиясын ашқанда бір қазақ үшін сол сұмдармен бірге “алаш” партиясында болды. /Әрине, “оқыған” дегендеріміздің арасында бірен-саран адал адамдар да бар/ шын ниетті

Ахмет бір тұтынған жол үшін, шын сүйетін ұлт үшін қандай партияға болса да кірмей қойсын ба?

Өзі үшін ұлтшыл кулардан бөлініп, Ахмет сол ұлт тағылымы үшін коммунист партиясына да кірді.

Әрине, Ахмет коммунист партиясында да көп бола алмады. Ол бола алмайтындығы белгілі еді. Қазақтығына, орыстығына қарамай бай мен жарлының арасын ашып, борсықтай суырып келе жатқан байлардың қолдарынан үкіметті қара күшпен жарлыға тартып алғызған, малын, жерін тартып алғызған коммунистер, жер-дүниедегі барша халықтарды бірдей сүйетін коммунистер рухы майда һәм қазақты ғана сүйетіні дұрыс болмады.

Ахаң:

“Ызындап ұшқан нәзік біз маса,
Сап- сары аяқтары ұзын маса.
Өзіне біткен түрі өзгерілмес,
Дегенмен қара яки қызыл маса.
Үстінде ұйықтағанның айнала ұшып,
Қаққы жеп қанаттары бұзылғанша.
Ұйқысын азда болса бөлмес пе екен,
Қоймастан құлағына ызындаса?”.

Рас айтады, Ахаң нәзік маса, ол ұйықтаған қазақ халқының үстінде қоймастан “ұйқысын азда болса бөлуге ызындады”, коммунистердің ертелі-кеш “ызындап” жүрудің орнына мырзалардың, байлардың бетіне былш еткізіп салып қалғаны нәзік жанды Ақаңа қолайлы көрінбеді. Қанша ұлт үшін коммунист партиясына кірсе де, дүниедегі барлық адам баласының ұлттарына қарамай, бәрін бірдей сүйетін коммунистерді көріп, өз ұлтын ғана сүйетін Ахаң, өзі айтқандай “қызыл” бола алмады. Ахаң байлардың құлдығында шіріген жарлылардың айқайшысы емес, олардың шоқпаршысы емес, бірақ адал жүрек, байын, кедейін айырмай қазақты ғана сүйетін таза ұлтшыл. Қалай болса да жазушысы аз, әдебиеті нашар қазақ жарлыларына “оқу һәм тіл құралдары”мен қылған қызметі таудай. Ақаң туралы толық қылып жазбақ едім.

Газет бетінің орны шамалы болғандықтан қысқа, үстіртін жазылды.

50 жасқа толғанына Ахаңды шын көңілден құттықтап, былай да өмірінің ұзақ болуын тілейміз.

“Еңбекші қазақ”. 30.01.1923.

ТАҒЫ ДА АХМЕТ ТУРАЛЫ, ӘЙТЕЕВКЕ ЖАУАП

Орынборда орыс тілінде шығатын “Степная правда” деген газеттің 33-нөмірінде Әйтеев жолдас менің “Еңбекшіл қазақ” газетінің 64-нөмірінде Ахмет Байтұрсынов 50 жасқа толған тақырыпта жазған мақаламды мінеп, менің “қателерімді” түзеп сөз жазды. /“Фактические поправки/.

Біреудің сөзінің біреу қатесін түзетіп жазғанда сол қате мақала жазылған газеттің өзіне жазушы еді. Егерде ол газет баспаса сонда барып басқа газеттерге жазушы еді. Бұл бір.

Және де менің мақалам қазақ тілінде қазақ газетіне жазылған еді. Ал, Әйтеев жолдас менің мақаламмен таныс емес, орыс оқушыларының алдына өзінің “қате түзеткен” мақаласын былш еткізіп ұрып қалды. Бұл екі.

Білмеймін, бұдан не мақсат шығармақ болғанын, әйтеуір мен сыншымның мұнысын баяғы Боранбек батырдың мінездері деп аңғарып қалдым. “Бізді ұлы жүз алса, біз кіші жүзді аламыз...” деп баяғыда Боранбек батыр айтады екен. Сондай-ақ, “ол қазақ газетіне жазса, мен орыс газетіне жазамын” деген Әйтеевтің құлқы болған-ау деймін.

Әйтеев менің дұрыс деп жазғанымды түзетемін деп қисайтып жіберген соң, мен бұл туралы сол “Степная правда” газетіне “түзеткенге түзету” деп жазып едім, “Степная правда” менің сөздерімді адыр-бұдыр үшкірлі, қырлы көріп басуға лайық көрмеген соң, лажсыз “сыпайыға сыпайы” қылып, мақта білтелеп қазақ газетіне жазып отырмын.

Қысқасы, Әйтеев менің Ахмет туралы жазғанымға көңілі толмайды. Себебі: мен Ахметтің әлеумет-саясат жолындағы істеріне жеңіл қарап қате, жеңіл баға беріп, құр үстіртін әшейін ойпап отыр.

“Байлар, жарлылар табына бөлмей жалпы қазаққа деп қызмет қылмақ ниетінің жолында Ахмет жалған ұлтшыл шен адамдармен бірге “алаш” партиясында болды” деген сөздер Әйтиевке қате көрініпті.

“Мұнысы несі? “алаш” партиясында қазақ үшін жаман ойлы адамдармен тек бірге болды дегені несі? “Алаш”ты жасағанның бірі Ахметтің өзі емес пе еді?” дейді. Рас, Әйтиев жолдас, “алашты” жасасқанның бірі Ахмет екені рас. Олардың ішінде, шен құмар жалған ұлтшылдар болды. Ахмет әйтеуір қазаққа қызмет қыламын деп солармен бірге болды, мен бүйтіп тәптештесем де қысқаша солай айтамын.

“Қазаққа қызмет қыламын деп Ахмет коммунист партиясына да кірді” деген сөздерім де Әйтеевке қате көрініпті. Әйтеев айтады: “Ахметтің партияға кіруі олай емес еді. Коммунистердің жолына, екпініне шыдай алмай партиядан өзі шыққан жоқ. Оны шығарып тастаған” дейді.

Коммунист партиясының жолымен жүре алмай, екпініне ере алмай қалған кісі мен шөл жолымен жүре алмай, екпініне ере алмағанды қалдырып кеткеннің қанша айырмасы бар екен?...

“Бау құмарға ел керек,
Тау құмарға бел керек”.

Және Әйтеев жазады: “Ахметтің бұл құр ұлтқа қызмет қылмақ болып коммунист партиясына кіргенін Манап Шамиль жолдас дұрыс деп біледі, һәм басқаларға солай қылуды маслихат қылады” дейді.

Бұл енді Әйтеевтің биікке, тұранға шығу үшін мені басқыш қылмақ болғаны. Шың құздың басына шық, Әйтеев жолдас, бірақ мені басқыш қылмай шық!

Ахметтің онысын дұрыстаған біз жоқ, жалғыз-ақ Ахметтің дұрыс жері, адалдығы, шен құмар еместігі деп білеміз. Және шын ұлтшылдық, шын коммунистік көрінген адамның қолынан келмейді. Біз осылай деп жазғанбыз. Оны сіз орыс жолдастарға теріс аңғартпақ болғанымен қазақ жарлысының газет оқитындары теріске бармайды.

Ұлтшылдыққа қарсы кім қаттырақ күреседі екен, оны жұрт айтар. Және Әйтеев жазады: “Партияға Ахмет ұлтшылдығымен кіріп, ұлтшылдығымен шығып қалған жоқ”, әркімнің саяси ұжданын оның тұрмысының негізі туғызады...” дейді. Яғни, мәселен, “коммунист болу үшін... көру керек дейді”. Бұл хақ сөз. Талас жоқ. Коммунист болуға осындай шарт керегі рас. Ахмет бұл шарттарға қарамай өзін-өзі күштеп, компартиясына кіріп еді, коммунистерге ере алмай шығып қалды. Мұнысы жоғарғы қағиданың дұрыс екенін көрсетті. Бірақ бұрынғы патшалардың атарменшабармандарының, бақташыларының арам табандарына түсіп, езілген ұлттардың коммунист болғандарының көбіне қазір жоғарғы қағида дәл келмейтін болып көрініп отыр. Мәселен, қазіргі коммунист болып жүрген қазақтардың көбі учитель, мұғалім, хатшы, бірәз фельшер, доктор, агроном, техник, хатта адвокат, болысной, старшын болғандары да бар.

Міне, бұған қарағанда Ахметтің коммунист партиясына ере алмай шығып қалғанына үлкен себеп, өзінің шын нәзік жанды ұлтшылдығы. Міне, Әйтеевтің түзетемін деген жебірлері осы сөздер ғана, әзірге сөздер әшейін домбыраның құлақ күйі. Әйтеев жолдас қазақша хатқа шорқақтау болушы еді. Тегінде сол қате түзетпек болып қисайтыңқырап жібергені хатқа шорқақтығынан болар. Немесе, басқа бір мүдделі мақсатпен қисайтқан болар. Қайтейін, мұдалы мақсатпен сынайтын сыншыларым мені ағаш атқа қамшы қылса сорым-дағы! Және, хат білмейтін кісілер менің сөздерімді сынамақ болса, тілмаштардан өтінемін:

Сөздерімнің мәнісін бұза көрмеңіздер.

Әйтеев сөзінің ақырында маған: “коммунист партиясының ұлт мәселесі туралы нұсқауын жеңіл бағалайсың, бұдан былай мұндайдан тиылуыңды лайық көреміз” дейді, сонымен ұлтшылдыққа жалғыз қарсы өзі ғана болғысы келеді. Көрерміз.

Қайдам, бұл уақытқа шейін Әйтеевтің ақылынсыз-ақ ұлтшылдыққа қарсы таласқан болып келіп едік. Бірақ, әрине, Әйтеевтің ізімен, Әйтеевтің жолымен емес. Қайткен күндерде, кез-келген уақыттарда Әйтеевтің осындай ыңғайлы сөздерді жазып тұруы ақыл-ақ.

“Не қылсаң да ел тап - биікке шық, бел тап”.

“Еңбекші қазақ”. 06.03.1923.

ҚАЗАҚТЫ - ҚАЗАҚ ДЕЙІК, ҚАТЕНІ ТҮЗЕТЕЙІК

Бүгінге шейін қазақты орыстар “киргиз” деп келді. Не себепті қазақты орыс “киргиз” деп кеткенін тексермей-ақ, ол “киргиз” деген аттың қалайша жалпы қазаққа жапсырылып кеткенін баяндамай-ақ, енді бұл тарихи қатенің түзетілуі керек екенін жұртқа айтқым келеді.

Орыстың патшасы қазақты қаратып алып, жалпы қазаққа “киргиз” деген ат жапсырған соң, қазақ халқын оңай қаратып алған орыс патшасының төрелері, жасауылдары қазақты бір түрлі мүгедек, мақау жануар деп санап “киргиз” дегенде бір түрлі менмендік қиянатпен, қорлаған мазақпен айтатын болды. Ақ патшаның “шарапатына” мәз болған мырзалар қазаққа жоғарыдан төмен қарап, тұмсығын кекірейтіп, пысқырып, “киргиз” дейтін болды... Төрелердің қатындары итіне ұрысқанда: “ах ты, Палқан, киргиздан да жамансың!” - дейтін болды...

Ақ патша жасауылдарының, төрелерінің бұл аңыздары орыстың надан халықтарының араларына да жайылды. Келе-келе тұрмыстың игілігін өзгелермен бірдей қазақтың көруге еш уақытта лайығы жоқ деп ойлайтын болып, қала тұрмысына түсіп, оқып, тазарақ тұра бастаған қазақты көрсе таңырқап: “қарашы, тіпті өзін киргиз дейтін емес!”- деп тамсанып жүретін болды... Қазақтың бір қылығын жақтырмаса: “белгілі енді, киргиз болған соң қайтушы еді!” - дейтін болды... Қырға шыққан шабармандары, жасауылдары қазаққа зорлық қылғанда, қазақты қорқытқанда көзін алартып, тісін қайрап: “У, у, у!, киргиз -з!!!” дейтін болды. “Киргиз” дегенді әлгі мырзалар бір түрлі ызбарланып тістеніп айтатын болды...

Енді ол күндер өтті. Октябрь төңкерісі қазаққа бұлай қарауды тыйды. Енді қазақта бір, басқа халықтарда бір. Қазір әр жерде осындай тарихи қателерді түзетті һәм мұндай түзетілген аттарды совет өкіметі де қатты ықтиятпен қабыл алды. Мәселен, Хиваны қазір “Хорезм” жұрты дейтін болды. “Сартты” өзбек дейтін болды һәм бұл түзетіліп қойған аттарды совет өкіметі қолданып кетті.

Біз “киргиз” деген атты жоғалтып, өзімізді “қазақ” деп атасақ, басқалар да бізді “қазақ” деп, осы атты қолданып кетпек. Біздің бір үлкен кемшілігіміз – осы күнгі басқа жұрттан бұрын өзімізді өзіміз “киргиз” дейміз. Әуелі біздің “Қызыл Қазақстан” журналы

орысша “Красный Киргизстан” деп аталады. Бұл біздің едәуір әлсіздігімізді көрсетеді. Егерде біздің қазақ жігіттері бұл қатені түзетеміз десе, ол-онай түзетіп әкелер еді.

Біздің әр қазақ жігіті “киргиз” дегенді тастап қоймастан “қазақ, қазақ” дегенді жұмсап, басқа жұрттың құлағына сіндіріп үйретуі керек.

Қазақстанның орталық үкіметі “киргизды” қойып “қазақ” деген есімді қолдануға жарлық (декрет) шығару керек. Қазақты - “қазақ” дейік, тарихи қатені түзетейік!”.

“Еңбекші қазақ”. 09.02.1923.

КЕҢСЕЛЕРДЕ ҚАЗАҚ ТІЛІН ЖҮРГІЗУ

Қазақстанда кеңселерде қазақ тілін жүргізу керек екені 12-партия жиналысынан кейін тынбай айтылып келе жатқан сөз.

Жалпы Россияның Коммунист партиясының 12-ші жиылысында ұлт мәселесі туралы қаулысының шығып жарияланғанына едәуір уақыт өтті, бірақ бұл қаулының іске асуы, ғамалға қойылуы зор қиындықпен болып жатыр.

Оған себептер көп. Әрине, себептің ең зоры: осы күнгі өз алдына автономиялы үкіметті ел болып отырған Россиядағы уақ ұлттардың оқыған адамдарының аздығы. Кеңсе істерін жүргізе білетін адамдарының жоқтығы. Бар болса, аздығы. Сол оқыған адамдары аз, кеңсе істерін жүргізе білетін адамдары аз республиканың бірі- біздің Қазақстан.

Міне, сол оқыған адамдарының аздығынан, кеңсе істерін жүргізе білетін адамдардың аздығынан біздің Қазақстанда қазақтары аз жер түгіл, қазақтары көп жерлердің өздерінде де кеңселерде көңілдегідей қазақ тілі жүріп кете алмай жатыр.

Қазақстанның қазағы көп жерлерінің өздерінде қазақ тілінің кеңселерде жүріп кете алмай жатуына себеп болып тұрған екінші мәселе біздің кеңселеріміздің кедейліктері.

Әрине, кеңсе кедей болса, көңілдегідей қазақша һәм орысша жазу білетін адамдарды сұраған ақысын беріп, кеңсе қызметіне ала алмайды. Аз ғана ақыға орысша, һәм қазақша білетін адамдар қызмет қыла қоймайды. “Орысша-қазақша білетін”... дегенім: біздің Қазақстанның көп жерінде орыс пен қазақ аралас. Сол себепті орыс пен қазақ аралас отырған жерлердің кеңселеріне қазақша, һәм орысша жазуды бірдей білетін адамдар қазіргі уақытта бағалырақ болады.

Онан соң, Қазақстанның кеңселерінде қазақ тілін жүргізу ретінде үлкен бір бөгет мынау: біздің болыстық мекемелерімізде қызмет қылып жүрген қазақтардың, сол мекемелердің басында жүрген қазақтардың бірсыпырасы қазақша жазғаннан, қазақша оқығаннан, қазақша сөйлегеннен орысшаны жақсы көреді, орысшаны оңай көреді. Кейбіреулері тіпті қазақша жазу һәм оқуды білмейді. Ал кейбір аз білгендері қазақша жазбай жүріп аз білгеннен айырылып қалады. Мұндай хал әсіресе, бұрынғы заманда

патшаның ұлықтарынан өте қаймығып, сол ұлықтарға өте қатты жағынып қалған жерлерде көбірек сезіледі. Ғәм өздері сол патшаның әр түрлі “ұлығы” болудың жолына қаттырақ түскен жерлерде көбірек сезіледі. Міне, осындай қулық, ескі әдеттен біздің қазіргі Совет үкіметінде жүрген адамдарымыздың кейбіреулері әлі қайтқан жоқ. Бұлардың құлқынша: орысша сөйлесең “білгіш” көрінесің, қазақша сөйлеп, қазақша жазсаң, “білмейтін” болып көрінесің.

Бұлар өздері қазақшадан орысшаға ұстарақ болады.

12-ші партия жиылысының ұлт мәселесі туралы шығарған “кеңселерде әр ұлттың өз тілі қолдансын” деген қаулысының көңілдегідей уақытысында іске аспауына бір үлкен бөгет, үлкен кесір әдеттері, қулықтары осындай. Іс басында жүрген қызметкерлер бұл әдеттерін тастамаса, мұндай қызметкерлер бағалы қызметкер бола алмайды.

Жаңа мен айтып өттім: кеңсе кедей болса, орысша ғәм қазақша жазу білетін адамдардың сұраған ақыларын беріп қызметке ала алмайды деп; ол рас, бірақ кейбір жерлерде жұрт қатар ақы алып қызмет қылудан қашып жүрген орысша ғәм қазақша оқулы адамдар бар. Мәселен, Орал губерниясында орысша орта дәрежелі мектеп бітірген елу қазақтың списогі қазір менің қолымда. Бұлар қызметтен қашып елде жүргендер. Мұндай сұмырайлар талай жерде бар.

Ендігі, күллі Қазақстанда іс басында жүрген, 12-ші партия жиылысының қаулысы іске асын деген азаматтардың міндеті:

1/ Өзі совет қызметінде Қазақстанда жүріп қазақша сөйлеуді, қазақша жазуды менсінбейтіндерді үйрету.

2/ Ғәм жұрт қатар ақы алып қызмет қылудан қашып жүрген сұмырайларды қай ретпен болса да, іске жеғу.

3/ Хат біліп кеңсе ісін білмейтіндерді тез үйретіп қызметке салу. Міне, Совет ғәм партия қызметінде жүрген, 12-ші жалпы партия жиылысының қаулысы іске асын дейтін азаматтар осы іске жалпы жұмыла кіріссе, бұл мәселенің шешілуі оңайланады.

“Еңбекші қазақ”. 09, 25, 28. 06; 03, 15. 08;
19. 09; 22. 12. 1923.

Айша

Қалың жаңбыр жауып ашылған. Уақыт намаздыгерден ерте, ас панда сендей толқып жайқалып жүрген ақ бұлттар, жауында қорғалап ықтап үсті су болған малдар: жылқылар, қойлар, сиыр-түйелер - ауылдың артындағы жалпақ қалың қарағанда жадырап жайылып жүр. Жаңбырдың артынан дүниеге жайлы рух беретін қырдың сар таза ауасынан демалып, жан-жануар бір түрлі көңілді қыбырласып тіршілік қылуда. Қазір август айының бас кезі болса да жаңбыр суын жұтып шөп, боталар жасарған. Құбыладан денені сергітіп ақырындап есіп жұмсақ жел тұр. Ауыл Қараөзектің Есен өзеніне қосылған алқабында. Алқаптың жан-жағы қырқа, бұйрат, ауылдың алдыңғы жағында ойпаң тартып көлденең Есен өзені жатыр. Жайылған малдардан сескеніп қараған арасынан қашқан қоянды көріп қалып малшылар үздікті-создықты бұлтақтап, шуылдап, қуылдап, айқайлап ауылдардан иттерді шақырды. Міне „, қаһ, қаһ, қаһ!! Аққұс, Аққұс, қаһ, қаһ, қаһ!! деп малшылардың шақырғандарына алқаптағы бес ауылдың иттері селтілдесіп, аңырайсып қарап, аққұс алдында бір-аз иттер жүгіріп кетті.

Кәдекең ауылы өзге төрт ауылдың солтүстік жағындағы боз үйлер. Оның арғы жағындағы Кәдекеңнің үлкенінен кіші баласының боз отауында алдыңғы күні келген қаракесектер жатыр. Бұл қаракесектің адамдары Кәдекеңнің Айша есімді қызына құда түсіп жатыр.

Құдалар жатқан отаудың арғы жағындағы жалпақ қарағанның бергі шетінде арқандаулы жүрген құдалардың аттарының бірін Кәдекеңнің кіші баласы ерттеп мініп жатыр. Қаракесек Боранбай дегеннің қырыққа келген Шәкір деген баласының қатыны өліп, Кәдендікінде басы бос, бойға жеткен қызы бар дегенді естіп келіп, Айшаны көріп ұнатып, алдыңғы күннен қалыңмалын һәм басқа шарттарын сөйлесіп, кеше сөздерін бітірген.

Қалыңмал қырық жеті. Шарты: қызды киіндіріп, атқа мінгізіп ертең жөнелтпек һәм Кәдірдің бес баласының екеуі, қатыны қаракесектермен Айшаға ере барып, малын алып қайтпақ. Бүгін таң ертеден Кәдекең ауылы әбігер болып, мал сойып, алқаптағы бес ауылдың кісілерін шақырып, жаңбыр алдында „дәм” татқызып, бата қылдырып тарқатты. Ауыл басшылары Кәдекең үйінде әлі отыр. Ана белдеудегі тізіліп тұрған аттар солардікі.

Мына Кәдекең үйінің бергі жағындағы алкен баласының отауынан бір топ қыз-келіншек шықты. Екі келіншектің қолдарында екі құман. Ақырын жамырай сөйлесіп, сыңқылдай күлісіп, киімдері желбіреп, судырлап, шолпылары жарқылдай сылдырлап, кейбіреулерінің киген баспа құндыз бөріктерінің үкілері бұлғақтай желбіреп, кейбіреулері бешпетшен, кейбіреулері шапан жамылған.

Жазғытұрғы қызғалдақтардай түрлі түсті киімді қызкеліншек ауылдың арғы жағындағы қарағандарға қарай жөнелді. әр нәрсені сөз

кылып сыңкылдасып күлісіп, судырласып жүріп, қастарындағы уақ балалар ойнай жүгірісіп, қыз-келіншектің етектері шөптердің бастарын жайғап шала жүріп, биік қалың қарағанның бергі аламыш шетіне барып бытыраңқырап отырды. Жеңдерін сыбанып, жұп-жұмыр білектерін жалаңаштап, білезіктерін жарқыратып, қалталарынан иісті сабындарын алысып, көбіктерін бұрқыратып, иістерін аңқытып, бет-қолдарын жууға кірісті.

Жуынып болып қырдың сұлулары сәнденіп шеттеріне әр түрлі жібектен тігілген орамалдарын қалталарынан алысып, сүртініп, кеңшілікте бой жазып ойнап күлісіп тұрды...

Біраз топтанып тұрып қыз келіншек судырлап, сылдырлап, жамырай сөйлесіп, сыңкылдай күлісіп, көк өрім талдай солқылдап, керіле басып былқылдап ауылға қарай жүрді...

Өзгелер жарқылдап, күліп жүргенде Айша күлмейді. Айша батсайы жағалы қара сәтен шапан жамылып қыздардың ортасында келе жатыр. Айша бойшаң, сымбатты, аққұба, қоп-қою құндыздай қара қастарының арасы қосылған тұнық кер көзді қыз. Кешеден бері Айшаның қосылған қасты қабағының түйіліп, томсарып жүргені. Қалың ойға кіріп, күйінішті қайғыда жүргенін білдірді. Бірақ Айша бұрын да орынсыз күліп ойнап, орынсыз сөйлемейтін салмақты қыздың бірі болған соң оның қазіргі мұңаюына қасындағы қыз-келіншек өте артық мағына бермей ойнап күлсе де, Айшаның түйілген қабағы ашылмаған соң артық қуанып жазылып ойнай алмай жүр. Қырдың сұлулары Кәдекеңнің әлгіде шыққан үлкен баласының отауына кіріп отырды.

Күйеулер отырған үйден біреуінің қолында домбырасы бар, бес боз бала шығып қыз келіншек отырған үйге қарай жүрді. Бес жігіттің біреуі күйеу жігіт. Төртеуі ауылдың жігіттері. Қыздар отырған үйге жігіттер : сәлем бердік десіп кіріп келді. Үйдің сол жағында біреуі кимешекті, біреуі шәлді екі келіншек күлісіп:

- „Аһ, жоғары шығындар. Сендер келіп қыздырып бір ойын бастамасаңдар сәніміз келетін емес. Жоғары шығындар!- дегенде, қыздар қарасып, кейбіреулері күлімдесіп қозғалысты. Кимешекті келіншек жігіттерге:- „қане жоғары шығындар, неге тұрсындар, қақиып”- дейді. Домбыра ұстаған патсайымен тыстаған ақ тымақты жігіт қастарындағыларға қарап:- „қане мәжілістері бізбен толатын болса жоғары шығайық”-деді. Күйеу жігіттен басқа жігіттер: „шығайық, шығайық!”- деп жоғары шығып отырды. Отырысымен ол жігіттің үлкендеуі насыбай салған ернін жымырған мұртты жігіт қасында отырған күйеу жігітіне қарап:- „қане, енді, мына құда ән салады ғой?-деп домбыраның құлағын бұрап күйге келтіріп отырған ақ тымақты жігітке күлімсіреп қарап: „Ахмет домбыраңды мына құда жігітке бер!”-деді. Қыз, келіншектер қарасып, кейбіреулері жамырасып!

- Бәлі, мына жігіт құда жігіт пе еді? Жақсы болды. Басқа елдің әенін естиді-екенбіз ғой... Қане құда жігіт?-деп, Ахметтің берген домбырасын

ыңғайсызда көлденең ұстап отырған құда жігіт үйде отырғандарға қарай қалды. Құда жігіт жалтақтап:- „апырмай, тіпті домбыра тартып ән салған емес едім. Енді айыпқа бұйырмаңыздар!” деп домбыраны қайта ақ тымақты жігіттің алдына қойды. Жастар жамырасып „ ән сал, немене? Ұялып отырсың ба? Жігіт адам өлең білмеймін дегеніне адам нанама?” деп бағып еді, құда болмады...

„ Жалғыз хан” ойнап домбыраны Ахмет тартып отырды. Қабағы жауып томсарып сөзге кіріспей „жалғыз ханға” сәл ғана кірісіп Айша отырды. Асықты иіріпші түсініп ханның кесуімен алақанына үш шерткізген ауыл жігіттерінің үлкені мұртты жігітке, Айша:- Садырбек, Бәлкен келген жоқба әлі?”- деді. Садырбек Айшаға -не қыл дейсің маған қарағым? дегендей қарап:

- „Жоқ әлі келген жоқ... білмеймін не ғып жатқанын? деді.

Қатыны өлген, қырыққа келген Боранбай баласына Айша баруға тіпті риза емес. Алдыңғы күннен Айша әке-шешесіне, туысқан һәм немере ағаларына екі мәртебе кісі салдырды. Бірақ Айша сөзі тындалмады. Қазір Айша орнынан тұрып: мұнда келші, Садырбек -деп жиюлы төсектің бұрышына барып отырды. Ойындарын қойып жалтақтасқан қыз-келіншекке, жігіттерге Айша:- „сендер ойнай беріндер -деп, қасына барған Садырбекке сыбырлап:- „сен айт, мен Боранбай баласына баруға ақиретте риза емес, мені бүйтіп қырыққа келген қатыны өлген, өзім риза болмаған кісіге малға сататын болса, құдай алдында мен көз жасымды кешпеймін! Және, өле-өлгенше мен әкем-шешем, туысқаным жоқ деп білемін! Егерде менен құтылғылары келіп мені Боранбай баласына бермек болса, менің әке шешеме туған, туысқандарыма келтірген зияным, тидірген кесірім жоқ еді. Бірақ, Әйтеуір менен құтылғылары келген болса мен өзім-ақ көзімді жоғалтайын! Бірақ анықтап айт бәрін:- егер мені шынымен Боранбай баласына сатса, міне бір тәңіріге аян болсын. Бүгінгі күнмен бірге батайын - тәңірі алдында қолым жағаларында болады! Онан соң өле-өлгенше ешқайсының бетін көрмеймін!. ұмытпай осы айтқанымның бәрін айт!. Менің сорыма Бәлкен де үйінде болмады - ғой!, Уһ!-деп Айша шатнаған көздеріне еріксіз келіп мөлтілдеген жасын, іркіп алды.

Садырбек те мұңайып көзіне жасын алып: „қазір барып айтайын бе?” деді. Айша - ия, қазір барып айт!” деді.

Садырбек шығып кетті. Айша тағы да қыздар қараған соң ойынға кірісті... күн батты. Тағы да әр түрлі ойындар ойнап отыруға қыз келіншек өздерінің ауылдарінікі болған соң, және Айша қайғылы болған соң жігіттер ойынды қойып тысқа шықты. Кеш болған соң қыз-келіншектердің көбі үйлеріне барып келмек болып ауылдарына кетті. Айшаның жанында екі қыз жеңгесі қалды. Жүгіріп кіріп шығып Айша үйінде отырған үлкен жеңгесінің бес, тоғыз, он бір жасар балалары жүр: пештің ала көлеңкесінде бес әйел тұр, алдында төсеген көрпе үстінде ақырын сөйлесіп отыр. Жұрт тыста шаруаларын жайғап жүр. Айқай, ұйқай малдың һәм адамның дауыстары

дүрсілдері есітілді. Үйге Айшаның шешесі кіріп келіп -Шам неге жақпай отырсындар?... Өзгелер тарап кеткен бе?- деп келініне қарап - „Рәбеш-ау, үйге барсайшы бір уақыт бай кісілерден ұят қой ана? деді.

Рәбеш - барармыз-деп, отыра берді. Айшаның шешесі үлкен келініне -Ұрқия сен тысқа шығып кетші! деп, Ұрқия екеуі тысқа шықты. Үйге Садырбек кіріп келіп асықпай басып, төрге шығып Айшаның қасына келді. Айша қисайып Садырбекті оңашалап сыбырлап,- немене айттың ба бәріне, Не дейді?” деді.

Садырбек сыбырлап жай мұнайып: - баяғы бір сөз.., айналасы бәрінің айтатыны Айшанікі балалық. Қатыны өлген кісіге кім қызын бермейді! Боранбайдай бай һәм аталы жерге барған соң Айша әшейін жылы суға қолын салып отырады. Қойсын енді бұл сөзін! дейді,- деп Садырбек дауысын тиды. Ақырындатып - әне өзің де естіген шығарсын, ертең жөнелтпек – қой Осы алқаптағы бес ұлмен ғана таныстырып, түстен кейін жөнелтпек”-деді. Айша үлдеуге жоқ. Бірақ еңкейген басын көтеріп- бәрі бір енді, не қылса о қылсын. Бәлкен келген жоқ па?-деді.

Садырбек ақырын- жоқ деп еңкейген басын көтеріп мен енді ауыл жаққа барайын, Сәлкен келіп қалмас па екен?-деді.

Айша - бара бер енді!- деп бұрылып, Айшаның Садырбекпен сыбырласып жүргеніне түсініп, аясып өзара сыбырласып отырған екі қызбен кіші жеңгесінің қасына таянып отырды. Айшаның үлкен жеңгесі келіп шам жағып, қыздарға қарап- Немене томсарып отырғандарың, әңгімелесіп ойнап отырсандыршы. Мырзажанды ертең жөнелтеді, дейді ғой-деді.

Айшаның қыз бен кіші жеңгесі Айшаға қарап жалтақтасып тамсанып, екі қыздың біреуі- ағайынды аралатып таныстырмағаны ма?,- дегенде Айша қосылған қасты, қабағын түйіп- кімді ара лап, кімді таныспақпын? деді, малдарын қоралап, болып ел жайласты. Бес ауылдың қыз келіншегі, жігіттері Айша отырған үйге жиналған болды. Садырбек соңынан келді. Садырбекке Бәлкен әлі келген жоқ па?” дегендей қарады. Садырбек мұнайып жоқ дегендей басқаларға сездірмей ақырын басын шайқады.

Бәлкен деген Айшаның шөбере ағасы. Жасы жиырманың ішінде. Өзінің өткірлік һәм білімділігімен ағайын арасына қадірлі. әке-шешелерінің берген һәм береміз деген адамдарын сүймеген риза болмаған қыз келіншектерге қорған болып ара тұратындығы жұртқа мағлұм.

Бес алты күн болды, Бәлкен бір жаққа кеткен әлі жоқ. Айшаның „ Бәлкен келді ме?” деп сұрағаны, Бәлкен үйде болса шамасы келгенше жәрдем қылатынына иланады. Сөйтіп алқаптағы ауылдардың жастары Айша отырған үйге жиналып отыра берді.

Түн өтіп, таң атты. Тым тырыс жатқан жарт оянып тұрып қыбырласып сөздер, айқайлар, малдардың дауыстары шығып тіршілікке кірісті. Қара мал өріске кетті. Кәдекең ауылы, әбігер. Аспан жалтыр, жел жоқ. Жылқылар келіп су ішіп жұрт биелерін байласты. Бес ауылдың кісілері бір-бірінің

ауылдарын араласып қымызы бар үйлерден қымыз ішіп жүр. Бес ауылдың қыз келіншек, боз балалары Кәдекең ауылында Айшаның қасында.

Бірақ Айша қазір жөнелтетін болван соң, және, Айша бір ноқатқа арап әдемі қап-қара құндыздай қоп-қою қосылған қас қабағын түіп, тұнжырап отырған соң бірге отырған жастардың бәрі де томсаруда, бірен-саран сөйлескендер сыбырласып қана сөйлеседі. Біраздан соң үйге Айшаның үлкен жеңгесі кіріп келіп қыз-келіншектерге – қане, балалар тысқа шығындар, мына ауылдарға кіріп шығайық. Қане тұрындар! - деді. Қыз-келіншек Айшаға қарап Айша бұрынғы отырған қалпынан қозғалмаған соң бір-біріне қарасып тым-тырыс отыра берді. Үлкен жеңгей тағыда-Мырзажан, қайғырып уайымдама, жаным! Бәрімізде сендей болғанбыз, қыз сорлыны құдай жат жұрттыққа жаратқан емес пе? Бәрі тәңірдің жазуы шығар, уайымдама жаным? Ана, әкең, апан, ағаларын бәрі де мына ауылдарға кіріп көрісіп дәм татып шықсын дейді. Қайтеік бәрімізде қимаймыз, уайымдағанмен болама- деді.

Отырғанда үн жоқ. Айша жеңгесіне қарап - Ұрқия, бұл уақытқа шейін көңіліміз қалысқан жоқ еді – ғой. Сенен сұрағаным – бұл жұмысқа енді сен кіріспе- деді.

Ұрқия - Ойбай, ендеше жарайды. Қарағым, мен әшейін, ана апан, әкеңнің, ағаларыңның айт дегенін айтып едім. Маған, өзің де өкпелемессің-деп, шығып кетті. Біраз уақытта соң Айшаға тағы да бір қатынды жіберіп айтқызды- „Мына ағаларының ауылдарына кіріп дәм татсын. Құдалардың, Айшаның һәм бірге баратын шешесінің аттары ерленіп даяр болып Айшаға ғана қарап отыр” деп.

Айша оған да болмады. Көдекең ауылы састы. Айшамен отырған жастар біресе жалтақтасып қарасып, біресе төмен қарасып мұнайысып отыр. Міне, Айшалар отырған үйге Айшаның шешесі кірді. Отырған жастар қарай қалды. Шешесі есік алдында тұрып Айшаға арап – Мына ауылдарға неге кіріп шықпай отырсындар, сенен басқа ұзатылған қыз жоқ па еді? Тұрындар, мына ауылдарға кіріп дәм татып шығындар! Жұрттың бәрінің аттары ерленіп саған арап отыр – деді. Айша шатнаған көзімен шешесіне қарап – басымды кесіп алсандар да мен ешкімдікіне көрісуге, дәм татуға бармаймын! Аттарың даяр болса, менің атымды, әкеліп берсін, ана қаракесектер, және мен үшін алатын малдарынды алып қайтатындар аттарына міне берсін мен даяр – деді. Отырғандарда үн жоқ. Айшаның шешесі ашуланып, тамсанып-Жарайды. Бірақ, дәм татып шықпаймын дегенің әшейін масқарашылық - деп шығып кетті. Кәдекең ауылы дағдарды. Құдалардың һәм жүретін кісілердің аттары ерттеулі даяр.

Бәрі дағдарып қарап отыр. Айша отырған үйге күйеудің жолдасы пысықша, аласа бойлы қара жігіт келді. Айша қаракесек жігітке қарап ай сен қаракесек жігітсің ғой. Қазір жүруге даярсындар ма? - деді. Айша - даяр болсандар, егер мен керек болсам, атыңа мініп, менің мінетін атымды мұнда алып кел. Мен бақырып жылап ешкіммен көріспеймін. Мен атқа мінгенде

менен айырғылысы келмесе ана кісілерің бәрі аттарына мінсін, бар -деді. Жігіт - Жарайды-деп шығып кетті. Ешкім Айшаға батып сөз айта алмады. Кешікпей құда жігіт өз атына мініп, Кәдекең үйінің белдеуінде тұрған Айшаға деген атты жетектеп Айша отырған үйге түсіп, белдеуге аттарын байлай салып үйге кіріп келді. Үйдегілер тым-тырыс. Айша жігітке қарап- Ат келді ма?- деді. Жігіт - даяр -деді.

Айша тез ұшып тұра келіп, ілулі тұрған шүберек белбеуді алып белін буып, йде отырғандарға қарап - Қане қош болындар. Сендерден басқа ешкіммен қоштаспаймын. Менің, әке-шеше, туған-туысқандарым жоқ. Маған енді қаракесек жақын. Қане, қаракесек жүрейік енді -деп есікке қарай жылдам қадам-қадам басқанда үйде отырған қыз-келіншек, жігіт-желең, бала-шаға, бәрі ұшып тұра келіп іркіп отыр?ан көз жастарын моншақ-моншақ төгіп-төгіп солқылдап ыңырсып жылап қоя берді.

- Айша-ау, шыныңменде кеткенің бе? Шынымен ағайын-туғанмен қоштаспай кеткенің бе? Шынымен қарайып, туған-туысқаныңды көргісіз болғаның ба? Айша-ау, бауырым-ау, кеткенің не? Риза бол бауырым!- дегенде Айша да тоқтай қалып шатнаған көзінен ыстық жастары моншақтай қылып төгіп жіберіп қыздарға қарап Немене, неге жылайсындар? Сендердің жылайтын күндерің алдарында. әзір малша бағылып жүре тұрындар сорлылар. Қош сорлылар! Қош болындар енді бәріңде, қош деп жылдам қаракесек жігітке қарап жүр деп тез тысқа шығып үйден жылап дүркіреп шыққан жастарға Кәдәкең үйінен шыққан жеңге, шеше , аға інілеріне ауыл аймақтың ағайындарына қарамай жылдам атқа мініп, өз атына мінген қаракесек жігітке - Қане, тоқтамай, жүр еліңе деп екеуі желіп жүре берді.

әлі қаракесектер де, Айшаның шешесі ағалары да салдары суға кеткендей болып һәм ханша тас бауыр болса да ұялып кешігіп аттарына мініп жүріп кетті. Аспен қуып барып қоштасқан әкесіне , ағайын туғандарға, ауылдастарына Айша қарағанда да жоқ. Жастардың бәрі де жүректері елжіреп қамығып жыласып қала берді.

Күндер өтті. Айшаны Боранбайдың баласының даяр тұрған үйіне кіргізген. Айшаның шешесі, ағалары Боранбайдан малдарын алып қайтқан. Айша олармен Боранбайдікіне келе жатқанда һәм келіп қайтқанда да сөз қатпай қалды. Айшаға шешесі ағалары жылаған. Масқара қылдың деп. Бірақ Айшаның мұз болып, тас болып қатқан жүрегі жібіген жоқ. Төркіндері кеткен соңында ешкімнен сөйлеспеді. әуелгі уақытта қыз-келіншек һәм қатындар келіп, бір отырып-отырып кетіп жүрді. Айша олармен жылы ұшырап сөйлеспей, құр сұраған сөзге суық қысқа ғана жауап қайырып томсарып, бір ноқатқа қарап, құндыздай қара қою қосылған қасты қабағын қарсы жауып отыра беретін болған соң келулерін сирексітіп, ақырында жастардан ешкім келуді қойды. Жұрт Айшаны тәкаббар, көкмиы, есі түзу емес деп жек көретін болды. Жалғыз-ақ көп сөйлеспесе де жаны ашып Боранбайдың бай інісінің он алтыдағы Бибіғайша деген қызы Айшаның қасына келіп отырды.

Бір күні екеуден екеуі отырып, мұнайып отырған Айшаға қарап Бибіғайша бір түрлі жаны ашып жүрегі елжіреп, Айша, осы неге үндемей отырсың. Өзің тамаша жүдедің, мұнша нені уайымдайсың? Құдай біледі мен сені бір түрлі жақсы көремін, және бір түрлі жаным ашиды деді. Айша Бибіғайшаға қарап, Бибіғайшаның шын аяныш жүзбен сұрап отырғанын көріп, көкіректегі толған шер, қасірет тартар ма екен дегендей ағытып бар оқиғасын айтты. Айтып болған соң Бибіғайша күрсініп, -Япрымай, ешкім сенің жағыңа шықпады ма?-деді. Айша төмен қарап:-;Бір шөбере ағамыз бар еді Бәлкен - деген. Өзің де сырттан еститін шығарсың, соны жұрт қорықса да, сыйласа да әйтеуір сөзін тыңдаушы еді, және ол өзі біздей зорлық, зомбылық, көргендерге қорған бола кетуші еді. Менің сорыма ол үйде жоқ болды- деп ақырын көз жасын мөлтілдетіп жылады. Жүрегі елжіреп ақырын Бибіғайша да жылады. Айша қасында жасын сүртіп отырған Ғайшаны оң қолымен құшақтап, Бибіғайшаның сол иығына басын сүйеп, көптен жиылып мұз болып қатқан көкіректі сарнатқан ащы жасын моншақ- моншақ ағызып ақырын жылап—Қарағым, әке-шешені жаны ашиды деп ойлама-Мені әке, мешем, ағаларым әлпештеген болған қыз едім, менің басыма қайғы қасірет, қара тұман салып, кешегі еркелетіп жүрген балаларын Айшасын малға сатып, бұралқы итше біреудің соңынан ертіп жіберіп отыр. Қарағым сүйген, бар жаныңмен, тәніңмен сүйген өмірлік жолдасым болмаған соң маған біреудің байлығы не керек, маған атағы не керек? Жаным саған айтқан өсиетім, кедей болып қол ұстасып жүрсең де сүйгеніңмен кет! Қарама әке-шешенің көңіліне. Міне жақсы көрген, әке-шеше мені айықпас дертке, басылмас өртке тастап отыр! - деп солқылдап жылады.

Күндер өтті. Боранбай ауылы тау ішінде жан- жағын биік шыңдар, құздар қамаған алқапта деген шыңның етегінде. Айшаның күйеуі күндіз үйде отырмайды. Айшаның жалғыз досы есіркеп айтатын періштесі он алтыдағы көк өрім шыбықтай өскен, жібек мінезді Бибіғайша. Бір күні Айша басым ауырды деп жатып, ертең- кешке денесі күйіп жатып басын көтеріп, төсектен тұрып сандырақтады. Қасында отырған Бибіғайша қорқып, жүгіріп шығып Боранбайдікіне барып айтты. Боранбайдың қатыны қасында бір екі қатын, бір екі малай жігіт бар сасқалақтап жүгіріп келіп, белін буырып өз өзімен сөйлесіп отырған Айшаны көріп қорқысып – Айша, не болды саған?-деді. Айша от жанып жайнаған, шатынаған көзімен қарап, екіленіп, қызуланып қолын сілтеп – Аулақ жүріндер, аулақ көрмеймін сендерді құдай алдында мене малды жақсы көрдіндер, сендердің имандарың мал! Аулақ! Менің әке мешем тас болып қалған, ана үйдің артындағы тастар сендер кет, қараларыңды көрсет пе! Шық! Тас бауырлар! Көрмеймін қараларыңды! Залымдар!-деп төсектің бұрышына барып отырды, қабағын түйген үн жоқ. Түсі суық. Көзі адамның ту сыртынан өтіп кеткендей.

Боранбайдың бәйбішесі Айша отырған үйдің үйдің есігін сыртынан бекітіп кіші ауылдағы байына, баласына һәм Ахмет моллаға кісі шаптырды. Боранбайдың жуан бәйбішесі шығалап Айшаға тағы да қарап қасында тұрғандарға - Бишараның мұндай ауруының бар екенін мен келгеннен-ақ біліп едім -деді.

Сығалап қарап, еліріп сөйлеп тұрған Айшаны көріп, Бибіғайша жылап, төмен қарап аяндап жүрегі елжіреп үйіне кетті.

Сәкен.
“Қызыл Қазақстан”.
1922 жыл, август (№ 10).

ВЫСТУПЛЕНИЕ С. СЕЙФУЛИНА НА XI ВСЕРОССИЙСКОМ И II ВСЕСОЮЗНОМ СЪЕЗДЕ СОВЕТОВ ССР

XI Всероссийский Съезд Советов и II Съезд Советов Союза ССР замечательны историческими моментами. Это, во первых результаты постепенного улучшения народного хозяйства, и реальные, ясные перспективы полного восстановления и дальнейшего развития его затем, во вторых признание СССР во время Съезда Англией де юре. В третьих, смерть во время Съезда вождя Мирового Пролетариата и основателя Советской власти в России В.И. Ленина. В четвертых, создание по завету В.И. Ленина Совета Национальностей /второй палаты ЦИКа Союза/.

Результаты улучшения народного хозяйства констатировано Съездом, так например в 1922 году мы имели 51 миллион десятин всех посевов, а в 1923 году имели 61 миллион десятин т.е. мы теперь имеем 67 посевной площади 16 года.

Крупного скота у нас в 1923 г. на 4 миллиона голов больше, чем в 1922 году, рабочего скота нынче на один миллион больше чем в прошлом году.

А посевы льна увеличилось на 10, конопли на 16, а хлопка на 300, что очень важно для нашей текстильной промышленности. Вместо 53 тысячи хлопка, которые мы имели в 1930 г., значит, мы теперь имеем 153 тысячи десятин. Все это показывает, что мы в области сельского хозяйства пошли значительными шагами вперед.

В области промышленности тоже есть значительные улучшения, например, в 1920-21 г. мы имели угля 464 миллиона пудов, а в 1922 году - 589 мл. пудов, а в 1922-23 году мы имеем 648 миллионов пудов. Нефти мы в 1922 году имели 74 м. пудов, а в 1923 году имеем 317 миллионов пудов. В отношении рудной промышленности, т.е. добыча железной руды за один

год у нас выросла в 24 раза больше. Выплавка чугуна выросла в 2 раза за год. В отношении текстильной промышленности, дело обстоит так, что в 1922 году мы имели 3,065 тыс. пудов пряжи, а в 1923 году имеем 4,515 тысяч пудов. Это очень важно, т.к. это основной крестьянский товар, именно через эту, текстильную промышленность решается проблема смычки промышленности и крестьянства.

Все эти выше приведенные цифры, показывают, что народное хозяйство нашего Союза ССР постепенно улучшается.

В области финансов тоже есть достижения, это главным образом подготовка к переходу твердым деньгам.

На Съезде констатировано, что у нас только не благополучно обстоит дело с кооперацией и торговлей. Благодаря неумению торговать наших Гос. учреждений и коопераций. Продукты промышленности проходя через множество инстанции /рук/ доходят до потребителя в цене которая превышает несколько раз первоначальной цены. Тем самым цены продуктов промышленности не равномерно, не нормально расходились с ценами продуктов сельского хозяйства /Ножницы/. XI Всероссийский Съезд Советов и II Съезд Союза ССР наметил ряд мероприятий для дальнейшего улучшения и развития народного хозяйства. В первую очередь сюда входит следующее: 1/ Поднятие, укрепление и улучшения ведения сельского хозяйства, скотоводства, 2/ Поднятие цен продуктов сельского хозяйства, 3/ Развитие с.х. кредита, 4/ Укрепление развития с.х. кооперативных объединений, 5/ Смыкание Ножниц, т.е. смыкание цен продуктов сельского хозяйства и продуктов промышленности. Затем поднятие промышленности и развитие ее, удешевление себестоимости продуктов промышленности и увеличение прииска сырья и промышленности, и затем улучшения ведение торговли и коопераций, уменьшение накладных расходов на товар и сокращение числа инстанции между производством и потребителем. Наконец сюда входит ряд мероприятий по финансовой политике. Съезд постановил теперь перейти к твердой денежной системе и изъять советские денежные знаки. На этом основании после Съезда ЦИКа Союза ССР постановил выпустить твердые казначейские знаки и наравне с ними выпустить серебряные монеты и прекратить выпуск советских знаков.

И вот все это показывает, что растроенная экономическая жизнь нашего Союза ССР постепенно восстанавливается и в будущем имеет перед собою ясные, близкие перспективы полного восстановления, а затем дальнейшего роста, укрепления и развития начала Социалистического Строя.

Затем, как я уже в начале сказал, что смерть во время Съезда тов. Ленина сделала этот Съезд замечательным и эта великая смерть удвоила еще серьезность Съезда, еще больше усилила сплоченность депутатов Верховного органа Советского Союза.

Потом укрепление положения Советского Союза в мировом отношении подтвердилось одним историческим фактом, это признание СССР Англией, де юре, во время Съезда и это показывает, что силу и мощь Советского Союза уже начинают открыто признавать и мировая буржуазия.

Наконец, XI Всероссийский Съезд и II Всесоюзный Съезд Советов замечательны тем, что на этом Съезде организован впервые Совет Национальностей, который составляет половину ЦИКа СССР, куда вошли, согласно конституции, по 5 человек от каждой автономной национальной Советской Республики и по 1 человеку от каждой мелкой автономной области.

Вот в кратце важные моменты XI Всероссийского и II Всесоюзного Съезда Советов.

ОРАЛ ҚАЛАСЫ

Орталық кеңес жиылысы біткен соң Орал қаласында бір-екі күн болып, қалған біраз жұмыстарымызды бітіріп, Орынборға қайттық.

Орал қаласынан кешеттеп шығып, қаладан 25 шақырым жердегі, Жайық бойындағы Арғыншаевтың ауылына келіп қондық. Арғыншаев алдында Орал қаласына келіп, бізді қайту жолында қонаққа шақырып кеткен еді. Бізді күтіп отыр екен. Күн аяздау еді. Қыраулатып кештетіп, Жайық өзенінің жағасындағы бүрісіп, үймелеп отырған, мыжырайған үйлі Қазақстанның бұрынғы жоғарғы қызметтерінде жүретін Арғыншаевтың ауылына келдік.

Автомобильдің дауысымен жұрт тысқа шығып, бізге қарап, бір жігіт бізді Арғыншаевтың қорасына бастап әкеп кіргізді.

“Қора дегенім – төбесі ашық, кең, аласа, қоршау. Қоршаумен жалғас салған қоршаудың екі жағында екі аласа балшық үй. Үйдің терезелері қоршаудың ішіне қарай салынған. Терезелері сығырайған, кішкентай жылтыраған көр тышқанның көздері тәрізді.

Қоршауының ортасында Арғыншаев бізді қарсы алды. Сахыпкерей Арғыншаев Орынборда қалада жүрген қалпында, үстінде орысша киім, биік қара сеңсең бөрік, аяқтарында пима, үстінде қара ішік.

Өзге қазақтың оқығандарының көбі қаладан елге барып, ауылда тұра бастаса, тез қазақша киініп ала қояды ғой. Ал Сахыпкерей үйтпепті. Әзір сыртын қазақшаға айналтқан жоқ. Бірақ қырда, қазақ арасында тұрған соң қандай қалада өсіп, қала тәрбиесін алған адам болса да, қазақтың салтына түспеуі һәм көпшіліктің ықпалымен кетпеуі қиын болады. Көпшіліктің ықпалымен кеткеннің бір белгісі, сол көпшіліктің киімін кию болушы еді. Ал Сахыпкерей көпшіліктің киімін кимейді. Мұнысы қалай?... деген ой тез басыма келіп, қоршаудың ортасына тоқтаған автомобильден, Қазақстанның

қазіргі еңбек комиссары жолдас Авдеев екеуіміз түсіп Сахыпкереймен амандасып, басқа жиналған ауыл адамдарымен амандасып, Сахыпкерейдің үйіне кірдік.

Сахыпкерейдің үйі кішкене, бір-ақ бөлме. Бір бөлменің есік жағын бөлген. Ол есік жақтағы бөлмесісі – алдыңғы бөлмесіндегі үйінің ішіндегі саймандары, “жасауы” орысша, қазақша, кровать, жазу жазатын стол, бір-екі орындық, баланың арбаша бесігі, әбдіре, сандық, жүк аяқ, кілем, текемет, шымылдық. Үйі аласа, кішкене балшық үй. Шешініп, жайласып, салған көрпенің үстінде жастыққа сүйеніп отырдық.

Елдің мән-жайын, Сахыпкерейдің өзінің не істеп жатқанын сұрап отырдық. Оралдың губерналық кеңес жиылысының қалай өткенін, онан соң Орынбордың хал-жайын ол бізден сұрап отырды. Басқа да ұсақ-түйек әңгімелерді сұрасып-айтысып жатырмыз. Хал мынадай:

Сахыпкерей ауылда жатыр. Қаладан газет-журнал алып тұрмайды. Қазіргі саясат, әлеумет істерінен хабардар емес. Басқа кітап оқып, жазу жазып та жатқан жоқ. Қанша айтқанмен қалаға үйренген кісі болған соң, ауылда жан азығы болмаған соң, іші пысып, Жайық бойынан аң, құс аулап тұрады екен. “Кітап жоқ, газет-журнал жоқ. Қайтып ауылда шыдап жатырсың... Бір түрлі қиын, қайтесің, әйтеуір уақыт өткізуге мылтық алып Жайық бойына, құс аулауға, аң аулауға барып тұрамын” деді. Біздің “неге елде кооперация ұйымын ашып, соны көбейтіп, көркейтуге кіріспейсің? Неге халықтың түрлі шаруа-кәсіп істерінің жөнделіп, ілгері басуына қатынаспайсың?...” дегенімізге, Сахыпкерей, бұл істердің қазақ арасында бірден жүріп кетуінің қиын екенін айтты. Және, бұл істердің бәріне қаражат керек, ал, қаражат қазір бұл елден шыға қоймайды...” дейді.

Рас, Орал губернесіне қараған елдің жаппай кедей екенін мұның алдында жазып өткеніміз. Мен Орал губернесін олай аралап өтіп, бұлай аралап өтіп жүргенімде 20 қойы бар, 10 шақты ірі қарасы бар қазақты шамалы көрдім.

Сахыпкерейдің өз үйі де ауқатты үй көрінбейді.

Орынбордан Оралға келе жатқан бетімізде жолдас Авдеев екеуіміз Әйтиевтің үйіне қонып едік (Әйтиев Қазақстанның ішкі істерін басқаратын комиссар). Арғыншаевтың үйін Әйтиевтің үйімен салыстырғанда Арғыншаев байқұстың үйі көп төмен көрінді. Өйткені мұның үйі шатырлы емес және әр түрлі арба, машинелері көрінбейді.

Көп сөйлеп отырып, Арғыншаевтың тар үйінде араласып жатып ұйықтап, ертең ерте жүріп кеттік. Жолшыбай сол елдің ортасынан ашылып отырған школаға соғып көре кетуге ойлап едік, школа бұрыс болып соға алмадық.

Бірақ бұл школаның жайын әбден Сахыпкерейден есітіп едік – школа сол Арғыншаев һәм Әйтиевтердің ауылдарының маңайында. Олардың ауылдарынан қашық емес. Бұл өзі қазақша мектеп емес, орысша школа. Школдың басқарушысы Романов деген орыс – кәрі учитель. Школада оқу

өте нашар. Тіпті оқу жоқ деуге болады. Оқытушы бір қазақ жігіті бар. Ол жігіт маңайындағы базарға көп барғыштайды. Балалардың жұртты қызықтырғандай оқуы жоқ. Балалар Жайықтан су тасиды. Міне маған қазақтардың бұл школ туралы айтатыны осы. Сахыпкерей маған сол школға бара кетіндер, оқуы өте нашар, балалары ауруға шалдығып жатыр, біздің бір-екі баланы апарып мен сол школға бергізіп едім, суық тиіп, жүдеп, ауруға айналған соң қайтып алып келіп отырмын, - деді.

Қанша барғымыз келгенмен жолдан бұрыс болған соң бұл школға соға алмай жүріп отырып жол аузындағы “Бөрлі” деген поселкеге келдік.

“Бөрлі” поселкесінде Бөрлі елінің болыстық кеңес комитеті бар. Орынбордан Оралға келе жатқанда бұл поселкеге соққамыз. Болыстық комитеттің мекемесіне кіріп Авдеев екеуіміз комитеттің істерінің ретін қарағамыз. Бөрлі болысына 11 қазақ ауылы қарайды. Екі орыс ауылы қарайды. Көпшілік – қазақ, болыстық комитеттің төрағасы орыс жігіті – коммунист. Орынбасары қазақ, партияда жоқ жігіт, бірақ орысша һәм қазақша хат білетін адам. Хатшылары татар. Бөрлінің поселкесінде 40 үйдей татар бар. Кеңседе қазақ тілі жүрмейді екен. Оны жүргіз деген жоғарғы мекемелерден бір бұйрық алмаған екен.

Тамаша!

Бөрлі поселкесі Орал мен Орынбор жолының нақ үстінде. Оралға жүргенде қашсаң құтыла алмайсың. Менің тамаша қылатыным, Орынборда Қазақстанның жоғарғы мекемелерінде жүрген һәм Қазақстанның ішкі істерін басқаратын және кеңес комитеттерінің үстінен қарап отырған жолдас Әйтиев барып келіп жүреді. Өзі Орал губернесінікі. Өз аулы осы Бөрлі поселкесі мен Орал қаласының арасында. Сөйтіп жыл сайын ауылына Оралға Орынбордан барып келіп жүріп, Бөрлі поселкесіне тоқтап, комитетке кіріп, қазақ тілін жүргізу туралы ешбір сөз айтпайды. Не бір нұсқа қағаз да жазбайды. Рас, қазір Бөрлінің болыстық комитеті 2 орыс поселкесімен, 2 қазақ болысымен бірігіп отыр. Олай болғанмен де бұрынғы қосылмай тұрғандағы қазақ комитеттері де ондай маслихатты көрмеген, естімеген.

Жолдас Авдеев екеуіміз Бөрлінің болыстық мекемесінде отырып: бұларың қалай?.. Қазақша неге жүргізбейсіңдер?.. – дегенімізде мекемеде толып тұрған қазақтар да һәм мекемені басқарушылар да:

- Біз бұл сөзді бұрын ешкімнен естігеніміз жоқ едік. Советтерде қазақша хат білмейтіндер бар, оны қайтеміз? - деді.

- Және біздің қазақ арасындағы ауылдық советтердің өздеріне ылғи орысша білетін кісілер сайланып, қазақша білетіндігіне, білмейтіндігіне ешкім қарамады. Орысша білетіндерді іздеп қойды,- деседі. Жолдас Авдеев екеуіміз бұл әңгімеге Оралға бара жатқанда ұшырағамыз.

“Тез, қазақтың ауыл советтері істі қазақша жүргізіндер, біз Оралдан қайтқан соң соғып көреміз” - деп кетіп, міне, енді қайтқан сапарымызда Бөрліге келдік.

Болыстық комитеттің хатшысы жолдас Хабибуллиннің үйіне түстік. Комитеттің төрағасы келді, һәм оның орынбасары қазақ жігіті келді. Фамилиясы Айманов. Шаруаларын, істерінің қалай жүріп жатқанын сұрап, қазақ тілінің жүруін сұрап, әйел һәм молдалар мәселесін сұрадық. Өнеугі біз айтқаннан кейін қазақ тілін жүргізе бастапты. Молдалары күшті, Уфідегі ноғайдың мүфтиіне халықтан ақша жинап алыпты.

“Неке, талақ әлі де көп жерлерде молдалардың ғана қолында болса керек. Үйткені қазақтар алған қатынын комитетке көп жаздырмайды” дейді. Және екі қатын алу қалған жоқ. Бір масқара мынау болды.

Бөрлінің болыстық комитетінің төрағасының орынбасары орысша-қазақша білетін жас жігіт Аймановта екі қатын бар екен. Оны өзіміз көрдік. Онан соң Әйтиевтің үйіне қонғанда биыл болыстыққа таласқан көп болса да, орысша, қазақша білетін жас жігіт Әйтиевтің інісінде екі қатын көрдік. Мен Аймановқа біраз ұрысыңқырап айттым. Ол екі қатынның біріне бостандық беретін болып қалды.

Міне, масқара осындай!

Онан соң белгілі оқиға – Оралдың жалпы нашарлығы. Бөрлі де қазір сол көп нашарлардың бірі, бірақ Бөрлі поселкесі шаруа ретінде өзгеге қарағанда жаман емес.

Асығыстау болса да ондай-мұндай жөн айтып жүріп кеттік. Кешке Елек қаласына келдік. Елек қаласы Орал губернесінің Орынборға жақын ең шетіндегі уездік қаласы. Қала “Елек” деген өзеннің жағасында. Түскен пәтерімізге Елек уезінің партия комитетінің жауапты хатшысы, уездік кеңес комитетінің төрағасы һәм жауапты хатшысы һәм және бір-екі қазақ жігіттері келді. Елдің, қаланың хал-жайын сұрап, әр түрлі кем жерлерін айтып, өз тараптарымыздан нұсқаулар көрсетіп отырдық.

Шаруа жайы һәм мекемелердің іс жүргізу жайы бірқалыпты. Орал губернесінің жалпы жайы: жалпы кедейлік һәм қандай іс болса да нашарлығы.

Елек қаласында да қазақша бір мектеп жоқ екен. Енді ашпақ. Уезінде молдалар қазақтардан ноғай мүфтиіне жәрдем жинайды. Жастардың ұйымы, партия ісі, кооперация, оқу істері нашар.

Бірақ Елек уезінде қазақ әйелдерінің бас көтере бастағаны ептеп сезіледі. Бірақ оларға қазақ тілінде үйретуші, бастық жоқ. Бұл жерде де 2 қатын алу бар екен. Бізбен келіп сөйлесіп отырған бір уездік мекемеде қызмет қылатын бір сұлуша жігіттің де екі қатыны бар екен. Оған да “уағыз” айттым. Ертең ерте сол Елек уезінің Любин болысының кеңес комитетінің төрағасы жолдас Нұрпейіс Жантілесұлымен жолдас Авдеев екеуіміз сөйлесіп отырғанымызда, ол да 2 қатын алудың қалмағанын айтып, бір Жәнкеш деген жігіттің 2 қатын алғанын айтып, ол екі қатын алған жігітке Орынбордағы жоғарғы мекемелердің бірінде қызмет қылып отырған осы Орал губернасының бір кісісі: “алсаң-ал, бірақ 2 қатын алғаныңды комитеттің “загсына” жаздырмасаң болады ғой”... дейді.

Міне қысқаша сыдырып айтқанда жай осындай: оқу ісі өте нашар. Кооперация нашар, жай саудагерлер елді соруда, елдің нәрсе сатып алуға мұршасы келмейді. Ел жалпы кедей. 10 қарасы бар үй шамалы. Елде ауру-сырқаулар бар. Қасқыр қалың, молда қалың, мешіт қалың, партия ісі, жастар ұйымының істері нашар. Партияда да һәм жастар ұйымында да қазақ тіпті аз. Аздығы – кепіл сұрап, партия яки ұйымға кірем дегендерді алмайды. Кепіл боларлық кісі жоқ. Кеңсе істері де нашар. Нашар дегенім әлі қазақ мекемелерінде қазақ тілі жүре қойған жоқ, жалғыз-ақ Жымпиты уезінде қазақ тілі жүреді. Оны да осы сайлаудан кейін жүргізеді. Ел надан, қазақ газеттерін алып оқушылар өте сирек. Біздің “Еңбекшіл қазақ” та өте сирек алынады екен. Енді “Еңбекшіл қазақты” жолдас Ақтаев таратпақшы болып қалды.

“Күллі істердің бәріне де бұрынғыдай болмай, енді ширап, екпіндеп, қатты кірісіңдер!... Күллі істеріңнің бәрін түзеп, ілгері бастырып көркейтуге жатпай-тұрмай, ерінбей-жалықпай кірісіңдер!” - деп, біраз нұсқаулар айтып, ертеңінде Електен жүріп кеттік.

1923 жыл.

ЖОЛДАС СЕЙФУЛЛИН КҮНШЫҒЫС УНИВЕРСИТЕТІНДЕ ОҚУШЫ ҚАЗАҚ, ҚЫРҒЫЗ ЖАСТАРЫНЫҢ АРАСЫНДА

Қазақстанның жалпы елімен таныстырып өту үшін 5-ші февраль 1924-жыл жолдас Сейфуллин Сәкен Күншығыс ортақшыл университетінде оқушы қазақ, қырғыз жастарының арасына келіп баяндама істеді. Күн тәртібіне қойғаны қазақ шаруашылығы, II- Қазақстанда оқу, III- әскерлік қызметі, IV-Жетісу һәм Сырдария облысын Қазақстанға қосу, V- қазақтың тілі һәм әдебиеті.

Еңбекшіл Қазақстанның шаруасына көз жіберіп, жерінің кеңдігін қарасақ, қазақ жері қай республикалардан болса да, екі-үш есе үлкен. Жерінің жаратылысына қарасақ тұрмысы өте нашар, шаруасы артта қалған кедей халық, жері тау, тас, құмды болады, тоғайлы, сулы жері аз, мал асырауға тәуір. Қазақ елінің кедейленіп, малдан айрылуы Герман соғысы, онан тап соғысы болды, қазіргі күнде қазақтың малын мөлшерлеп қарағанда жалпы 100 ден 20 -сы қалды, жекелеп алғанда малдың азын-аулақ қалған жері Семей, Ақмола губернасында, Қостанайдың оң жағында, Орал, Ақтөбе, Бөкей губерналарында мал біткен кей жерінде ырымға мал жоқ, ішіп-жегені кара су, қазақтың малының бітуіне кесір болып жабысқан нәрсе Герман соғысы, тап соғысы ашаршылық болды. 23-жылы халық астық салып жерге айналысып, кішкене тәуір еді, биыл тағы нашар болды.

Өздеріңізде белгілі қазақ елі қанша малмен бірге туып, бірге өсіп келе жатса да, малды қалай асырап, қалай артынан жүріп күтуін білмейді. Бұл

әрине қараңғылық өнердің жоқтығын көрсетеді. Енді қолдан мал кетіп ашыққан соң, қазақ береке шаруашылықта екенін, жер кәсібінің жақсы екенін білген соң, отырықшылыққа айналуға шаруаға қол қойып кірісуге жалпы бет алып отыр. Бірақ мұның бәрін өздері кеңітіп әкетуге күштері жоқ, үкімет қолдап әкетуге, үкіметтің де қаражаты белгілі. Бірақ, үкімет қолдан келген жәрдемін аямай отырықшылыққа айналдырмақшы, шаруаға мойын бұрғызбай келген нәрсе өздеріңізге белгілі надандық, қараңғылық болды. Әр ұлт мәдениетсіз алға баспақ емес, өз тілі, әдебиеті болмаса кері кетпек.

Қазақ халқы жалпы білімге, өнерге жету үшін отырықшылыққа айналуы керек. Болмаса қазақ халқы шаруаға айналып мәдениетке жетеді деп айтуға болмайды. Үкімет қолынан келген жәрдемін аямай жастарды оқытып отыр. Қазір бір Орынборда екі мыңдай оқушы бар, жекелеп алғанда мынандай: келешекте қазақ жастарына оқытушы шығаратын институтында 300-дей, рабфакта 200-дей, аймақтық кеңес партия мектебінде 200-дей, лагерлер дайындайтын мектепте 100-дей, мал ауруын қарауға дайындайтын мектепте 60-тай, фин. курсына 50-дей, сот курсына оқып жатқан жігіттер бар, алғашқы шығарғанын әр жерге тараттық. Баспа, әріп тізетін курстарда оқып жатқандар бар, аймақтық кооперация курсына 34-дей жігіт бар. Милицейский курста 25-тей қазақ бар. Басқа шет қалаларда, Мәскеу, Қазан, Ташкент сияқты жерлерде оқып жатқан жігіттер бар. Қазақстанның әрбір губерналарында ашылған мектептер бар, мұнымен жетіліп кетті деуге болмайды, бірақ жылдан-жылға қарағанда жастардың қозғалысы күшті, оқушылар хәлі нашар, қаражаты кем, бұған бөгет болып отырған айтып кеттім, үкімет қаражатының кемдігі, мұнан кейінгі Қазақстанның бір алға баса алмай отырғаны – жерінің шалғайлығы, халқының әр жерде шашылып жатқандығы, қазіргі уақытта екі облыс Жетісу, Сырдария, Түркістан қарамағында отыр. Біз бұрын мәселе қозғалғанда Мәскеудегі кіндік үкімет өмірге қол ұрындар деп созып келді. Бұл губерналар Қазақстанға қосылғанда Қазақстанның пайдасы тие ме, зияны тие ме? Зиян деп отырғаны, Қазақстан кедей, шаруасы кем, ауырлық екі облысқа тиеді дейді. Бұл хатта ашаршылық уақытта Семей, Ақмола губерниясы аш губернияларға 5000-дай қара мал жинап берді. Тиетін пайдасы мынау: Келешекте тарихтың міндеті қазақтың шаруасын бір жерден көздеп - тілін, мәдениетін, әдебиетін, тәрбиесін бір жерден молайту. Мұның үшін еңбекшіл қазақ кедейі бір жерде, бір үкіметте болуы керек. Осы күнде қарасақ қазақ тілі бір түрлі, Қазақстанда бір түрлі, әрине бұлай болса әр ұлттың тілі жоғалмақ. Бір жерде болса тіл де, әдебиет те, мәдениет те бір жерден шықпақ. Кіндік үкімет бұл екі облысты Қазақстанға қоспақ болды. Жақында қосылмақ, неге десеңіз Түркістанда өзбек, орыс, қазақ, түрік пен қырғыз бар; міне бұларға кемінен бір мекемеге 30-40 кісі керек, оған үкімет мекемені, кісінің, қызметкерінің санын азайтып отыр. Сондықтан әр ұлтты елдеріне қоспақ болғаны осы. Онан кейінгі мәселе қазақ тілі, әдебиеті, 12-ші топ партия съезінде ұлт мәселесін шешкенде әрбір ұлт өз тілімен, өз

ғұрпымен мәдениетке жету керек деген, әр мекемеде өз тілдері жүрсін деген қарарлар шығарған. Қазіргі уақытта қай республикада болса да өз тілдері қолданылып жатыр. Біздің Қазақстанда бұл күнге шейін жүрмей келгені қызметкерлердің жоқтығы болды. Осы январьдің бірінен бастап іс жүргізуге декрет шығардық. Әр болыстарда, уездерде шыға бастады.

Қазақ тілі жүрді. Бірақ барлық жерде жүріп кетеді деуге әзір қиынырақ. Қазір баспа машина қазақша істеліп жатыр. Бірлі-жарымды істелгені жіберілді, бұл машина қазақ тілінің жүруіне бірқатар жеңілдік береді.

Қазақ әдебиетін алсақ, қазақ әдебиеті соғыстан кейін кеңес үкіметі орнаған соң алға басты. Осы күнде әр түрлі оқу құралдары шығып жатыр.

Мысалға физика, қазақ тарихы, педагогика, дидактика, география, ботаника, саяси кітаптар, басқа әдебиет кітаптары басылып шықты.

Жалпы баспа күшейді. Әр жерде газет, журналдар шығып жатыр. Бір екі жылда әдебиетіміз молайып шықпақ. Мұнан соңғы мәселе әскер жайы: біз Қазақстан үкіметін жасағанда, әскерін қоса жасау еді.

Бірақ, бұл уақытқа шейін жүзеге аспай келді. Үкімет қорғаны қызыл әскерді жасау үшін әр ұлт елдерінен қызыл әскер жасамақ. Соның үшін бірінші мәселе әскер жасау. Қазір біздің Орынборда комсоставта 400-дей орыс бар, жақында ол курсты ылғи қазақ жастарын оқытуға қызыл командир даярлайтын болмақ. Сол үшін қаулы шығардық. Бұл курста 800-дей кісі оқиды. Онан шыққандар қызыл әскерге бастық болмақ. Онан соң атты әскер үшін кавалерийск. дивиз. курсы ашылмақ. Бірақ бұның бәрін болдырсақ та қаражат қинайтын болып тұр. Мінеки қысқаша айтқанда қазіргі уақытта Қазақстанның жайы осы.

Мұнан соң оқушы жастар өздері қаулы ұсынып, қорытындысы мынау: Жолдас Сейфуллиннің баяндамасын тыңдаған соң біз күншығыс ортақшылдар университетінде оқушы қазақ, қырғыз жастары бірауыздан қаулы қылдық:

I. Еңбекшіл таптан шыққан біз, жастар, ортақшыл тәрбиесімен тәрбиеленіп алған білімімізді, күшімізді артта қалған еңбекшіл қазақ елінің тұрмысын, шаруасын оңалдыруға, түзеуге, ортақшылдық қоғамын орнатуға, істе отырған азаматтарымызға көмекші болып белсене кірісеміз.

II. Ережеде шашылған еңбекшіл қазақ елін, Түркістан сияқты жерде бөлініп жүрген қараңғы халықты бір жерге басын тездеп қосуын тілейміз. Неге десең бытыраған, шашыранды ұлттың алға басуы қиын. Тілі бір, тұрмысы бір, ғұрпы, әдеті бір ұлттың бір жерде болып, мәдениетке жетуі керек.

III. Халқы кедей Қазақстан үкіметін отырықшылыққа тез күнде айналуы үшін үкімет бар көмегін аямай, жеңілдік үшін мерзімді уақытқа шейін салықтан құтқаруын тілейміз.

IV. Үкімет қорғаны - қызыл әскерді жасау үшін шығарған қаулыларын тез іске асырып, бар күштерін сол жолға жұмсауларын тілейміз.

V. Іс басында отырған қаламы жүйрік азаматтар еңбекшіл қазақ елін шаруаға айналдыруға үгіт-насихаттарын газет бетінде тоқтаусыз жазып, шаруаға қалай айналысып, қай түрмен шаруаны жақсартуын көрсетіп тұрулары керек.

VI. Шет жерде оқып жүрген біз сияқты жастарға көздерінің қырын салып, пандықтарын қалдырып, келген жастар осындай Қазақстанның жақсы- жаман тұрмысын, шаруасын, істеліп жатқан қызметтерімен білдіріп баяндама беріп тұруларын һәм саяси шаруашылық әдеби кітаптарын, газет, журналдарын үздіксіз жіберіп тұруларын өтінеміз.

Жиналыс осымен бітіп, тарқады.

Жиналыс атынан Уали Ұрынбайұлы,
Мәскеу. Еңбекші Қазақ. 1924.15. 02.

В ЦК ПАРТИИ. Товарищу Сталину

Настоящее политическое положение Киргизии заставляет меня написать Вам вкратце следующее: Первое – относительно себя.

Я о себе и о внутренней борьбе киргизских работников до сих пор Вам в ЦК не писал и не говорил, опасаясь упрека и обвинения в группировке. Может быть такое молчание с моей стороны было ошибкой. Теперь я решил поставить Вас в известность. Но прошу только об одном, чтобы Вы не подумали, что я все это пишу после снятия меня с поста Пред. СНК, что могут подтвердить мои товарищи по работе 1917-1918 гг.

Дело в том, что меня и некоторых работников, активно боровшихся в 1917-1918 гг. за Советы, многие товарищи – киргизы, вступившие в партию с 1920 г., а не в 1917-1918 гг., так или иначе боровшиеся против Советов и против большевиков, не любят и не переваривают.

«Восточная мстительность» этих, теперешних наших товарищей по партии, не дает им забыть прошлое. Они не могут нам простить того, что мы с 1917 г. стали яркими противниками киргизских националистов «алаш-ординцев», боровшихся против большевизма, во главе с Букейхановым, так как почти все эти товарищи были или личными друзьями Букейханова, Тынышбаева, Досмухамметова или их поклонниками, а эти последние три субъекта Вам конечно должны быть известны. (Букейханов – Председатель «Правительства Восточной Алаш-Орды», Тынышбаев – Председатель «Правительства Коканской Республики», Досмухамметов – Председатель «Правительства Западной Алаш-Орды»).

1917 г. после свержения царизма в разных частях Киргизии стали выходить киргизские газеты, а до этого времени издавалась в Киргизии только одна газета «Казак» и журнал «Ай-Кап».

В Акмолинске, например, после свержения царизма стала издаваться газета «Трчилик», ярко выступали против большевиков, против Советов, вели постоянную антибольшевистскую агитацию, распространяя гнусные клеветы по адресу большевистских вождей, и развивали идею национально – реакционной партии «Алаш». Только единственная газета «Трчилик» защищала интересы киргизской бедноты и стояла за Советы и против национально – реакционной партии «Алаш».

Газетой «Трчилик» руководили:

1. Дюйсенбаев – который при Керенском сидел в тюрьме, а при Колчаке в бегстве умер.
2. Я.
3. Асылбеков – при Чехословацком восстании сидел в тюрьме, потом бежал, участвовал на Дальнем Востоке в партизанских красных отрядах.

4. Серкебаев – умер в тюрьме у Колчака.
Были еще и другие товарищи.

А теперь нищие наши по партии товарищи «не переваривающие» нас, тогда находились или около упомянутых выше враждебных большевизму газет, писали или просто поддерживали эти газеты, находясь в разных городах, так или иначе активно боролись против большевиков, распространяя ложные, гнусные слухи по адресу вождей.

А когда, в 1917 г., в Акмолинске приезжали Алаш-Ординские представители, капитан Аблайханов и врач Сеитов для организации конных отрядов и для сбора денег по борьбе с большевиками, мы на больших митингах и на больших собраниях с участием представителей всего населения, ярко выступали против них и после двухдневной борьбы население пошло за нами, представители Алаша бежали. Мы совместно с группой русских товарищей организовали Акмолинский Совдеп.

Весною 1918 г. Акмолинский, в Президиуме которого были и мы, получил телеграмму из Москвы от Наркомнаца, относительно подготовки к созданию Киргизской Автономии и тут же на страницах Семипалатинской газеты и журнала «Сары–Арка» и «Абай» появилось ликующее обращение центральных руководителей «Алаш» к киргизскому народу о том, что они через своих представителей в Москве Досмухамметовых добились Автономии для киргизов. Поэтому поводу мы в Акмолинске экстренно созвали уездный съезд киргизских трудящихся, где сделали доклад.

Съезд единогласно принял, предложенную нами революцию о том, что для киргизских трудящихся автономия, полученная «Алаш-Ординцами» не нужна. Вместо русского царского урядника иметь ханского урядника киргизские трудящиеся совсем не желают. Съезд по нашему предложению отправил об этом на имя тов. Сталина заявление, выражая свое недовольство и протест против получения автономии «Алаш-Орда».

Затем, относительно «Алаш-Ординцев», я написал в Сибирский Совдеп докладную записку, объявляя, что представляют из себя эти люди. Все это, конечно, не понравилось «Алаш-Ординцам».

Когда пала Советского власть в Сибири в 1918 г. и на Урале, Алаш-Ординцы ликовали. Организовали на местах власть, отряды, милицию, даже организовали юнкерскую школу и учебные команды, арестовали киргизских большевиков. Приказы и сообщения печатались в своих центральных газетах (в Восточной Киргизии, Семипалатинская газета «Сары - Арка», а в Западной Киргизии – в г. Уиле).

В это время и я и некоторые мои товарищи по работе сидели в тюрьме, а Алаш-ординские представители на допросах комиссии «по ликвидации большевиков» выступали с вышеуказанными документами и номерами газеты «ТРЧИЛИК» против нас, в особенности против меня, как

руководителя газеты «Трчилик» (в Акмолинске представители Алаш – орды – Нуралины).

Большевики – киргиз объявили вне закона. (Приказ №4 «Верховного Правительства» «Алаш- орды». Газета «Сары – Арка»).

Когда они ликовали, одни из наших товарищей сидели в тюрьмах, другие скрывались, я сидел с несколькими товарищами, закоанные в кандалы, в Акмолинской тюрьме, а нашу газету «Трчилик» захватили и разгромили.

Все арестованные киргизы – большевики, за исключением бежавших из тюрьмы, были или расстреляны или замучены, заморожены до смерти.

И вот, в это время в этой черной полосе великой борьбы почти все те люди, которые вступили в партию с 1920 г. тогда ликующие служили у «Алаш-орды» под крылышками генералов: Дутова, Толстова, Колчака и Анненкова, с которыми «Алаш-орда» имела тесную связь, с отрядами которых вместе против красных, сражались отряды «Алаш-орды».

А когда была побеждена контрреволюция, когда окончательно были разбиты генералы и когда, наконец, наступил 1920 г. многие из вчерашних врагов революции, с одобрения самого Букейханова, Досмухамметова и Тынышбаева стали уже в ряды РКП и число их, конечно, и в партии гораздо больше числа тех уцелевших малочисленных киргиз, борцов 1917-1918 гг.

Сразу после этого среди киргизских коммунистов стали замечаться две тенденции – правая и левая.

Правая – это в своем большинстве вступившие в партию в 1920 г., а левая – в 1917-1918 гг. Конечно, и среди вступивших в партию в 1920 г. есть товарищи, из молодежи в особенности, отрицательно относящиеся к тенденции правых элементов. Вот эти два течения иногда усиливались, иногда ступшеывались, как бы ликвидировались. Конечно, мы особенно хладнокровно относиться не могли к всяким, казавшимся нам, правым тенденциям товарищей 1920 г., деятельность которых во времена 1917-1918 гг. слишком тяжело мы почувствовали на своих спинах. Мы не переставали так или иначе слишком не давать ходу этим тенденциям, вплоть до 1923 г.

С 1923 г. нам казалось, что правые уже перестали тянуть в свою неправильную сторону и мы искренен стали им доверять. Но теперь мы обнаружили, что мы ошиблись в этом.

В чем же выразались эти тенденции?

В том, что эти товарищи утверждали, что во-первых, в Киргизии классов нет, во-вторых, внутрипартийные вопросы они выносили в среду беспартийной интеллигенции для совместного с ними обсуждения, а эти беспартийные интеллигенты были не вступившие в РКП, вчерашние руководители «Алаш-орды». В третьих, они утверждали, что организовать среди киргиз Союз Коммунистической молодежи незачем. Нужно организовать особый «Киргизский Союз молодежи» и т.д. в этом духе.

В ругательстве «Алаш-ординцев» и их главарей, как в печати, так и устно я был один из первых. Я будучи вторым редактором и фактически руководителем газеты «Трчилик» в 1917-1918 гг. о них писал еще позже, хотя уже в другой форме, в органы КЦИК в Оренбурге «Энбекши – казак» и даже две мои статьи на русском языке были напечатаны в 1920 г., в органе Наркомнаца «Жизнь национальностей». И за все это мне, конечно, не могут простить.

Я бывший аульный учитель. Плох или хорош, киргизский писатель и поэт. Для характеристики приведу еще следующее: Как современник – представители дворянства не признавали в Некрасове поэта, и как теперь многие из представителей буржуазной интеллигенции не хотят признавать в Демьяне Бедном поэта, так и многие из наших товарищей, пришедших в 1920 г. в партию из Алаш – орды или не хотят признавать во мне поэта или признают с разными оговорками. Когда я пишу о революции, о «красных соколах», о паровозе, красных героях, о красных стрелах и о «певцах революции, реющих на аэропланах», когда я пишу агитационного характера стихи, то это они называют «не поэтическими» и плохими и утверждают, что киргизам об этих вещах писать незачем, что агитацию в лирику вносить нельзя. А когда я пишу о красоте природы, то они говорят, что это ничего – даже отлично. Так относятся не только ко мне, но и к моим товарищам по перу. Например, о молодом поэте С. Муканове, они тоже такого же «мнения».

Теперь, каково общее политическое положение в Киргизии. В Киргизии сейчас господство людей, пришедших в партию в 1920 г., т.е. людей правой тенденции. Лишь только председатели ЦИК и СНК люди не из сочувствующих правой тенденции. Поэтому, издали может показаться, что не все командные высоты в руках людей, правой тенденции. Но что сделают два человека? При том, тяжеловесность характера пред СНК Нурмакова и малограмотность председателя КЦИК тов. Мынбаева прекрасно позволяет (что уже на факте видно) за их спинами работать людям правого уклона. Эти последние так хорошо связаны, как звенья одной цепи, начиная с людей находящихся в Компартии и занимающих высокие ответственные посты и кончая Букейхановым, Досмухамметовым и Тынышбаевым и поэтами Джумабаевым и Дулатовым. Все мешающие этим людям товарищи постепенно под разными видами снимаются с важных постов и на их места становятся «свои люди». Теперь все председатели ГИКОВ, за исключением председателя Уральского ГИКа тов. Досова, их «свои люди».

1. Сняли, например, тов. Садвакасова, секретаря КЦИК – одного из активных борцов среди трудящихся 1917-1918 гг. в Омске, против «Алаш – ординского течения», участник организации «Демократического Совета» Киргизской молодежи Омска в противовес Алаш-ординским организациям, работавшего в контакте с подпольными большевиками в 1918-1919 г. в гор.

Омске, устроившими восстание в декабре мес. 1918 г. против Колчака. Принимавшего участие в устройстве побега в 1919 г. Т.Т. Нуркина и меня из концентрационного лагеря Колчака и скрывавшего вместе с тов. Байдильдином красного партизана Адилева и одного русского товарища.

2. Сняли Т.Х. Юсупбекова с должности секретаря Губкома, активного борца с 1917-1918 г. Среди учащейся молодежи Омска, и одного из организаторов, совместно с Т. Садвакасовым, Т. Арыстанбековым, Нурсеитовым и Досовым «Демократического Совета» Киргизских учащихся против «Алаш-ординского течения».

3. Выжили тов. С. Шарипова сперва с поста Предс. Акмолинского ГИКа, потом из коллегии Киротделения, куда был введен моим усилиями. Тов. Шарипов – один из малочисленных борцов 1917-1918 гг., организаторов советской власти в Кокчетаве. Во время колчаковщины скрывался и подпольно работал между Турккеспубликой – Кустанаем, Тургаем и Атбасаром. Сейчас работает уже два года на «Эмбе нефти», куда поехал охотно.

4. Сняли Исаева – секретаря КЦИК, тоже из активных молодых работников, против Алаш-ординцев Уральской губернии.

5. Сняли Ипмагамбетова с должности секретаря Уральского ГИКа, тоже активного из молодежи борца, против Алаш-ординцев Уральской губернии.

6. Сняли Абдрахманова с должности зам. пред. Уральск. ГИКа, тоже ярого противника «Алаш - оридинцев».

Конечно, все эти товарищи не одновременно были «выжиты», а в разное время.

Единичных рабочих-киргиз, борцов 1917-1918 гг., товарищей Жаныбекова, Мухеева и рабочего Байсалыкова, которых в свое время мы поддерживали, мы вытаскивали с уездов и губернии, выдвигали., всячески хотели оторвать от нас, пуская в ход все, в одно время им удалось Байсалыкова восстановить против нас. И когда хотели снять меня с поста Пред.СНК, этих товарищей-рабочих «повысили». Мухеева назначил Наркомвнудел, Байсалыкова заместителем Председателя КЦИК и даже пустили слух, что его хотят наметить в Председателя КирЦИКа, Жаныбеков - члена КЦИКа, назначил Начальником Краевой школы милиции сред. Комсостава. А когда сами укрепились, против Мухеева нашли где-то в Омске материал, обвиняющий его в участии грабежа в 1917г. магазина одного омского купца и его сняли. В Омске кто-то специально ездил. Жаныбекова выкинули из КЦИКа, Байсалыкова не только не выдвинули на пост председателя ЦИКа но и сняли с должности заместителя председателя Жаныбекову ставят в вину то, что он выпивает, а тогда как их «свои» люди выпивают по чаще.

Сняли с поста и Мендешева, прежнего председателя КЦИКа. Его политическая линия в первое время была правильная, но за последнее время

у него замечалась какая-то особенная тенденция безразборчиво правильно или неправильно поддакивать русским товарищам.

Это я считал нездоровой тенденцией и был против этого.

И думы и чувства стремительно летят вперед и ввысь к радостным лучам сияющего солнца. Хочется воспеть гимн солнцу теплого юга, гимн жизни, и просторам степей коллективного труда, тучному урожаю колхозных и совхозных полей. Хочется воспеть гимн и поэтому, что едем в образцовом культурном нашем советском поезде, мчащемся по хлебным и скотоводческим социалистическим полям Казахстана, некогда забитого и угнетенного, а теперь Советского. И в этом поезде ярко чувствуются, и лучится теплота солнца и нежностью голубого неба, и прелесть широких степей и волнистых долин, и радость коллективного труда. Едут в нем люди из разных национальностей: Вот русский - представитель прежней великодержавной нации, теперь одинаковый гражданин со всеми другими Советского Союза. Вот молодой казах, по виду студент – представитель ранее угнетенной, а теперь равноправный пацан. Он рассказывает об Академии и о речах Крупской и Бухарина, его черно карие глаза горят и сияют огнем восторга. А мальчик – киргиз, внимательно слушает, и его смуглое и умное лицо сияет, и красивые смородинные глаза горят жаждой знания. А вот белый мужчина, высокий, широкоплечий, красивый в военной форме, с ромбом. Он эстонец, едет на работу в Казахстан. Он расспрашивает, едет словно в свой родной край. Даже по тону его голоса видно, что любая часть нашего Великого Советского Союза для него и для всех трудящихся – родной край. Вон узбек – колхозник, хлопкороб, в ярко полосатом халате, оживленно рассказывает казаху, в широкополом кошомном уборе на голове, о хлопковом совещании в Наркомземе. А вот, другой казах, поэт, говорит о музыке – венгерской, польской и татарской. Говорит о татарском музыканте Сайдамове, о песни Музаффарова «Казах Кзы», о наследии даровитого Казахского Кобзара – композитора Икласа. Вот татарин в военной форме с Ворошиловским значком. Он все время весело говорил то по-казахски, то по-русски. Теперь вмешался в разговор о музыке. Говорит он о факстротах и о Шопене и о Шуберте. Все эти люди как то просто держат себя как среди своих родных. Это ясно видно во всех движениях и интонациях их голосов. И в этом поезде ярко чувствуется, что труженики Советского Союза везде являются членами единой великой семьи. И обслуживающий персонал, и начальствующий состав поезда ведут себя как не отдельные члены этой прекрасной семьи. Громкоговорители в вагонах извещают о вечере самодеятельности организуемом треугольником поезда. Треугольник (нач. поезда Зуйков, парт. групп. Феофанов, проф. орг. Абрывен) просят пассажиров участвовать в вечере и в выпуске степной газеты.

Поезд мчится, и громкоговорители передают разнообразную музыку радиопередач разных национальных Советских Республик, музыку разно национальную по форме единую по духу.

Все это немыслимо было при старом строе. Кто не знает, что трудящиеся угнетенных национальностей ранее лишь с тяжким трудом могли ездить в поездах, терпя зверские обиды и оскорбления со стороны великодержавных насильников! Только Октябрьская революция уничтожила всякие основы угнетения и национальной вражды. Только Ленинская Коммунистическая партия создала условия для интернациональных отношений. Сейчас в любом месте, в любом уголке нашего Советского Союза каждый трудящийся любой национальности чувствует себя как среди своих близких и родных. Ярким примером тому может служить этот поезд, несущий социалистическую культуру, способствующий созиданию интернациональных отношений, смело мчащийся по просторным далям советского Казахстана на встречу золотым лучам радостного теплого солнца, к сияющим голубым вершинам Ала – Тау.

Культурный поезд № 10/9. Москва – Алма-Ата
Сакен Сейфуллин (казахский поэт и писатель)
7/Х-34 адрес: г. Алма-Ата,
ул. К - Маркса, д. 97, кв. 1

Сәкен Сейфуллин жаңа заманғы қазақ әдебиетінің көшбасшысы

СӘКЕН СЕЙФУЛЛИН ТУРАЛЫ

I. СӘКЕНДІ ЕСТУІМ

1919 жылдың басы... Омбы қаласы. Мен Омбыда оқудамын... Ауасында құрғақ қар шаңытқан, желі ызындаған, күні құлақтанған, жер беті түксіе қырауытқан қызыл шұнақ аязды күндердің біреуінде, ұрпақтары қазіргі Қостанай облысы, Пресногорьков ауданы, Карл Маркс атындағы совхозда тұратын Шәйгөз-Уақ елінен, Нұрке атты кісі Омбыға келе қалды.

Бексейіт дейтін арбакештің үйіне түскен елдес жолаушының жүріс жайын сұрастырсам, Омбының абақтысында Жұмабай атты баласы тұтқында жатыр екен. 1917 жылы патша өкіметі құлағаннан кейін, Ақмола қаласында Совдеп ұйымдасады, осы жұмысқа белсене қатынасқан адамның біреуі - жас учитель Жұмабай Нуркин екен... 1918 жылдың май айында Совдеп құлап, ұйымдастырушылары абақтыға түскенде, Нуркин мен жолдастары, сол жылдың күзінде Омбы абақтысына келіп қамалады...

Кешікпей мен Жұмабайды да көрдім. Қасында мылтықты конвойы бар, аяқ-қолы кісендеулі ол, бір күні әкесінің пәтеріне келді. Шарға бойлы, талдырмаш денелі, жасы сол жылы 25-ке ғана шыққанмен, сақал-мұрты дордия өскен адам екен; аштықтың салдарынан бет-аузы жалқаяқтанған ісік, киімдері далба-дұлба... өзі абақтыда ауырып жатқандарға дәрі-дәрмек әкелу сылтауымен шығыпты.

Осындай халінде, бір емес, бірнеше рет көрген Жұмабайдан замана жайы, Колчак жайы, большевиктер жайы, Қызыл Армия жайы туралы көптеген кеңестер естідім. Тұтқындағы учитель әдебиет мәселесінен де сауатты адам боп шықты. Менің де ептеп өлең жазатынымды көрген Жұмабай, әдебиет мәселесін тереңірек қазбалап отырып, Сәкен Сейфуллинді атап қалды.

Сәкен Жұмабайдың ескі жолдасы екен. Ол екеуі 1912 жылы Омбыдағы учительдер семинариясына бірге түсіп, 1916 жылы бірге бітіріпті де, бұрынғы Ақмола уезіне учитель болып бірге кетіп, Февраль революциясы болғанда Ақмола Совдепін ұйымдастыруға бірге араласыпты. (Жұмабайдың айтуынша, Сәкен мен оны большевиктік іске, Омбы семинариясында оқып жүргенде белгілі қарт большевик - Феохтист Березовский тартқан). Совдеп құлағанда абақтыға бірге алынып, қазір Омбы абақтысында бірге жатыр екен...

Әдебиетте де тап тартысы барын мен бірінші рет Жұмабай Нуркиннен естідім. Осы жайда сөйлеп отырып “қазақта пролетариаттық революцияны бірінші жырлаған ақын Сәкен Сейфуллин деді де, оған дәлел мыналар” деп бірер өлеңді жатқа айтып берді...

1919 жылдың басында (дәл қай ай екені есімде жоқ), жасырын жұмыста жүрген большевиктер ұйымдастырып, Омбыда жұмысшылар көтерілісі болды. Олар абақтыдағы большевиктерді босатып алды. Жұмабай Нуркинді әкесі еліне алып кетті. Колчак көтерілісшілерді қан-жоса қып басты. Абақтыдан босанғандардың біразы ұсталып қайта қамалды... Сонда “Сәкен босана алды ма, жоқ па?.. Босанса қайда кетті, босанбаса не халде?” - деген сұрау менің көңілімде қала берді...

II. СӘКЕНМЕН КЕЗДЕСУІМ

1920 жылы Қырғыз (қазақ) автономиялы республикасы құрылып болысымен, оның орталығы - Орынборда “Ұшқын” атты газет (кейінгі “Социалистік Қазақстан”) шығып, соның со жылғы санында “Абдолла бауырым тірі екен” деген мақала басылды, қол қойған - Сәкен Сейфуллин, Абдолласы бізге белгілі Асылбеков екен. Мақаланың айтуынша, 1919 жылы Омбы жұмысшылары көтеріліс жасап, абақтыдағы большевиктерді босатқанда, дені сау Сәкен қашып үлгіріпті де, ауыр сырқат күйіндегі Асылбеков Абдолла қалып қойыпты... Сәкен Абдолланы “өлдіге” жорыса керек. Сол Абдолласы тірі шығып, Колчакты құлатысып, Қиыр Шығыста жапон интервенттерін жеңісіп, 1920 жылдың аяғында Омбыға қайтып келген!..

Сәкеннің өзі абақтыдан қалай қашып, қайда баруы, оның халыққа белгілі шығармасы - “Тар жол, тайғақ кешуде” айтылған, сондықтан оған тоқталмай, Сәкенмен алғаш кездесуімді қысқаша ғана баяндайын.

1922 жылдың басы. Қырғызстандық (Қазақстандық) партия ұйымының Орынборда шақырылған екінші конференциясына делегат боп мен де бардым. Бұл қалада қызмет атқаратын республика басшыларының әрқайсысын да көргім келеді, солардың ішінде, әсіресе, Сәкен Сейфуллинді көргім келеді, естуімше, ол қазір “Еңбекші қазақ” (бұрынғы “Ұшқын”) газетінің алқа мүшелеріне председатель және Қазақстан Халық Комиссарлары Советінің председателі... Мен Сәкенді көруге бұ жағынан емес, ақындық атын естігендіктен құмартам.

Сәкенді алғаш “Деевская 5” аталатын өз пәтерінің алдында көрдім. Орамның бұрышына салынған бұл сәнді ағаш үйдің адресін маған Абдолла Асылбеков берген. Абдоллаға мен, 1921 жылдың мартында жолыққамын да, содан кейін дос боп кеткем. Ол - Қырғыз (қазақ) облыстық партия комитетінің ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі.

“Деевская 5-ке” жаңа жетіп, көше жақ есігінің басқышына көтерілуге ыңғайлана бергенімде, әдемі фаэтонға жегіліп, екпіндей желген сұлу көк арғымақ мен тұрған есіктің алдына кеп тоқтай қалды. Фаэтанның алдына кучер, артында жалғыз ғана адам отыр. Арттағы адам фаэтоннан түсе бергенде, мен түр-тұлғасына таңдана қарап, шегіне беріп, қалшия қаттым да қалдым.

Мені екі нәрсе қайран қалдырды: бірі - бұл адамның көңілі, екіншісі - кескін - кейпі. Әуелі, киімі туралы: басында дөңгелек құндыз бөрік, үстінде құндыз жағалы пальто, аяғында саптамалы қазақы етік. Бұлар менің ол кездегі ұғымымда, тек, буржуйларға ғана тән киім! Бойы ортадан биіктеу, денесі тік, жауырыны кең бұл адамның кескін жобасы қазақ: бірақ әдеттегі қазақтың бірі емес, аса сұлу қазақ; маңдайы кең, мұрны сұлулана біткен дөңес, қырау тұрған имек қасы қалың, ұзын кірпік, сұлу қара көзді, қою ұзын мұртты. Өзі дәл солай ма, әлде аяз сүюден бе - сұлу бетінде құлпыра қан ойнайды!..

Осы адам фазтоннан түсті де, кучеріне “ал, Мұхаметолла, жүре бер” деп, мені көрмеген, көрсе де елемеген адам сияктанып басқышқа көтеріле берді. Оның келуін терезеден көріп тұрғандай әлдекім тез есік ашты да, сұлу адам үйге кіріп кетті. Қоян құлақшыны, шолақ ақ тоны бар, жұқа өңді, қырауытқан сұйық мұртты кучер сұлу адам үйіне кіре, көк арғымағын бұра берді:

- Әй, жолдас, тоқта! - дедім оған.

- Нәрсе? - деді ол татаршалап, ауыздықпен алысқан атының божысын тежеп.

- Атың кім?

- Нәрсеге керек?

- Білгім келеді...

- Мұхамателла Бикмаев...

- Үйге кірген кім?

- Сәкенні білмисіңмі ни? Сейфуллин!..

Бикмаев тарта жөнелді. (Ол, кейін көп жыл шофер болған, қазір қартайып пенсияға шыққан, құрметті Бикмаев). “Сәкен осы екен ғой” деп ойладым. Бірақ үйге кірмедім. “Советтік” тәкаппарлығым ұстап кетті...

Сәкенмен екінші рет Абдолла Асылбековтың мейманханадағы номерінде кездестім. Костюмымен ғана отырған Сәкенге енді қарасам: кескіні шынында да адамзаттың көркемі екен. Қыраусыз қап-қара қалың қасы, қою ұзын мұрты өзі сұлу ажарын ерекше шешіп тұр!.. Томпақ қара көздерін одан да сұлуландыра түсейін дегендей, біреумен сөйлескенде ұзын кірпіктерін жиілете қағып, көзін бәлкім күлімдете, бәлкім ойнақтата қарайды... Күлгенде балуан мойнына біткен әдемі басын шалқайта, ұзын, әдемі тістерін көрсете, аздап қана кеңкілдейді, сақылдамайды. Қап-қара шашы толқынды біткен. Әсіресе, маңдай алдының шашы сол жағынан бұйралана қайқайып барып, үйірілген ұшы кейін қарай қайта жығылады. Денесі таразы, саусақтары ұзын... Тал бойында осынша жарасымды біткен мүшелерінен нұқсандысы, - салт жүретін көшпелі елдің ұлы болғандықтан, жіліншігі бәлкім қотандау (сонысын сездіргісі келмей, еш уақытта етік, галифе сияқты тар киімді аяғына жолатпайтын еді). Әйел пішінді, сұлу еркек те болады екен ғой. Сәкен еркек пішінді, бейнелей айтқанда “ер

пішінді” адам. Жасы со жылы 28-ге ғана толғанмен, кескіні сақа жігіт сияқты.

Амандасып кеңескенге дейін Сәкеннің тал бойында маған ұнамағаны - оң жақ білегіне салған, қара алтынмен әшекейленген сом, бұрамалы күміс білезік пен қайырмалы ақ жағаға байлаған қара галстук (коммунист, комсомол былай тұрсын, “Советтік” аталатын барлық адамға да галстук тағу - ол кездегі адамның ұғымында бері салғанда, - “мещандық”, әйтпесе, буржуазиялық салт есептелетін). Бұл “тұрпайылығының” үстіне, Сәкен хош иісті құйынып кепті.

Абдолла қызық кісі еді. Үйінде өз әйелі, қызметкер әйел бола тұра, ас-су әзірлесуге (ет, нан турасу, ыдыстарды әкелісу, самауыр қою, т.б.) өзі де қатынасатын. Орынбор мейманханасында жалғыз тұратын ол сорпа-суын өзі әзірлейді екен. Сәкен екеумізді айтылған сағатта жылы шыраймен қарсы алған Абдолла бес-он минуттың ішінде бізді бір-бірімізбен таныстырып та үлгірді. Содан кейін бөлмесіндегі штепсельді пайдаланып, консервадан, колбасадан бізге қонақасы әзірлеуге кірісті.

Сәкен екеуміз тез шүйіркелесіп кеттік. Абдолланың мені қысқаша таныстырған сөздерін естіген сән-ақ: “Кәне, сол өлеңдерің қайда?” деді Сәкен маған. Менен алған дәптерді ол үн-түнсіз бастан-аяқ оқып шықты да, мұрнынан сөйлейтін қоңыр дауысымен “енді сөйлесуге болады” деді...

Сол жылғы кеңестен бастап, Сәкенмен екеуміз үздіксіз дос боп, үздіксіз сырласқан, үздіксіз істес болған кісіміз.

Сәкен шынайы достықты құрметтей білуші еді. Екеуміз өмірдің, әдебиет пен мәдениеттің түрлі мәселелері жөнінде әрдайым пікір алысып, ақылдасып отыратынбыз. Сәкен әр адамға адал ақыл бере де, өзгенің орынды ақылын ала да білуші еді. Көп жыл айнымас дос, қалтқысыз сырлас болған, қымбатты жолдас Сәкен Сейфуллинді бір мақаланың көлемінде түгел сипаттап шығу мүмкін іс емес. Бұл мақаланың мақсаты - Сәкенді толық бейнелеу емес, оның мінезіндегі, қылығындағы, ісіндегі, жазуындағы кейбір ерекшеліктерді оқушы көпшіліктің алдына елестетіп өту ғана.

III. СӘКЕННІҢ МІНЕЗІ, ҚЫЛЫҒЫ ТУРАЛЫ

Сәкен ең алдымен өтірік дегенді білмейтін адам еді. Оның досы да, дұшпаны да көп болды. Солардың ешқайсысы да, не бұрын, не қазір Сәкеннің жалған сөйлегенін не көрдік, не естідік демеуге тиісті.

Артық айтсын, кем айтсын, Сәкен үнемі ағынан жарылатын кісі еді. Сонысынан өзі де кейде ұсталып қалатын, жолдастарын да ұстап беретін. Оған бір мысал: 1923 жылы Орынбор қаласында Қазақстан Партия ұйымының үшінші конференциясы өтті, оны өткізуге орталықтан Ярославский жолдас келді. Күн тәртібіне қойылған мәселенің біреуі, ауылда “Әлеуметтік база” жасау, яғни еңбекші көпшілікті экономикалық жағынан да, идеялық жағынан да ұйымдастырып, тап жауларына қарсы

шығару. Осы мәселеге Садуақасов Смағұл қарсы шығып, “база” деген сөзді кейін қарай оқыса “азаб” болады деп “теория” соқты. Садуақасовқа көп адам қарсы болғанда, Асылбеков, Меңдешев, Сейфуллин тағы да біраз адам солқылдақтық көрсетіп, делегат көпшілігінен таяқ жеді!...

Келер күннің ертеңіне таң жаңа атып келе жатқан кез, біреу келіп мейманханадағы менің есігімді қақты. Ашсам: Асылбековтың әйелі - Бану!.. “Ия, бейсауыт уақытта қайдан жүрсіз?” деген сұрауға, “Абдолла жоқ, іздеп жүр едім, - деді Бану, - кеше іңірде кеткен еді, содан хабарсыз...”

Сол кезде Абдолланың ептеген бозбалашылығы бар деп естуші едім. Банудың сөз әлпетінен байқай қойдым, көңілінде сол күдік тұрған сияқты...

Менің ойымда басқаша бір күдік тұр. Соны анықтамақ боп, тез киініп алдым да, Сәкеннің үйіне барып, есігін қақтым. Ұйқылы көзбен есігін әрең ашқан Сәкен: “Мезгілсіз шақта не қып жүрсің?” деді маған. Мен жөнімді айтқан соң, “Смағұлдың үйінде болуы мүмкін” деді. Сәкен, бұған менің нанғым келмеді. Соңғы уақытқа дейін Садуақасов Смағұлдың идеялық қарсы адамы болып келген Асылбеков, енді қалайша оның үйіне қонады? - “Мен де айттым соны, - деді Сәкен. - Кеше конференцияда ол да, мен де қате сөйледік. Бүгін сол қателікті мойындайық деп ем, Абдолла ойланбақ болды. Іңірде Смағұлдың үйіне барып қонып қалуы мүмкін...”

Сәкеннің жорамалы дұрысқа шықты. Бұл қылығына қатты ұялған Абдолла, пікірлес жолдастарын жинап ап, конференция атына қателік мойындаған хат жазды да, “он адамның хаты” деген документ конференцияның сол күнгі мәжілісінде оқылды. Сонан кейін қалжыңдағанда “Сәкен ұстап берді” дейтін еді Абдолла...

Сәкен өсек айтуды да білмейтін кісі еді. Оның біреуді біреуге шағыстырғанын, немесе, біреуді сырттан кінәлағанын естіген де, көрген де кісі жоқ. Не айтқысы келсе де, ол бетіне айтатын. Күлгірсу, жалпақтау дегенді білмейтін, өсекшінің мінін тура бетіне басатын...

Бір көрме кісіге Сәкен тәкаппар сияқтанатын еді. Кейбіреуге сөйтетіні рас та болатын. Үлкенсуді ол қатты ұнатпайтын, егер біреуден ондай мінез сезсе, я ұнатпайтын біреуі болса, кекірейе қалатын.

Ұнатпайтын адамымен Сәкен сөйлеспейтін, араласпайтын, ұнататынына да сирек араласатын, қыдыруды жек көретін. Өзі ұнататын біреумен кездесе қалса, ұзақ мәжілістесуді жақсы көретін. Ондай шақта байсалды кеңес қозғауды ұнатпай, әзіл, қалжың, сауық сияқты көңіл көтерерлік істермен ғана отыратын. Сәкен өз жанынан әңгіме айтуға шорқақ болатын. Ол, тек қысқа күлкілі кеңесті ғана айтатын. Сөзге шешен емес те. Ауызша әңгімелері ұрт, доғал, кесек келетін, бірақ сондай сөздері өте тапқыр, өткір болатын. Тым әдемі сөйлегенді жаратпайтын, қарапайым, мағнасы ашық сөзді жақсы көретін.

Сәкен музыканы, әнді өте сүюші еді. Домбыраны бір сыдырғы әдемі, ықылас қоя тартатын, ондай шақта сөз сөйлеуді жек көретін. Өзі ән айтпайтын Сәкен, ән айтушыларды қошаметтеп, көтермелеп, кейде өзі

ыңырси қосылып кететін, мәжілісінің көбі ән, күй думанмен өтетін. Сәкеннің ең жақын досының бірі - Әлкей Өтекин еді. Сауаты шағын, серілеу бұл көркем жігітті Сәкен әдемі әндері үшін ғана сүйетін.

Сәкеннің кейде ән-күйге ерекше балқып кететіні де болушы еді. 1934 жылы Москвада оқып жүріп, Алматыға каникулға келдім. Сәкен мені үйіне қонаққа шақырды. Барсам белгілі домбырашы Хасенов Әбікен отыр екен. Бұрын көрмеген бұл кісіні, Сәкен “Арқаның атақты домбырашысы” деп таныстырды да, біраз күйлер ойналғаннан кейін, “Саржайлауды орында” деп өтінді. Әдемі орындалған күйге балқып отырып, Сәкенге қарасам: үлкен қара көзінде жас мөлдіреп тұр екен, менен ыңғайсызданғандай, жасын бармағымен сілкіп жіберді де, “Тоқа деген кісі жер ауып жүріп шығарған екен бұл күйді. Осы күй ойналса, Колчактан қашып жүрген таршылық күндерім есімен түседі” деді.

Сәкен ешкіммен де ілезде достаса қоймайтын. Достаса қалғандай болса біржола берілетін. Мысалы, Омбы семинариясында Сәкенмен бірге оқыған Әбілғазы Нұрсейітов деген жігіт болды. Талдырмаш, кішірек бойлы, бұйра шашты, еврей кескінді бұл жігітті Сәкен де, оның жақын жолдастары да қалжыңдап “Криштейн” деп атаушы еді. Қазақстанның “орынборлық дәуір” аталатын жылдарында сол Криштейн Сәкеннің үйінде тұрып, үнемі бірге жүруші еді, ұзынды-қысқалы ол екеуін жұрт “пат-паташонок” деп күлуші еді.

Сәкен аса балажанды адам еді. Үлкендерге “кісі киіктеу” ол бала көрсе, жанаса, жұғыса кететін. Туған інісі Мәжиттің жирен шашты балаларын емірене құшақтап отырғанын талай көрдік. Өзі де, інісі де қара шашты Сәкен, “немерелерінің жирен шаштығын арғы аталарымызға тартқан” деп түсіндіретін, 1936 жылы өзінен Аян дейтін ұл туып, сондағы қуанышын маған ұзақ хат қып жазғаны бар. 1937 жылдың көктемінде туған ұлымның атын мен Ботажан деп қойдым. Содан кейін біздің үйге бір келгенінде, жас нәрестені алдына алып отырып, “аты кім?” деді Сәкен. Мен “Ботажан” дегенде Сәкен күліп, “Бұзаужан” деп неге қоймадың?” - деді... Баланы Сәкен иіскеуші еді де, сүймеуші еді. “Неге?” десең, “Өмірде кісі сүйіп көрген жоқпын” дейтін.

“Әйелді ше? - “Оны да”...

Сәкен аса тазалықты жақсы көретін. “Біреудің үйіне қыдырып бармайын демеймін-ау, шақырусыз барсам, жинақы кезіне ұшыраспай, былығып жатқанын көріп, екінші рет ол үйге баруым қиын” - дейтін. Әдемі нәрсені Сәкен жақсы көруші еді. Белгілі жазушы Галина Серебрякова, 1933 жылы Сәкенді Москвада үйіне қонаққа шақырып, әдемі қобдиша сыйлады. Сол үйден шыға бере Сәкен қағазға ораған қобдишаны ашып толыққан айдың сәулесіне тосты да, “осындай көркем нәрсені ұстаған әйелдің саусағына қол тию қандай рахат!” деді. Сәкен сол сияқты сәнді нәрсені көбірек жинауға тырысатын еді.

Асты Сәкен тандап, дәмдісін ғана ішетін, тыңқия тоюды ұнатпайтын, сыза ғана ауқаттанатын. Жолға шыққанда, өзің неше сомға қонақ қылсаң, артық кемі жоқ, о да сонша сомға қонақ жасайтын. Үйіне қонақты өте сирек шақыратын, егер шақырса, ықылық ата тойдырмай шығармайтын. Ақ арақ, коньяк сияқты күшті ішімдікті татпайтын, кавказдық жеңіл шараптардан аздап қана ұрттап отыратын, өзі мас болмайтын, мәжілісте біреу мас болғанын көрсе - шығып кететін.

Сәкен аса уәдешіл болатын, уәделі ісін бұлжытпай кезінде орындайтын. Екі сөзді айтпайтын. Әсіресе, партиялық тәртіпке мұқият болатын. 1925 жылы, Қызылордада бір айдың партияға мүшелік жарнасын төлеуді Сәкен ұмытып кетіпті. Осы жайды ячейканың секретары Аманғали Сегізбаев ескерткен екен, қатты ұялған Сәкен кешірім сұрап арыз жазыпты. Осы арыз партиялық жиналыста оқылғанда, Сәкеннің терлеп-тепшіп отыра алмағаны күні бүгінге дейін көз алдымда. Партиялық жиналыстан қалмай, белсене қатынасатын Сәкен, былайғы жиналысқа аса салақ еді. Әдебиетте, немесе басқа мәселелер жөнінен айтыс-тартысқа ол сирек қатынасатын, қатынасқан жиналыстардың көбінде, егер біреу қытығына тимесе сөйлемейтін. Жазбаша болмаса, ауызша айтысқа шорқақ болатын. Адал сынға ашуланбайтын, арам сынның біразына жауап бермейтін.

IV. СӘКЕННІҢ ЖАЗУШЫЛЫҒЫ ТУРАЛЫ

Бұл мақалада Сәкеннің қаламынан туған шығармаларды шолу пікірінен аулақпын. Оған бір себеп, 1936 жылы, Сәкеннің жасы қырыққа, әдебиеттік қызметі жиырма жылға толуына байланысты жазған ұзақ мақалам, сол кезде, баспасөз бетінде орысша, қазақша жариялануы болса, екінші себеп - көркем әдебиеттің барлық жанрында да қалам тебіrentкен қайраткердің еңбектерін тағы да шолуға бұл мақаладағы орынның тарлығы, сондықтан, тек, үш мәселеге ғана қысқаша тоқталуды мақұл көрем.

Бірінші Сәкеннің қазақ поэзиясындағы орны. Автобиографиялық материалдарына қарағанда Сәкен өлеңді бала жігіт шағынан жаза бастаған сияқты. Оның алғашқы өлеңдер жинағы “Өткен күндер” деген атпен 1915 жылы шықты. Одан кейінгі жинағы - 1922 жылы жарияланған “Асау тұлпар”, содан кейін жалғаса жарияланған өлеңдерін, поэмаларын тұтас алғанда, толық екі томдық кітап.

Идеялық жағынан алғанда Сәкеннің революцияға дейінгі өлеңдері, 1905 жылғы революциядан кейін қазақ поэзиясында белең алған “мелләтті ояту”, ескіліктің кем-кетігін сынау, жастарды оқу-білімге шақыру төңірегінен аспайды.

Октябрь революциясының дауылы зердесіне жаңа, большевиктік ой-сана күйған Сәкен, “Қалың елім қазағым, қайран жұртым” сарынынан, “нашарларға болысып, күштілер бетін қайыру, тырнағынан олардың, езілгенді айыру” сарынына ауысады, бұл идеяны сөзде ғана емес, істе де

жүзеге асырып Совет өкіметін құруға белсене қатынасқан Сәкен, 1918 жылы ақтар төңкерісі боп тұтқынға алынғанда революциялық, советтік тақырыпта жазған біраз өлеңін жаулар жойып жіберді.

Қазақ совет әдебиетінде, кейін жазған кейбір шығармасын ілгеріде жазып едім дейтіндерді білеміз. Шыншыл Сәкен ондай өтірікке барған емес. Революцияға арналған көп өлеңі жау қолынан жойылуына өкінішін айта отыра, “енді соларды тірілтуге болмай ма?” деген сұрауға, ол: “Әрине, болады, бірақ, ол, 1917-18 жылдардағы Сәкен жазған шығарма болмайды, кейін, сана-сезімі өсіңкіреген Сәкен жазған шығарма болады, оның аты - жалған жұмысқа бару болады” - дейтін. Белгілі дәуірде, белгілі ой-санадан туған шығарманы, кейінгі дәуірге сәйкестеп өзгертуді Сәкен ұнатпайтын. Оған бір мысал, “Асау тұлпарға” кірген “Бабаларыма” деген өлең. “Өзіңіз коммунист бола тұрып, құдайға сыйынатын бұл өлеңді неге жарияладыңыз?” деген сұрауға, Сәкен “ол жылы революциялық жолға түскеніммен, ескілік ұғымынан да арылып болмағанымды көрсету үшін жарияладым” деп жауап беретін еді.

Сәкеннен сақталған өлеңдерде, революциялық сарын, 1917 жылы “Кел, жігіттер!” деген атпен жазылған шығармадан басталады. Бұл, бүкіл қазақ әдебиетінде Октябрь революциясына қосылған бірінші үн. Осыдан басталған Октябрь ұранын, 1919 жылы “Кедей сөзі” газетінде Баймағамбет Ізтөлин жариялаған “Бостандық” атты өлеңге дейін, қазақ поэзиясында, жалғыз Сәкен Сейфуллин ғана шақырып, пролетарлық революцияның жеңімпаз қарқынын көрсететін көптеген өлең жазды. Сондықтан да Сәкенді “Қазақ совет әдебиетінің іргесін қалаушылардың бірі ғана” деу, - тарихқа қиянат жасау. Ол, - “бірі” болар еді, егер Октябрден туған қазақ совет әдебиетінің алғашқы іргесін онымен қатар қаласқан тағы да біреулер болса, іргесі 1917 жылдардан бастап қаланған қазақ совет әдебиетінде, 1919 жылға дейін Сәкеннен басқа, советтік яғни пролетарлық тұрғыдан шығарма жазған бір де адам болған жоқ. Октябрден туған қазақ совет әдебиетінің іргесін алғашқы үш жылда қалаған басқа адам болмаса, оны жалғыз Сәкен ғана қаласа, Сәкенді “көптің бірі” деу қиянат. Ол “Қазақ совет әдебиетінің іргесін қалаушылардың бірі” ғана емес, бірден-бір өзі. Бұл тұрғыдан алғанда, Сәкен қазақ совет әдебиетінің Маяковскийі ғана емес, Максим Горькийі, яғни қазақ совет әдебиетінің өркендетушісі ғана емес, оны бастаушы.

Кейде, әдебиетте, алғашқы қызу қарқыннан суып қалатын да адамдар болады. Сәкен өйтпеген кісі. Әдебиет майданында отыз жылға созылған қайраткерлік ісінде, кейбір шығармаларында елеулі қателіктер, кемшіліктер жібере жүре Сәкеннің социалистік құрылыс істеріне қаламымен үздіксіз, әрі белсене жауап бермеген күні жоқ. Сондықтан ол, революционер ақын ғана емес, құрылысшы да ақын.

Сәкен өлеңдерінің поэтикалық өзгешеліктеріне де көп сөздер арнауға болар еді, оған бұл мақалада орын жоқ. Қысқа түрде ғана айтарымыз: қазақ

поэзиясының мазмұнына революция жасаған Сәкен, дәл осындай революцияны оның лексикасы мен түріне де жасады. Оған көп мысалдың біреуі - “Советстан” поэмасы. Егер, біз Владимир Маяковскийдің “Левый марш”, “Приказ по армии искусств”, “Владимир Ильич Ленин” сияқты шығармаларын жержүзілік поэзияда болған да емес және қайталанбақ та емес десек, “Советстан” туралы да соны айтамыз. Октябрь революциясының дауылы қазақтың кең даласында тудырған бұл тамаша тау, сол әдемі қалпында мәңгілік сақталуына сеніміміз берік. Сәкен поэзиясында ондай шығармалар толып жатыр.

Екінші, Сәкеннің қазақ прозасындағы орны. Алдын ала айта кетуіміз қажет, Сәкен көркем прозада поэзиядағыдай шебер болмады. Ол жазған повестер мен әңгімелерде сюжеттік, композициялық, стилистикалық, сөздік жағынан олпы-солпылары болады. Дегенмен, Сәкеннің қаламынан туған прозалық шығармалардың жалпы қазақ прозасында ерекше бір орын бар. Енді соған қысқаша тоқталайық.

Ең алдымен “Тар жол, тайғақ кешу” туралы. Кейін қалың кітап боп жарияланған бұл шығарманы Сәкен 1920 жылы Орынборға келе қолға алды да, 1923 жылдан бастап, сол кезде Орынборда шығатын “Қызыл Қазақстан” журналына жариялауға кірісті. Түр жағынан бұл, “Мемуарлық” (Естегілік) шығармалардың тобына қосылды. Бұл тұрғыдан “Тар жол, тайғақ кешу” жалпы қазақ әдебиетіндегі бірінші шығарма.

“Тар жол, тайғақ кешудің” бағасы мұнда ғана емес. Ол, бүкіл қазақ әдебиетінде, Ұлы Октябрь Социалистік революциясын, оған қазақ еңбекшілерінің, еңбекші интеллигенциясының белсене қатынасуын, Октябрь революциясын ұйымдастыру, басқару жолында Коммунистік партияның ролін, ұлы Лениннің ролін, орыс пролетариатының ролін, коммунизм негізінде құрылған халықтар достығын бірінші рет сипаттаған, ленинизм тұрғысынан сипаттаған шығарма, “Тар жол, тайғақ кешу” тек көркем шығарма ғана емес, ол - қазақ еліндегі тап тартысын Октябрь революциясының жеңісі мен жемісін көрсететін саяси, тарихи мәні зор кесек документ. Бұл жағынан, қазақ прозасында бұған дейін тең келетін шығарма жоқ.

Қазақ әдебиетінде әзірге аз болғанымен, мемуарлық жанр мәдениетті әдебиеттерден кең орын алады. Бірақ, өзге жанрлардай, бұл жанрда да осал, орташа, күшті шығармалар туып жатады. Мысалы, XIX ғасырдағы орыс әдебиетінде мемуарлық жанрдың ең биік өркеші - Герценнің “Өткен күндер мен ойлары”. Бұл шығармадан біз, сол ғасырдың орта тұсындағы орыс қауымының, оның алдыңғы қатардағы адамдарының жарқын бейнесін көреміз.

“Тар жол, тайғақ кешу” қазақ әдебиетіндегі тарихтық, көркемдік орны “Өткендер мен ойлар” дәрежесінде. Айырмасы, - екі шығарманың дәуірі соған сәйкес, идеясы ғана басқа, әйтпесе, халық мәдениетіндегі орны бірдей.

Мазмұны сондай құнды “Тар жол, тайғақ кешудің” жазылуы шебер, сондықтан оқылуы аса қызғылықты.

Сәкеннің прозалық өзге шығармаларынан “Жер қазғандар” повесіне ерекше тоқтау қажет. Көркемдік жағынан оншалық күшті шықпаған бұл повестің мазмұн жағынан ерекше құны қазақ әдебиетінде, қазақ жұмысшыларының тұрмысын, ой-санасының өркендеуін, революцияға, Совет өкіметін орнатуға қатынасуын көрсететін бірінші шығарма.

Мақаладағы орынның тарлығынан, Сәкеннің прозалық өзге шығармаларына біз тоқталмаймыз. Тек қана, жалпылап айтарымыз, прозалық шығармаларында да Сәкен халықтың өмірімен, Октябрь революциясымен, советтік құрылыспен аса тығыз байланысты.

Үшінші, Сәкеннің қазақ драматургиясындағы орны. Сәкен екі-ақ пьеса жазған кісі: бірі - “Бақыт жолында” - 1917 жылдың ноябрь, декабрінде жазылып, 1918 жылдың басында Ақмола қаласының жастары ойнап көрсеткен; екіншісі - “Қызыл сұңқарлар” - 1922 жылы жазылып, қазақ театрларының көбінде ойналып жүрді.

Жақында Әуезов Мұхтардың 60 жасқа толуына байланысты жазылған мақалада біз оның “Еңлік-Кебегін” (1922 жылы басылған) уақыт жағынан, қазақ драматургиясында бірінші шығарма деген” едік.

“Бақыт жолынданың” одан кейін қолға түскен кітабына (1922 жылы бастаған) қарасақ, ол “Еңлік-Кебекпен” бір мезгілде жазылған пьеса екен.

Көркемдік жағынан “Еңлік-Кебек” “Бақыт жолындадан” күшті. Ал, идеялық жағынан алғанда, “Еңлік-Кебектен” “Бақыт жолында” құндырақ. “Бақыт жолынданың” оқиғасы 1916 жылдан басталып, сол кездегі болыстың, бидің, молданың халыққа, әсіресе әйелдерге көрсететін қорлығын сипаттайды. Оқиға Октябрь революциясының жасалуын, халық бостандығына, әйел бостандығына жол ашылуын ауылдың да естіп қуануымен бітеді. Бұл пьесада революцияның жаңғырығы бар да, өзі жоқ. Дегенмен, Октябрь революциясынан кейін ғана туған қазақ драматургиясында, сол революция туралы бірінші сөз айтқан пьеса осы.

Одан кейін жазылған “Қызыл сұңқарлар” тура Октябрь революциясына, оны жер-жерде іске асырушы ерлердің қимылына арналған. “Бақыт жолындағы” жаңашыл оқытушы, бірақ, діншіл Ермек “Қызыл сұңқарларда” шын мағынасындағы революционер большевик Еркебұланға айналып кетеді. Қорыта айтқанда, қазақ драматургиясында Октябрь революциясының жолындағы күрес пен жеңісті “Қызыл сұңқарлардан” бұрын сипаттаған және бірсыдырғы көркем сипаттаған пьеса болған жоқ, сондықтан да ол қазақ драматургиясындағы “Тар жол, тайғақ кешу”, сондықтан Октябрь революциясының әрбір жасы толған шағында, оның күресі мен жеңісін көзге елестету үшін, қазақ театрларында осы пьеса көрсетіліп келеді...

V. СӘКЕННІҢ БАСҚА ЕҢБЕКТЕРІ ЖАЙЫНДА

Сәкен көркем шығарма жазумен ғана шұғылданған адам емес. Ол - қазақ совет әдебиетінде журналистика қызметін де өзгелерден бұрын бастап, бұл жүйеде де тыңнан жол тартқан кісі. 1917 жылы, Ақмола қаласында, жергілікті Совдептің тілі боп, “Тіршілік” аты газеті шығады, соның редакторы Сәкен болады. Бұл, бүкіл қазақ даласында, қазақ тілінде тұңғыш шыққан большевиктік баспасөз.

Қазақстанда Совет өкіметі орнап, Қазақ автономиялық республикасы құрылғаннан кейін, Сәкен республикада шыққан басқарушы газет “Еңбекші қазақта” бірнеше жыл редактор болып қызмет атқарды. “Тіршіліктен” бастап Сәкен Совет Одағындағы қазақша және орысша шығып тұратын газет-журналдардың бетінде саяси, ғылымдық, әдебиеттік тақырыптарға көптеген мақалалар жазды. Кейінірек, көркем әдебиетті зерттеумен көбірек шұғылданған Сәкеннің қаламынан “Ескі әдебиет нұсқалары”, “Қазақ әдебиетінің тарихы” сияқты монографиялық қалың еңбектер туды. Осы еңбектерінің бәрінде де ол марксизм-ленинизм ғылымының жақтаушысы да, насихаттаушысы да еді.

Сәкен көркем әдебиеттің бұрынды-соңды жайларын зерттеумен ғана қанағаттанбай, осы мәселеде кадрлар даярлау ісімен де қатты шұғылданды. 1928-37 жылдардың арасында, ол әуелде. Ташкенттегі педагогика институтында, одан кейін Қазақстан мемлекеттік университетінде, қазақ әдебиетінің тарихынан лекция оқыды. Осы оқу орындарынан білім және тәрбие алып шыққан көптеген әдебиетшілер мен жазушылар, Сәкенді күні бүгінге дейін аса жылы сөзбен еске алады.

Қазақ совет әдебиетінің жас кадрларын өсіру, ұйымдастыру ісінде де Сәкеннің еңбегі өзгемізден ерекше. 1925 жылы отауын көтерген Қазақ ССР Жазушылар Одағының алғашқы керегесін жайып, алғашқы уығын шаңырағына бірінші болып шанышқан адам - Сәкен Сейфуллин. Бұл отаудың іші-сыртын асылдандыру, әшекейлендіру ісінде де Сәкеннің еңбегі зор.

VI. ҚОРТЫНДЫ

Жоғарыда аталған талассыз фактылардан көзімізге айқын көрінетін нәрсе, қазақ совет әдебиетінің алғашқы негізін қалаған Сәкен Сейфуллин, барлық жанрда да елеулі еңбек атқарып, бәрінің де алғашқы бұлжымас берік қадасын қағып берді. Сондықтан да ол, қайталап айтқанда, қазақ совет әдебиетінде, оның бірден-бір негізін қалаушы адам және ол аталған әдебиеттің негізін ғана қалап қойған кісі емес, оның барлық жанрда да өркендеуіне, өмірі таусылғанша, белсене ат салысқан адам.

Октябрь революциясынан туған большевик ақын - Сәкеннің, қазақтың социалистік мәдениетін, оның ішінде әдебиетін жасауда еңбегі аса зор. Ол - қазақ совет әдебиетінің атасы.

С. Мұқанов.
“Қазақ әдебиеті”. 1957 жыл
22 ноябрь (№ 47).

ШЫНШЫЛ, ТӘКӘББІР АҚЫН

Желісі үзілмей келген жиырма жылдық ақын жолы жеңіл жол емес. Күш-қуат, ой-сезім, істегі нәр атаулының барлығын қуаныш пен күйініш, қинау мен тебірену араларында, жалындай жанып ортаға салған жылдар. Бұл жолға барлық жас қуаты, өмірлік бейнеті, жүрек қаны сарп етілген. Осы күй әсіресе Сәкен басынан мол кешті.

Еңбек дүниесінің күні тумай, шөл ғасырлардың кер заманы меңдеп тұрған күндерде шығып, тарихи сын күндерде кері кетпей, өмірдің өріне тарту, әуелгі адамның өзінде-ақ “оңай жол болайын” деген жоқ-ты.

Осы жиырма жыл бойын басып озып отырған ақын еңбегіне сыншы да, тарихшы да емес, жай қатардағы оқушы есебінде көз жіберіп қарасаң өзгеде жоқ екі түрлі ерекше, ірі қасиеті басымдап айқындана шығады. Мұның біріншісі: жалтағы жоқ шыншылдығы. Екіншісі - ақындық тәкәббірлігі. Жай мінез молшылығын айтпаймын, ақындық еңбегінің сипатын айтам.

Ең әуелі тәкәббірлік дегенге тоқтасақ: бұл сөз қазақ құлағына тосаң тиетін, өзінің нәрлі жақсы мағнасынан айрылған сөз еді. Оның тарихи себебі де бар еді. Отар күні ошарыла басқан құлдық күні болатын. Құлдық психологиясын елге мінез етіп басқалар: хан, төре, би, болыс чиновник-тілмаш, ескішіл-байшыл ұлтшылдар етіп еді. Жалыну мен жағыну үстінде де өз күндерін кешіп еді. Адамның шын адам мүсінін көрсететін, өз басын өзгеден кем емеспін, “теңмін” деген сенім, санаға жеткізетін қадырлы сипат - тәкәббірлік аналар тұсында сөнген, солған еді. Ол тіпті айыпты мінез, шам сөздің мағнасында қалып еді. Октябрь революциясы, Ленин жолы бізді, міне мақтандыратын, тәкәббірлендіретін күнге жеткізіп, одақтық сүбе елінің бірі етті.

Пролетариат революциясының басынан басталған партия тәрбиесі бүкіл дүние еңбекшілерімен қатар Қазақстан еңбекшілеріне де: “дүниеге өзің қожамын деп біл”, “бұқпантайлама, өркөкірек бол” деп көптен баулып келеді. Әрбір елдің елдік қасиетінің іргесі соған тірелуші еді.

Міне, біздің әдебиетте қаламның буыны беки бастағаннан бері қарай осы қасиетті берік ұстанған жалғыз ақын - Сәкен. Тәкәббірлікті жақсы

мағнасында танытып, әдебиетте де, ой-санаға да сіңіріп келе жатқан еңбегі айқын.

Жақсы мағнасында дегенді баса айтамын. Өйткені, “Арыстанмын”, “Күнмін”, “Пайғамбармын” деп, қоғамнан, тарихтан қағылып қалып, далада истерикамен жалғыз өзі шабынғандікін біз жаңағы айтып отырған тәкәббірлік демейміз, истерика дейміз.

Ал, Сәкеннің ақындық асуларында, әр жотадан атой бергендей, тәкәббір сөз үндері: “жабы емеспіз, тұлпармыз”, “құладың емес сұңқармыз” деп бұрынғы өткен тарихқа, бүгінгі оянған табына, езілген еңбекшілерге дабыл ұрады. Бұл сияқты тәкәббір үнінің өскелеңдеп, үндеп келген бір тұрғысы - “Альбатрос” заманының қасарысып соққан дауылына қасқиып ап, қанатымен қар сабап, қарыса ұшқан “Альбатрос” анау. Сұңқар “тұлпардың” екінші аты. Ол СССР - тәкәббірлікпен қарысқан СССР. Сәкен өзімен, өз басымен тәкәббірлік етпейді. Табымен, Отанымен тәкәббірлік етеді. Олардың да алысқа құлаш ұрған ізімен, қиынға самғаған қанат қағысымен тәкәббірлік етеді. Соны біздей бұрыннан ылғи жасаңдық, бәсеңдікпен келген елдің көкейіне көбірек сіңіріп, бүгінгі бақыт, теңдік күнінде өрлендіре, өршелендіре бастыртады. Ақындық еңбегінде мұндай өнімді сарын тауып отырған ақын, әрине, өзінің тарихтағы орны мен маңызын қамтамасыз еткен ақын болмақшы. Әр ақынның осындай өзіндік пішіні, осындай барлық еңбегімен туатын тұтас, үлкен қорытындысы болса екен дегізеді. Мұндай дұрыс жолдағы революциялық тәкәббірлік пен сол ақынды шығарған орта тәкәббірлене алады.

Сәкен ақындығының екінші зор қасиеті - шыншылдығы. Оның шығармаларына біткен сезімнің барлығы да айқын, ашық. Тұтас бітімді, жоталы тұлғадан туатын көрнекті бүтіндігі бар сезімдер. Белгілі шығармаларынан өлеңін, әңгімесін, поэмасын алсақ - барлығында да сүюі мен ашуы, ырзалығы мен наразылығы, үміті мен күдігі әрқашан барынша шын сезімнің толқыны боп білінеді. Сонысымен әсерлі де, күшті боп шыға алады. Өз ішінде тұрған көңіл күйін оқушыға жеткізіп, қондырып, ұқтыра алады.

Лебімен тартатын өнімділік, ұтымдылық табады. Шыны қайда, өзі қайда екенін бідірмейтін, жаза баспайтын, ішіне тығынған кедір-бұдырсыз тақ-тақ жолдың ақыны Сәкен емес. Оның шыншылдығы қозып, жанып отыратын, буы білініп тұрған барынша шын сезім, шын жүрек шыншылдығы. Сондықтан мұның жолы әр адымын санап басқан кісінің жолы емес, ылдиы бар, өрі бар, - шын өмір жолы, ыстық қанды нағыз ақын жолы.

Тегінде мағналы, өрісті, көш бастар, белге шығар үлкен еңбек туса осындай қайнар көзден шығуға лайық. Біздің бүгінгі әдебиеттің әлі заманымызға сай үлкен обобщениені жеке-жеке кесек, ірі шығарма түрінде бере алмай келе жатқаны мәлім. Жиырма жылды басып өтіп, күш-қуаты

шын толған кезіне, кемеліне жеткен Сәкеннен енді сондай қорытынды еңбектерді күтеміз. Соны бере алады деп сенеміз.

М. Әуезов.
1936 жыл.

СӘКЕННІҢ ПОЭЗИЯСЫ

Мирзоян жолдас басқарған Қазақстан партия, совет және мәдениет жұртшылығы осы жылдың июнь айында басты ақынымыздың біреуі жолдас Сәкен Сейфуллаұлының 20 жылдық шаруашылық қызметін тойлағалы отыр. Осындай ақынды тарихи бағалаумен байланыстырып оның жазушылық жолдары туралы оқушыларды таныстыру қажет деп білеміз.

Қазақстандағы әдебиет өрісімізде, әлеуметтік пікір майданында Сәкен ерекше орын алып келеді...

Төңкерістен бергі жердегі әдебиет-тарихымыздың бірінші бетін ашып жібергенімізде ең алдымен ірі тұлға болып тұрған Сәкенді көреміз.

Тап бүгінгі күнге дейін әдебиетімізде басым жанр поэзия дейтін болсақ, сол поэзиямызда Сәкен ерекше аталады, ерекше көзге түседі. Қазақстанда жасалған кеңес поэзиясының тарихы жайында, оның жеке проблемасы, өсу жолдары жайында сөз көтерген адам Сәкен туралы айтпай, Сәкен туралы ерекше тоқтамай кете алмайды.

Неге бұлай?

Мұның себебі, Сәкен қазақ кеңес поэзиясын жазушылардың қатардағыларынан ғана емес, Сәкен кеңес поэзиясын жасауда күш беріп, көмектесушілерден ғана емес, Сәкен белгілі бір кезеңде кеңес әдебиетімізді жаңа сатыға бір көтеріп тастап отырған, қазақ кеңес поэзиясын жасаушылардың ең алдыңғы қатарындағы ақын. Сәкен кеңес поэзиясын жасаушыларды ұйымдастырушылардың, бастаушылардың бірі болған ақын. Ол алдыңғы қатарлы жазушы, ұйымдастырушы ғана болып қоймай, тамаша дәуірдегі, тамаша жаңалықтармен бірге қазақ поэзиясына үлкен жаңалық, жаңа өріс тудырушы новатор ақын. Соның үшін поэзия мәселесінде Сәкеннің аты аталмай кетпейді.

Расында, біздің кеңес әдебиетін жасау алғашқы кезде өте қиын болды. Төңкеріс уақыттарында айнала қоршаған, іштен, тыстан аңдыған жауларды жеңіп шығу үшін қандай қатты күресу керек болса, кеңес әдебиетін - кеңес рухындағы социалды әдебиетті тудыру үшін де мейлінше қатты күресу керек еді. Мұнда да салт-сана майданында барлық кеңеске қарсы, еңбекшілердің төңкерістік мақсатына қарсы әдебиет идеяларымен аянбай күресу керек еді. Оның үстіне бұрынғы ескі мәдениеттің, ескі әдебиеттің шірік залалдарына соққы болып тиіп, соны қиратып, жарып шыққандай тыннан кеңестік әдебиетке жол салу керек еді. Жаңа әдебиетті жасау үшін кеңес тілегіндегі, төңкерісті жақтап шыққан ақын жазушы - идея, пікір

жағынан өскелең, күші басым, жеңімпаз таптың залалды пікірлеріне шабуыл жасайтын болу керек. Сөйтіп, төңкерістің алғашқы кезінде кеңестік поэзиясын тудыру проблемасы өте қиын, өте жауапты еді.

Өте-мөте Қазақстан сияқты құралған пролетариат армиясы, оның орын тепкен идеологиясы жоқ елге, ескі рушылдық-феодалдық қалдықтар түгел жойылмаған елде, империализмнің отаншылдық қысымынан, тек басқа ел пролетариатының көмегі арқасында ғана социалды төңкеріс жасап, құтылып, ұлттық азаматтықты тарихта тұңғыш рет алып отырған елде, әлі мәдениет, шаруашылық жағынан көп артта жатқан, ескі әдет-ғұрыптардың бірталайы жаңа кеңестік құрылысқа көп жерде қайшы келетін алғашқы кезеңдерді басынан өткізуге тура келетін елде бірден кеңестік әдебиет, кеңестік поэзия жасау өте қиынға соғатын еді.

Қазақстанда кеңес үкіметі түгел орнамай тұрып, азамат соғысы кездерінде-ақ, онан бергі кеңес түгел орнаған алғашқы жылдарында-ақ, Сәкен Қазақстанда кеңес әдебиетін тудыру ісіне араласты.

Орыстың жарып шыққан төңкерісшіл жалын сөзді, дауыл үнді ақыны - Маяковский төңірегінде көп уақыттан бері айтыс, талас басылмай келеді. Алғашқы кезде орыс әдебиетінің классицизм үлгісінен айырылмайтын сыншылары Маяковскийдің орыс поэзиясына енгізген “орыс өлеңін бұзатын”дар, орыс өлеңінің “құбыжықтары” деп қарады. Анығында ондай ескішіл адамдар кеңес поэзиясының даму жолдарын, келешегін мүлде түсінбейтін еді.

Ал, Маяковскийдің өмір шындығына, өскелең таптың жаңа санасына негізделіп жасалған поэзиясы белең ала берді.

Сол Маяковскийдікі сияқты қазақ кеңес поэзиясын жасауға батыл кіріскен, кеңес поэзиясын жасау жолындағы толып жатқан қиыншылықтарды кесіп өтуге шындап берілген, жаңа орыс пролетариат әдебиетінің әсерімен кеңестік жаңа поэзиямызға негіз салған тұңғыш қазақ ақыны Сәкен болды.¹

Маяковскийге қарсы күрес ашқан сияқты Сәкеннің кеңестік рухта жазған поэзиясына қарсы Алаш-орда сыншыларынан күресушілер болды. (Мағжан, Жүсіпбек, Қошке, Даниял тағы басқалар). Олар Сәкенді қазақ әдебиетінің Донкихоты деп, қазақ поэзиясының құбыжығы, әуресі деп күлді. “Фуфтерис” деп мазақтады. Біздің коммунист сыншыларымыздың біразы (Смағұл, Ғаббас, Нәзір тағы басқалар) сол Алаш-ордашылар сынының объективіне күш беріп, Сәкеннің жақсы жақтарын көрмей, үнемі жамандаумен болды. Бірақ бұлардың сыңар жақ сынына Сәкен жасыған жоқ. Қалың оқушылар жұртшылығына, Сәкен өлеңдерінің әсері арта берді, Сәкен өлеңдерін бірінен соң бірі сүйіп оқитындығы көрінді.

Сәкен қандай ақын?

¹Кеңестік әдебиет жасауға әрине үлкен негіз ескі әдебиет мұрасы Мақамбет, Шортамбай, Абай, С. Мақтұм жасаған асыл қазыналар жаңа әдебиетімізге ұлы азық. Ал, Сәкен таптық мақсатты ашық жырлаған ақын, сөз осы мағынада айтылды. Ес.

Сәкен төңкеріспен бірге үні шыққан, төңкеріс жалынымен лирикалы өлеңнің күйі, сарыны естілген, жалынды төңкерісшіл, дарынды лирик-ақын.

Сәкен 1917- жылы-ақ:

“Екпінді үнді, қызыл сымды,
Домбыраны алайық,
Кезіп қырды, қосып жырды,
Күңіrentіп ән салайық.

Зұлымдықпен әділдіктің,
Алысқанын айталық.
Жер жүзінде баймен кедей,
Шабысқанын айталық”.

Кел жігіттер деп, өзінің қандай ақын екендігін ашып береді. Бұл өлең мазмұнға ғана берілген жалаң үгіт емес, не сыртқы сұлулығына ғана салынған идеясы әлсіз өлең емес, бұл әрі терең мағыналы, әрі дәуірдің ұлы идеясын қармаған, әрі ақынның жан жүрегінен тербеліп, тәтті күйге бөлей жазған сұлу сырлы, әрі көтеріңкі рухтағы ырғақпен, желпіндіріп, желдіртіп отыратын өлшеумен жазылған шын мәніндегі лирикалы өлең.

Сәкеннің 1921-жылы жазған “Қара айғыр” деген өлеңін алайық:

Қозғалды алып қара айғыр,
Қаһарлы күшпен ақырып.
Қай салмақпен аяңдап,
Күштерін жинап шақырып.
Жөнелді біртін екпіндеп,
Үдеріп сызып арқырап.
Ырсылдап, қатты дем алып,
Көздері жайнап жарқырар.

Талмай орғып күрсілдеп
Желді жарып кеседі
Екпіндеп алып қара айғыр,
Құстай ұшып еседі.
Ұмтылып алға ентелеп,
Демдері шығып бу, бу, бу,
Көкірек керіп біз тұрмыз,
Шу жануар, шу, шу, шу!
Алып қара, бұл тұлпар,
Ерлер үшін жасалған,

Жер дүниеге құлашты,
Сермер үшін жасалған.

Алып қара, бұл айғыр,
Ерлер күшпен жаратқан.
Патшаларды құлатып,
Екпін күшке қаратқан.
Дүниені орап жаңғыртап,
Күңіrentіп ұран таратқан,
Керемет, күштер жасаушы,
“Жалшылар енді азаттан!”

Бұл өлеңнің сыртқы ырғағы, техника құрылысы паровоздың, жүйткіп шапқан жүйрік қара айғырдың кескінін алдымызға алып келеді, қара айғыр сондай теңсіз күшті, екпіні қатты, оның жолына тұрған жан шыдамайды, езіліп, тапталып қалады. Бұл анығында қара айғыр арқылы бейнелеп берілген төңкерістің теңсіз күші, төңкерістің “қүдіреті”. Бұл теңсіз күштер ескілікті, патшаны, байды жаншып, дүниені жаңа ұран, жаңа күшпен жаңғыртқан пролетариат екенін айтады. Өлең әрі көркем, әрі үнді, әрі ырғағы бір ыңғай көтеріңкі рухты жанды сезім күйіне бөлеп отырады.

Төңкерістен бергі жердегі Сәкен поэзиясының түпкі қазығы терең мағыналы сарыны неде жатыр? Артқа шегіну, ескілікті, өткенді көксеушілікке ме, болмаса төңкеріс идеалынан, төңкеріс арманынан туған ұлы мақсатқа байланысып жатыр ма? Бұдан 3-4 жыл бұрын біреу, Сәкен әуелгісіне жатады, біреу Сәкен кейінгісіне жатады деп таласушы еді. Ескі басшылық тұсында Сәкен сияқты кеңес поэзиямыздың ағасы болған ақындарды бағалау түгілі, жалпы мәдениетімізді бағалаудан безуге айналып едік.

Бұрын Сәкенге берілген сындардың көбі Сәкенді ру, жікшілдік бағытпен жазылған мұқату сындары болатын.

Алаш-ордашыл-ұлтшылдардың қатты сынаған нәрсесі “Қызыл сұңқарлар” мен “Тар жол, тайғақ кешу” онан кейін “Советстан” болды. Сәкеннің Алаш-ордашыларға, олардың таптық мақсаттарына қатты соққы болып тиетін, жанына жақпайтын шығармалары осы сияқты нағыз төңкеріс идеясымен жазылғандары еді. Ал, Сәкеннің фантазияшылдық сарынды Азия халықтарын Европа пролетариатына қарсы қою идеясымен жазылған “Азия”сын Алаш-ордашылар мақтады, 23-жылдарды Тәшкенде шығатын кеңес тілегіне қарсы бағытты ұстанған “Шолпан” журналына басып шығарды.

Сәкен шығармаларына Садуақасұлы Смағұл да өзінше кекетіп, мұқатып сын берді, ол өмірінше қазақ әдебиетінің “Айы мен Шолпаны” Мағжан, Мыржақып, Мұхтарлар, ал Сәкен, Сәбиттер құбыжық, әуресі деп күйінумен болды. Ол “Совестанды” өлең демеді.

Ғаббастың сыны жікшілдік сарында жазылған болды да, Сәкен шығармасындағы бірыңғай кемшіліктерді ғана көрді. Расында, Ғаббас “Әдебиет сын мәселелері” деген кітабында “Жанзолин”, “Ақсақ киік”, “Аққудың айырылуы” сияқты өлеңдеріндегі Сәкеннің қатарларын кезінде дұрыс көрсетті. Сәкеннің сары уайымға салынушылық, өмірден түңілу сияқты қателіктерімен ол кезде күресу керек еді. Осы кемшіліктерді Ғаббас дұрыс көрсетіп, қатты сынады да. Бірақ, Ғаббас бір жақтылық істеді, ол тек Сәкеннің ылғи кемшілігін жіпке түзуде болды. Тәуір жағын ешбір айтпады. Кейде сынын Сәкенмен арасындағы қара бастық мәселелерге апарып байланыстырды.

Осыдан келіп Ғаббас, Сәкеннің бұрын соңды жазған еңбектерін мүлде жоққа шығарды. Мәселен “Советстан” туралы Ғаббас былай деді:

“Сәкеннің “Советстан”ын алыңыз. “Советстан” қазақ әдебиетінде жаңа түр екені рас, бірақ осы “Советстан”ды ауыл қазағына, не жұмысшыларға оқытсаңыз, көбі кондуктор, поезд, комиссар деген сөздерін ғана ұққаны болмаса, өлеңнің негізгі пікірлерін-мәнісін ұға алмайды. Қалың бұқара тұрсын, қазақтың әжептәуір, саналы, белсенді коммунистерінің де ұқпай жүргенін көзімізден көрдік”. (Кітаптың 80-беті).

Мұнда Ғаббас, алдымен өзі өлеңнің идеясын, маңызын ұғынбаған.

Дәуірдің идеясын тереңнен толғап берген нағыз құнды шығармалар күнделік ағымдағы саясат емес екендігі, ондай нәрселер өсіп келе жатқан қоғамның санасына, палсапалы идеясына сәйкес болатындығын Ғаббас ескермеді.

Біздегі “тән азығын”² бүгінгі күн үшін ғана емес, ертеңгі күн үшін де жасалатындығы сияқты, “жан азығы”³ көркем өнер тарауы да бүгін мен ертеңгі, онан арғы күнге арнала жасалатындығын Ғаббас ұғынбайды. Екіншіден Ғаббас “Советстан”ның дыбыс үндестігі жақтарынан, дәуірдің екпінді құрылыс ритмін беруі жағынан шебер жазылған жаңа формалы өлең екенін білсе де, жікшілдік қыңырлық, бір жақтылыққа түскендіктен ат үсті ешнәрсе айтпай, бұл мазмұнды жаңалық емес деп өте шығады.

Немесе Ғаббастың “Тар жол, тайғақ кешу” туралы пікірін алайық. Бұл-дағы сорақы, бір жақты сын. Қазақстандағы азамат соғысының тарихынан, октябрь майданында кім-кім үшін күрескенін, Алаш-ордашылардың төңкеріске қарсы дұшпандық қылықтарын әшкерелей суреттеген өте құнды саяси документ саналған “Тар жол, тайғақ кешу”ді Ғаббас түкке тұрмайтын қылып шығарады.

Ғаббас жазады:

² “тән” азығы - Материальная продукция и Духовная продукция мағынасында алынып отыр.

³ “жан”

“Тайғақ кешу” сықылды тарихи романдар жазып, аферис Көлбайды коммунистердің көсемі қылса, бандит Бәйсейітті “адамшылығы үлкен” еді деп көкке көтерсе, “қара қыз”, “ақ қыз”, “сұр қыз”, “құбақан қыздар”мен күліскенін, сүйіскенін жұртшылыққа үлгі қылса Ораз (Иса ұлы) айтқан Садуақасовшылық пен Меңдешевшілдікті қосып, араластырып, былықтырып жасаған Сейфолдашылығын қайта жаңартса, Сәкенді де төңкеріс ақыны дей алмаймыз” (“Әдебиет сыны” 131-бет).

Бұл жерде Ғаббас төңкерісшіл жазушы болуға қандай шек (критерия) қойылатындығын шатастырады. Мұнда мәселе, тіпті төңкерісшіл ақын болу жайында емес, Қазақстан коммунистерінің арасындағы жігі жайында; ал жіктеп берген, партия жолына түскен адам төңкерісшіл ақын бола бере ме екен? Төңкерісшіл ақын болудың да өлшеуі бар ғой.

Екінші, “Тар жол”дағы осы Ғаббас айтып отырған кейбір кемшіліктерге қарап, бүтін кітапты партия жолына қарсы Сейфолдашылдық жіктің құралы деуге бола ма? Бұл Сәкенге ғана емес, біздің тамаша тарихымызға көріне қиянат болып шықпай ма? Ғаббастың көрсеткен кітаптағы кейбір қате, кемшіліктеріне қарап, “Тар жол, тайғақ кешуді” партия жолына залалды кітап деуі дұрыстықты көрер көзге бұрмалағандығын, әдебиетіміздегі шын партия жолымен жазылған нәрсені көрсе де өзінің жікшілдік көзқарасымен, дұрыс баға бермегендігін толық дәлелдейді.

Сөйтіп Ғаббас, Сәкен шығармаларындағы қателіктерді кезінде дұрыс көрсетіп, қаттырақ сынаумен бірге, Сәкеннің тәуір шығармаларын да орынсыз жамандаған, тіпті Сәкеннің жақсы жағын ауыз толтырып айтпаған, соның нәтижесінде Сәкенді байшыл, ұлтшыл партия жолына қарсы, жазғанында көркемдігі жоқ деп, ылғи “сойу”да болған. Әрине мұндай теріс сындар, бір жақты сындар жазушы ақындарды өсіретін, тәрбиелейтін сын емес, қайта жасытып жібереді, не сыншымен жазушы арасында дұрыс көзқарасты жойып алушылық жағдайларды тудырады да, сыншының дұрыс көрсеткен кемшіліктерін жазушылар қабыл алып түзетпеушіліктер туады.

Расында, Ғаббастың дұрыс сынын Сәкен еш уақытта тыңдаған жоқ. Оның себебі көп уақыттар араларында жік қалдықтарының болуы, жікшілдік сарынмен жазылған сынды, жікшілдік көзқараспен қабыл алуы Сәкеннің өз қаталарын кезінде түзей қоюына көп бөгет болды.

Сәкен де, Сәбит те Ғаббастың сол кездегі көрсеткен орынды кемшіліктерін, орынды сындарын қабыл алмай қарсы дау салды. Бұл “ауыру” сапалы әдебиет шығармаларын беруге көп кесір болды.

Сәбит, Сәкендер кейде өсіп келе жатқан совет әдебиетінің кемшілігін аз көріп, өздерінің де, жаңа Елжас, Қалмақан, Асқар, Қалым, Жақандарды да бірқатар шәкірттік дәуірінің нашар шығармаларын мақтады. Солардың жаман шығармаларын Жансүгірұлының тәуір шығармаларына қарсы қойғысы келді. Сол кездегі Сәкен, Бейімбет сияқты, әдебиетімізге сапалы

шығармалар берудің ұшығын көрсете бастаған Ілиясты сыртқа тепкісі келді.

Осындай өзара керіс, өзара түсінбеушіліктен Сәкен шығармаларына ол кезде дұрыс сын берілмеді. Сәкенге қарсы сын, Сәкен жазғандарын дұрыс ұғынбаудың ақыры келіп, 31-жылғы 3 күн талқылауға соқты. Әрине 31-жылғы күзді күнгі Сәкен талдауының сынына алдымен ескі басшылықтың теріс нұсқауы кінәлі еді. Онан кейін сол жиналыста дұрыстықты айтпаған, кейбір басты жазушы, сыншы, әдебиетшілеріміздің өздері де кінәлі.

Бұл жиналыста бір күн баяндама жасаған Жаманкүлүлы Рақымжан, Сәкеннің жазушылық жолдарын барлық жағынан талдай келіп, Сәкенде ешбір жаңалық жоқ, қатеден қатеге ұрынған, жікшілдік, ұлтшылдық-байшылдық батырағынан шыға алмаған әйтеуір кеңес тілегіне қас емес дегенді айтты.

Сол жиналыста үлкен айтыс болды, біреу дұрысын, біреу бұрысын айтты, соның бірі болып мен де айтқан едім. Ол жиналыста Рақымжанның қате пікірлері ашығырақ айтылу үшін, сол сөзімнің өзін келтірейін:

Баяндамашының жалпы сөзін түйіп келгенде Алаш-орда сынынан айырмасы жоқ. Сәкен Мағжандармен төңкеріске қарсы пікірдің адамы деген сын, Сәкен сияқты төңкеріске өзі араласқан, коммунист жазушыларға дұрыс баға емес. Бұл Алаш-ордашылардың сынымен ұрпақтас сын.

- Сәкен 17-жылдан былай төңкеріске еліктеп Ахмет, Мағжан, Міржақыптардан айырылғысы келді, бірақ бұрынғысынан өзгерген жоқ. “Жас қазақ марсельезасын” Жүсіпбектен алған. “Қызыл сұңқар” да “тиіп” көрсете алмаған. Аздап қана жаңалық исі мұңкіді, - деген пікірді айтады.

Расында солай ма еді.

- Былай емес. Алаш-ордашылар Мағжан, Ахметтер большевикке қарсы оқ атқанда, Сәкен солармен бірге төңкеріске қарсы неге оқ атпайды. Олардан жігін неге айырды?

Сәкен сол уағында, өзінің ісімен де, шығармасымен де пролетариаттың сойылын төңкеріс майданында мықтап соға алды. Оған дәлелдер:

Бірінші - 1917 жылы жазған “Бақыт жолына” дейтін пьеса кітабы, онда Ермек деген басты геройы байларға, ақсақалдарға қарсы шығады. Төңкерісті көксейді. Әйелдің теңдігіне жол ашады. Ақырында Октябрь төңкерісіне қосылады. Тар жол дәуірінде бұл пьесаның қандай маңызы барлығы айтпай-ақ белгілі.

Екінші - сол 17-21 жылдары жазған бірнеше төңкерісшіл өлеңдерін көруге болады. Мысалы: “Жас қазақ марсельезасы”. Бірақ осы өлеңді Жүсіпбектен алған дейді. Ол өлеңнің ырғағы, күйі (мотиві) орыстікі. Тегі баяндамашы жолдас байшыл жазушылар өнерлі, Сәкенде өнер жоқ, Жүсіпбектей (“Оян қарғыс”ын аударған) аударып өлең жазылмайды деген оймен Сәкенге сенбейді. Тек Мағжан, Жүсіпбек, Ахметтерге сүйеніп жүріп жазады-мыш. Соларға еліктеді, соның соңына ереді дейді. Олардың соңына

ерсе Сәкен олардың жанын ауыртатын, жүрегіне жақпайтын айбынды “Экспресстің” ырғағымен бекер өлең жазып, бас бұзарлық қылған? Сәкен төңкерісшілдік жолға бекер қыңыр тартқан. Мынадай өлеңдер Алаш-ордашыларға жақпаған еді. Мұндай өлеңдер Мағжандардың аузынан шықпаған еді. Амал нешік, антұрған Сәкен оларға қарсы өлеңін жазып шығарды.

“Кедей ұраны жолдастар” деген өлеңінде:

“Намысы бар кедейдің балалары,
Неше мың жыл құл болған бабаларың, жолдастар.
Сансыз нашар дүниеде салды ұран,
Сол нашардың жалғыз біз паналары, жолдастар”.

Кедей ұлы жігерлен,
Бірігіп ұран салып қал!
Қызыл тулы майданда,
Бостандықты алып қал!

“Қайраттанар кез келді уақыттарың,
Өз қолыңмен жасалар бақыттарың жолдастар!
Неше мың жыл құлданған бай мен патша,
Талқан қылып жоялық тақыттарың жолдастар!

“Теңдік бұрын нашарға келіп пе еді,
Көздің жасын жауыздар көріп пе еді жолдастар!
Жалбарынып, жарлылар сұрағанда,
Байың, патшаң, тәңірің де беріп пе еді жолдастар”.

(22-жылы жазылған).

Осы “Кедей ұраны”, “Жұмыскер”, “Марселезі”, “Қызыл ерлер”, “Қамауда” деген өлеңдерін тап сол кезде, ауыл, қалаларда жана төңкерісшілдің әнімен (күйімен) көп айтылып жүрді. “Жолдастар” мен “Жұмыскер” өлеңі өз әнімен осы уақытқа дейін айтылады.

Енді, “Домбырадағы” өлеңдерді алайық:

“Бұлшық ет”, “Біздің Сәуле”, “Германия жұмыскерлері”, “Біздің ұлан”, “Автомобиль” өлеңдері сол кездегі таптық сезімі оянбаған, өндіріс, техниканы білмеген, өнерсіз, қараңғы қазақ еңбекшілеріне, пролетариатына арналған.

“Бұлшық ет” деген өлеңі былай жазылған:

“Боянған түрлі шырайлы,
Сұлу емес сырлы бет.
Ширатылған түйіндей,
Сын сұлу күшті бұлшық ет,
Тоқпақтай түйін бұлшық ет,
Әлемді көшке қаратқан.
Сан керемет машина,
Күшімен ол жаратқан,
Тоқпақтай құрмыш жиырылып,
Қозғалса ойнап бұлтылдап,
Ширатылып түйіндей,
Бұлтылдаса бұлшық ет,
Кім тұрады сүйсінбей?
Көк темір құрыш болатпен,
Асусыз асқар тау кескен.
Тас қопарып жер үңгіп,
Шыңырау қазып жер тескен.
Шыңыраудан қазып қопарып,
Шығарған болат көк темір.
Мыс, күміс, алтын, қорғасын,
Жер майы, алмас, тас көмір.
Аспанға ұшып су кешіп,
Дүние айналып қыдырған.
Темірден құйып жол салып,
Жер қыртысын сыдырған.
Түйіні тоқпақ бұлшық ет,
Аюды да үйреткен.
Бұғалық салып сүйретіп,
Омыртқасын күйреткен.
Айғырдың тоқпақ жалындай,
Бөкеннің серке санындай,
Қайыңның қырғын безіндей

Шортанның жұмыр беліндей,
Ширатылып түйілген,
Болаттай күшпен иілген,
Бұлшық етті білекпен,
Балтырдан сұлу дене жоқ”.

Бұл өлең сол уақыттарда жұмыскердің еңбек өміріне, жан жүйесіне лайықты, әдемі екпінді, сүйсінерлік күймен шебер жазылғандығына ешкім таласпайды. Бұл өлеңнің маңызы біздің қазіргі, болашақ уақытымызда да жойылмайды.

“Қызыл сұңқар” туралы былтыр ескі “Шолпан” журналынан “Қоңыр” дегеннің сынын оқыдым. Ол айтады: “Қызыл сұңқар” қазақ әдебиетінің қотыры, қазақта ондай геройлар болмаған, Сәкеннің жазғаны шіп-шикі өтірік қияли нәрсе” дейді. Ал біздің баяндамашы сол сынның астын сызып өтті. Бұл үлкен тарихи қате. Әдебиетті Марксше бағаламағандық.

“Ахметғали сияқты қазақтың діншіл адамы төңкерісшіл болмау керек еді” дейді. Сіздіңше сол революцияға қатынасқандардың бәрі Еркебұлан болу керек. Сіздіңше төңкерісшілдер діншіл болмау керек.

100 процент марксшіл болу керек. Биттей төңкеріс жолынан кателеспеу керек. Мұндай қисынды ешуақытта да марксшіл, лениншіл төңкеріс қисыны айтқан емес. Тағы да айтам: **“Қызыл сұңқар” қазақ әдебиетінде төңкерісшіл пьесаның біріншісі, қазіргі күнге дейін маңызы сахыналарымызда орасан орын алып келді. Пьесаны көріп отырғаныңда төңкерісшілдер мен тап дұшпандары Колчактардың тап тартысын, төңкерістің қызған жалынын, тастаған топанын көресің. Кім қас, кімнің дос екенін айырасың. Ал баяндамашы Жаманқұлұлына “кім төңкерісшіл, кім жау екенін айыра алмаймыз” емес.**

“Тар жол, тайғақ кешу”ді Жаманқұлұлы аузына алып айтуға да жаратпады. Өйткені бізге керекті бірдемесі болса оны айтып кету керек еді. Бірақ сіз ауызға алмағанмен Қазақстан еңбекшілері аузына алады, Қазақстандағы азамат-тап соғысының бірқатар тарихи әңгімелерін оқып біліп отыр. Осы уақытқа дейін Алаш-ордашылар кім деген қазақ тілінде жеке кітаптар шығып болған жоқ... ауылдағы, өндірістегі мыңдаған еңбекшілер тап майданында кімнің қас, дос, кімнің кім үшін күрескенін осы “Тар жол, тайғақ кешу”ден көріп оқып айырып отыр. Әрине, қазақ еңбекшілеріне тек “Тар жол, тайғақ кешу” ғана құрал болды демеймін. Біз күнбе-күн Алаш-ордашылардың сырын онан де терең ашып, әйгілеп, олармен күресті үдетіп отырмыз. Әлі де күресеміз”.

Осымен бірге ондағы сөзінде Сәкен шығармаларындағы Ғаббас көрсеткен (Азияшылдық, НЭП дәуіріндегі троцкийшілдік, партия басшылығына ішінара наразы болып, кейде тарығушылыққа салыну, бұрынғы ұлтшылдардың тобына араласқандарды, ұлтшыл болғандарды, кеңес үкіметін қолынан жасаспаған адамдарды іс басынан қуу керек деген тым солақайшылдығы тағы біраз қателігі) едім. Сәкенде бар қате, кемшіліктерді баяндамашы ине-жіпке тізгендей қалдырмастан айтқан болатын.

Баяндамашының және басқа лағып сөйлеуші бірнеше адамдардың Сәкен туралы теріс пікірлерін, әдебиетті дұрыс бағалай білетін, өзінің

принципиальный пікірі бар жолдастар ашық көрсетті. Сәкен туралы жауапсыз ешбір дәлелсіз сөйлеушілер, сол айтқандарына енді өздері күлетін болды, не ішінара мойындайтын болды. Мәселен: сол жиналыста Қоңыратбайұлы Әлібек сияқты кейбір “Қызыл езулер” Сәкен байшыл-ұлтшыл жазушы деп кесіп айтты.

- Сәкеннің ұлтшыл екендігін “Тар жол, тайғақ кешу”дің бет ашарындағы бірауыз сөз-ақ дәлелдейді. (Өтебай).

- Сәкен, Алматыда түн ішінде жер сілкініп, су тасып әйелдер киіне алмай жалаңаш күйі далаға шыққанын көрсем екен деді, бұл Мағжанның “Жер жүзін топан су басса екен” дегенімен біремес пе?” (Қалмақан).

- Биыл Ақмола жағында бір қазақтың төндіріп айтуына қарағанда, Сәкеннің төңкерісшіл болғандығы бекер көрінеді, Сәкен арамыздағы жат адам (Балитұлы Ж.).

- Сәкеннің ар жағында жібермей кері кетіріп тартып жатқан ескілік бар, Сәкен ескі феодалшылыққа арқа тіреген былыққан адам (Байжарасұлы).

Мінеки Сәкенге берілген сындардың сиқы. Мұнан асқан бейшаралық сын, мұнан асқан жауапсыз түкке тұрмайтын құрғақ сөз табылмайды. Ақынды нағыз әдебиеттік жағынан сынау, ақынның өсу жолдарын, кемшілік, олқылық жақтарын бірдей ала отырып сынау деген болмады. Ол кезде, әлгідей перегиб сарынды, ұрда жық құрғақ айғайдың сыны үстем еді. Бірақ бұл сияқты перегибтік сынның қалдығы кейінгі уақыттарға дейін де жойылмай келді.

Сәкеннің әдебиетіміздегі, әсіресе поэзиямыздағы тарихи орнын дұрыс бағаламау, 33-34-жылдарда болды. Бәрімізге белгілі, бірнеше сыншылар “Қызыл ат”қа қарсы болды. Мәселен Құлмырза былай деп жазды:

“Жақын арада Сәкен жолдастың “Қызыл ат” деген поэмасы “Лениншіл жас” газетінде басыла бастады. Сәкен жолдас бұл поэмасын біздің салтымызға, дәстүрімізге, стилімізге жатпайтын, жанаспайтын, түсініксіз “жұмбақ”пен, символизммен жазған”. (“С.Қ.”-ның 33-жылғы санында).

Құлмырза “Қызыл ат” туралы бөлек бір мақаласында “Қызыл атты” саяси залалды, қазіргі кеңес әдебиетіне жатпайтын нәрсе деді.

1934-жылы Шашкин де Қазақ поэзиясының тіліне тоқталып былай дейді:

“Сәкен өлеңінде қазіргі төңкерістен кейінгі туған тіл жөнді орын алмайды. Сәкеннің тілі басқа ақындарға қарағанда өзгешелігі бар, оның тілі көбінесе - төңкерістен бұрынғы әдебиет ағымында жауыр болған тіл (“Қазақ әдебиеті” №10, 34-жыл).

Шашкин де, Сәкен поэзиясының мәніне ешбір түсінбей бет алды, лаққан пікірді айтады. Расында Қазақ поэзиясына төңкеріспен бірге туған тілдерді басқа ақындардан көбірек қолданған ақын және интернационалдық сөздер аудармаған күйінде шығармасында көбірек кездесетін ақын да Сәкен.

Қайта жаңа сөздерді қазақ поэзиясына көбірек кіргізудің өзінен қатты сын көрген болатын.

“Қызыл сұңқар”да Сәкен “Революция”, “Совет” деген сияқты сөздерді көркем әдебиетте тұңғыш қолданды.

Осындай интернационалдық тілдер “Тар жол”, “Советстан”да көп-ақ ұшырайды. Бірақ, ол кезде Сәкен орысшылайды деп күлетіндер болды. Сондықтан Шашкиннің, Сәкеннің тілі жалғыз ескілікті жауыр болған тіл. Жаңа тілді Сәкен білмейді, - дегені, ойламай айтыла салған ұшқары қате пікір екенін дәлелдеп жатудың керегі аз.

Сөйтіп қорытып келгенде, Сәкен жайындағы сындар көп уақыттарға дейін дұрыс болмай бір жақты сын болды. Сындың бір жағы Сәкеннің жаманын бүркеп, жақсысын мадақтаумен болса, екінші жағынан Сәкеннің ылғи кемшіліктерін ине-жіпке тізіп қатты ұрумен, мұқатумен болды. Объективный сын болмады.

Енді Сәкенге біз дұрыс сын, дұрыс баға бере аламыз. Енді, Сәкен поэзиясының сарыны, тамыры қайда жатыр деген мәселеде ешкім таласа алмайды, сондықтан біз Сәкен поэзиясының түпкі сарыны, төңкеріс идеясының ұлы мақсаттарына ұштасып жатыр, күйректікке қарсы, пролетариат оптимизміне тығыз байланысты жатыр дейміз, жазушылық өміріндегі Сәкеннің фантазияшылдық, ескішілдік, ұлтшылдық, ұсақ буржуазияшылдық қателіктері Сәкеннің негізгі поэзиясындағы өрісін ешуақытта тарылта алмайды. Сәкеннің идеяны - шын жүрегімен беріле жырлаған төңкеріс жырларына қарсы, ескішіл өлеңдері басым, салмақты күш ала алмайды.

Сондықтан да Сәкенді, кеңес поэзиямыздағы бас тұлға дейміз. Сәкен біздің кеңестік поэзиямызға қандай жаңалықтар кіргізді, қандай жаңа өнерлер жасады. Алдымен Сәкен қазіргі қазақ поэзиясындағы үлкен жаңа өнер тапқыш (новатор) ақын.

Қазақтың бұрын соңды әдебиетінен орыстың бұрын соңды әдебиеті ана құрлым бай, ана құрлым ілгері кеткен. Орыс әдебиетінің өрісі мейлінше кең, дүние әдебиетінен өріс алып жатыр. Біз әлі көп кейін жатырмыз. Орыстың сол әдебиет әлеміне қарай Пушкин, Маяковский сияқты дүниелік гиганттар шықты. Сол сияқты орыс ақындарының жазушылық өрісінің ең шарықтап жеткен жерімен қазақ ақындарын қатар қою қиын. Бірақ өзіміздің әдебиетімізге қарай, біздің Пушкин, Маяковскийлеріміз бар.

Орыс әдебиетінің нағыз бай тілін жасаған, поэзиясын тәртіпке салған ұлы ақын Пушкин болса, бізде Абай дейміз. Орыстың кеңес поэзиясын жасаушылардың ең бастысы Маяковский болса, бізде Сәкен дейміз. Соның үшін поэзиямызда заңды форма жасауда Абайдан соңғы ірі жаңалық тудырған, үлкен өзгерістер жасаған Сәкен болды.

- Қазір ақындарымыздың көбі-ақ жаңашыл емес пе, күнде бір жаңа түр туып, өлең жазбай ма, осылардан Сәкендікінің қаншалықты айырмасы бар?

- Айырмасы үлкен.

Сәкен өлеңіндегі жаңалықтар, поэзиямызға Сәкен кіргізген жаңа түрлер заңды, орынды болып келеді. Мәселен “Советстан”ды алайық:

“Советстан біздің стан сабстан.
Экспресс талма екпінді шабыстан,
Гулет жүріп,
Үні құрып,
Қалсын ұлып.
Ескі жалған, арттан қалмай жабысқан:
Кондуктор,
Қатты бас,
Жүрек бір,
Жалын шаш,
Тілек бір,
Дөңгелет,
Тырат-тет-тет,
Тыра - тат-тат!
Так-так-так,
Рудзубтак”

Осы өлеңде қандай заңдылық бар. Бұл өлең алдымен идея, пікір жағынан советтің керемет-өскен күшін, алға басып, өрлеп келе жатқан жаңа дүниесін, тереңнен алып келіп жүйрік экспреске бейнелейді. Бұл нағыз реальный салыстыру, реальный бейне. Совет құрылысының шапшаң қарқынмен өсіп, алға басуын экспреске бейнелеуі өте орынды. Екінші жағынан өлеңнің сыртқы құрылысы, дыбыс үндестігі, ырғақ мотиві, зырлап жүргізіп келе жатқан жүйрік от арбаның дәл суретін береді. Өлеңнің сыртқы ұйқасынан, сыртқы дыбыс үнділігінен, аяғындағы қайырмасының бір тактімен келіп отыруынан, заулап жүйткіп, дөңгелектері қалай айналып, қалай соғып, қандай дыбыс үн беріп келе жатқан сипаттар толық елестейді. Бұл өлеңнің үлкен шеберлікпен жазылғандығын, үлкен заңдылыққа негізделгендігін көрсетеді.

Үшіншіден, бірінші қортынды толықтыратын, бұл өлеңдегі поезд, от арба ырғағының өзі, экспрестің жүйткіп шапқан жылдамдығынан туған екпінді, күшті сарын біздің индустрия жасап жатқан жаңа өміріміздің реальный көтеріңкі рухын көрсетеді. Сәкендегі “Трат-тат-тат”тар, біздің кейбір ақындарымыздың анабір кездегі “шақты шақ-шақ, балда-тақ-тақ, тоқпақ-тоқ-тоқ, турба-пыс-пыс” дегенінен бүтіндей басқа. Сәкенде жоғарыда айтылғандай, белгілі мағынаға байланысты заңдылықпен келіп отырады. Және Сәкен ол дұрыс еліктеуді, сол тұрған қалпындағы көріністі, соның мәнін түсіндіру үшін алмай, онан тереңірек идея беретін орынға қолданды.

Сәкеннің “Советстан”ы қазақтың кеңес поэзиясына жаңа түр боп кірді. Бұрынғы 11 буынмен 7 буынды өлеңдегі ырғақ өлшеулердің ескі шегін бұзды. Бұл өлең жаңа ырғақ, жаңа музыкалы, дыбысты заңдылыққа негізделген. Туып өрістеп келе жатқан жаңа поэзиямызда өте заңды және көпшілікке ұнамды жаңалық болғандықтан, Алаш-ордашылардың, кейбір теріс түсінген сыншылардың “Советстан”ға қарсы бөкпе сыны ешбір іскен асқан жоқ, орынсыз бос сөз болып қалып отырды. “Советстан”ды көпшіліктің өзі, кейінгі ақын-жазушылар көтеріп әкетті. Сәкеннің осы өлеңінің түрі, осы өлеңінің өлшеуі, Қазақстандағы ақындарымызға тез-ақ ұнады. “Советстан” үлгісімен Асқар, Өтебай, Әбділда, Жақан, Мәжит те өлең жазды, “Советстан” үлгісімен үзбей Тайыр жазып келеді. “Советстан” үлгісімен Сәбит те жазды. Ақырында “Советстан” үлгісімен барлық облыс, аудан, қалалардағы жас ақындарымыз мыңдап өлеңдер жазды. “Советстан” түрімен жазылып басылған өлеңдер газет, журналымызда, кітаптарымызда тіпті көп-ақ.

“Советстан” жазылып поэзиямыздан орын тепкеніне 10 жыл. Сонан бері осы өлшеумен, осы өлең сарынымен жазылған шығармалар сансыз көп болып отыруының өзі де, Сәкен жасаған бұл жаңа түр поэзиямыздағы заңды жаңалықтың бірі екендігін толық дәлелдейді.

Бізде Сәкен поэзиясына еліктеу өте көп болды. Бірақ, сол еліктеуші ақындардың біразы Сәкен поэзиясындағы заңдылықты меңгеріп, дәл “Советстан” өлеңінің үлгісімен өлең жазамын деп, Асқар, Өтебай, Жақан, Тайыр, Мәжит тағы басқалары жалаң схематизм жолына шалынған кездері болды. “Шақ-шақ-дүңк-дүңк-дүрс-дүрс” деген одағай айғайдың үнімен, техникаға құлақ қойып, соған жалаң еліктеп, поэзияны техниканың шулы айқайына көкпар етіп, мазмұн жағынан құрғақ үгітке айналдырып жіберді.

Сондықтан “Советстан” сияқты Сәкеннің поэзиядағы жаңалықтарына әбден түсініп барып еліктеу керектігі, ол өлең өлшеуінің өзі тақырып таңдауды керек қылатындығы көрінеді.

Сондықтан “Советстан” сияқты Сәкеннің поэзиядағы жаңалықтарына көбіне үлкен үлгі, үлкен мектеп те болды. Сәкен, өлеңінде ырғақ пен ұйқас дегенді қатты заңдылыққа тіреп отырудың үстіне, өлеңнің үнділігіне, белгілі еңбек, өмір процесінің қимылына лайықталып, құрылуына қатты көңіл бөледі. Сондықтан Сәкен өлеңі кейде ырғақ жағынан, сыртқы құрылысы жағынан мейлінше сұлу шебер болып шығады. Өлеңнен өрнек, өлеңнен кесте тігу осы Сәкен өлеңінде бар.

“Тоқу фабрикасында” деген өлеңі былай құрылған:

“Машиналар тоқиды өрмек,
Биязылап нәзік өрмек,
Асығады шапшаң тербеп,
Сарт-сұрт шауып арқау-жүрмек
Тынбай жүйткіп тоқи бермек,

Өнерлі еңбек, бәрін жеңбек
Болатын шарт сүйіне!”

Мұнда ақын тоқу процесінің дәл суретін береді, суреттегенде жалаң техникалы қалпын суреттеп қоймай, адам еңбегінің осы процесіне қатынасын көрсетеді.

Ақын шын жүрегінен тербелген сезімді көңіл күйін көрсетеді. Онан кейін үлкен шеберлікпен келтірілгені, өндірістің қарқынды, динамичный ырғағын өлең ырғағынан көрсете білгендігінде. Расында осы өлеңнің сөзбен суреттелгенін былай қойғанында өлең ырғағының өзінен тоқу фабрикасының еңбек-машина процесі, оның реальный сипаты айқын көрінеді.

Сәкеннің “Трактор мен комбайн” өлшеуімен жазылған өлеңі де ішкі мазмұнға лайық өлеңнің ұйқасымен сыртқы ырғағы сай келіп құрылған. Мәселен:

“Жердің жылы,
Төсін ашып,
Қызыл маржан,
Бидай шашып,
Күй қосады,
Көңіл тасып
Шымның қатар жымына”

(“Даладағы жаңа күй”). - деген

Бір шумағын алайық. Мұнда өлеңнің идеясы егін жыртылып, салынған, егін құлпырып, өсіп орылған мезгілдегі трактор, комбайн секілді күрделі ауыл шаруашылығы машиналарын суреттемек болған, машина мінген ерлердің, тың жатқан, меңіреу жатқан даланы оятып, өмірдің, еңбектің жаңа дүрмегін, жаңа тірлігін көрсетпек болған. Ақын осы идеясын өлеңнің сол ауыл шаруашылығы машинасы - трактор мен комбайнның ырғағы арқылы да бермек болған.

Өлең жолдарының бұл сияқты тізбектеліп қатар-қатар құралуы сырт түсінген адамдарға “сәндік үшін” алынған қатар болып көрінуі мүмкін. Бірақ, анығында олай емес, осы қатар тізіліп құрылған бір сала өлеңдерінің ырғағы трактордың егін жыртып келе жатқандағы ырғағынан алынған реальный ырғақ. Жолдардың салаланып отыруы жердің симметриялы тақта-тақта болып жыртылғанына еліктегенінен туған өлеңнің кестесі. Өлеңді, ішкі пікір идеясына сәйкестей, сыртқы құрылысын, сыртқы әдемілігін, ырғағын жасай білу ақынның өлеңдегі бір шеберлігін көрсетеді.

Тракторды, комбайнды 11 буынды кара өлеңнің, 7 буынды жыр-тақпақтың өлшеуімен жырлауға болмай ма, мұндай қатарлауда не тұр деуі мүмкін. Ол дұрыс, өлеңнің басқа өлшеуімен де жырлай беруге болады. Бірақ, поэзиямызға жаңа рең, жаңа өң беретін заңды түрмен жасалған, бұл сияқты жаңа өнерден қашуға бола ма? Кеңес поэзиясының өрісін кеңітетін,

әр жағынан бұтақтандыратын үлкен жаңа тетіктің бірі емес пе? Бұл қортындымен ешкім таласпайды. “Советстан” сияқты поэзиямызда өте жайылып, орын алған жаңа өлең өлшеуінің бірі осы - “Комбаин мен трактор” өлеңінің түрі. Бұл түрмен де көп ақындарымыз жазды. Асқар, Өтебай, Жақан, Тайыр тағы ауыл, аудан, облыстардағы жас ақындарымыздың көп өлеңдері осы түрмен жазылып келеді.

Сәкеннің қазақ ақындарының бәрінен бұрын көтеріңкі рух бере, төңкерістің дабылды ұранын көтере тұңғыш “Қазақ марсельзасын” жазғандығы, “Кедей ұраны” сияқты қараңғы даланы жырмен селт еткізетін өткір үгіт лирикасы сияқты өлеңдері, біздің төңкерісшіл поэзияның басы екендігіне ешкім таласа да қоймас.

Сәкеннің қазақ поэзиясына кіргізген жаңалықтары Абай үлгісіндегі, халық ақындары үлгісіндегі өлеңде ешуақытты қарсы келмейді. Сәкен ескі поэзиядағы байлықты жаңа поэзия жасау өнеріне пайдалана білді. Ол ескі өлең өлшеуімен өлең жазудан ешуақытта қол үзген жоқ. Соңғы кездері мақтаулы үлкен екі поэмасы “Көкшетау” мен “Қызыл аты” 11 буынды ескі өлең өлшеуімен жазылған. Сәкеннің қазақ кеңес поэзиясында қай жөнмен қандай орын алатындығын біз мақаламызда біраз аштық. Сәкен поэзиясына осылай баға беруімізден, Сәкен қазақ поэзиясының ұйтқысы, тірегі, таянышы, сүйеніші еді демейміз. Тек Сәкен арқылы ғана қазақ кеңес поэзиясын жасады демейміз. Былай десек, жалпы әдебиетіміздің тарихына поэзиямыздың жалпы халына дұрыс баға бермеген болар едік.

Расында, бір елдің, бір халықтың поэзиясы бір ғана адамның қара басымен жасалмайды, бірақ белгілі уақыттарда, белгілі тарихи кезеңде бірер адамның ісі ерекше көзге түсуі мүмкін. Сәкенді де біз кеңес поэзиясын алғаш ұйымдастырып, тұңғыш тудыруда айрықша еңбегі сіңген, бағалы шығармалар берген деп бағалаймыз.

Бертін келе кеңес поэзиясын жасаушы мықты армия өсті. Бейімбет, Ілияс, Сәбит тағы басқа ірі ақындар қатарға қосылды. Осылардың бірлігімен біздің кеңес поэзиясы әр жағынан бұтақтанып өсті.

Сәкенде оригинальней жаңа түр, жаңа ырғақтар болса, Ілияста жаңа поэтикалық образды сөздер болды. Бейімбетте халықтың жанды сөйлесу түріндегі поэзияның ерекшеліктері болса, Сәбитте трибуналы, түйдектеу ерекшеліктері басым болып отырады. Әр ақындардың өзінің ерекшеліктері, стильдері бар. Бірін -біріне қарсы қою түрінде, бірі артық, бірі кем, бірі “жақсы”, бірі “жаман” деген сияқты сын беру үлкен қателікке апарып соғады.

Жақында Қуанышұлы Қадыр Минскідегі болған одақтық жазушылар комитетінің пленумындағы сөйлеген сөзінде - қазақ поэзиясын қолынан жасаған, жасап отырған Жансүгірұлы ғана, ал Сәкен ескілікке наразы болып қарсы шыққан большевик дегенді айтты. Бұл біріншіден әрбір ақындардың поэзияда қандай орын алатындығын түсінбегендікті көрсетсе, екіншіден бір

ақынды бір ақынға салыстыра келіп, бір-біріне қарсы қойғандықты көрсетеді.

Үшіншіден - кеңес поэзиясын жасау жолдарының тарихи кезеңдерін тіпті білмегендіктен, әр ақынның поэзиясындағы ерекшеліктерін ұғынбағандықтан, Сәкенге де, Ілиясқа да дұрыс сын, дұрыс баға бере алмағандығын көрсетеді. Және Қадыр, “Күйші” туралы жазған мақаласында да Сәкен мен Ілиясты бір-біріне қарсы қоя сынайды. Бұл жөнде біздің Қадырға айтатынымыз - біздің ақындарымыздың шығармасына, олардың шығармасында поэзиялық, көркемдік ерекшеліктеріне әбден түсініп алмай, шын мәніндегі поэзияның кілтін тауып, ақынның жүрегінен шыққан шын мағыналы сырды жете ұғына білмей, “Күйші”де өзін, баяндама жасап тұрып-мен осының не айтатынын деген - негізгі ойына түсіне алмадым деген сияқты балалық сөзді, ұшқары пікірді айтпа дейміз. Оның үстіне жазушылар ұйымының басшы орнындағы адамсың, әрбір ақындарымыз жайында, әдебиеттің әрбір проблемасы жайында сөйлеген сөзіңіз, жеке айтқан пікіріңіз жауапсыз болмай, ойланып, орынды айтылған болу керек дейміз.

Біз, Сәкеннің қазақ кеңес поэзиясын тудырудағы қандай орын алғандығына, оның поэзиядағы өнеріне тоқталдық. Сәкен шығармаларына, Сәкеннің жазушылық жолындағы саяси бағыттарына қандай сын берілгендігіне біраз тоқталдық. Сәкен жайындағы бұрын болған бірталай қате түсініктердің бетін ашып алдық. Бір тоқталмаған жағымыз, Сәкеннің қара сөзіне, әдебиеттік жағынан жеке тоқталмадық. Ол туралы кейін жазыла жатар, әзірінше Сәкеннің поэзиясын көбірек сөз қылдық.

Енді Сәкен поэзиясындағы біраз кемшіліктерге тоқтала кетейік: Сәкен жаңа түр, жаңа сөздер ізденуден кейде өлеңдерін бұзып, әлсіретіп алады. Әсіресе, ескі басшылық перегиб тұсында жазылған “Әлбатрос” поэмасы мен “Социалистан”дағы кейбір өлеңдері Сәкен поэзиясының құнын көп төмендетіп жібереді.

Мәселен “Әлбатрос” поэмасының бір жерінде былай дейді:

Ағылшын. Француз. Юденич,

Дутов, Поляк, Колчак Каледин

Чех СОВЕТ Кадет

Слабад Ес. Ер.

Семенов Меньшевик

Жапан, Анненков, II -интерн.

Ала ту - Жасыл ақ.

Қалт - құлт

Таж -
тақ.
Ит
тісі
Сақ -
сақ.
Юд.
Дут.
Кол-
чак.

Капитал мас - өзін мәңгі
Бұл қылмақ,
Еңбек тапты езіп, жаншып,
Құл қылмақ.
Құлдықты жоқ
Қылмақшы боп,
Жасаса топ, -
Оқ жаудырып, көл ғып қанын,
Тұл қылмақ...

Әрине, бұл сөз теріп, өлеңнің сыртқы құрылысына берілгендіктен, пікірі терең, көркемдігі шебер өлең болу түгіл, тіпті поэзия болмай шыққан, формализмге салынған. Оның үстіне “капиталды мас” деп “өзін бұл қылады” деп теріс ұғыныс береді. Ұйқастың өзі де “қылмақ”, қылу” деген етістіктен құралған, соңғы бір шумақта “қыл” етістігі бес рет айтылған. Сәкен поэзиясында осы сияқты сорақы кемшіліктер, өлеңіне өте жауапсыз қарау, бірталай өлеңдерінде бар. Өлеңді сырттан сұлулаймын деп, ескі идеяны әлсіретіп алу, орынсыз теңеу, орынсыз ұйқастарды қолдану секілді кемшіліктерді, Сәкен өлеңге салақ, жауапсыз қарағандығынан жібереді. Сәкен тіл білмейді емес, тілге бай ақын. Тілді біле тұра поэзиясына қотыр сөздерді жіберіп қоюына қатты кейісің. Біз Сәкеннен келешекте осы кемшіліктерін жоюын талап етуіміз керек.

Қорытып келгенде біздің қазақ кеңес поэзиясын жасауда басты орын алып отырған ақынымыз Сәкен 20 жыл жазушылық өмірінде поэзиямызға бағалы көп нәрселер берді, үлкен еңбек сіңірді. Оны бүгін Мирзоян бастаған жаңа басшылық тұсында партия мен үкімет бағалап отыр. Біз Сәкеннен әлі де, поэзиямызға тың жаңа нәрселер беруді күтеміз. Келешекте Сәкеннен қазақ кеңес поэзиясында “Советстан”, “Көкшетау”, “Қызыл-ат” сияқты құнды шығармалар тудыруды күтеміз.

Ендігі жерде Сәкен кесек ірі нәрселер, кесек образдар тудыратын болу керек. Сәкен поэзиясының негізі қазір де ұзақ лирикада жатыр, енді поэзияда эпос жасау мәселесіне бет бұру керек. Поэзиямызда эпосты

(уақи-тартысты) поэмалар жоқтың қасында, бұл жөндегі міндет - барлық ақындарымыздың алдына қойылып отыр.

Сәкен поэзиясы туралы мақаланы әзірге осымен тоқтатайық.

Есмағамбет Смайылулы.
Әдебиет майданы.
1936 жыл, №5, 68-82 б.

Сәкеннің тарихтағы өшпейтін іздері

АЛАШ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІ ЖӘНЕ СӘКЕН

Сәкенді қызыл дейміз, орысшыл дейміз. Ресей революциясын, большевик партиясын, оның көсемін мақтады дейміз. Алайда, алаш қозғалысының лидері әлихан Бөкейханов орысты, батысты жақтамады деп кім айта алады? әсіресе, алғашқы кезеңде. "Бостандықты туғызған мен емес, орыс елдері. Мен олардың жолында жолдастықта жүрген кісімін. Жүз жылдан бері бостандық ішін асылған, атылған солар. Тәңір жарылқасынды соларға бұрын айтуға керек" деген сөз кімнен шықты? Бөкейхановтан емес пе? ("Тар жол тайғақ кешу", А., "Қазығұрт", 2003, 121-б. –бұл 1927 жылғы роман-эссенің тұңғыш нұсқасының бірінші рет қайта басылуы).

Шындығына келсек, кадет партиясының қатардағы мүшесі емес, оның басшы құрамына кірген әлихан Бөкейханов қазақ жеріндегі мемлекеттік құрылыс қандай болу керектігі жөнінде айтыс-талас болғанда өз жақтастарының сойылын соқты ма, жоқ па? әрине, конституциялық демократиялық партия-кадеттер – Ресей өміріндегі ерекше құбылыс болды. П.Н.Мюликов басқарған осынау құрылымның қатарында П.Б.Струве, И.И.Петрункевич, М.М.Ковалевский, А.И.Гучков, В.И.Вернадский сияқты орыстың сорпаға шығар жайсандары және ғылым мен мәдениеттің басқа да небір марқасқалары болуы тегін емес. Солардың ішінде алаш азаматы әлихан Бөкейхановтың жүруін біз, сөз жоқ, мақтан етеміз. Бірақ кадеттер ұсынған бағдарлама қазақта келе қояр ма? Мәселе сонда. Мысалы, олар патшалық жүйені конституциялық монархия түрінде сақтап, аграрлық мәселеде жерді помещик қожалығында қалдырғысы келді. Ал шаруалардың меншігін ұлғайтуды монастырьдағы, мемлекет қорындағы, жеке меншіктегі жердің біразын иесіздендіру, үлес есебіне сатып алу арқылы шешуді қарастырды.

Ақпан төңкерісі жеңісімен ұлт көсемі әлихан Бөкейханов бастаған зиялы қауымының саяси бағдарламасы уақытша үкімет империяның Қазақстан сияқты шет аймақтарында кадеттерді эсерлерді және өзінің саяси мүддесін жүзеге асыруға сенімді деп табылған топты, соның ішінде қазақтың ұлттық-либералдық интеллигенциясының кейбір өкілдерін басшы қызметтерге тартты. Әлихан Бөкейханов Торғай облысының комиссары, Түркістан комитетінің мүшесі болып бекітілді. М.Тынышпаев, М.Шоқаев, А.Бірімжанов, А.Кенесарин сияқты қазақ зиялыларына да жауапты жұмыстар жүктелді.

Ел басқаруда либералдық-демократиялық идеядан ұлттық-демократиялық көзқарасқа ауысу эволюциясы Әлихан Бөкейхановта біртіндеп болғандығы шындық. Ол уақытша үкімет те, кадет партиясы да біздің

ұлттық мүддені түбейгейлі шеше алмайтындығына көзі әбден жеткеннен кейін ғана "Алаш" партиясын құруға кірісті.

Сондықтан болар, 1917 жылғы 21-26 шілдеде Орынбор қаласында өткен бүкілқазақтық бірінші съезде "Ресей демократиялық федеративтік парламенттік республика", ал "қазақ облыстары оның құрамындағы ұлттық-территориялық автономия болуы тиіс" деп қаулы қабылдануына, ондай ұсынысты әлихан Бөкейхановтың қолдауы бір күнде бола қоймаған нәрсе. Бұған дәлел ретінде "Тар жол, тайғақ кешудің" алғашқы басылымын алған дәйек сөзіне назар аударғанымыз жөн.

Сол кездегі ең түбегейлі мәселе болашақ үкімет құрылысы болғандықтан, Ақмоланың уездік Жас қазақ ұйымы осы проблеманы талқылап, оның қаулысын Орынбордағы съезге жібереді. Онда: "біз федеративный республикаға қана дауыс береміз. Басқа түрге қарсы боламыз" делінген.

Одан әрі "Тар жол, тайғақ кешудің" тұңғыш нұсқасында Сәкен: "Біздің телеграмма съездің ашылуына дәл барыпты. Бұл телеграмманың жөнімен Ақмола облысының атынан барған Сейітов федеративный республиканы жақтап сөйлепті. Съезді шақырушылардың ағасы Бөкейханов кадет партиясының жобасын съезге алғызбақ болыпты, едәуір далбастапты. "Россия үкіметі Англия үкіметіндей патшасы бір парламентті болуы жөн" деп таласыпты. Бірақ көпшіліктен жеңіліпті. Съезд федеративная республиканы дұрыс деп тауыпты. Бұл сөзді съезден кейін Ақмолаға келгенде Сейітов сөйлейді", – деп жазады.

Асылбек Сейітовтың Ақмола облысынан съезге делегат болып қатысқанын, сол жиынның екі хатшысының бірі болғандығын және Ақмолаға қайтып келгенде съездегі хал-ахуалдың бастан-аяқ баяндап бергендігін, ал роман-эссе оқиғаның ізін суытпай жазылғанын ескерсек, бұл дерек жоғарыда айтылған пікірді айғақтай түседі деп ойлаймыз.

Әрине, "Алаш" ұстанған бағыт стратегиялық жағынан дұрыс болғанымен, тап сол кезде оны дәлелдей алмады. Бұрын саяси күресте ысылмаған алаш серкелерінің тактикалық жағынан жіберген қателері аз болған жоқ. Жалпы Сәкен-әлихан арақатынасын сөз еткенде ол пенделік тұрғыдан емес, екі идеологияның өкілі ретінде қаралғаны дұрыс деген пікірге қосыламыз. Бұған "Тар жол, тайғақ кешудің" әр жылдары шыққан мәтініндегі өзгерістер куә.

Сәкен осы кітаптың бірінші басылымында "Алаш" туралы әңгімелер айтылғанда сол Алашордада болғандарды айыптамақ ниетімен айтылып отырған жоқ. Тек тарихи мағлұмат ретінде ғана баспа жүзіне шықсын деген оймен айтылды" дейді. Яғни, автор ақиқаттан алшақтамай оқушыға сол кездегі оқиға туралы дерек бергісі келетінін ескертеді.

Нұрсұлтан Назарбаев: Сәкен өз заманының саясатына қызмет етті, сол кездегі жаңа құрылған қоғамның болашағына сенім артты. Бірақ ол- өз халқының болашағына деген сенім еді. Романның бірінші және кейінгі

басылымдарын салыстырып, арнайы зерттеген сәкентанушы ғалым Күләш Садыққызы Ахмет бұлардың арасында елеулі өзгерістер бар екендігін және оның 1936 жылдан кейін коммунистік идеологияның талаптарына орай редакциялап, кейбір жерлерінің бояуы шамадан тыс қоюланып кеткенін бұрын да талай айтып, жазған еді. Енді 1927 жылғы шыққан сол кітап кириллицаға түсіріліп, қолымызға тигенде бұған көзіміз айқын жетті. Мысалы, алғашқы нұсқада "Бөкейханұлы Сібір съезіне келді. Омбыға келді, Семейге келді, баяндама жасады. Оқыған мырзалар, оқып жүрген мырза болам деушілер Бөкейханның жолын тосып алды... Омбыда, Семейде әлекеңді құдайдан сұрап алған жалғыздай құттықтады" делінсе, осы жолдар соңғы басылымдарда "Бөкейханұлы Сібір съезіне келді. Омбыға келді, Семейге келді, баяндамалар жасады. Оқыған ұлтшыл мырзалар, оқып жүрген мырза болам деуші бай ниетті "ұлдары" Бөкейханұлының жолын тосып қарсы алды. Омбыда, Семейде Бөкейханұлын байшыл-ұлтшылдар, саудагерлер құрметтеп жатты " деп өзгертілген.

Сонымен бірге "Болса да қалың тұман, қараңғы түн, туатын "бақ жұлдызына" көзі жеткен", - деп немесе "Көп жаса басшымыз, сені көрумен өзімізді бақытты санаймыз" деген, сондай-ақ:

"Алаш туын қолға алған,
Қараңғыда жол салған
Арыстаным келдіңіз" және
"Жасасын сүйген Алашың!

Көп жыл жаса сабазым!"- деген сияқты "Тар жол, тайғақ кешудегі" әлихан Бөкейхановты мадақтайтын сөздер 1936 жылдан кейін шыққан кітаптарда мүлдем алынып тасталған. Себебі белгілі. Алашордашылар ресми түрде тап жауы болып есептелген тоталитарлық режим кезінде мұндай пікірдің жарық көруі мүмкін емес еді.

Орынсыз қызыл кеңірдек көрсетіп, асылдарымыздың бірін мақтап, біздіңше, мына жағдайды ескермейтін сияқтымыз. Елдің намысын жыртып, от пен суға түскен ХХ ғасыр басындағы қазақ оқымыстыларының қайсысы болсын тым белсенділік көрсетті. Олардың артықшылығы – ой-өріс, білім деңгейінің едәуір жоғарылығы, елін, жерін сүйген әсіре патриоттығы. Кемшілігі – билік, мансап жолындағы қулық-сұмдық, алдап – арбау сияқты саяси ойынның зымиян айла-тәсілінен бейхабарлығы, орыс революциягерлері сияқты емес, керісінше, астыртын жұмыстан тәжірибелерінің жоқтығы.

Совет өкіметіне қазақ жұртының ұлттық мүддесін туғып көтеретін ондай зиялылар керек емес еді, оларға өзінің пікір-ұсынысы жоқ, ел қамын ойлап басын қатырмайтын, бірақ отаршыл басшылықтың айтқанын екі етпей орындайтын дұбаралар қажет болатын. Сондықтан большевиктердің түпкілікті мақсаты әртүрлі сылтау тауып, ең алдымен алашордашыларды, сосын Сәкен сияқты "қызылдардың" көзін құрту еді.

"Алаш" қайраткерлері де, "қызылдар" деп аталған Сәкендер тобы да қазақ халқының келешегінің жарқын, нұрлы болуын армандады, алаш жұртының азат, еркін өмір сүруі үшін күресті. Бірақ бұл мақсатты қалай жүзеге асырамыз деген мәселеге келгенде ортақ мәмілеге тоқайласа алмай, бөлініп кеткені рас. Оның үстіне билік қолына тиген большевиктер жұрттың бәрін жарылқаймыз, қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман орнатамыз деген желеумен тұтас елдің, оның зиялы- қауымын қақ жарып, арасына сына қақты. Олардың күш-жігерін, ақыл-парасатын жалпы ұлттық мүдделерді шешуден алшақтатып, өздері ойдан шығарған тап күресін шиеленістіре түсті. Идеологиялық майданды қызу тартысқа ұластырып, алаш жұртының елді соңынан ерте алатын оқымысты азаматтарының бірігіп қимыл жасауына мүмкіндік бермеді. Өкінішке қарай, бұрын саяси тартыспен айналыспаған, астыртын қимыл-әрекетке машықтанбаған аңғал, аңқау қазақ оқымыстылары большевиктердің зымиян саясаты құрған осындай қақпанға оп-оңай түсті.

Езілген халықтарды азат етеміз, елге бостандық береміз, ұлт мәселесін түпкілікті шешеміз деген коммунистердің жалған уәдесі патшалық режимнен қорлық көрген Сәкенді еліктірді, қызықтырды. Жаңа заманды, жаңа құрылысты –социализмді екпіндете жырлағаны да сондықтан. Большевиктер әлемдік деңгейде әрекет жасап, дүние жүзінде социализм орнатпақ болды: Л.Д Троцкий "Еуропа құрама штаттары" деген үлкен мемлекет ұйымдастыруды көздеді, В.И. Ленин Апрель тезистерінде коммунистік III Интернационалды құруды ұсынды. И.В. Сталин "дүниежүзілік социалистік революциясы" теориясын насихаттады. Большевик көсемдерінің бұл саясатының қате екенін, әрине, уақыт көрсетті.

Алайда, сол кезеңде жаңа өкімет басшылары көтерген ұрандарды, езілген ұлттардың проблемасын түбегейлі реттейміз деген бағдарламаны "қызыл" Сәкен ғана емес, кезінде баррикаданың басқа жағында болып, кейін советтер жағына шыққан кейбір алаш қайраткерлерінің де қолдағаны шындық. Олар да қазақ халқының тәуелсіздік жолындағы күресі осы идеямен байланысты деп түсінді.

Мысалы, Жүсіпбек Аймауытовтың "Ел қорғаны" деген пьесасындағы әскер командирі: "Коммунист партиясы бастаған кеңес өкіметі – дүние жүзінде болмаған өкімет, бұл бар адам баласын сәулетті, бақытты тұрмысқа жеткізуге күш бастаған өкімет. Бұрынғы мал есебінде жүрген ұлттардың бәріне өз алдына жұрт болуға, өз тілімен өнер-білім үйренуге, өзін-өзі билеп қатарға кіруге Кеңес өкіметі ерік беріп отыр. Қазақ өз алдына ел болды, республикасын жариялады," – дейді.

Ал сол пьесаның екінші бір кейіпкері: "Ахмет Байтұрсыновты естуіңіз бар шығар. Ол кісі қазақ автономиясын алуға Мәскеуге барды... Большевик жолы қазаққа зиянды болса, Ахмет оларға қосылмас еді", – деп жаңа заманның жақсылық „келетіндігіне сеніммен қарайды.

Шартты түрде жазылған көркем шығарма болғанмен, пьесада сөз болған бұл пікір өмір шындығынан алшақ емес еді. Мұны Аханның коммунистік партия қатарына өту үшін берген өтініші айғақтай түседі онда былай делінген:

"РКП(б) ОРЫНБОР КОМИТЕТІНЕ

Ғасырлар бойы езгіде болып келген қырғыз (қазақ- А.К.) халқын азат етудің жолдарын көп уақыт ізденуден кейін мен мынадай тоқтамға келдім:

Азат етілген қырғыз халқы қаналған адамзаттың бүкіл басқа бөлігімен бірге ғана, яғни дүниежүзілік революция, дүниежүзілік федерация арқасында ғана бақытқа жете алады.

Таптар мен ұлттарды іс жүзінде толық азат етуді өзінің алдына тікелей мақсат етіп қойған және оны ішінара жүзеге асырған интернационалдық Коммунистік партиясынан басқа ешқандай партия мұны жасай алмайды.

Шынайы еңбек демократиясына өтер қажетті баспалдақ – пролетариат пен жартылай пролетариаттың толық саяси және экономикалық билігі сипатындағы адамзаттың еңбекші қауымының диктатурасы болып табылады.

Бұл диктатура егер ұйымдасқан адамзаттың, еңбекші қауымның басым көпшілігі оны қолдаған кезде ғана бүкіл адамзаттың мүддесі нығайып, іс жүзіне асырылмақ, сол үшін де қырғыз еңбекші халқын осы программа астына топтастыру қажет.

5. РКП(б)-ның ұлт қатынастары саласындағы программасы, сондай-ақ Ленин жолдастың ұлттардың өзін-өзі билеу жөніндегі пікір-таластар қорытындысы бойынша баяндалған ұлттардың өзін-өзі билеу жөніндегі көзқарасы және шығыс халықтары арасында жұмыстарға байланысты РКП(б) Орталық Комитетінде айтылған тактикалық пайымдаулар дұрыс қолданылған кезде және дұрыс жүзеге асырылғанда қаналған ұлт ретінде халқының мүдделері қанағат таба алады.

Жоғарыда айтылғандарыма байланысты, оның программасын жалпы іске асыруға және атап айтқанда шығыс мәселесі бойынша программасын жүзеге асыруға көмектесу үшін Россия Коммунистік большевиктер партиясына өтуге шешім қабылдадым, ол үшін Комитеттің мені РКП(б) мүшелерінің қатарына алуын өтінемін.

Алашорда үкіметін қайта құрып, оның өмірге енді келе алмайтындығына көзі әбден жеткен кезде ұлы Ақаң "заманың түлкі болса, тазы боп шал" деген қағиданы басшылыққа алып, большевиктер қатарына осылай қосылды. Басқа амал қалмаған соң жаңа өкіметті жақтауға мәжбүр болды, еліне, туған халқына, ұлтына қызмет етудің ендігі мүмкіндігі осы деп білді.

Сәкен мен алаш қайраткерлері идеологиялық тұрғыдан бір-бірімен қарама-қайшылықта болғаны рас, оның белгілі себептері де бар. Соның кейбіреуін жоғарыда сөз еттік. Бұл тұрғыда қызу қанды, бірбеткей, дауылпаз ақын „қызыл,, Сәкеннің эмоцияға беріліп, артық-кем айтып кеткен жерлері және бар. Бірақ мұны әсірелеп, күшейтіп, идеологиялық баррикаданың екі шетіндегі арыстарымызды "сөйткен", "бүйткен" деп ұсақ-түйекті теріп, олардың нар тұлғасын, асыл бейнесін аласартып, күйе жаға беруге ұмтылуды қостағымыз келмейді. Білместіктен бе, әлде қастықтан ба, кім білсін, әйтеуір Сәкен төңірегіндегі замандастарының бәрі ылғи жау етіп көрсетіліп келді, шын мәнінде олай емес қой. Өйткені олар бір-бірімен ылғи ұрыс-керіс жағдайында немесе тек дұшпандық пиғылда болмағандығы тарихи шындық. С.Сейфуллин жасы үлкен қаламдастарын бағалады, сыйлады, өзінің революциялық төңкерісшіл көзқарасына сай келмейтін саяси бағыт-бақдарына түсіністік көрсете білді. Мұндай кең пейілділік кез-келген жанның қолынан келмейді, оны сирек қабілетті адам ғана жасай алады.

Тағдыр тауқыметіне, басқа түскен ауыртпалыққа мойымай, қайсарлық, ержүректік байқатып, өзімен-өзі болу, сөйте тұра адами қасиетінді жоғалтпаудың қалай болатын үлгісін Сәкен фәни дүниеде көрсете білді, ал, біздіңше, өміріне сара жол ғып алған осы бағдарламаны "Жел қайықта" деген өлеңінде жазып та кетті:

Тәуекел дарияға салсаң қайық,

Талмай дүз, тұтқан жолдан кетпей

тайып.

Дарияда бірде тыныш, бірде дауыл,
Қаңбақша кезер кемең қанат жайып.

Айықта қалқыр кемең тыныш тауып,
Сұрапыл дауыл соқса қатер-қауіп.
Тілсіз жау- кара дауыл үні құрғыр,
Ескекті мықтап ұста кетпей ауып.

Тымықта құлаш керсең әнге салып,
Кеулеп сал толқында да қаһарланып.
Сыр берме, жел қайыққа мінгеннен

соң,

Рахатты, михнатты да мойынға алып.

Толқынды, тымықта да өлеңдетіп,
Дариядан қорықпай дүзіп аман өтіп.
Ғаділдік, махаббаттың патшалығын
Көрерсің мақсұтыңа барып жетіп.

Сөйтіп, жаңа заманды жан-тәнімен қарсы алған "қызыл сұққар" дәуір талабы туындатқан зобалаң мен ауыртпалықты күні бұрын сезіп-білсе де революция ісіне саналы, мақсатты түрде кірісті. "Жел қайыққа мінген соң, рақатты, михнатты мойынға алып, сыр бермей" өтті.

Дауылпаз ақынның жан-жары Гүлбаһрам жазушы Жайық Бектұровпен бір әңгімесінде Сәкеннің көңілін тауып, ұлының атын Аян деп Мұхтар қойғандығын тілге тиек етеді. Ертедегісін жөнді білмеймін,- дейді одан әрі,- Мұхтар отыз екінші жылы абақтыдан босап, үйірге қайта қосылғанда, Сәкенмен көңілдес болды. Сырт көзге оның мінезін былайғы жұрт тік бірбеткей деп ойлайтын. Шыны, біздің Сәкен адамға қайырымды, кешірімді еді.

Өздері ертеде Омбыда бірге оқығанда бірін-бірі сынап, жамандап, қатты сөгіп, өлең жазысқан, кейінде бірі большевик, бірі ұлтшыл ақын аталған, өзіне қатты тіл тигізген Мағжан лагерьден келгенде, оны үйде құшақтап қарсы алып еді. Зор ықылас білдіріп, қадір тұтып еді. Мағжан ертеде тілін қатты қадағаны үшін кешірім сұрап, алдына бас игісі келгенде Сәкен: "Жоқ, сен кішірейме, сенің кінәң кешірілді, бейнет көрдің" деген. Сөйтіп, талай жыл теріскейдегі айдаудан қайтқан ақын құрбысына қайырымды, сыпайы мінез көрсетті. Қызметке орналасқанша қаражат беріп көмектескендігін сөз етеді Гүлбаһрам апай.

Бұл пікірді атақты башқұрт ақыны Саифи Құдаш та қостайды. Алашорда қайраткері Мағжан Жұмабаевты саяси тұрғыдан ақтаудың қажеттігі туралы Дінмұхамед Қонаевқа жазған белгілі хатында "Он жылға кесілген ақын Карелия лагерьлері мен ормандарында ауыр күн кешеді... 1935 жылы М.Горькийдің көмегімен М.Жұмабаев босанып шығады. Ақын Петропавл қаласына қайтып келеді, әуелгі кездері оған дос-пейіл білдіріп, С.Сейфуллин көмектесіп тұрады", – деп жазғанынан біраз дүниені аңғаруға болады емес пе?

Мағжанның өмірі мен шығармашылығын зерттеген ғалым Шериаздан Елеукенов "Қызметсіз қаңғырып жүру оңай емес қой. (Мағжанға-А.К.) 500 сом ақша жібереді. "Ашаршылықта жейтін құйқа" дейтін емес, Сәкеннің адамгершілігіне көңілдері семіреді", – деп ризашылық сезімін білдіреді.

Бұл жағдайды арнайы саралаған профессор Тұрсынбек Кәкішевтің „Мағжан-Сәкен" ғылыми эссесінде келтірілген „екеуінің арасында айта қаларлықтай қарама-қарсылық ешуақытта да болған емес. Бірақ, тосыннан келе қалған Қазан төңкерісі екі ақынның арасын алшақтатуға әсерін тигізді, деген тұжырымнан осы проблеманың түп негізі қайда екендігін сеземіз.

Солай десек те, ұлтшыл атанған Мағжан басына қиын-қыстау күн туған уақытта кеңес өкіметін паналаған кезі де болған. Мысалы, Омбыда большевиктер билігі құлап, орнына келген Колчак үкіметі (1918) алашорда белсенділерін қуғындай бастайды. Сонда Мағжанды 3-4 жолдасымен

(ішінде белгілі әнші Ермек Серкебаевтың әкесі Бекмұхамбет Серкебаев бар) Омбы уезінің Күрсары керейінің болысы болған Шәмел Бөртебаев қала шетіндегі бір үйдің жертөлесіне жасырған. Сол Шәмелдің көмегімен қызыл әскер жігіттері ақынды жанындағы жолдастарымен қоса Омбыдан ұрлап алғандай алып қашып, Сасықкөл арқылы Мамлют түбінде уақытша орналасқан губревкомның кеңесіне әкеледі. Ал ревком басшысы (Гозан) Мағжанға қазақ жауынгерлерінің алдында лекция оқып, әңгіме өткізу сияқты саяси жұмысқа араласуды ұсынды.

Жылдың соңына қарай кеңес өкіметінің түпкілікті орныққаны айқын болған кезде, Мағжан да басқа қазақ зиялылары сияқты елдік мәселесін жоқтаудың, ұлттықты сақтаудың жаңа формасын іздеді. Сол себепті, ол большевиктер ұсынған қызметтен бас тартпады. 1920-1922 жылдары Сібір ревкомының газеті- "Кедей сөзімен", Ақмола облыстық партия комитетінің газеті – "Бостандық туымен" тығыз байланыста болып, әр жылдары осы басылымдарда қызмет атқаруы соны аңғартады.

Автономия тағдыры – ұлт тағдыры деп түсінген Мағжан кеңес шындығынан қашпады: зиялы қауыммен топтасып, бірлесіп әрекет жасаса, қазақ ұлты бақытқа жетеді деп сенді. Сондықтан да ол большевиктер құрған кеңестік автономияға қарсылық білдірмеді, қайта қостады.

Осыған орай "Кедей сөзі" газетінде жарияланған "Автономия кімдікі?" (1921) деген мақаласында ол: "Алаш елінің бостандығы ешбір уақыт алаш мырзасының, әки бірлі-жарым жолдастың (астын сызған –А.К.) бостандығы болған емес. Бостандық елдікі! Автономия елдікі! Автономия жолында малды, басты құрбан қылдым деп, қазақ оқығандарының қайсысының болса да хақы жоқ",- деп екі жақты- алашордашылар мен "қызылдарды" (Сәкендерді) ынтымақ-бірлікке шақырды.

Олай болса, Мағжан жаңа үкіметтің оқу-ағарту саласында күнкөріс үшін ғана емес (әрине, ол да керек), халқының рухани сұранысын өтейін деп шын ынта-ықыласымен істегені белгілі. Өмірдің өзі қызық қой, кейде көктен сұрағанды жерден бере салады. Қылыжардан ақтарды қуысымен, мұнда Омбыдағыдай мұғалімдар даярлайтын курс ашылды, оны басқару Мағжанға тапсырылды. Сөйтіп, бір кезде М.Жұмабаев жетекшілік еткен оқу ошағы курстан кейін педтехникум, педучилище, педколледж болып, күні бүгінге дейін еліміздің солтүстік облыстарын мұғалім кадрларымен қамтамасыз етіп келеді.

Ал кейінірек жазған "Қызыл жалау" (1924) деген өлеңінде Мағжан:

- "Қызыл шоқ жалау кімдікі?

- Кімде кім: "Тәңірім-от",-десе,

"Басқа тәңірім жоқ",-десе,

Қызыл шоқ жалау соныкі.

Ендеше, қазақ сенікі!",-дейді. Жаңа өкіметтің саясаты елдің қамын, алаш мүддесін көздейді, өйткені кеңестік ресми салтанатты рәміздің өзі-қызыл ту "сенікі, қазақтікі,, деген идеяны білдіреді дейді ақын.

Алашордашыл Мағжанның бұл жыр жолдары, біздің пайымдауымызша, "қызыл,, Сәкеннің осыдан бес-алты жыл бұрын жарық көрген атақты "Жас қазақ марсельезасымен" үндесіп, сабақтасып жатқан сияқты. Тыңдап көріңіз:

"Азамат, сестеніп көзіңді аш, жүрме бос.
ұран сал, алға бас, бірігіп тізе қос.
Қызыл ту – шылауың, қорғаның,
Тізе қос, тізе қос, тізе қос!"

Сырттай қарағанда Сәкенді қаралағысы келетіндерге бұл нағыз іздегенге – сұраған. Байқайсыз ба, ол ұраншыл, төңкерісшіл, қызыл туды қорған еткен.

Дұрыс-ақ дейік, бірақ „Күн туды – біз теңдік алайық,, деп азаттыққа, бостандыққа шақырған дауылпаз ақын сол өлеңінде:

"Ақ ниет азамат ерлерді
Біз тудың астына жияйық",- деп қлттың бір бөлігін емес, қорлық-зомбылық көрген барша халықты ынтымақ-бірлікке шақырған жоқ па еді? Кейде соны байқамай қаламыз ба, қалай?

1929-30 жылдары Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов секілді басқа да алашордашылар көсемдерімен бірге Мағжан Жұмабаев та ұсталып, түрмеден кейін айдауда болды, ал жеті жылдан соң 1936 жылы елге – Қызылжарға қайтып оралды. Келесі жылдың наурыз айында Сәкеннің көмегімен Алматыға келеді. Алайда, 1924 жылдан бастап (Мәскеудегі Күншығыс коммунистер университетінде Н.Төреқұлов баяндама жасаған қазақ жастарының жерлестік ұйымының талқысынан кейін) "түрікшіл", "байшыл", алашордашыл", "социалистік құрлысқа жат элемент" деген қауесет тағылған Мағжан үнемі қиын-қыстау кезеңге, қуғын-сүргінге ұшырай береді.

1937 жылдың 24 майында Қазақ КСР Халық Комиссарлары кеңесінің төрағасы Ораз Исаевқа жолдаған ашық хатында Мағжан "контрреволюцияшыл, ұлтшыл едім, енді түзелдім" дей келіп, оған қосымша ретінде жазылған "Қаламыма" (Кешегім, келешегім) деген өлеңінде:

"Осы бетім-ақ ниетім, елге ере алсам,
Гүлденген өмірге үндес жыр бере алсам.
Осы бетім-ақ ниетім, келдім бастап.
Жанымнан бар жараны сылып тастап.
Еңбекшіл ел, ашуы-ұшан, мейірімі мол,
Жанымды тарттым саған жалаңаштап", – деп жан сырын ақтарады.

Сәкен Сейфуллин алашорда көсемінің бірі Ахмет Байтұрсыновты құрмет тұтқан. Ол туралы: "Қазақ халқын байға, кедейге бөлмей намысын бірдей жырты, арын бірге жоқтады. Өзге оқыған мырзалар шен іздеп жүргенде, қорлыққа шыдап, құлдыққа көніп, ұйқы басқан қалың қазақтың

ұлт намысын жыртып, ұлттың арын жоқтаған патша заманында жалғыз-ақ Ахмет еді", – деп жазды.

Осы мақаласы үшін "Степная правда" газетінде әбдірахман әйтиев "Фактические поправки" деген тақырыппен сынға алғаны белгілі. Сәкен де қарап қалмады. Әбдірахманның Ақаң алашты құрғандардың бірі болды, соСын коммунистік партияға кіріп, шығып қалған емес пе еді, деп қойған құйтырқы сұрағына ол тиісті тойтарыс береді. Қарсы жазған мақаласында Сәкен Ахметті қорғап, оның қадамының теріс ойлы пиғылдан емес, ұлтының тұрмыс тіршілігін жақсарту ниетінен болып жатқандығын тәптіштеп түсіндіреді.

Большевиктер басқарған үкіметтің сол кездегі ең жоғары лауазымды шенеунігі Сәкен алашордашыл Ахмет Байтұрсыновты неге жақтады, сонша неге қолпаштады, дәріптеді? Өйткені екі арыстың көптеген ой-пікірлері шығармашылығы ұлттық мәселе төңірегіндегі ықылас-пейілі бір-бірімен астасып, ұштасып, үндесіп жатты.

Ахмет Байтұрсынов болса Сәкеннің өшпес туындыларының құндылығын мән-маңызын түсінген, қадірлеген зерттеу еңбегіне арқау еткен. Ұлт көсемі, ғұлама ғалым өзінің "әдебиет танытқыш" кітабында сан салалы әдебиет табиғатын жан-жақты талдағанда әдебиеттің әрбір саласын жеке-жеке көрсетіп, нақтылы мысалдармен дәлелдегені белгілі.

Қазақ әдебиетіндегі осынау түңғыш ғылыми еңбектің өн бойында Сәкен шығармалары да назардан тыс қалмаған. "Сөз талғау тарауының "әсерлеу" ("лептеу") бөлімінде Ақаң "Жарлап арнауға" қажетті дәйек сөздер ретінде Сәкеннің "Қамыққан көңілге" деген өлеңінің:

-Еркінді қу қайғыға берме, көңілім!
Күйленіп бұрынғыдай керне, көңілім
Қамығып жабырқадың неге мұндай,

Талпынып көкке құлаш серме көңілім!- деген шумағын алуы тегіннен-тегін емес деп ойлаймыз.

"әдебиет танытқыштың" екінші бөлімінде Ақаң "Толғау" туралы баяндай келіп, оның бір саласын-"намыс толғау басында тайғақ кешу, тар жолда, қиыншылық шегіне жетіп тақалған шақта шығатын сөз" деп түсіндіреді. Бұған мысалдар келтіреді, соның ішінде Сәкеннің "Жолдастар" деген өлеңі бар. әрине, Сәкеннің:

"Біз көргенбіз қорлықты, жылағанды,
Көздің жасын көл қылып бұлағанды,
Жолдастар!"

немесе:

"Теңдік, бақыт, әділдік орнаталық,
Бұзып кіріп дұшпанның қамалдарын,
Жолдастар!"

-деген жыр жолдары тап сол кезде Ақаң айтқандай, ұлттың намысын қоздырып, қанын қыздыратын қайрау сөз- намыс толғауы болғаны сөзсіз.

Ал Ақаңның "ұлтты сақтайтын ең соңғы қамал – тіл" деген даналық қағидасы тәкаппар Сәкенің де көңілінен шықпады деп кім айта алады? Ақиық ақынның туған тілге деген көзқарасынан ғана емес, мұны осы жолда атқарған жанкешті қыруар еңбегінен де байқадық емес пе? Ұлттың тілді көздің қарашығындай сақтайық, оны мемлекеттік тіл дәрежесіне көтерейік, келешегін көркейтейік деп Сәкен бір емес, бірнеше мақала жазып, нақтылы іс-жоспарын ұсынды ғой. Сәкен үкімет басқарғанда (1922-1925) қазақ тілінің мәртебесі үшін күрескен ерлігін, кейін сондай дәрежеде таққа отырған қай қазақ қайталай алады?

Отаршыл Ресей бұратана халық есебіндегі алаш жұртын менсінбей "киргиз" деді. Тіпті, большевиктердің өзі "қазақ" емес, "Қырғыз республикасы" деп жазды емес пе? Бұл ресми құжаттарда, биліктің барлық деңгейі үшін үйреншікті қалыптасқан сөз болды. "Қырғыз" деген басқа дербес ұлт бар екендігіне қарамастан, қазақты өз атымен атау патша тұсында ғана емес, кеңес империясының да ойына кіріп шықпады. Көп жағдайда бұл кемсіту, жәбірлеу тұрғысында "у, киргиз!" деп айтылатын. Міне, бұған үзілді-кесілді қарсы шыққан, тұңғыш қоғамдық пікір тудырған кім еді? Ол – Сәкен! Бір адам емес, тұтас ұлтты қорлаған империяның осынау астамшылдығына тосқауыл жасаған Сәкен! Мұны ұмытуға болар ма? Осыған орай алашорда қозғалысының көрнекті өкілі әлімхан Ермековтың көзінің тірісінде "Сәкенді қызылдар жағында, ал біздерді "орда" жағында болды демесендер, Сәкен бізден гөрі әлдеқайда ұлтшыл еді", – деген сөзі еске түседі.

Оны айтасыз, кім "ұлтшыл", кім "тапшыл" екенін арнайы талдап, саралап отырған саясат құралының төр басындағы жоғары лауазымды шендердің өзі кейде соның аражігін аша алмай қиналатын сияқты. Мұны, біздіңше, өлкелік партия комитетінің бөлім меңгерушісі және сонымен қоса "Еңбекші қазақ" газетінің жауапты редакторы міндетін қоса атқарған белгілі сыншы Ғаббас Тоғжанов жазған "әдебиет және сын мәселелері" деген кітаптағы мына бір тұжырым айғақтайтын сияқты. Ғаббас бұл еңбегінде "Біздің осы күнгі партия жолындағы" деген басты коммунистердің бірсыпырасы бір кезде алашордашылардың ішінде болғандар, көп коммунистеріміз ұлтшылдыққа салынғандар, соның бірі – Сәкен"- деп жазды. Бұған түсінік берудің қажеті бар ма екен?

Бізде бұрыннан белгілі бір деректі жуырда "Қазақ әдебиеті" газетінде шыққан Ахат Шәкәрімұлы Құдайбердиевтің хабары тағы да айғақтап берді. Бұл атақты ұлтшыл Шәкәрімнің бел баласы. Ол: "С.Сейфуллин 35-ші жылы "Ләйлі- Мәжнүнді" қайта бастырғанда Шәкәрімнің мирасқоры бар деп қудалағандар болған. Сәкен маған хат жазып, мен жолығып, ризалық қолхат бергем. Сәкен де, Бейімбет те, Ілияс та – Шәкәрім ешуақытта өлмейді, біз кетерміз, бірақ кейінгі келешек тірілтуінде сөз жоқ дейтін еді. Мен 1936 жылы Сәкеннің ақылы бойынша Гоголь атындағы кітапханаға Шәкәрімнің шығармаларының бір көшірмесін

өткізген болатынмын ", – деп Сәкен Сейфуллиннің Шәкәрім ақынның шығармашылығын жоғары бағалап, оның өшпес мұрасына қаншалықты жанашыр пиғыл көрсеткенін ризашылық сезіммен баяндайды.

Өткен ғасыр басындағы қазақ зиялыларының қайсысы болсын шу дегенде таптық идеология тұрғысында күресіп, бір-біріне қырғи қабақ көрсетпеген. Бәрі елшілдік, ұлтжандылық тәуелсіздік ұранын ту ғып көтеріп, соны мұрат еткен. Ал тұтас елді, зиялы қауымды қақ жауып жауластырған, атыстырып-шабыстырған, жікшілдіктің, тап күресінің қажеттілігін заңдастырған қыр астынан келген пролетарлық идеология.

Ұлттық дүниетанымға интернационализм, яғни, ұлтсыздандыру идеясы қарсы қойылды, оны жүзеге асыру схемасы сырттан жасалды. Соның нәтижесінде Сәкеннің өз басына, халқына нәубет әкелген, қайғы-қасірет тудырған қоғам ғылыми тұрғыда негізделген нағыз социализм болмай шықты, ол казармалық тоталитарлық социализм еді. Оның арманы академик Манаш Қозыбаев айтқандай: Францис Бэконның "Жаңа Атлантидасы", Асан Қайғының "Жер ұйығы", Томас Компанелланың "Күн қаласы", Асан Қайғының "Жер ұйығы", Маркс пен Энгельс жазған әділет, теңдік, бостандық қоғам. Ал егер ақын көксеген мемлекеттік құрылыс ондай болмай шықса, бұған Сәкенді кінәлі екен деп айыптай аламыз ба?

"Қызылдарды жақтады, совет өкіметін қостады, соның сойылын соқты" деп, Сәкенді жамандағанда не айтқымыз келеді? Сонда 20-30-шы жылдардағы зиялы қауымның бәрі "Алаш" партиясында болып, атылып кетуі керек пе еді? Шынын айтсақ, сол кезде тактикалық тұрғыдан жіберген қателіктерін сезіп, алашордашылар кейін қызылдар қатарына шығып, советке қызмет етті емес пе? Ендеше өткен ғасырда "Алаштың" соңына ермегендердің бәрін "қызылдар" екен деп кінәласақ, сол тұстағы тұтас дәуірдің адамдарын түгелдей айыптауға тура келер еді. Бізге керегі сол ма?

Соңынан бүкіл еңбекші қауым советке қызмет етті, жаңа өкіметті нығайту үшін, оны көркейту үшін жұмыс істеді. Ақындар Ленинді, Сталинді, большевик партиясын, жаңа заманды жарыса жырлады. Тәуір қызмет немесе билік сатысының кез келген буынын ілігу үшін ең алдымен коммунистік партияға мүше болу қажет болды. Партияда жоқ адамдарға басшылық, жалпы жұртшылық сенімсіздікпен қарады. Қоғам солай дамыды, заман солай өмір сүрді. Олай болса, сол кезеңдегі тұтас халық коммунист болған екен деп орынсыз айыптағанмыз дұрыс па, қалай?

Амантай Кәкен
Астана

Ақиқаттың анасы – шындық

Сәкен Сейфуллиннің “Тар жол, тайғақ кешу” роман-эссесінің алғашқы идеясы “Абдолла тірі екен” деген 1920 жылы жазылған мақаласынан бастау алып, 1922 жылы “Октябрь төңкерісінің құрбандары” естелігімен жалғасты. Күншығыста партизан қатарында болған Абдолла Асылбековты, төңкеріс кезінде құрбан болған Шәймерден Әлжанұлы, Бәкен Серікбайұлы, Ысқақ Көбекұлы, Әділбек Майкөтұлы, Нұрғаным Бекмұхамбетұлы, Хәкім Маназарұлы, Нұрғали Қожанұлы, Аманкелді Иманұлы, тағы басқаларды атай келіп, Бәкен Серікбайұлының Колчак түрмесінде хал үстінде жатып Сәкенге “Біз өлсек те сен тірі қалсаң жақсы болар еді. Сен газетке, кітапқа жазып, біздің не үшін, кім үшін өлгенімізді айтар едің” дегені естен кетпес, жолдастар! Сендер өздерің өлсеңдер де қасиетті есімдерің өлмес! Қасиетті тілектерің өлмес! Ендігі тірі жүрген жолдастардың міндеті осы айтылған шаһиттердің есімдерін ұмытылмайтын қылу. Ол үшін Қазақстанда кейбір школаға, мектеп, медреселерге, оқуханаларға, көшелерге осы айтылған ерлердің есімдерін қою керек. Бұған күллі Қазақстандағы жолдастар кірісу керек. Сөйтсек біздің мойнымыздағы борыш, жолдастық ақталады” – деп жазып оны орындауға кіріскен болатын. 1923-24-26 жылдары “Қызыл Қырғызстан” журналының бірнеше сандарында “Тар жол, тайғақ кешудің” үзінділері жарияланды. Қолға қару орнына қалам ұстауға мүмкіндік туғанда орындай бастаған алғашқы азаматтық парыздарының бірі, яғни роман-эссені жазуының бірінші себебі осы еді.

Екінші, Сәкен Сейфуллиннің өз сөзімен айтар болсақ, “1916-17-18-19 жылдардағы тарихи қозғалыстың, ұлы өзгерістің (революцияның) Қазақстандағы өзім көрген, өзім білген оқиғаларынан баспа жүзінде із қалдыру” мақсатын көздегендігі. Ондай ірі оқиғаларды жалаң баяндауға болмайтынын сезген автор: Мұнда талай кісілердің аттары аталады. Тарихи қозғалыстың өзім көрген, білген оқиғаларын жазған соң, әрине кісілердің аттары кірмеске болмайды. Мақсат біреуді көтеру, біреуді жамандау емес. Зор қозғалыстың, зор өзгерістің әр кезінде әр түрлі пікір, әртүрлі әрекет болған. Ол – тіршіліктің, тарихтың ісі.

Бұл кітапта “Алаш” туралы әңгімелер айтылғанда, Алашордада болғандарды айыптамақ ниетімен айтылып отырған жоқ. Тек әңгіме тарихи мағлұмат ретінде ғана баспа жүзіне шықсын деген оймен айтылды” деп күні бұрын ескерту жасап, ең негізгі себепті аңғартады.

Міне осындай арнада жазылған, роман-эссе 1927 жылы сол кездегі астана Қызылорда қаласында жарық көрді. Кітап шыққанға дейін-ақ “Сәкен жақсы ақын ғой, қара сөзде несі бар?” деген мүләйім сөздер кейбіреулердің аузынан шығып жатқанда, Сәкен поэзиясын түгел қолдай бермейтін Ерғали Алдоңғарұлы 1926 жылы желтоқсанда “Жазушылар мен көркем әдебиет” деген мақаласында “Сәкен үш-төрт жылдан бері “Тар жол, тайғақ кешудің”

өзінің төңкерісшіл болып жүрген уақытынан, сондағы жолдастарымен бірге істеген жұмыстарынан, тартыстарынан бастап жазып жүр. Бұлай жазу әдебиет заңында дұрыс нәрсе. Төңкерісшіл романтизмге (социальная романтика) бұл түгел қосылады, гәп тарихқа кіретін материалға бояуды тым қоюландыруда” – деген ойды тұңғыш рет білдірген болатын. Оны Сәкен, “көркем әдебиет жүзінде бізге онша қосылмайтын” адамның, дәлірек айтсақ 20-жылдары көптеген сын жазған дарынның аузына осындай ибалы сөздің шығуын теріс көрмеген еді. “Тар жол, тайғақ кешудің” тарихта айтусыз қалмайтын шығарма екендігі ең алғаш осылай білінгенді.

С әкеннің қай шығармасына болмасын, ащы сын жазып келе жатқан Нәзір Төреқұлов кітаптың шыққанына екі жылдай болып қалғанда “Тар жол, тайғақ кешу” туралы бір-екі сөз” дейтін мақала жазды. Ол “Еңбекші қазақ” газетінде 1928 жылдың 28 желтоқсанында шығып, қара аспанды түсіріп жібермегенімен, роман-эссені даттауды мақсат тұтқаны қалың көпшілікке бірден мәлім болды.

Редакция өз тарапынан жазған түсіндірмесінде “Нәзірдің Сәкен кітабынан түк пайда жоқ деуі қате. Нәзірдің сын жазғандағы бет алысы дұрыс емес. Қанша қателіктері, теріс пікірлері болғанмен де, Сәкеннің “Тар жол, тайғақ кешуі” қазақ жұртшылығына қазақтың саяси тұрмысы жағынан бірінші кітап. Рас, Сәкен кітабы тарих емес. Бірақ тарих болмағанымен тарих жазушыларға пайдасы бар кітап” деп тапқанына қарамастан күні бүгінге дейін осы кітапты біреу мақтап-мадақтап жатса, екінші біреулер замана ыңғайына қарай, қоғамдық ой-пікірдің құбылуына сай, даттап-қаралау процесі алма кезек жүріп жатыр. Айқыш-ұйқыш пікір айту толастар емес.

Алғашқы “талқандағыш” сын Нәзірдікі болған соң, одан едәуір үзінді келтіру орынды болмақ:

“Бұл затты әдебиеттің қай түріне қосарын (история, очерк, монография, мемуары, воспоминание, автобиография и др.), жазушы өнерінің қай саласына санарын ешкім де ажырата алмайды. “Бұл астаудағы судың дәмін татып, сонан соң күріш салса, май құйса, ет тураса, сарымсақ, сәбіз салса, тұз сепсе сонда дөкейбай палау болады” - деген екен Қожанасыр. “Тар жол, тайғақ кешу” туралы да осыны айтуға болады.

Мұны тіпті жазбай қойғаны-ақ дұрыс болар еді. Бірақ не керек, ант ұрған жазып шығарды. Қайдағы бір Тәтімовтардың, Уғарлардың Мүкеевтердің, Шәріповтардың және басқалардың ақтармен, алашордамен майдандасқанын айтты. Өзінің төңкеріске қатысқанын, өзінің құба қыздарды, құла қыздарды, ерні қызылша қыздарды, белі ұзынша қыздарды көргенін айтыпты. Өзін мадақтайды... Алашорданың қашқанын мадақтай суреттейді. Сәкен – баяғы Сәкен. Сәкен өзінің ту баста тандап түскен жолында. Ол әлі Азияның – Қазақтың көткіншік, дарашылдық ескі жолымен кетіп барады. Сәкен шала-шарпы европаласқан “сал” үстіндегі қараңғы қазақшылық жолымен әлі келе жатыр! – деген.

Нәзір мақаласынан кейін тоғыз ай өткенде Әбділда Тәжібаевтың “Тар жол, тайғақ кешу” мен Нәзірдің сыны туралы” деген мақаласы 1929 жылдың 15 қыркүйегінде жарияланды. Бұл осы роман-эссеге арнайы жазылған екінші мақала. “Кітаптың саяси маңызы күшті. Қазақ тарихының көбі содан табылады. “Тар жол, тайғақ кешу” реализм, шындық жолымен жазылған суретті шығарма. Кітаптың жаңа өрбіп келе жатқан жастарға жолбасшылығы мол. Нәзір қанша жамандағанымен де “Тар жол, тайғақ кешудің” қадірі енді күшейе бермек. Кітаптың суреттілік жағы күшті, тілге де бай. Ал Нәзірдің сыны толық сын емес, қыңыр, бір жақты сын, бет тырнау” дегеніне редакция тағы да түсіндірме беріпті.

“Қай күнде болса да бірбеткейліктен түзу сын шықпайды. Түзу сын жазам десе жақсысын да жаманын да бірдей көре білу керек” деп екі сынға да тақымы толмағандығын төмендегі ойлармен білдірген.

“Тар жол, тайғақ кешудің” жақсылығы тарихи материалдарының молдығында, кезең идеологиясын ашып көрсеткенінде, қазақ коммунистерінің шығу жолы, олардың игілікті істерінде” деп табады да, кемшілігі - материалдарды дұрыстап сұрыптамағандықтан да, Көлбай, Байсейіт, Мұқандарды орынсыз мақтағаны, коммунист етіп көрсеткендігінде, қыздардың көптігінде (кітапта ешбір орын жоқ), романды повесть шартында емес, мемуар түрінде жазылған кітаптың санына қосуға болады. Олай болса кейбір жолдастардың “Тар жол, тайғақ кешуді” көркем әдебиет деуі де дұрыс емес” деген редакция тұжырымы ескерусіз қалуға тиісті емес”, өйткені ол пікір күні бүгінге дейін өлексесін сүйретіп әлі келе жатыр.

Нәзірдің Қожанасыр ойын мысалға келтіре отырып, “Тар жол, тайғақ кешуден” ешбір көркемдік қасиет таппағанына негізінен келіспегенмен, кейбір ойларын елеңсіз тастауға болмайды, өйткені Сәкен роман-эссенің беташарында “уақыттың тарлығынан асығыс жазылды. Сөзді шеберлеп, түзетіп тізіп отыруға уақыт болмағандығын” текке ескертпеген.

Ал, тарихи қозғалыс роман-эссенің негізгі арқауы екендігін ескертсек, онда сыншы өмір деректерінің дұрыс-бұрыстығына назар аударып, оқиғалардың бұрмаланған тұсы болса, соны көрсетсе, оны түзету жолын аңғартса редакция да Нәзір сөзін қоштаған болар еді.

Роман – эссенің “шындық жолымен жазылғанын зор сеніммен айтқан Әбділда Тәжібаевтың “суреттілік жағы күшті” дегені көркемдік танымының балаңдығынан гөрі Сәкенге бүйрегінің бұрылғандығын көрсетеді. Оны да редакция орынды ескертіп өткен болатын.

Ал роман -эссенің 1936 жылы түзетіліп толықтырған басылымының көркемдік жағынан шырайын кіргізіп тұрған “Шоқай болыс”, “Ашай”, “Ықылас күйі”, “Түркістанға асарда” деген тараулар 1927 жылғы бірінші басылымында жоқ.

Ал шығармаға көрік дарытқан әнші Қабиба қыз жайындағы “Әуілдек” тарауы әуелгіде қысқаша баяндала салса, 1936 жылғы басылымда барынша әсерлі суреттерінің арқасында роман-эссенің көркемдік

ажары ашыла түсіп, әдебиетіміздегі қыздар галереясынан мықты орын алғанын айта кеткен орынды.

Тарихи оқиғалар төңірегіндегі іс-әрекеттерді бұлтартпай көрсететін деректер соңғы басылымдардан алынып тасталған. Ал олар 1927 жылғы басылымында орынды-ақ келтіргенін, әсіресе алаш азаматтарына тіл тигізбей, айдар тақпай айтылғанын көреміз. Көбіне алаш оқығандары, ақжағалылар дегендерді 1936 жылғы идеологиялық қыспақпен “алашшылдар, ұлтшылдар, байшылдар” деген атаулармен алмастырыпты. Оны Сәкеннің өзі жасады ма, әлде лито түзетті ме, белгісіз.

Нәзір Төрекұлов пен Әбділда Тәжібаевтың мақалалары Сәкенге үлкен ой салғандығын әркездегі берген сұхбатында айтып, жазып отырған. Оның үстіне сол кездегі идеологиялық қыспақ пен тарихи әлеуметтік жағдайлар “Тар жол, тайғақ кешуді” қайта қарап, өңдеу қажеттігін “еріксіз” ұғындырған.

1932 жылы 10 қаңтарда Қазақстан өлкелік комитетінің Насихат және мәдениет бөлімдері мен Қазақстан марксизм-ленинизм ғылыми зерттеу институты “О задачах борьбы на теоретическом фронте в Казахстане в связи с письмом товарища Сталина” деген қаулы алып, идеологиялық майданды бұрынғыдан да ширықтырып жіберді. Алаш қозғалысының оңы да теріс, терісі де теріс деп баяндалсын деген нұсқау жасалады. “Товарищ Рыскулов в своей книжке “Киргизстан” повторяет вслед за алашординцами и колонизаторами легенду о добровольном переходе в подданство царизму угнетённых масс Средней Азии. Товарищ Сейфуллин в своём художественном творчестве воспекает феодально-родовую культуру (“Кокчетав”)” деген 1932 жылғы ескерту уақыт өткен сайын күшеймесе, солғындаған жоқ. Сондықтан Сәкен “Тар жол, тайғақ кешу” роман-эссесін қайтадан өңдеп, толықтырғанда біраз ойларды ширықтыруға, ащылай тіл қатуға міндетті болды.

Осы қаулы сол кездегі ақыл-ойды құрсаулап, әсіресе алаш қозғалысына байланысты ой-пікір мен атауларға қатаң қарады. Тіпті совет өкіметі құлағанша өзінің ызғарын әрқашан сездіріп отырды. Нені қалай жазып, қалай сөйлеу керектігіне шейін жөн сілтейтіндер табылды. Қаншама қажырлы да, айбатты болса да Сәкен Сейфуллин саясатқа икемделіңкіреп, “Тар жол, тайғақ кешудің” бірінші басылымын қайта қарауға мәжбүр болды.

Міне бүгінде Сәкенге, оның атақты шығармасына қарсы айтылатын қыңыр пікірлердің біразы осы екінші басылымның шапағатынан туып жатыр демеске болмайды.

Роман-эссенің желісі тарихи шын оқиғаларға құрылғандығы оқырманға белгілі. Оқиға 1916 жылдың жазында басталады. Ақмола уезіндегі Бұғылы елінде жаңадан ашылмақ ауылдық мектепке мұғалім болып тағайындалған Сәкен оқу басталуына екі-үш айдай бос уақыт болған соң, әрі уақыт өткізу, әрі қаражат тауып алу үшін ауылшаруашылық санақ

қызметіне жалданады. Осы сапарында “ел іші өнер кеніші” деген ұлағатты қағиданы дәлелдейтін оқиғаның куәсі болады.

Роман-эссенің бірінші бөлімінде Шабыраға, яғни қазіргі Ақмола облысының Атбасар, Астрахань, Бұланды және Ақкөл аудандарындағы 12 болыс елдің мал санағын алып жүргенде бір ауылға бір-екі күн аялдайды. Кешкі ойын-сауықта орындалған “Әуілдек” әнін жол-жөнекей естіп келе жатса да, тап осы кеште Сәкеннің санасында, эстетикалық танымында өшпес із қалдырады. Оның нақты дәлелі “Тар жол, тайғақ кешудің” басылымында ойын-сауықтың басталуы, Қабибаның төгілдіре ән салуынан кейін Сәкеннің қасындағы татар жігіті Ғалымжанның қазақ болмағанына, ең болмаса қазақ ішінде өспегеніне өкінуімен “Әуілдек” жөніндегі әңгіме аяқталатын.

Ал 1936 жылы қайта өңдеген тұста, ойын-сауықтан кейінгі ән әсерін оқушысына сездіріп қана қоймай, әннің мәнін де, оны орындаушы Қабибаның кескін-келбетін де оқушының көз алдына елестетіп, есінде ұзақ сақталатындай әсерлі етіп суреттеген. Автор санасында тоғыз жыл бойына әр қилы қиянатпен сақталған шұрайлы көрініс роман-эссенің ең бір лирикалық тартымды бетіне айналған.

Тарихи сұсты оқиғалардың ішінде жарқ етіп көрініп, оқушыны баурап алатын құбылысқа әдеби көзбен қарағанда 1916 жылы кездескен Қабибадай сұлуды араға он бір жыл салып, 1927 жылғы бірінші басылымында әннен гөрі әншіге мән бере баяндауы, жиырма жыл өткенде, тіпті Нәзірдің сыны мен редакция ескертуіне қарамастан, ән мен әншіні эстетикалық тұтастықта кеңейтіп, үстемелей суреттеуінің сыры неде? Біздің ойымызша, біріншіден, өз шығармасына көркемдік сипатты көбірек дамыту мақсатын көздесе, екіншіден, сұлулықты, ажарлылықты, әсемдікті айрықша ардақтайтын Сәкен Қабибаның шын сипатын көркем образ деңгейіне көтеруге талаптанған. Сәкентанушы Т. Кәкішұлының “Сәкен сүйген сұлулар” атты эссесінде Қабиба – Сәкен байланыстарының жаңа бір сырын аңғартатын детальдардың шеті көрінеді. “Сарыарқа” журналында Шабырадағы “Әуілдек” әні немесе “Тар жол, тайғақ кешу” романындағы Қабиба қыз хақындағы дерек дегенде қызық топшылау бар.

Сәния Қабибаны 1955 жылдан бері біліп, талай сөйлескен. Ел-жұрт Сылқым кемпір деп атайтын Қабибаның 1955 жылғы кескінімен де таныс болайық.

Байыптап қараған адамға жасы елуден асып (ол кісі 1901 жылы туған), егде тартқанына қарамастан аққұба өңінің қаны таймаған, көзінің оты мейірленіп тұрады екен. Шетін күміс шытырамен өрнектеп келген ақ шәйі кимешек жарасым тауып, көрік берген. Аппақ жұмыр екі білегінде нағыз зергер арнап соққан өрнекті қос білезік, он саусағында әрқайсысы құнан қойға бергісіз жүзік киген кісіні көзге елестетіп көрудің өзі Сәкенді еріксіз еске түсірсе керек.

Шабырада болған ойын-сауық тарқар кезде Қабибаның Сәкенге:

1. “Әуіпідек” әнін ұмытып қалсаңыз ертең біздің үйге келіңіз, әрі қонақ болыңыз, әрі ән үйреніп кетіңіз, - деген қуақы сөзді екі шумақ өлеңмен:

Кең маңдай жарасқандай шешен жаққа,
Дуаннан келіп қапсыз біздің жаққа.
Қар да лаулап жанады, - дейді халық, -
Ертегімен еш қылмай ебін тапса.

Қоштаспай кете берем ақын Аға,
Рауандап атып келед таң да жаңа.
Қарлығаш қанатындай сұлу әнге,
Құмартсаңыз ашылар ой мен сана, -

деген қыз қылығы әсем әннің әуеніне елтіп қалған Сәкеннің жүрегіне, шок тастамады ма екен? Олай болуы да ғажап емес қой.

Қалай болғанда да Сәкен саяси-әлеуметтік оқиғаларды, төңкеріс шындықтарын роман-эсседе ықтияттап жазумен қатар өзі кездескен адамдарды, қыздарды, әдебиет заңына ылайық суреттеуден іргесін аулақ салмағанын көреміз. Ал мұның өзі саяси-әлеуметтік негізі қалың шығарманың реалистік арнасын жұқартпау үшін, оқушыны сендіре түсу үшін өмірде болғандардың сол күйінде аты-жөнін өзгертпей жазуды мақсат тұтқанын көрсетеді. Шығарманың тарихшылығымен қатар көркемдік әуселесін тартымды ете түседі. Әрі әлеуметтік сана, әрі эстетикалық ләззәт тізгінін тұтастыра ұстағанын аңғарамыз.

Сәкен бастаған бес адам маусым айының соңына таман Семей губерниясының Павлодар уезімен шектес Қоржынкөлге келгенде, майданның қара жұмысына жігіт алатындығы туралы жарлықты естиді. Үрейленген, ереуілдеген халықты, ұлттық езгінің ауыр салмағынан, отаршылдық, ожарлықтан күңіреніп толқыған елді көреді.

Тарихтың осы шешуі тұсында Сәкен өзі бел тұтқан алдыңғы ағаларына, алаш қозғалысының жетекшілеріне алаңдады. Не істерін білмей, елге “шабылмасандаршы”, қорқатын не бар енді? Балаларың бара берсін. Енді өздерің құрысындар ғой, - деп, Мүсәпір деген кісінің үйінде жиналып отырған қазақтарға сөз сөйледім”, - дейді Сәкен. Июнь жарлығының алғашқы сәтінде Сәкеннің бұдан басқа айтқан ақылы жоқ.

1916 жылы “Қазақ” газетінің 192 санында Әлихан, Ахмет, Міржақып қазақ халқына ашық хат жазды: “қара жұмысқа барса шаруаға кемшілік келіп, алынған жігіттер аз қазаға ұшырағаны, ал бармаймын деп, қарсылық қылса елге зор бүліншілік. Осы екі ауырлықтың жұрт қай жеңілін таңдау керек. Біздің білуімізше жеңілі - көнген” - дегені бұған нақты мысал. Бұл позицияны әртүрлі саққа жүгіртуге болар, бірақ Сәкен бұдан тиімді айта алмады. Негізгі бағыты “Қазақ” нұсқаған жолдың аңғарында жатты.

Қазақ зиялылары, оның ішінде Сәкен де 1916 жылдың күрделі құбылысқа дайын еместігін, белгілі жоспарлары жоқтығын аңғартты. Төре, чиновниктерді сөгулер жалпы демократиялық көзқарастың деңгейінде ғана болды. Халық өзінен-өзі көтеріліп жатқанда алаш қозғалысына әрі ұйымдық негіз, әрі оны бастайтын саналы топ жетіспейді. Қазақ оқығандарының көпшілігі аңырап, не істерін білмеді, “Қазақ” газеті оның басшылары “Жарлыққа көнсек аз шығынмен құтыламыз” деген позицияны насихаттай берді.

Қазіргі зерттеушілер арасында “Қазақ” газетінің позициясын, яғни айтқанға көніп, қара жұмысқа жігіт бер дегені орынды еді деп ақтайтындар да жоқ емес. Бұған барлық жағдайда келісе қою қиын. Себебі, алаш қозғалысында ұйымдық негіздің жетіспей жатқаны рас болатын, белгілі бастаушысы, идея айтушысы болғанымен оны қолма-қол іске асыра қоятын ұйымдастыру шаралары жоққа тән еді, сондықтан көтерілістің аймақтық және стихиялық сипаты басым жатқанын аңғармауға болмас.

Қара жұмысқа адам берсе де, бермесе де қазақ халқының қорлық-зорлығы көбеймесе, азая қоймағаны тарихтан белгілі. 1916 жылы ұлт-азаттық көтерілісі мен азамат соғысының лаңынан материалдық шығынды былай қойғанда, миллионға жақын қазақтың қырылғаны, аяқ астында қалып өлгені, ағы да, қызылы да ел деп елегемені бүгін жан-жақты дәлелденіп отыр.

“Тар жол, тайғақ кешудің” үлкен өзгеріске түскені - төртінші тарау. Ол – 1927 жылғы басылымында “Совет өкіметі заманында” деп аталса, соңғы басылымдарында “Совет үшін күресте” деп өзгертілген. Бұл тарау басқа тарауларға қарағанда көлемдірек, әрі тарихи мәні салмақты. Бұл тараудағы тарихи мәнді оқиғалардың бәріне қолма-қол араласпағаны, еш құбылысты қиялдан шығармағаны. Бұл тараудағы және басқа тараулардағы тарихи деректердің бәрін сол кездегі “Қазақ”, “Сарыарқа”, “Бірлік туы” газеттерінен алған.

Тарих алдында жауапты боларын сезді ме, жоқ әлде өзінің мінезіндегі ұқыптылық па, роман-эссесіне алған әр дерегінің қайдан алынғанын, ол қай газетте басылғанын, күні, айы, жылына шейін мұқият көрсетіп отырған. Тіпті “қай газет қай газеттен көшірді” деген де назардан тыс қалмаған. Бұл да Сәкен шыншылдығының бір көрінісі. Себебі осы жолдардың авторы өзінің ғылыми зерттеу жұмысын жүргізгенде роман-эсседе келтірілген деректерді Сәкен көрсеткен мерзімді басылымдармен салыстырғанда мүлтіксіз дәлдігіне, риясыз тазалығына көзі жеткен болатын. Сондықтан да “Халық кеңесі” газетінде 1994 жылы 21-22 қыркүйекте “Сәкен және “Алаш азаматтары” деген мақаламды еш жалтақсыз және күдіксіз жариялауға тура келгенді.

Роман 4 тарауларында негізінен алаш азаматтарының 1-ші жалпы қазақ съезін өткізіп, Қазақстанда болашақта орнар автономияның түрі, Керенский құлап, өкімет большевиктер қолына көшкен ең қиын да сұсты

кезеңнің шындығы баяндалады. Ел-елді аралап, баяндама жасап жүрген Әлиханның Семейге келген сәтін “Сарыарқа” газетінің материалын “Қазақ” газеті 1917 жылы 21 қазандағы 251 санынан көшіріп басқан. Сәкен Әлиханның Семей сапарын осы “Қазақ” газетінен алған. Тақырыбы “Әлиханның Семейге келуі” деп аталады. Оны роман-эссенің 1-ші басылымында түгел келтірген, ал 2-ші басылымында алынып қалыпты да “Әлекенді құдайдан сұрап алған жалғыздай құттықтады ұлтшыл мырзалар” деген сөздермен қысқа қайырған.

Бұдан кейін Ресейлік Учредительное собраниеге Қазақстан облыстарынан сайлауға түсетін адамдардың тізімі берілген. Роман-эссенің 1-ші және соңғы басылымдары арасында тізімге алып қосқан еш өзгеріс жоқ. Ал осы тізім жарияланған “Қазақ” газетінің 14 ноябрьдегі 250 санындағы “Алаш ұлы қазақ пен ардақты қырғыз ағайынға” деген ашық хат, 2-ші жалпы қазақ съезіне шақырған телеграмма сөзі соңғы басылымдарда жоқ.

Осы Ақпан мен Қазан төңкерістері аралығында ерекше мән беретін бір мәселе - бірінші жалпы қазақ съезі, онда қаралған он төрт мәселенің бірінші бабы, яғни “Жалпыроссияның мемлекеттік құрылысы”. Алаш ақиқатын айтуға ат салысып жүрген ғалымдардың барлығы “в России должна быть демократичная федеративная парламентская республика” деген тұжырымды айтып жүр. Оны көбіне Н. Мартыненконың 1929 жылы құрастырған құжаттар жинағына сүйеніп жазуда. Ал оның негізі “Қазақ” газетінде 1917 жылы 31 шілдеде жарияланған болатын.

Ғалымдардың ішінде тек тарих ғылымының докторы Талас Омарбеков қана “Қос үкімет құрылған алғашқы күндерде-ақ советтерді емес, уақытша үкіметті қолдаған Ә. Бөкейханов Минскіден берген телеграммасында “біздің ұранымыз - демократиялық республика, жер, малшылықпен және егіншілікпен табыс түсіретіндердікі” - деген пікірі кадеттер партиясы бағдарламасының қағидаларымен үндесіп жатыр. “Ресейде демократиялық федеративті парламентті республика болсын” деген I съезде қаулы “алаш қозғалысы кадеттермен уақытша ғана келісімді болды. Жалпы қазақтың бірінші съезінде-ақ ұлттық мүддені бірінші орынға қоятынын байқатты” - деген ойды айтты.

Бұл жерде біз ғалымның “ұлттық мүддені бірінші орынға қоятынын байқатты” деген пікірін тірілтетін мына жағдайларға назар аударуды жөн көреміз.

Бұл съезге дейін “Қазақ” газеті бетінде Ә. Бөкейханов үзбей жариялаған мақалаларында да, жедел хаттарында да (“Қазақ”. 1917, № 223), тіпті осы үлкен жиын алдында 1917 жылдың 2-8 сәуірінде Орынборда өткен Торғай облысының съезінде “высказался за “демократическую, парламентскую и децентралистическую Республику”. Высказался фактически съезд за буржуазную Республику с президентом и продолжением войны до победного конца. В том же духе высказался и уральский декабрьский съезд” деген Мартыненконың ойына да назар аудару қажет.

Ал енді осы маңызды мәселеде алаш азаматтарымен саясат тұрмақ, пенде ретінде де араларына әлі пәлендей реніш кіре қоймаған Сәкен Сейфуллиннің көзқарасын салыстырып, осы шешуші, ең маңызды мәселені, яғни мемлекет билігі туралы мәселені съезд қалай шешер екен деп қадағалап отырғанын “Тар жол, тайғақ кешу” романынан оқып көрейік.

“Уездік комитетінің жалпы жиылысын аштық. Комитеттің ортасына Орынборда болып жатқан съездің қарайтын мәселелері туралы қаулы шығардық. Қаулымыз “Жас қазақ” ұйымының жобасымен болды. Біздіңше ең зор мәселе Россияның болашақ үкіметінің құрылысы. Бұл туралы біздің комитеттің шығарған қаулысы бойынша Орынбордағы съезге телеграм соқтық. Телеграмды жазған Бірмұқамбет Айбасұлы еді.

Телеграмның мазмұны мынадай еді: “Біз федеративная республикаға ғана дауыс береміз. Басқа түрге қарсы боламыз”. Біздің телеграм съездің ашылуына дәл барыпты. Осы телеграмның жөнімен Ақмола облысының атынан барған Сейітұлы федеративный республиканы қуаттап сөйлепті. Съезд шақырушылардың ағасы Бөкейханұлы кадет партиясының жобасын съезге алғызбақ болыпты, едәуір далбастапты. “Россия үкіметі Англия үкіметіндей патшасы бар парламентті болуы жөн” деп таласыпты. Бірақ көпшіліктен жеңіліпті. Съезд федеративный республиканы дұрыс тауыпты”.

Осы үлкен проблема қазақ зиялыларының жолайрығы болған сияқты. Бұл мәселе қозғалған тұста Сәкен мен алаш басшылары арасындағы қайшылық белең алмаған шақ болатын. Ақмола облысы атынан съезге қатынасқан Асылбек Сейітовпен Сәкен ертеден таныс болатын. 1916 жылы Россияда ауылшаруашылық санағын алу науқаны басталғанда Ақмола уезінің солтүстігіне Сәкен кеткенде, Томск университетін бітіріп келген Асылбек Сейітұлы оңтүстікке баратын комиссияны басқарған-ды.

Асылбек Сейітов Ақмола облысының атынан съезге делегат болып, сол съездің екі хатшысының бірі болғандығын ескерсек, онда өзіндік ойы, көзқарасы бар, білімі жетік Асылбек Сейітовтің өз пікірін ғана емес, “Жас қазақ” ұйымының телеграммасын жақтап сөйлеуі еш күмән тудырмайды. Бұл - бір. Екіншіден, осы съезде болашақ, учредительное собраниеге Сәкен мен Рахымжан Дүйсенбайұлының Ақмола облысынан ұсынылған кандидаттардың тізіміне кіргізілуі алшақтамаған көңіл-күйдің көрінісі екені даусыз.

Үшіншіден, съезден соң Асылбек Сейітов Ақмолаға келіп, съездің өту барысын бастан аяқ баяндағаны тарихи шындық.

Ал “Россияның үкіметі Англия үкіметіндей патшасы бар парламентті болуы жөн” деп ұсыныс енгізген Әлихан Бөкейхановтың осы съезге дейін номер құрғатпай шыққан мақалалары съезден соң “Қазақ” газетінің №238 санынан бастап 250 санына дейін көрінбей кетуінің сыры осы мәселеге байланысып жатқан жоқ па екен?

Съезді ұйымдастырушы, шақырушы, басқарушы азаматтар “Қазақ” газетінің белді - авторлары ғана емес, алаш қозғалысының жетекшілері екенін ескерсек, съезд өтіп жатқан кездері де, одан соң да съездің өту барысымен оқырмандарды хабардар етпеуінің өзі де осы проблеманы тереңдей зерттеу қажеттілігін аңғартса керек.

Мемлекет құрылысы жөніндегі мәселедегі көзқарастардың айрықша мәні бар, өйткені ол қандай қозғалыстың болса да өзекті проблемасы. Сондықтан осындай шешуші, түбегейлі мәселеде кімнің қандай көзқараста болғаны, соған қарай әрекет еткені тек тарих үшін ғана емес, жалпы жағдайды түсініп, білу үшін де айрықша қажет.

Сәкеннің өзі тікелей араласпаса да Асылбек Сейітов аузынан және басқалардан естігендеріне негіздеп Ә. Бөкейхановтың кадет партиясының платформасын, яғни парламенттік монархия жобасын ұсынғандығын ұнатпағаны еш күмән тудырмайды. Олай болмауы мүмкін емес, өйткені Әлихан Бөкейханов кадет партиясы Орталық Комитетінің мүшесі ретінде Ақпан төңкерісінен кейін құрылған Уақыпша үкіметті жақтаушы ғана емес, тіпті оның шаңырағына уық қадаушы адам. Әуелі Түркістан комитетінің белді мүшесі болса, кейін Торғай облысының комиссары болды. Осы тұста өткен өр қилы съездерге құрметті төрағалыққа сайланған сәттері де аз емес.

Ә. Бөкейханов жалпы қазақтың екінші съезінде, яғни 1917 жылы желтоқсанда алаш автономиясын құру мәселесі шешілгеннен кейін ғана кадет партиясынан шығатындығын әуелі съезде мәлімдеді, одан кейін 1917 жылдың 23 желтоқсанында “Мен кадет партиясынан неге шықтым?” деген түсіндірме хатын жариялады.

“Алаш” партиясының басшылары алғашқы кезде кадеттер жолын ұстанғандығы туралы К. Нұрпейісов “Ә. Бөкейханов қазақтың ұлттық партиясын құру идеясын жүзеге асыруда әуел баста патша үкіметіне оппозицияда болған либералды орыс буржуазиясының партиясы -кадеттердің үлгісіне бейім тұрды” деп біледі.

Ал уақыт өте келе көзқарас өзгеріп, жағдай басқа әуенге түскен уақытта федеративті демократиялық республика идеясына ауысудың еш айып-шамы жоқ. Жағдайдың логикалық дамуы осыған еріксіз жетелеген болатын. Оның үстіне бірінші жалпы қазақ съезі “Россия демократическая парламентарная республика болып, қазақ облыстары қоныс-ұлт жігіне қарай облыстық автономия алуға тиіс” деген шешім шығарғаны тағы бар.

Егер кадеттер өз бағдарламаларында Қазақстан тәрізді бұрынғы отар елдерге Ресей қол астында жергілікті өзін-өзі басқару құқын ғана беруді қаласа, ал алаш қозғалысы өзінің алғашқы съезінде-ақ Қазақстанға федеративтік басқару жүйесін беруді талап етті. Яғни егер кадеттер Ресейде конституциялық-демократиялық республика құруды ұсынса, алаш қозғалысы Ресейде демократиялық федеративтік парламенттік республика құруды қажет деп тапты. Соңғы шешім бойынша Ресей құрамындағы Қазақстан өзінің дербестік автономиялық құқын сақтап қалуы тиіс еді,” -

деген Т. Омарбеков көзқарасы тарихи шындықтан туған. Әрине, ғалымның бұл ойы Ақмоладағы “Жас қазақ” ұйымы мүшелерінің жіберген телеграммасының съезде пікірталас туғызғаннан соң барып, осындай шешімге келгендігі жөніндегі мәліметке кездесе бұдан да айқынырақ болары сөзсіз еді.

Сонымен мемлекет құрылысы жөніндегі көзқарастың ең алғаш басталған сәтінде әр қилы ойлар айтылғанымен, “Алаш” партиясы бағдарламасының жобасында, екінші жалпықазақтық съездің шешімінде Россия демократиялық федеративтік республика болып, Қазақстан оның құрамында болуға тиіс деген тұжырым алаш қозғалысының тұрақты позициясына айналды. Бұл арада “Жас қазақ” ұйымы, Сәкендер бірден көрегендік жасады деп қолпаштамағанмен, жалпы қоғамдық дамудың аңғарын бақылай білгендерін теріске шығармау керек, өйткені бәрінің де арман-тілегі - қазақтың басқалармен терезесі тең болып, қатарға қосылуы, ел болып өркендеп кетуі сияқты негізгі мақсаттан тарамданғанын көреміз. Алайда, тарих өзінше шешті. Ресей империясының сойылын соғушы болсын, ұлы державалық көзқарасты коммунистік қызыл түспен бояғандар болсын, оң ниетті теріске бұрып жібергенін енді көріп отырмыз.

Алаш қозғалысын, әсіресе оның көсемдерінің іс-әрекеттерін кешегі коммунистік идеология заманында ылғи қаралап, даттап келдік. Алашшылдар қазақ хандығын қайтадан орнатып, Ресейден бөлініп кету үшін әрекет жасады деген жалған түсінікті олай-бұлай бұрқыратты. Сәкен болса 1918 жылғы тергеу барысында бас сауғалау үшін әдейі бұрмалай айтқан-ды. Әсіресе “федерация” деген терминнің өзі айтып тұрғанындай, алаш көсемдері бірінші жалпы қазақ съезінде “в России должна быть демократическая федеративная республика. Киргизские области должны получить областную автономию смотря по национальным различиям и бытовым условиям” дегенінде, ал екінші съезде “Алаш” автономиясы құрылғанда “Конституция автономии Алаш утверждается всероссийским учредительным собранием” деп жатқанында, тіпті “Алаш” партиясының бағдарламасының жобасында “Россияда демократическая федеративная республика болу (демократия мағынасы - мемлекетті жұрт билеу. Федерация мағынасы - құрдас мемлекеттер бірлесуі), федеративная республикада әр мемлекеттің іргесі бөлек, ынтымағы бір болады. Әрқайсысы өз тізгінін өзі алып жүреді. Қазақ жүрген облыстарының бәрі бір байланып, өз тізгіні өзінде болып, Россия республикасының федерациялық бір ағзасы (мүшесі - К.А.) болады деп тұжырымдауында Россиядан бөлініп кетеміз деген ой байқалмайтыны былай тұрсын, тіпті бүгінгі шындыққа шылбыр тастап жатқаны аңғарылады.

Федерация мәселесіне көбірек тоқтағанымыз, Сәкен Сейфуллиннің “Тар жол, тайғақ кешу” роман-эссесін оқығанда осы түбегейлі түсініктің аясынан қарау керек. Сәкен алаш қайраткерлерінің іс-әрекетіне, әсіресе

Бөкейхановқа осы тұрғыдан баға беріп, сипаттағаны анық. Шындықты ешкім жоқ ете алмайды, оны түсіну ғана әрқилы болуы мүмкін.

Сәкеннің ащылау сөйлейтін тұсы көбіне ауызбірлік мәселесіне байланысты болады. 1917 жылы желтоқсанда жарияланған Алаш автономиясын орыстың уақытша үкіметтерінің бірде-біреуінің мойындамауына өзіміз себепкер болған жоқпыз ба деген ой да қыландайды. 1918 жылы ақпан айында Жетісу мен Сырдарья облысының қазақтарын М. Тынышпаев пен М. Шоқаев Қоқан автономиясына қосып жіберсе, 1918 жылы 11 қыркүйекте Халел Һәм Жанша Досмұқамбетовтер Уфа шаһарында Алаштан бөлініп, “Ойыл уалаятын” құрғандығы белгілі. Ал 1919 жылы наурыз айында Торғай алашордасы совет өкіметіне қосылғаны тағы бар. 1918 жылы жаз айында Алаш қаласында шаңырақ көтерген Алашорда өкіметіне басқа өңірлерден сайланғандардан тек М. Тынышпаев аз күнге барып қайтқаны болмаса, өкімет мүшелерінің бірде-бірі Семейге бармағанын немен түсіндіруге болады? Міне осындай жағдайды көріп-біліп отырған Сәкен халықтың 90 пайызына жақсылық жасаймыз деген идеяға сеніп, сойылын соқты. Ол түзу жолдан адаса бастағанда “ойпырмай қу НЭП, қойдың ғой жеп” деп бұлталандаған сәтін кешіре алмаған кезіміз... Қақпайлап отырып советті жырлаттық. Сондықтан да Сәкен, Ілияс, Бейімбет, Сәбиттердің “Советтік өзге қаламы мұқалып” көрген емес. Ағынан жарылып айтты, жазды.

1932 жылы 10 қаңтарда Қазақстан өлкелік комитетінің Насихат және мәдениет бөлімдері мен Қазақстан марксизм-ленинизм институтының “Сталин жолдастың хатына байланысты Қазақстанның теориялық майданындағы күрестің міндеттері туралы” қаулыға бергісіз түсіндірме хаты қабылданып, алаш қозғалысына қатысқандардың бәрі де ұлтшыл, қаскүнем, біздің арамызға арам пиғылды таратушы, олардың ісіне біздің пайдамызға шығатын ештеме жоқ деген пікірді қалыптастыру қажет екендігі ашық айтылып, жазылды. Бұған көнбеген коммунист Т. Рысқұлов, С. Сейфуллин, Ғ. Тоғжановтардың қате-кемшіліктері бадырайтыла айтылды. С. Брайнин, Ш. Шафиро, Тимофеевтердің алаш тарихын “зерттеушілер” болып, әдейі бұрмалағандары, шығарған зымиян кітаптары мен мақалалары өлкелік партия комитетінен қолдау тауып, оның органдарына, әсіресе “Казахстанская правда” газетінің бетінде үзбей шығып тұрды. Елдің бүкіл пиғылы мен көзқарасы осылардың ыңғайымен кеткені сонша Тұрар өзінің көзқарасынан айнып, Ғаббас “Байтұрсынов-шылдықты” әшкерелеуге көшкенде, Сәкен “Тар, жол, тайғақ кешуді” қайтадан өңдеп, толықтыруға мәжбүр болды. Ол екінші рет 1936 жылы басылып шықты. Міне бүгінде Сәкенге және оның ғана емес, бүкіл қазақ әдебиетінің атақты шығармасы “Тар жол, тайғақ кешуге” қарсы айтылатын қысыр да қыңыр пікірлердің біразы осы кездегі түзетулерге, қоспаларға байланысты болғанын түсінсек, көп мәселе сабасына түседі, біраз мәселенің сыры ашылады.

1936 жылы Сәкеннің жаза бастағанына 20 жыл толуына арналған мерекеде Сәбит Мұқанов “Тар жол, тайғақ кешу” туралы әрқашан өзінің ғылыми толымдылығы мен реалистік шындығын танытып тұратын пікір айтты.

“Тар жол, тайғақ кешу” бір жағынан тарих, екінші жағынан саяси сауат ашқыш, үшінші жағынан - оқушыны өзіне еріксіз тартып отыратын өте көркем шығарма” десе, бір жыл өтпей жатып, 1937 жылдың қара күйіні соққан кезде М. Қаратаев “Всего лишь несколько месяцев тому назад он переиздает свой, с позволения сказать, “исторический” роман “Трудный путь, тяжелый переход”, где не постыдился изображать себя героем и привести целую серию контрреволюционных алашординских документов и портретов врагов народа. Это своеобразная вражеская энциклопедия” деп шыға келуі таң қаларлық жай емес еді.

Ал Сәкен ақталып, тарихымызға қайта оралғанда сол автор “Тар жол, тайғақ кешудің” орысша аударылуына бағыттап алғысөз жазды. Сонда “Тернистый путь - не свод исторических фактов и сведения, а цельное произведение, то есть роман, в котором исторические события “преплетаются с судьбой частного человека. В нем слилась действительность с вымыслом, эрудиция с фантазией. Богатству материала, документов и фактов, которыми располагал писатель, может завидовать целое научно-исследовательское или архивное учреждение. В этой книге Сейфуллин выступает летописцем, но не бесстрастным, добру и злу внимающим равнодушно, а страстным борцом, живым участником того, о чем он советует. Скромность сдерживала Сейфуллина рисовать э тих людей батырами, ведь тем самым он поэтизировал бы и самого себя. Вероятнее всего, тут сказались изумительная скромность Сейфуллина” дегенін оқимыз.

Сәкен Сейфуллин 1957 жылы 30 наурызда ақталды. Сол жылдың 21 қазанында Есмағамбет Ысмайыловтың құрастыруы және алғы сөзімен Сәкеннің “Өлеңдері мен поэмалары” жедел басылып шығып, сағынған елімен қауышты. Онан кейін „Тар жол, тайғақ кешу” роман-эссенің 1936 жылғы басылымы 1960 жылдың наурызында сол күйінде басылып шықты.

Бұдан кейін Сәкен Сейфуллин шығармаларының 6 томдығын шығару ісі қолға алынды. Шығарушылар алқасы “III том “Тар жол, тайғақ кешу” романы болады” деп хабарлағанымен бұл басылымға ілікпеген. 1964 жылы орыс тілінде басылайын деп жатқанда З.С. Кедрин “Тар жол, тайғақ кешудің” үстінен ұлттар достығына зияны тиетін кітап деп ҚКП Орталық комитетіне шағым түсіргеннен бастап бұл ұлы шығарманы сығалай оқушылар көбейіп, редакторлар айрықша сақтық жасағандықтың белгісін 1960 жылғы 80 мың, 1964 жылғы 350 мың тираждың 1977 жылы 50 мыңға түсуінен және кейбір беттерінің қасқыр тартқандай жұлмаланып, қалам ұшы тигенінен-ақ байқауға болады.

1986-88 жылдары М. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институты бұрынғы алты томдықтың орнына Сәкен шығармаларының бес томдығын шығарып, төртінші томында “Тар жол, тайғақ кешуді” жариялады. Оған берілген қысқаша түсіндірмеде 1927 жылғы басылымның түбегейлі өзгеріске, толықтыруға ұшырағаны әңгіме болмай, 1960 жылғы басылым негізінде болар-болмас сөздердің жазылуына ғана назар аударылып, “анықтай түсуді керек ететін жайлар түптеп келгенде зерттеушілер мен академиялық басылымды дайындайтындардың үлесіне тиеді” деп түбегейлі салыстырмаларға бармаған.

Жалпы, “Тар жол, тайғақ кешу” қазақ әдебиетінің арғы-бергі тарихынан орын алып келе жатқан кесек туынды болғандықтан, ел-жұрт құлақ қойған, ғылыми орта тұжырымдаған “Қазақ әдебиеті тарихындағы” пікірді әрқашан есте тұтқан абзал: “Тар жол, тайғақ кешу” романы Сәкен прозасының биік шыңы, ол қазақ әдебиетінің қалыптасу дәуірінде шешуші роль атқарды. Фактілердің, документтердің молдығымен де, жазушының нақты суреттеуімен де жеткізіп суреттейтін бұл күрделі роман, әрі тақырып жаңалығымен, әрі тарихшылық пен суреткерліктің жарастық табуымен кімді болса да қызықтырады... Қазақстанда социалистік революция жеңісі туралы ең алғашқы реалистік роман жанрының қалыптасуына жол ашты. Сонымен бірге республикада қоғамдық ой-пікірдің, тарихтық білімнің дамуына да орасан зор ықпал жасады” деген негізгі тұжырымды Сәкен шығармашылығын зерттеген профессорлар Е. Ысмайылов, С. Кирабаев, М. Базарбаев, Т. Кәкішов, Р. Нұрғалиевтар әрқилы эпитет-теңеулермен толтыра айтып, қазақ әдебиеттану ғылымында орныққаны белгілі.

Алайда, қайта құру мен жариялылық кезінен бастап, әсіресе кеңес үкіметі құлап, коммунистік партия тарағаннан бері басқаша әуенде пікір айтушылар кездесуде. Өзгені былай қойғанда, “Қазақ әдебиеті” газетінде “Сәкен Сейфуллиннің негізгі шығармасы аталып келген “Тар жол, тайғақ кешу” романы таза тарих үшін керек болғанымен, қазақ әдебиетінің иеліктері қатарына қосыла қояр ма?” деген сауалды қоюдағы көздеген мақсатын түсіну қиын. “Жұлдыз” журналы бұған дейін “алыптар тобын” құрап келген Сәкен, Бейімбет, Ілияс, Ғабит, Ғабиден қатарлы қаламгерлер өз үлестерінің шама-шарқына қарай тиісті орнын, бағасын ала берер. Бұрынғыдай әспеттеліп “негізін қалаушылар” ретінде оқулықтан оқулыққа жөңкіле алмас, өйткені сол құрғыр “негіз” дегеннің өзі - негізсіз болып шықты” деп жатқан уақытта, әдебиеттің тарихынан мағлұматы мол ғалымның бірі саналатын, филология ғылымдарының докторы Мүсілім Базарбаевтың 1986-88 жылдары Сәкен шығармаларының бес томдығына жазған алғысөзінде „Тар жол, тайғақ кешуде” жаңа социалистік мұраттар, биік идеялар, азаматтық асқақ талаптар реалистік нақыштармен, публицистік пафос пен ұтымды бейнеленген. С. Сейфуллин туындысы дәуір шежіресі болумен бірге революциялық кезең шындығын этикалық тұрғыдан игеруде социалистік реализмнің партиялық, халықтық, шыншыл-

дық принциптеріне сүйену жетістіктерін қапысыз танытты” деген тұжырымын, 1994 жылы “Біз Сәкенді қалай түсінеміз” деген мақаласында “Жазушының проза саласындағы әйгілі шығармасы, әрине, “Тар жол, тайғақ кешу”. Бүгінгі көзқараспен қарасақ шығармада таптық түсінік тым бірыңғай алынып, алашорда қозғалысы мүлде мансұқ етілуі идеологияны былай қойғанда, тіпті тарих алдындағы ұят нәрсе еді. Кітап бұл жағынан әсіреқызыл большевиктік бағытта жазылған және қисық баяндалған тарих” деуі, әрине, кезеңдік психологиядан туған тұжырым деуге келіңкіремейді. Рас, кейінірек “Егеменді Қазақстан” газетінде жазғанында біраз жылылық болғанымен, түсінік тоңы онша жіби қоймағаны сезіледі. Мұнан басқа да қыңыр да қисық пікірсымақтар кездеседі, алдыңғы уақытта да болуы ғажап емес. Өйткені бұл роман-эссе әр ұрпақтың тарихи танымы мен эстетикалық түсінігіне қарай бағаланатын өміршең тірі шығарма. Ал жазушы үшін де, оның туындысы үшін де, бұдан артық бақытты іздеп табу қиын.

Осы “Тар жол, тайғақ кешу” роман-эссесі туралы ой-пікірлерді Сәкеннің тарихтағы орнына қарай орайластырудың жөні бір бөлек. Қазақстанның халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Әзілхан Нұршайықовтың “Жұлдыз” журналын оқығаным туралы” деген мақаласында “Тұрсынбектің қазақтың ұлы азаматы, ардагер ақыны Сәкен Сейфуллинге сіңірген еңбегіне ерекше тәнтімін. “Сүйер ұлың болса, сен сүй, сүйенерге жарар ол” деп Абай айтқандай, халықтың сүйікті ұлдарын сүйе біліп, олардың атақ-даңқын асқақтата көтеру үшін жан алмай еңбек етудің үлгісі осындай-ақ болар деп ойлаймын. Кейбір солақай әдебиетшілердің сыңар езу сындарынан қорғап, Сәкен Сейфуллиннің өміріне адамгершілік, азаматтық, ұлттық тұрғыдан жаңаша трактовка жасап, гуманистік бағыт берген де, сөйтіп оның 100 жылдық тойының дәуірлеп өтуіне лайықты үлес қосқан да осы азамат қой” деген ойы мен бағасы шындықтан алыс жатқан жоқ. Сәкеннің бір шығармасының өзі, әсіресе атақты “Тар жол, тайғақ кешу” роман-эссесі айрықша зерттеудің объектісі болып отыруы да, төңкерісшіл де жаңашыл дарынның бұдан былай бағалануы тұрғысынан да, ұлы дарындарымызды жан-жақты зерттеген уақытта олардың бойына сиымды, еңбегіне татыр теңеулерді азаматтық жауапкершілікпен айтқан орынды.

Сәкеннің ақындығы жөніне келгенде түйін айтар тұжырым: ұлы ақын, басын тауға да, тасқа да ұрған керемет жаңашыл, төңкерісшіл дауылпаз ақын, қазақтың жаңа жазба әдебиетіне негіз қалаған Абайдың жаңашылдық рухы әсіресе Сәкенге жұққан, Сәкен де күшті, сондықтан ол қазақ әдебиеті дамуындағы социалистік реализм деп аталатын кезеңнің, дәуірдің бастаушы серкесі болды. Мұны Сәкен ешкімнен сұрап алған жоқ, өзінің құдай берген ұлы талантымен тарихтан тартып алды. Сәкен қазақ совет әдебиеті деп аталатын бағыттың негізін қалаушы болды, соның ұраншысы, жаршысы болды. Ол қате болған күннің өзінде де, тарихи құбылыс екенін қысыр тілеулердің өздері де жоққа шығара алмай, диалектика заңдылығын

өзгертуге ешкімнің дәрмені жеткен емес, жетпейді де. Сондықтан Сәкеннің қазақ халқының тарихындағы, әдебиеті мен мәдениетіндегі ерекше биік орнына дақ түсірмей, қараулық жасамай, адамгершілік, азаматтық өреден көрінуге тиіспіз. Мұны саналы да, санасыз да, басшы да, қосшы да мықтап ұғып, ұлыларымызды орны, жөнімен ардақтап, құрметтей білейік.

Әрине, ғалым, зерттеушілердің пікірі ертеңгі тарихтың үлесіне тиетінін айтқан уақытта Алашқа айбын болған арыстар ішінде Сәкеннің орны жайлы Республика Президенті Н.Ә. Назарбаевтың бес арыс туралы салтанатты жиналыста айтқан ойын келтірсек, оны кәзіргі қоғамдық-әлеуметтік пікірдің аясынан ұзатып әкете қоймасақ керек. “Қазақтың біртуар перзенті, аса көрнекті ақыны және мемлекет қайраткері Сәкен Сейфуллинді халық жанында мәңгі сақталар жан, асылдардың асылы, аяулылардың аяулысы деп еске аламыз. Сәкен біздің ұлттық мақтанышымыз, ел үшін еңіреген ер, қайтпас қайсар күрескер. Егер ол тірі болса, бүгін, сөз жоқ, өзіне тән өткірлікпен, от пен судан қорықпайтын батырлықпен тек халық мүддесі жағында ғана тұрар еді. Егемен ел атанып, тәуелсіздік туын тіккен қазақ еліне Сәкеннің үздік үлгісі, өрелі өнегесі өте керек” дегені замана тұжырымы ретінде қабылдануға тиіс.

Күләш Садыққызы Ахмет,
филология ғылымдарының
кандидаты, докторант.

**КӨМЕКШІ
КӨРСЕТКІШТЕР**

СӘКЕН СЕЙФУЛЛИННІҢ ӨМІРІ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНЫҢ БЕЛЕҢДІ КЕЗЕҢДЕРІ

1894 ж., 15 октябрь - Жамал мен Сейфолланың тұңғышы - Сәкен дүниеге келді.

1905 ж. - Сәкен Нилдідегі орыс-қазақ мектебіне түседі.

1908-1913 жж. - Әуелі Ақмоланың бастауыш приход мектебінде оқып, соңынан Ақмоланың үш класты қалалық училищесінің бірінші бөлімін тәмәмдайды.

1912 ж., қыс-көктем - Сәкен мұсылман медресесінде оқып жүрген шәкірттерге орыс тілінен сабақ береді.

1913 ж. - “Айқап” журналының ноябрь айында шыққан 21 санында Сәкеннің тұңғыш рет мақаласы жарияланады.

- **21 август** - Омбының оқытушылар семинариясының бірінші класына қабылданады.

- **25 ноябрь** - С. Сейфуллин Омбының жандарм басқармасына белгілі болады.

1914 ж.

- **март** - Омбыда қазақ жастарының мәдениет-ағарту бағытындағы “Бірлік” қоғамы құрылып, Сәкен оның жетекшілерінің бірі болды.

- **декабрь** - С. Сейфуллиннің “Өткен күндер” атты тұңғыш өлеңдер жинағы басылып шықты.

1915 ж., апрель - “Сибирь кешінде” қазақ жастарының алғашқы көркемөнері көрсетілді.

1916 ж.

- **10 май** - Сәкен семинарияны тәмәмдап, бастауыш училище мұғалімі деген атаққа ие болды.

- **июнь айының бас кезі** - Ақмола уезінің 12 болысына шыққан мал санағы комиссиясының мүшесі.

- **июль** - Қазақ халқының 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісіне арналған “Толқын” атты өлеңін жазды.

- **1 сенябрь** - Сәкен Бұғылы мектебін ұйымдастырып, сабақ бере бастады.

1917 ж.

- **9 март** - Ақмола қаласына қоныс аударды. Февраль революциясына арнап “Асығып тез аттандық” өлеңін жазды.

- **апрельдің бас кезі** - Сәкен қоғамдық-саяси және мәдени мақсатты көздеген “Жас қазақ” қауымын ұйымдастырып, басшылық етті.

- **июль** - “Тіршілік” газеті шыға бастады, оның ресми редакторы Рахымжан Дүйсенбаев болғанымен, бар творчестволық қызметін Сәкен атқарды.

- **сентябрь** - Ақмолада жаңадан орыс-қазақ мектебі мен үш айлық педагогикалық курс ұйымдастырылып, Сәкен сабақ берді.

- **ноябрь** - С. Сейфуллин Ұлы Октябрь Социалистік революциясын зор қуанышпен қарсы алып, “Кел жігіттер” деген өлеңін жазды. Қазақ совет әдебиетінің тұңғышы осы өлең.

